




ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

10

Оныншы кітап



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ҚАРАҒАНДЫ-2013

ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ МЕН ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КІТАПХАНАДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ**



ТОМ

Оныншы кітап

АҢЫЗДАР

انگزار

УДК 821.512.122.0

ББК 83 3 (5 Каз)

Қ 17

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Қ.Алпысбаева, Б.Әзібаева, Т.Әлбеков, А.Әлібекұлы, С.Күзембаева,
У.Қалижанов, С.Қасқабасов, С.Қирабасв, С.Қосанов, А.Мұқан, Г.Пірәлиева,
Г.Орда, А.Ісімақова, А.Хамраев, Р.Ерғалиева, Ж.Салтакова

Пікір жазған: филология ғылымдарының кандидаты
С.Қосанов

Жауапты редактор: филология ғылымдарының кандидаты
Т.Әлбеков

Жауапты шығарушы: Салтакова Ж.

Қ 17 Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 10-кітап. –
Қарағанды: «Ли Ю.Ю.» ЖК, 2013 – 290 б.

ISBN 978-601-210-090-7

Топтаманың 10-томына топонимдік, күй және шежірелерлік аңыздардың қолжазбалары қамтылған.

Еңбек фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдарға, жоғары оқу орында-
рындағы филология факультеттерінің студенттеріне, магистрлері мен PhD док-
торанттарына арналған.

УДК 821.512.122.0

ББК 83 3 (5 Каз)

ISBN 978-601-210-090-7

© М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2013 ж.
© Қарағанды қ. «Ли Ю.Ю.» ЖК, 2013 ж.

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөлімі «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көптомдық топтамасының ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Топтаманың бұған дейін баспаға ұсынылған тоғыз кітабы ұлттық фольклор мен ауыз әдебиетіміздің ауқымды саласы болып саналатын эпостық туындыларға, ақын-жыраулар шығармашылығына, айтыстарға, ертегілерге арналды. Нақтырақ айтқанда, «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» топтамасын «Батырлар жыры» (1975), «Ғашықтық жырлар» (1979), «Тарихи жырлар» (1981), «ХҮ-ХІХ ғасырлардағы ақындар шығармалары» (1985), «ХХ ғасыр басындағы ақындар шығармалары» (1986), «Айтыс» (1989), «Ертегілер» (2003), «Дастандар» (2005), «Тәуелсіздік идеясы жырланатын эпостар» (2012) сияқты еліміздің қолжазбатанушы ғалымдары М.Ғабдуллиннің, Б.Ысқақовтың, М.Ғұмарованың, Ә.Нарымбетовтың, С.Қасқабасовтың, Б.Әзібаеваның, Т.Әлбековтің жетекшілігімен дайындалған кезекті томдар толықтырып отырды.

Қолжазбатанушы-мамандар келешекте “Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» сериясын 50 томға жеткізуді көздейді. Себебі Қазақстан Республикасының Ұлттық және Орталық ғылыми кітапханаларының, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Орталық мұражайдың қолжазба қорларында 1000 000 жуық фольклорлық және авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінің мәтіндері сақталған. Олардың жанры мен түрлерін анықтап, жүйеге келтіріп, әрқайсысының ғылыми сипатын жазу көп уақытты, тынымсыз еңбекті талап етеді. Қолжазбалардың ғылыми сипаттамасын жазу тәжірибесі Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан елдерінде бар. Алайда оларда сақталған мұралардың басым көпшілігі жазба әдебиеттің үлгілері болып табылатындықтан, фольклорлық және авторлық ауыз әдебиеті үлгілерінен дәл біздегідей мол мұра сақталып қалды деп айту қиын.

Институт ғалымдарының бұл көптомдықты дайындаудағы негізгі мақсаты – біріншіден, қолжазба мұралардың бүгінгі күнге дейін ғылыми айналымға енген шағатай жазуындағы, арабтың қадім, төте әріптерінде хатқа түскен қолжазба мәтіндерін іздестіру, сараптау, бағалау, жүйелеу, текстологиялық және палеографиялық тұрғыда зерттеу, тарихи тұрғыда ұғынып, сыни тұрғыдан саралап, мәтіндерді қазіргі қолданыстағы кирилл әріпіне көшіру, толық құжаттау. Араб әліпбиі қазіргі қолданыста болмағандықтан, кейінгі ұрпақ, әсіресе ғылыми ортаның бұл мәтіндердің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндігі шектеулі, сондықтан құрастырушылардың басты міндеті әр дәуірлерде халқымыздың рухани құндылықта-

ры жазылып қалған қолжазбалардың сипаттамасын жазу арқылы белгісіз мәтіндер туралы мәліметтерді ғылыми ортаға таныстыру, келешек зерттеулердің нысанасына, отандық ғылымның игілігіне айналдыру.

Екіншіден, бүгінгі әлемді жайлаған ғаламдану үрдісінің салдарынан нақты дерек көздерінің, ғылыми-ақпараттық таяздықтың орнын толтыру, сөйтіп, қазіргі ұрпақтың халықтық шығармалардың терең тамырлары мен бастауларын айқындауына және оны сезінуіне көмектесу. Сол арқылы тәуелсіз еліміздің рухани деңгейі мен мәдениетінің дамуына жағдай жасау. Себебі халықтың әлемдік үрдіске қосқан үлесі оның көпғасырлық шығармашылығының бүтін-бірлігімен өлшенеді. Топтаманың кезекті томдары басылым көрген сайын олардағы мәліметтер, дерек көздері отандық ғалымдарға ғана емес, түркі тілдес халықтардың, бүкіл әлем елдері зерттеушілерінің ғылыми нысанасына алынатыны анық.

Оқырмандардың назарына ұсынылып отырған «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» сериясының 10-томына енген аңыздардың дені бұрын жарияланбаған. Оған басты себеп, біріншіден, қазақ халқының тарихына, оның құрамындағы рулардың ата тегін айқындайтын шежірелердің, топонимдік, күй аңыздардың жиналуына, жариялануына, зерттелуіне кеңестік идеология кедергілер жасаса, екіншіден, шағатай, арабтың қадім, төте және латын жазуларын оқитын мамандар сирек болғандықтан, қолда бар мұралардың өзі зерттеушілерге белгісіз болып, ғылыми айналымға енбеді. Сондықтан ғылыми еңбекте материалдар қолжазба мұралардағы түпнұсқалардың негізінде пайдаланылып, тұңғыш рет зерттеу нысанасына алынды.

Топонимдік аңыздарды белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың аталу себебі, сол жерлердегі оқиғалардың сол атауларға байланысын баяндайтын әңгімелер құрайды. «Сипаттамаға...» енген аңыздардың негізін ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің әр жылдары ғылыми іс-сапарлары кезінде ел арасынан жиналған материалдары, фольклортанушы ғалымдар Қ.Саттаровтың, Б.Рахымов мен А.Пангереєвтің жетекшілігімен Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Орталық Қазақстан өңірлерінде жүргізілген әдеби-фольклорлық және этнографиялық экспедициялар барысында жиналған аңыздар қамтыды.

Күй аңыздары – қазақ мәдениетінің бастауларымен сабақтасып жатқан біртұтас рухани құбылыс. Аңыздардың түп-тамырына назар аударғанда, олар халықтың рухани әлемінде айырықша орны бар, ғасырлар қойнауынан бастау алатын дәстүрлі мұра екендігін аңғаруға болады. Оған Қорқыт атадан бастап бүгінгі күнге дейін үзілмей келе жатқан күй өнері, олардың шығу тарихына байланысты ауыздан-ауызға тарап, кейінгі ұрпаққа жеткен аңыздар айқын дәлел бола алады. Күй аңыздар да халықтығымен қоса, синкретті сипатымен де ерекшеленеді. Бұл арада

күй мен күйшінің, күй мен аңыздың, күй тарихы мен оны айтушылардың және күйді орындаушылардың арасындағы ажырағысыз байланысты айта кеткен жөн. Жинақта Құрманғазы, Дина, Тәттімбет, Бұлаңжігіт, Соқыр Есжан т.б. дәулескер күйшілердің шығармашылығы, туындыларының шығу тарихына қатысты аңыздардың сипаттамасы жазылды.

Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып келген шежіре аңыздар – қазақ халқының сан ғасырлық тарихнамасы, тұтас бір ұлттың өсу-өрбу жолдары. Алдымен, әр тайпаның, рудың, аталықтың кесте шежіресі, соған байланысты аңыздар қарасөз күйінде атадан балаға жетіп, өзге нұсқалары арқылы толығып отырды. Кейін ру ақсақалдарынан естіген шежірелік жүйе мен аңыздарды ақын-жыраулар, жыршылар өлең, жырға айналдырып, ел ішіне таратып келген. Олардың көпшілігі арнайы бір сюжеттік желіге құрылмай, қазақтың түп-тегінен жырлаушының өзіне дейінгі шежіре тізбектеліп, жыр үлгісіне түсірілген. Томға аталған қорларда сақталған Адам атадан, Түркі қағанатынан, Алаша ханнан, Майқы биден бастап жалпы үш жүздің, жеке ру-тайпалардың шығу тарихын баяндайтын қарасөз және жыр-шежірелердің қолжазбалары нысана болды.

Жинақта 146 топонимдік, 9 күй, 115 шежірелік аңыз қамтылып, кездескен жағдайда олардың нұсқалары мен версиялары қатар берілді. Ескерте кететін жайт, бұл жанрлардағы аңыздардың халық арасында өте көп таралып, ел жадында мол сақталған баршаға мәлім. Ал біз көрсеткен саналым – тек еліміздің сирек қорларында сақталған қолжазба мәтіндердің ғана көрсеткіші. Сондықтан оқырман қауым осыны терең ұғынып, түсінікпен қарайды деген ойдамыз.

Топтаманың құрылымдық жүйесіне орай жинақтың алғашқы бөлімі бойынша әр сипаттаманың бастапқы ортаңғы жиегіне реттік саны (1), сол жақ шекесіне буманың шифры (Ш. 1090), сондай-ақ осы жақшаның ішіне институттың немесе кітапхананың қысқартылған атауы қойылды (ӘӨИ, ОҒК), егер ескі шифр болса, онда жаңа таяқша белгімен айрылады. Мысалы:

Ш. 1090/1 (ӘӨИ)

«Сипаттаманың» оң шекесіне алдымен қолжазбаның парағы (П.48), беті (Б.96), жол саны (Ж.39), астыңғы екінші қатарда қолжазба мен мәтіннің (ұзындығы, ені) көлемі мен өлшемінің көрсеткіші (сантиметрмен) жазылады. Мысалы:

П.48; Б.96; Ж.39
27x19,7; 25x17

Осыдан кейін шығарманың атауы көрсетіледі. Мысалы:

Абат батыр туралы аңыз-әңгіме

Қолжазбада мәтіндердің атаулары қандай әріппен көрсетілсе, сипаттамада да сол қалпында жазылды. Қазақ қолжазбаларының үш түрлі әліпбидегі үлгілері кездеседі: арабша, латынша, қазіргі қолданыстағы кириллше.

«Сипаттаманың» екінші бөліміне қатысты тараулар: «атауы», «авторы», «жыршысы», «көшірушісі», «тапсырушысы», «экспедициясы», «ан-

нотациясы», «нұсқасы», «басқы, соңғы сөзі», «қолтаңбасы», қолжазбаның қай жылы, қай жерде жазылып алынғаны, қандай әріппен, сиямен жазылғаны, қолжазба беттерінің нөмірленуі, мәтіннің орналасуы, қалпына келтірілуі, ақауы, нұсқалары, библиографиясы т.б.

Жинақтың «Қосымшаларына» «Сипаттамаға» енген қолжазбалардың түпнұсқа үлгілері (иллюстрациясы), шығармалар көрсеткіші (араб, латын, кирилл әріптерінде), кісі аттарының көрсеткіші: авторларға, жыршы-жырауларға, жинаушыларға, тапсырушыларға, аудармашылар мен көшірушілерге байланысты (араб, латын, кирилл әріптерінде), шығармалардағы жер атаулары мен экспедициялар көрсеткіші.

Ғылыми орта мен қалың оқырманға ұсынылып отырған “Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының” 10-томын құрастыруға қатысқан авторлар және олар жазған сипаттамалардың реттік саны:

Алпысбаева Қарашаш – 6, 8, 11, 12, 15, 21, 25, 44, 45, 47, 48, 59, 64, 66, 75, 84, 100, 101, 105, 106, 107, 108, 118, 120.

Әлбеков Тоқтар – 16, 35, 56, 57, 89, 97, 98, 104, 109, 156, 160, 163, 175, 176, 178, 179, 181, 184.

Орынғали Қалиолла – 197, 198, 199, 202, 206, 216, 226, 228, 238, 239, 241, 255, 257, 261, 262, 264, 265, 266

Әкімова Тоғжан – 1, 5, 17, 19, 27, 30, 36, 37, 40, 42, 43, 51, 53, 54, 58, 60, 68, 69, 74, 81, 82, 91, 92, 93, 96, 98, 111, 122, 125, 126, 128, 129, 130, 131, 134, 135, 136, 139, 140, 141, 143, 145, 146, 194, 256, 268.

Салтақова Жанат – 158, 161, 162, 168, 173, 174, 177, 187, 188, 190.

Мурсалимова Насихат – 3, 18, 20, 22, 26, 28, 29, 52, 55, 67, 70, 80, 83, 87, 94, 95, 157, 159, 164, 166, 170, 171, 180, 185.

Оралбек Алмас – 196, 207, 213, 236, 248, 149, 253, 258, 259.

Байғазы Ақбаян – 13, 14, 34, 41, 49, 50, 61, 65, 71, 76, 77, 89, 90, 124, 137, 147

Елесбай Нұржұма – 9, 10, 62, 115, 195, 203, 205, 209, 212, 214, 217, 222, 224, 229, 232, 240, 242, 244, 247, 263.

Қабдешова Құралай – 2, 32, 33, 72, 79, 86, 117, 127, 132.

Қосымбаева Қарагөз – 24, 73, 103, 112, 114, 138.

Пилтан Юсуф – 225, 230, 231, 233, 235, 237, 242, 246, 250, 251, 252, 260.

Кітапқа енген көрсеткіштерді дайындаған және компьютерге терген – Салтақова Жанат, араб әрпіндегі сөздерін көшірген – Елесбай Нұржұма.

Кітапқа енген ғылыми сипаттаманың саны – 265.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

а) Ғылыми-зерттеу мекемелерінің атауларын белгілеу

ҚР – Қазақстан Республикасы.

ҚР БҒМ ҒК ӘӨИ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Әдебиет және өнер институты.

ҚР БҒМ ҒК ОҒК – Қазақстан Республикасының Орталық ғылыми кітапханасы.

Қаз ССР ТӘИ – Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты.

Изд. АН РК – Издательство Академии наук Республики Казахстан.

ҚР ҰК – Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы.

СПб – Санкт-Петербург.

ҚР ҰҒА – Ұлттық Ғылым академиясы

Ақм.обл. – Ақмола облысы

Ақт.обл. – Ақтөбе облысы

Алм.обл. – Алматы облысы

Батыс Қаз.обл. – Батыс Қазақстан облысы

Гур.обл. – Гурьев облысы

Жам.обл. – Жамбыл облысы

Жезқ.обл. – Жезқазған облысы (қазіргі Қарағанды обл.).

Қарағ.обл. – Қарағанды облысы

Көкш.обл. – Көкшетау облысы (қазіргі Ақмола обл.).

ҚАССР – Қарақалпақ АССР-ы

Қост.обл. – Қостанай облысы

Қызыл.обл. – Қызылорда облысы

Омбы обл. – Омбы облысы

Орал обл. – Орал облысы

Пав.обл. – Павлодар облысы

Сем.обл. – Семей облысы

Талд.обл. – Талдықорған облысы

Таш.обл. – Ташкент облысы

Шығыс Қаз.обл. – Шығыс Қазақстан облысы

Шым.обл. – Шымкент облысы (қазіргі Оңтүстік Қазақстан обл.).

ә) Жеке сөздерді белгілеу

Бұл қысқартылған техникалық сөздер әрбір сипаттамада және оның соңынан келетін «Библиографиясы» деген тарауда жиі қолданылады.

Сипаттаманың басында:

Б. – бет

Инв. – инвентарь

Ж. – жол

П. – парақ

Ш. – шифр

«Бума» тарауында:

Дәп. – дәптер

Тіз. – тізім

«Библиографиясы» деген тарауда:

Бөл. – бөлім

Кіт. – кітап

Нұс. – нұсқа

Тар. – тарау

Мфк – микрофильм кадры

Фк – фотокопия

Т. – том

Түс. – түсініктер

Ф. – фонд

Мф – микрофильм

Рф – редкий фонд

І. ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР

1

Ш. 1090 (ӘӨИ)

Б.96; П.48; Ж.39.

27x19,7; 25x17

АБАТ БАТЫР ТУРАЛЫ АҢЫЗ-ӘНГІМЕ

Атауы. Абат батыр туралы аңыз-әңгіме

Тапсырушы. Ізжан Жалғасов – Қызылорда облысы, Қазалы ауданының тұрғыны, халық мұрасын жинаушы. Өзге мәліметтер кездеспеді.

Аннотациясы. Аңызда Жақсықылыш, Жаманқылыш атты Шора ханның балалары туралы айтылады. Тұрсынбике Асан қайғының қызы, Абаттың қарындасы деседі. Ағайынды екі жігіт Шора ханның баласы Жақсықылыш пен Жаманқылыш Тұрсынбикеге ғашық болады. Екі орта телегей теңіз су болғандықтан ғашықтар бір-бірімен қауыша алмапты. Екі жігіт теңізді атпен жағалап, күндіз-түн жүреді. Тұрсынбике бау қамыстан шом байлап, сал ағызып, ортасына шам жағып белгі беріп, суға түседі. Бірақ салды әрмен-бермен жел айдап ағыза береді. Жаманқылыш пен Жақсықылыштың аттары терең суға түспей, салдағы Тұрсынбикеге қауыша алмайды. Салыны жел айдап, таудың етегіне келіп қайырлап тоқтап қалады. Сөйтіп, қасында жолдасы жоқ Тұрсынбике күзгі қара суықта жаурап, сал үстінде өледі. Жаманқылыш Тұрсынбикемен кездесуге ант етіп, бір жетідей атымен теңізге түсіп-шығып жүріп, суға шөгіп өледі. Жақсықылыш та дәл осындай оқиғадан көз жұмады.

Басқы сөзі (36-б.): Жақсықылыш, Жаманқылыш Шора ханның баласы деседі...

Соңғы сөзі (37-б.): ...күзгі қара суықта су ортасына түнеп өліпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Торкөзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирил әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1962 жыл.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары ескірген.

Папкасы. Қ.1090. (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

2

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.43; Ж. 20

29,7x21; 12,3x17,5

АБЫРАЛЫ

Атауы. Абыралы.

Жыршысы. Мусина Рәбиға – Шығыс Қазақстан облысы, Абыралы аулының тұрғыны. Өзге деректер кездеспейді.

Жинаушысы. Б.Несіпбаева – Қарағанды Мемлекеттік университеті, филология факультетінің студенті (1995).

Аннотациясы. Жаугершілік заманда Әлі деген қазақ батыры өмір сүріпті. Күндердің бір күнінде елді жоңғарлар шабады. Әлі батыр қол жинап, атқа мінеді. Үш күнге созылған шайқас болады. Төртінші күні Әлі жоңғарларды бастап келген Әбір деген батырға қарсы шығады. Жекпе-жек таң атқаннан кеш батқанға дейін созылады. Жекпе-жектің жалғасын ертеңге қалдырып, қостарына қайтып бара жатқан кезде жоңғар батыры Әбір Әліні жебемен атып өлтіреді. Намыстанған батырдың қарындасы Гауһар қалмақ батырын қуып жетіп, басын қылышпен шауып түсіреді. Шайқас тоқтатылып, қос батыр биік таудың баурайына жерленеді. Сөйтіп сол таудың аты батырлардың аттарымен Әбірәлі, кейінірек «Абыралы» болып аталып кеткен екен.

Басқы сөзі (43-б.): Белдеуден ат кетпеген, аттан тоқым түспеген...

Соңғы сөзі (43-б.):Кейінірек «Абыралы» болып аталып кетеді.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1995 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абыралы ауылынан жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т. Әлбеков, Т. Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

3

Ш.1200 (ӘӨИ)

Б.1; Ж. 9

20x11; 18x7

АҒЫБАЙ КЕСКЕН ҚҰМБЕЛ

Аталуы. Ағыбай кескен құмбел

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Қ.Мұхамбетова

Аннотациясы. Алатау етегіндегі Ыстықкөлге құятын Құмбел өзенінің ағысының қаттылығы соншалық, тастарды домалатып ағызып кетеді екен. Кенесары, Наурызбай, қолбасшы Ағыбай батыр қырғыздармен болған соғыстың бір кезеңінде сол өзенінде кездесіпті. Сонда Ағыбай батыр: «Ой, арғындар! Сендер әуіп десендер Алатауды да құлатасындар,

аттарыңнан түсіп, қару-жарақтарыңды бір жерге үйіп, өзенді ағысынан тас тастап, бөгендер» депті. Сөйтіп Ағыбай батыр Құмбел өзенін асып өтеді. «Ағыбай кескен Құмбел» деп солай аталса керек.

Басқы сөзі: Кенесары, Наурызбай, қолбасшы Ағыбай батыр қырғыздармен болған соғыстың бір кезеңінде Алатаудан ағып Ыстықкөлге құятын Құмбел өзенінде кездесіпті.

Соңғы сөзі: ...Содан бастап сол жер “Ағыбай кескен Құмбел” деп аталыпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Сары қағазға машинкамен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр қатарға қара сөзбен жазылған.

Ақауы. Машинкамен жазылған, қағаздар түптелмеген, қағазы сарғайған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Ақжолтай Ағыбай батыр //Құр.: Әпсәметов М. – Жезқазған, 1992; Қазақтың мифтік әңгімелері //Құр.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. – Алматы, 2002; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар// Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

4

Ш.920/136

П.1;Б.1; Ж. 15

20x30 ; 15x24

«АДАМ ТАС ТУРАЛЫ» АҢЫЗ

Аталуы. Адам тас (56-б.)

Айтушысы. Қолшабеков Сүйеу – 1930 жылы туған. Көп жыл партия қызметкері болған.

Жинаушысы. Жұманова Қарлығаш Мұсабекқызы – Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінің студенті (2002 ж.).

Тапсырушы. Саттаров Қыдырәлі (1936-2011) – фольклортанушы, зерттеуші, халық мұраларын жинаушы ғалым. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол ХХ ғасырдың ІІ жартысында, кеңес дәуірінде Қазақстанның оңтүстік өңірінен, әсіресе қазіргі Өзбекстан аумағында, өздерінің бұрынғы ата-бабалары атамекені – Сырдария, Амудария құйылыстары бойында өмір сүрген қазақтар арасынан халық мұраларын жинауды ұйымдастырған, оларды жүйелеген, жариялаған, ел ішіне насихаттаған мұра қамқоршысы. Қ.Саттаров Оңтүстік Қазақстанның және Өзбекстанның Ташкент өңіріне бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, оларды басқарады. Ел арасынан жиналған халық әдебиеті үлгілерінің 200 жинақтан тұратын топтамасын

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған.

Аннотациясы. Үлкен жаугершілік кезінде елді жау шабады. Сол кезде елден қырық шақты сарбаз шығып, көп жаумен соғысып, жаудың көптеген жауынгерлерін өлтіріп, соққыға жығады. Бейбіт ауылды шапқыншылардан аман алып қалу үшін түйеге жүктерін артып, көшіріп, өздері жаудың алдын тосқауылдап, соғыс жүргізеді. Сарбаздардың көбі шығынға ұшырап, ақыры жаудың қысымына шыдай алмай қашады. Жау жер қайысқан қолмен қуады. Сол кезде не істерін білмей қалған сарбаздар Құдайдан былай деп: «Е, Алла, бізді жау қолына түсіріп қорлағанша, денемізді тасқа айналдырып, өзімізге жәннаттан орын бер» деп тілек тілейді. Тілектері қабыл болып, денелері тасқа айналып, қалың жаудың қорлығынан құтылады.

Басқы сөзі (56-б.): Үлкен жаугершілік уағында, елін жау шапқанда, қырық сарбаз елін қорғауға шығады.

Соңғы сөзі (56-б.): ...Міне, ел арасында осындай аңыз бар.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Шығарманы Қолшабеков Сүйеудің айтуынан 2002 жылы жазып алған – Жұманова Қарлығаш.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қарасөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сырты қатты қағазбен түптелген.

Папкасы. Қ.920/136 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

5

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**П.1; Б.1; Ж. 17
20X30; 14X10,5**

АЗИЯЛЫҚ ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӨНІНДЕ АҢЫЗ

Атауы. Азиялық Ташкент қаласының пайда болуы жөнінде аңыз

Айтушысы. Белгісіз.

Тапсырушы. Б.Рақымов (1958 жылы туған) – Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Айшырақ ауылында дүниеге келген. Филология ғылымдарының докторы, профессор, фольклортанушы-ғалым. Қазақ фольклорындағы тарихи эпостарға қатысты көптеген еңбектердің авторы. 1991-2002 жылдар аралығында Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттерінің фольклорлық практикасына жетекшілік жасап, ел арасынан көптеген фольклорлық шығармалар жинаған.

Аннотациясы. Ташкент қаласының орнында бұрында төрт қыстақ болған. Бұл қыстақтарды басқаратын бек болмаған. Әр қыстақты өз ақсақалдары басқарып отырған. Қыстақтың орасында үлкен базар орналасқан. Базарда үнемі төбелес, ұрыс-керіс болып тұрған.

Сол заманда қыстақтардың бірінде Жүніс қожа деген өмір сүрген. Ол қыстақтардағы тонаушылық пен қырғын төбелестерді тоқтату мақсатында бір шебер ұстаға зеңбірек жасатады. Күндердің күнінде базарда төбелес басталғанда, зеңбіректен бірнеше дүркін оқ атып, ел-жұртты қорқытады. Осыдан соң Жүніс қожа қыстақтарға бек болады. Ұзақ уақыт қаланы билеген Жүніс қожадан кейін оның баласы Сұлтан қожа, одан кейін Өткір Құсбегі, ақыр ағында Раджаб Ғалша иеленеді, Ташкент Қоқан ханына бағынады, аталған төрт қыстақ бірте-бірте өсіп, бірігіп, үлкен қалаға айналған.

Басқы сөзі (30-б.): Азиялық Ташкент бұрын қала болмаған және ол тұрған жерде төрт қыстақ болған.

Соңғы сөзі (33-б.): ... Батыс бөлімінен Айқынбай батыр, Мыңжасар батыр, Ырысбек батыр және Рамадан бөлімінен Жолаң батыр және Есенгелді батыр.

Қолтаңбасы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Шығарма бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба біріктіріліп тігіліп, папкаға салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

6

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**П.1; Б.1; Ж. 17
20X30; 14X10,5**

АЙҒЫРҰШҚАН

Атауы. Айғырұшқан (67-б.).

Айтушысы. Ш.Тәжібаев – Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының тұрғыны. Өзге деректер кездеспейді.

Жинаушысы. Гүлназ Мұқаева – Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенті (2000 ж.).

Тапсырушы. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қалмақтармен бір соғыста қазақтың атақты батыры қолға түсіп, «жауға құл болғанша, өз жерімде өлейін» деп, астындағы айғырымен таудан құлап өледі.

Енді бір аңызда сол өңірді атақты бір бай мекендепті. Оның үйір-үйір жылқысы, мыңдаған түйесі, өріске сыймайтын қойы болыпты. Бір жылы

Мойынты, Шу өңірін мекендеген бір байдың жігіттері жаңағы байдың бірнеше үйір жылқысын барымталап кетеді. Байдың «малымның басы» деп жүрген кәрі күрең айғыры болса керек, сол айғыр қашып кетіп, қуғыншыларға ұстатпай, таудан секіріп иесіне оралыпты. Бай «малымның басы кетті, енді мал құтаймайтын болды-ау» деп уайымдап, төсек тартып жатса, айғыры қайтып келеді. Айғырын көрген бай «тәубе» деп, басқа малын іздемейті. Содан бұл таудың аты «Айғырұшқан» аталып кетіпті.

Басқы сөзі (67-б.): Қазақ халқы жаугершілік, қанды қырғын заманды басынан өткергені тарихтан белгілі.

Соңғы сөзі (67-б.): ...Жоқ-жетімге құдайы таратыпты.

Қолтаңбасы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Шығарма бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба біріктіріліп тігіліп, папкаға салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: ««Фолиант»», 2011.

7

Ш. 910/5 (ӘӨИ)

**Б. 1; Ж.29
20x30; 14x19,5**

АЙМЕКЕН ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Аталуы. Аймекен туралы аңыз (204-б.)

Айтушысы. Зарипов Ғұмар.

Жазып алушы. Мәтінді 1986 жылы Ғұмар Зариповтың айтуы бойынша Сейтақов Айбатыр жазып алған.

Жинаушысы. Тілеужанов Мәтжан (1927-1955) – ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол Батыс Қазақстан аумағынан ауыз әдебиеті нұсқаларын ұзақ жыл бойы жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырды. Сондай-ақ республикада тұңғыш рет «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ұйымдастырып, ел ішіндегі қолөнер туындыларын жинады.

Аннотациясы. Ертеде бір байдың Айман деген жалғыз қызы болады. Ол өзінің сұлулығымен, ақылдылығымен ерекшеленеді. Содан Айман қыз «Аймекен» аталыпты.

Сол елдің бай-мырзалары Аймекенге ғашық болып, сұлуға таласып бәсекеге түсіпті. Ал қыздың сүйген жігіті бар екен. Оны ешкімге сездірмейді. Екі жас бас қосуды армандайды. Байлыққа қызыққан әкесі қызын

бір бекке бермекші болыпты. Әкесінен де үлкен шалға барғысы келмеген қыз бір түнде ұшты-күйлі ғайып болады. Туысқандарының іздемеген жері, бармаған елі қалмайды. Бірақ олар қыздың бәйтерекке іліп кеткен қызыл шәлісі мен сұлудың құмда сайрап жатқан ізін ғана табады. Сол мекеннің аты «Аймекен», «Қызыл шәлі» деп аталып кетеді.

Дәл осы аңыз Шымкент облысынан 1985 жылы ауыз әдебиеті үлгілерін тапсырған Мұхамеджан Рүстемовтың материалдарында да кездеседі. Жинаушы аңызды қайдан, кімнен жазып алғанын көрсетпейді.

Басқы сөзі (204-б.) Ертеде бір байдың Айман деген жалғыз қызы болады.

Соңғы сөзі (205-б.): ...

«Аймекен», «Қызыл шәлі» жердің аты, Осыдан аталған деп аңыз қапты.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1986 жылы Орал облысында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба кітап болып түптелген.

Папкасы. Қ.910/5 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

8

Ш.1156 (ӘӨИ)

П.2; Б.2; Ж.26
20х30; 17х25

АЙКҮМІС

Аталуы. Айкүміс (11-б.)

Айтушысы. Қонысова Нәзипа – Орал облысы, Камен ауданының тұрғыны. Нәзипа ауыз әдебиеті мұраларын анасынан үйренген.

Жинаушысы. Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенттері: Өлкенова Анар мен Бармақова Айгүл.

Аннотациясы. Ертеде бір байдың Айкүміс атты қызы болады. Айкүміс дүниеге келер алдында мал бағып жүрген әкесі далада от жағып отырады.

Сол кезде айдың сәулесімен бір нәрсе жарқ ете түседі. Мұны көрген малшы «алтын тапқан екенмін-ау» деп қуанады. Бірақ әлгі жарқыраған жарық сол мезетте ғайып болады. Сонда малшы «е, әйелім босанып, қыз бала туған ғой» деп жориды. «Олай болса, қызымның атын Айкүміс қояйын. Қыз болса ел-жұртты таңқалдырған толған айдай сұлу, қараңғы түнде жол көрсеткен айдай жолбасшы, ақылды болсын және менің қызым күмістей сыңғырлаған күлкіден айырылмасын» деп ойлайды.

Бірақ Айкүміс әке-шешеден ерте айырылады. Жетім қызды бір бай тоқалдыққа алмақшы болады. Қыз не істерін білмей, «бұл қорлықтан тек қана анам құтқарар» деп далада қалған анасының зиратына жол шегеді. Шаршап-шалдығып жеткен қыздың әл-дәрмені құрып, бір-екі ауыз сөз айтуға ғана шамасы жетеді.

Сол жерде қыздың демі үзіледі. Сондықтан бұл жер қыздың атымен «Айкүміс» аталып кетеді.

Басқы сөзі (11-б.): Осы совхозымыздың бір нүктесі болып табылатын Айкүміс деген жер бар.

Соңғы сөзі (13-б.): ...Айкүміс аталып қала беріпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін кеңсе қағазына жасыл сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтінді 1991 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенттері: Әлкенова Анар мен Бармақова Айгүл Қонысова Нәзипаның айтуынан жазып алған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. Қ.1156 (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар//Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

9

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**П. 1; Ж. 38
29.8x21; 24x17**

АҚМОЛА

(I нұсқа)

Аталуы. Ақмола

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Жинаушы. ҚарМУ-дың студенттері фольклорлық практика кезінде жинаған.

Аннотациясы. Ерте заманда Арқа өңіріне бір молла адам дәріс жүргізуге келіпті. Ел оны ауылдан-ауылға алып кетіп, балаларын оқытқызыпты. Өзінің білімділігімен, сауаттылығымен көпшілікке жаққан жаңағы молланы ел құрметтеп, өз атымен атамай «Ақмолла» деп атап кетеді. Кейіннен ол балаларды бір жерге топтап, мешіт салып дәріс жүргізіпті. Сол салған мешітті халық «Ақмолла мешіті» деп, кейін-келе «Ақмола» атанып кетеді.

Басқы сөзі (9-б.): Ерте заманда жазу-сызудың жетілмеген кезінде Арқа өңіріне бір молла адам дәріс жүргізуге келіпті.

Соңғы сөзі (9-б.): ...Ақмолла мешіті кейін келе Ақмола атанып кетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. А4 қағазына машинкамен, кирилл әрпінде терілген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Парақтары бөлек-бөлек, тігіліп, желімденбеген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 80-том. Топонимдік аңыздар // Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2012.

10

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 38
29.8x21; 24x17

АҚМОЛА

(II нұсқа)

Аталуы. Ақмола

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Айтушысы. Амангелді Бекмағамбетов – Қарағанды облысы, Шахтинск қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. Баяғы заманда бір молла адам бала оқытумен Арқа өңіріндегі ел-жұртқа танылады. Оның моллалығы ғана емес, көріпкелдігі де бар адам екен. Ел жоғатқан дүниесін осы кісіге келіп жүтініп, айтқаны бойынша тауып алады екен. Бір күні бір нашардың жылқысы жоғалып, оны осы молланың айтуымен көрші ауылдың байынан тауып алады. Өшіккен бай молланың артынан түседі, молла қашып кетіп, кейіннен өлер алдында жанындағы серіктеріне, өзін алысқа апармай, сол қайтыс болған жерге жерлеп, басына ешкінің майымен балшықты араластырып, күмбез тұрғызуын өтінеді. Сол молла қайтыс болғаннан кейін халық айтқанындай басына күмбез тұрғызады. Алыстан назар салып қараса, ақ түсті болып шығыпты. Сонан көпшілік осы өңірді «Ақмола» деп атап кетеді.

Басқы сөзі (9-б.): Баяғы заманда бір молла адам бала оқытумен Арқа өңіріндегі ел-жұртқа танылады.

Соңғы сөзі (9-б.): ...Сонан көпшілік осы өңірді «Ақмола» деп атап кетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. А4 қағазына машинкамен, кирилл әрпінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Парақтары бөлек-бөлек, тігіліп, желімденбеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 80-том. Топонимдік аңыздар // Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2012.

11

Ш.1200 (ӘӨИ)

**П.1;Б.1; Ж.14
20X30; 14X9**

АҚШАТАУ

Атауы. Ақшатау (68-б.).

Айтушысы. Қатпар Беркінбаев. Ол туралы дерек кездеспеді.

Жинаушысы. Ә.Әбікенова. Жинаушы туралы дерек кездеспеді.

Тапсырушы. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Кернейден шыққан Есей батыр тобына ілесіп, Жидебай да жол жүреді. Ұзақ жол жүріп шаршаған топ бір жерге келіп ат басын шалдырады. «Ел арасында қандай жау бар дейсің» деп ойлаған Есей мен Жидебай бастаған қырық жігіт ұйқыға кетеді. Ұйқылары қанған жігіттер ертеңгісін оянса, өздерінің жаяу қалғандарын біледі. Бұған намыстанған Есей батыр: «Мынау бетке шіркеу, сүйекке таңба болды-ау, мен із кесіп жауды қуамын» дейді. Сонда жас Жидебай: «Мен де сізбен бірге барамын» дейді. Екеуі жолға шығады. Қарындары ашып, шаршаған екеуі кешкі мезгілде төбешік үстінде тігулі тұрған ақша отауды көреді. Отауға кірсе, ешкім жоқ, дастархан жаюлы тұр екен. Екеуі сол жерде тамақтанып, естерін жиып, жауды қуа кеткендерді күтеді. Содан ақша отаулы жерді «Ақшатау» деп атап кетеді.

Басқы сөзі (68-б.): Күз мезгілі еді.

Соңғы сөзі (68-б.): ...Ақша отаулы жерді «Ақшатау» деп атап кеткен.

Қолтаңбасы. Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өтіп, папкаға салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

12

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**П.1; Б.1; Ж.18
20X30; 16X14**

АЛТАЙ

Аталуы. Алтай (56-б.).

Айтушысы. Ысқақ ақсақал. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қ.Аманжолов атындағы ауылдың тұрғыны.

Жинаушысы. Алтай Дариға – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің 2-курс студенті (1999 ж.).

Тапсырушы. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде жер бетінде алып адамдар өмір сүріпті. Олар өздерінен кейінгі ұрпақтары ұсақ-майда болатынын сезіп, солардың жағдайы үшін жер бетіне әртүрлі өзгерістер жасайды. Олардың алғашқы жасаған тауы – Алатау. Біраз замандардан кейін Қаратау, тағы біраз уақыттар өткеннен кейін Сарыарқадағы тауларды, ең соңынан Алтай тауын тұрғызыпты. Арада бірнеше замандар өткен соң тұрғызған тауларын аралайды. Алатауды көргенде, риза болып: «бұл алып тау – таулардың атасы», Қаратауды көргенде: «бұл қасиетті тау – таулардың анасы, Сарыарқадағы тауларды көргенде: «бұлар береке беретін ырысты таулар», Алтайды көргенде: «бұл ең жасы ғой, әлі тай тау екен» деп айтқан екен. Сонымен таудың аты «әлі тай», кейін «Алтай» деп аталып кетіпті.

Басқы сөзі (56-б.): Ерте заманда жердің бетінде бойлары сырықтай, қолдары құрықтай алып адамдар өмір сүріпті.

Соңғы сөзі (56-б.): ...Сонан жаңағы таудың аты «әлі тай», кейін «Алтай» болып кетіпті.

Қолтаңбасы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 1999 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба біріктіріліп тігілген, бумаға салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

13

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 2; Ж. 16
29,5x21; 12,5x17,5

АҚШОҚЫ

Атауы. Ақшоқы (54-б.).

Айтушы. Ысқақ қария – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қ.Аманжолов ауылының тұрғыны.

Жинаған. Алтай Дариға – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің 2-курс студенті (1999 ж.)

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бір дәулетті елде жұт болып, барлығы бас қосып жайлы жер іздеп жолға шығады. Ұзақ қоныс іздеген жұрттың арасынан

біреуі: «Анау тұрған шоқыға қоныстанып көрелік» дейді. Бұл жер елге құтты болып, малдары егіз төлдеп, дәулеттері аса түсіпті. «Шоқы, шоқы-ақ екен» депті жұрт.

Басқы сөзі (54-б.): Бір жылдары бір дәулетті елде жұт болады.

Соңғы сөзі (55-б.): ...Сонан жаңағы биіктің аты «Ақшоқы» аталып кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1999 жылы Қ.Аманжолов ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен жазылған, шимайланған беттері бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

14

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 16
29,5x21; 12,5x17

АЙДАҒАРЛЫ-ҚҰДАЙБЕРЛІ

Атауы. Айдаһарлы-Құдайберлі (55-б.).

Айтушы. Жақыпов Жантас – тілші-ғалым, филология ғылымдарының докторы.

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде Құдайберлі деген батырдың жалғыз жолдасы Айдаһар болыпты. Батырдың жылқысын қорғағаны үшін оған күніне бір жылқыдан беріп тұрады екен. Күндердің күнінде жылқыға келген батырдың жалғыз баласын айдаһар жұтып қояды. Ашуға булыққан Құдайберлі айдаһармен айқасып, құйрығын шауып түсіреді. Айдаһар қашып тауды жарып кіріп кеткен екен.

Басқы сөзі (55-б.): Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бөртеде.

Соңғы сөзі (55-б.): ...Сонан халық Айдаһар кірген үңгірді «Айдаһарлы-Құдайберді» деп атап кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 2006 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университетінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен жазылған жерлері бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

15

Ш.936 (ӘӨИ)

П.84; Б.2; Ж.32

20x17; 18x10

АҚБОТА – СӘҢКІБАЙ

Аталуы. Ақбота – Сәңкібай (72-б).

Айтушысы. Аманшин Бейсембай – Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ақжар совхозы, Қалданбек ауылында туып-өскен.

Жинаушысы. Ұлдай Күлімова Бейсенбай Аманшиннің айтуынан жазып алған.

Аннотациясы. Бір байдың Ақбота атты сұлу қызы болады. Оған Сәңкібай деген жігіт ғашық болады. Елге Ақботаны айтғырып қойған жігітіне береді деген хабар тарайды. Сәңкібай Ақботаның отауын торып, атастырған жігіттің келер күнін күтеді. Ақбота жеңгелеріне сүйген жігіті бар екенін айтып, әкесі мен ағаларына жеткізуді өтінеді.

Мәпелеп өсірген жалғыз қызының тілегін Байдалы әке түсінгенмен, даланың ру-жекжаттық дәстүрдегі қатаң заңы мен қатыгез тәртібінен аттай алмайды. Сонымен межелі күн де жетіп, құдалар ауылға келіп, қыз алудың жоралғысын жасап, сый-сияпат басталғанда, Сәңкібай Ақботаны алып қашады. Ауылда осы сәтте абыр-сабыр басталады. Құдалар жағы: «Қалыңдығымызды тауып беріндер. Болмаса адайлардың сүйегіне таңба боларлықтай іс істейміз» деп шіренеді.

Байдалы ағайын-туысқандарын жинап, қызды табуды өтінеді. Қыздың ағалары отыз-қырық жігіт ертіп, қызды іздеуге шығады. Қуғыншылардан құтыла алмасын білген екі жас құшақтары жазылмай, биік таудан құлап қаза болады.

Елдің шешімі бойынша, екі жастың денесі осы тауға қойылады. Содан сол тау «Ақбота – Сәңкібай» атанады.

Басқы сөзі (71-б.). Осы өңірді жайлап отырған байдың сұлу қызы болады.

Соңғы сөзі (72-б.). ...Елдің шешімі бойынша, екі жастың денесі осы биікке арулап қойылған екен деседі.

Қолтаңбасы. Жинаушінікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Бір жолды кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қорға түскен жылы. Қолжазба қорға 1991 жылы түскен.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба парақтары біріктіріліп тігілген.

Папкасы. Қ.936 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

16

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.13
21x17; 17x19,5

АҚБИКЕШ

Атауы. Ақбикеш

Айтушы. Табризов Бекен (ол туралы дерек кездеспеді).

Жинаушы. Ү.Табризова – Қарағанды Мемлекеттік Университеті, филология факультетінің 2 курс студенті (1991).

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Өткен замандарда бір әміршінің Ақбикеш атты қызы болыпты. Елдің ер азаматтары өзге жаққа жорыққа кеткенде әміршінің жұртын жау шауып, мал-жанын тартып әкетеді. Олжа болған мал-мүлікті қайтару үшін Ақбикеш атқа қонып, елде қалған адамдардан қол жасақтайды. Екі жақтың балгер-жауырыншылары бірін-бірі бақылап отырады. Ақбикеш өз жағының балгерінің ақылымен аттарын теріс ерттеп, жауға шабады. Жау жауырыншысы бұны көріп, қуғыншылардың елге қайтқанын айтады. Сөйтіп, алаңсыз жатқан жауға тұйықсыздан шапқан Ақбикештің сарбаздары жеңіске жетіп, малдарын аман алып қалады. Алайда, Ақбикеш ауыр жарақаттанып, қаза табады. Қыздың ерлігіне сүйсінген халық кейін сол ұрыс болған жерді «Ақбикеш» атап кетіпті.

Басқы сөзі (97-б.): Ерте заманда бір әмірші болған екен.

Соңғы сөзі (97-б.): ...Сол қыздың құрметіне сол жерді «Ақбикеш» деп атаған екен.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылған. 1991 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз екі бетке 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папка. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

17

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x8**

АҚҚОРА АУЫЛЫ

Атауы. Аққора ауылы

Айтушы. Мырзахметқызы Дариға. Ол туралы дерек кездеспеді.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде Әміре бай деген кісі болыпты. Ол кезде барлық ауыл тұрғындары қораларының сыртын маймен, сазбен сылаған екен. Ал, Әміре бай қорасының сыртын ақпен сылаған. Қорасы алыстан аппақ болып көрініп тұрады екен. Сол кезден бастап ол жерді «Аққора» деп атаған.

Басқы сөзі (37-б.): Қарқаралы ауданының қазіргі Қасым Аманжолов кеңшарының төртінші бөлімшесінде Аққора деген жер бар...

Соңғы сөзі (37-б.): ...Сол кезден бастап, ол жерді «Аққора» деп атап кеткен.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папка. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Жер-шежіре. – Қарағанды, 2006.

18

Ш.1200 (ӘӨИ)

**Б.1; Ж.16
20x32; 18x11**

АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ ЖЕРІ

Аталуы. Ақсу-Жабағылы жері

Жыршысы. Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Кемеңғал ауылының тұрғыны – Ашарбеков Бексұлтан.

Жинаушысы. А.Қодарова

Аннотациясы. Ақсу өзенінің жағасын үш басты айдаһар мекен етіпті. Ол маңайындағы ел-жұртқа тыныштық бермей талабы бойынша күніне үш қой, екі қыз, екі жігітті жеп отырыпты. Сол елде бір жалғызбасты кемпір жалғыз қызымен өмір сүріп жатқан екен.

Қыздардың бәрі таусылып, кезек жаңағы кемпірдің қызына келіпті. Жұрт жиналып үш қойды, қызды айдаһарға апара жатады. Енді бір жігітті қайдан табамыз деп келе жатқанда жабағыға мінген бір жас бозбала қарсы жолығады. Мән-жайды түсінген жаңағы жігіт қызға:

– Үш қойды сойып, сен айдаһарға бара бер, мен де көп ұзамай артыңнан жетермін, – дейді.

Айдаһар үш қойды жеп болып, енді қызды жұтуға оқтала бергенде, жігіт қолындағы қылышымен айдаһардың ішіне еніп кетеді. Сөйтіп, жүрегін жарып, айдаһарды да өлтіреді, өзі де өледі. Жиналған жұрт қараса, жаңағы өлген жігіттің жабағысы өзеннің жиегінде жайылып жүр екен.

Басқы сөзі: Баяғы өткен заманда Ақсу өзенінің жағасын үш басты айдаһар мекен етіпті.

Соңғы сөзі: ...Ерлік көрсеткен жігітті еске сақтау үшін, көпшілік сол жерді «Ақсу-Жабағылы» деп атаған екен.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін қарасөзбен жазылған.

Ақауы. Қағазы түптелмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. – Қарағанды, 2006; Қазақтың мифтік әңгімелері //Құр.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. – Алматы, 2002; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар // Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант»,2011.

19

Ш. 910/4 (ӘӨИ)

**Б.326; П.326; Ж.30.
29x20; 25x15**

АҚШОРА МЕН БАЛТОРАНЫҢ ЕСКЕРТКІШІ

Атауы. Ақшора мен Балтораның ескерткіші.

Айтушы. Табыл Абдоллаев.

Жинаушы. Жұмағұл Шакешова.

Тапсырушы. Мәтжан Тілеужанов. Ол туралы мәлімет алдыңғы 7-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ақтау қаласынан шыға беріс жолда түрікменнің қызы Ақшора мен Балтораның ескерткіші бар. Ертеде түрікменнің жігіті

Балтора түрікмен байының қызы Ақшораға ғашық болған. Балтора кедей екен. Ол Ақшораны алып қашқан кезде артынан қуғыншылар қуып келіп, ертедегі салт бойынша екеуін де өлтірген.

Басқы сөзі (22-б.): Шевченко қаласынан шыға беріс жолда...

Соңғы сөзі (22-б.): ...кейін бай қызының ата-анасы оларға ескерткіш орнатады.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылған. Орал, 1954-1984 ж.ж.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары сарғайған.

Папка. Қ. 910/4 (ӘӨИ). Батыс Қазақстан өлкесінің ауыз әдебиет үлгілері.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

20

Ш.1200 (ӘӨИ)

**Б.3; Ж. 6
20x32; 18x5**

АЛТАЙТАС

Аталуы. Алтайтас

Жыршысы. Әріпов Ахметбек – Қарқаралы қаласының тұрғыны.

Жинаушысы. А.Бабайбекова.

Аннотациясы. Тілеуберді деген бай өзіне лайықты қалыңдық іздеп жүріп, бір Алтынай деген сұлудың бар екенін естіп, мың жылқы қалың беріп, айттырып өзіне жар етеді. Қалыңдық өзінің жасауымен бірге құлы Шұнақты, күні Күн атты қызды алып келеді. Арада екі жыл өткенде қожаларының рұқсатымен үй болған екеуінен (Шұнақ пен Күннен) Алтай атты ұл туады. Алтай өсе береді. Қозы бағып, отын тасыды, таяқ жеп, талай тепкі де көрді. Сол кездерде бай үйінде де Сұлушаш атты қыз дүниеге келеді. Сұлушаш аққудай әсем болып бойжетеді, оған көз салушы жігіттердің де саны көп болады. Жасынан бірге өскен Алтай екеуінің балалық шағы бірге болып, есейе келе бір-біріне деген сүйіспеншілігі оянады. Бірақ Тілеуберді бай өзінің туған айдай толықсыған қызын дәулетті адамға ұзатпақшы болады. Сұлушаштың «мені сүймеген адамыма берме» деген қарсылығына бай көнбей, бір байдың баласы Растаймен атастырады. Растай бір күні жүз шақты жігіттерімен ауылға келіпті.

Сұлушаш күннен-күнге уайымға батып күн кешеді. Сол үйге бақсының кейпін еніп құтқаруға Алтай келеді. Екеуі ақырында бірге қашып шықпақшы болып келісіп, уәде байласады.

Сөйтіп, Сұлушаш, Алтай және досы Қайсар үшеуі туған ауылын тастап, жолға шығады. Олардың соңынан шыққан қуғыншылар қуып жетеді, бірақ Растай Сұлушашты өз дегеніне көндіре алмайды, тартып әкетуге Алтайдан қорқады, сөйтсе де соңдарынан қалмай қояды. Бір кезде алдарынан үлкен өзен кездесіп, Алтай тобы аттың күшімен аман-есен екінші жағына өтеді. Ал қуғыншылар болса өзеннен өте алмай қалып қояды. Екі жас пен досы Қайсар үшеуі Қарқаралы тауларына жетіп, «Шайтан көлді» қоныстанады. Таудың бір жартасына Сұлушашты жасырып, досы екеуі аң аулап, тамақ тауып күнелтеді. Бірде арқар соңынан түскен досы Қайсар жартастан құлап қаза болады. Ал қуғыншылар болса, әйтеуір өш алу үшін тоғайды өртепті. Сұлушаш түтіннен тұншыға бастайды да, еріксіз көлге қарай жүгіреді. Сол жүгірген Сұлушаштың алдынан жолбарыс шыға келіпті. Қатты шошынған қыз құтылу үшін көлге секіреді. Оның соңғы сөзі «Алтай, құтқар» болып, тау жаңғырығы сол айқайды Алтайға жеткізеді. Алтай Сұлушаштың көлге кеткендігін көреді. Көл жағасында Алтай уайымға салынып отырып, тасқа айналып кетеді. Содан бері жұрт ол жерді «Алтайтас» деп атап кеткен екен.

Басқы сөзі: Ертеде Тілеуберді деген бай жердің ең шұрайлы, ең әдемі жерін мекендеген екен.

Соңғы сөзі: ...Көл жағасында бүк түсіп отырып, сары уайымға салынған Алтай тасқа айналыпты. Сонымен ел сол тасты «Алтайтас» атап кетіпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен жазылған.

Ақауы. Қағазы сарғайған, беттері түптелмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. – Қарағанды, 2006; Қазақтың мифтік әңгімелері //Құр.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. – Алматы, 2002; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар // Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

21

Ш.1200 (ӘӨИ)

П.2; Б.2; Ж.12.
20Х30; 14Х7

АЛТЫН САНДЫҚ

Атауы. Алтын сандық (69-б.).

Айтушысы. Қ.Беркінбаев – Қарағанды облысының тұрғыны.

Жинаушысы. Н.Бекмырзаева – ҚарМУ-дың студенті (2000 ж.).

Аннотациясы. Жаугершілік заманда атақты бір байдың қызы алтынға толы сандығын таудың етегіне әкеліп жасырыпты. Арада біраз жыл өткенде, қой бағып жүрген қойшы баланың көзі жылтыраған бір нәрсені көзі шалады. Ол оны күн сәулесіне шағылысқан тас екен деп ойлайды. Бір күні бала сол тасты өз көзімен көрейін деп, тау етегіне келіп, тастарды қопара бастағанда, іші алтынға толған сандықты тауып алады. Содан сол таудың атын «Алтын сандық» деп атап кетеді.

Басқы сөзі (69-б.): Жаугершілік заманда атақты бір байдың қызы іші алтынға толған сандықты таудың етегіне әкеліп жасырыпты.

Соңғы сөзі (69-б.): ...Міне, халық осы тауды «Алтын сандық» деп атап кеткен екен.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін бір бетке қара сөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба парақтары біріктіріліп тігіліп, папкаға салынған.

Тапсырушы. Б.Рақымов. Ол туралы мәліметтер 5-сипаттамада бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

22

Ш.1200 (ӘӨИ)

Б.1; Ж.15
20x32; 18x10

АНРАҚАЙ

Аталуы. Анрақай

Жыршысы. Смағұлов Әкбар – Қарағанды облысы, Ақшатау кенті, Шет ауданының тұрғыны.

Жинаушысы. Ж.Естаева. Ол туралы дерек кездеспеді.

Аннотациясы. Бөгенбай, Қабанбай батырлардың басшылығымен қазақ әскері қалмақ шапқыншыларына жауға шығады. Қазақ батыры қалмақ батырын аттан түсіріп, басын кесіп «Абылайлап!» ұран салып жауға қарсы шабады. Қалмақ әскері қазақ әскерінің күші басым екенін көріп жан-жаққа аңырай қаша бастайды. Содан бері осы жерді «Аңрақай» деп атап кеткен екен.

Басқы сөзі: Қалмақ шапқыншыларынан әбден қалжыраған қалың қазақ елі бас қосып бірігіп соққы бермек болды.

Соңғы сөзі: ...Содан бастап осы шайқас болған жерді халық «Аңрақай» деп атап кеткен екен.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен жазылған.

Ақауы. Беттері түптелмеген.

Папкасы. ӘӨИ:1200.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар // Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011. 47-б.

23

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 38
29.8x21; 24x17

АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРҰЙЫҚТЫ ІЗДЕУІ

Аталуы: Асан Қайғының Жерұйықты іздеуі

Тапсырған: Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы: Асан Қайғы желмаяға мініп, жаһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді. Жүрген жерінде жақсы-жаман қонысқа баға беріп отырады. Мәселен: Түркістан қаласындағы Сауран, Маңғыстау, Жетісу, Баянауыл, Шу, Әулиеата маңындағы Талас, Келес, Қарсақбай аймағы, Шыңғырлау өзені т.б. жерлерді аралап, баға береді. Соңында шұрайлы қоныс, ну өлкені таба алмай Ұлытаудың бас жағына келіп өліпті.

Басқы сөзі (8-б.): Асан Қайғы желмаяға мініп, жаһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды...

Соңғы сөзі (8-б.): ...Шұрайлы қоныс, ну өлкені таба алмай Ұлытаудың бас жағына келіп өліпті.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. А4 қағазына машинкамен, кирилл әрпінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Парақтары бөлек-бөлек, тігіліп, желімденбеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 80-том: Топонимдік аңыздар // Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2012.

АСҚАРБЕК АСУЫ

Атауы. Асқарбек асуы (77-б.).

Айтушысы. Далбай Ізтілеуов – Қарағанды/облысы, Жаңаарқа кентінен.

Жинаған. Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенттері –С.Сәменова, С.Каримов, Д.Сәтибеков.

Тапсырған. Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Алтайдан тарайтын алсайдың ішіндегі бір бетке ұстар адамдардың бірі – Асқарбек екен. Оның әкесі кезінде байлығымен, батырлығымен, жомарттығымен аты шыққан екен. Әке жолын ұстап қалған Асқарбекке қатысты ел арасында аңыз көп. Жасы жетіп өмірден өтейін деп жатқанда ауыл ақсақалдары Асқарбектен соңғы сөзін аманат егуді қалдырыпты. Сонда марқұм былай депті: «Жақсылық жолында жүргендердің жеңбейтіні жоқ, жұртым жақсылық жолындағы жандардың жағасына жармаспаса екен.

Әкесіне тәуап ететіндер табылмай қалмасын, мені мүмкіндіктерін болса, мына күншығыстағы төбе басына жерлендер» деген. Содан бұл төбе ғасырдан бері «Асқарбек асуы» аталыпты.

Басқы сөзі. (1-б.): Алтайдан тарайтын алсайдың ішіндегі бір бетке ұстар адамдардың бірі Асқарбек екен.

Соңғы сөзі. (1-б.): ...Содан мына төбе басына Асекең жерленіп, жұрт бұл төбені ғасырдан астам уақыт бойы «Асқарбек асуы» атап келеді.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 1987 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Кеңсе парақтары бір-біріне жіппен біріктіріліп байланған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер-шежіре. Хрестоматия. -Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006.

АТАШ

Аталуы. Аташ (13-б.).

Айтушысы. Абибуллаев Нұрылла – Қызылорда облысының тұрғыны. Ол көп уақыт ұстаздық қызмет атқарған. Әкесі Абибулла кезінде өз еліне танымал ақын болған.

Жинаушысы. Бұл аңызды Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенті Бақтілеуова Клара 1990 жылы Қызылорда облысы, Қазалы қаласына фольклорлық практика кезінде Абибуллаев Нұрылланың айтуы бойынша жазып алған.

Аннотациясы. Сырдарияның солтүстік бетінде екі ақ боз үй тігулі тұрады. Дарияның оңтүстік бетінде бір шал балық аулап отырғанда, дариядан екі рет күңіренген «Аташ» деген дауыс шығады. Дариядан шыққан бұл дыбысқа шал таңқалады. Сөйтіп отырғанда, бір жігіт келіп шалға сәлем береді. Шал баладан аты-жөнін, қайда бара жатқанын сұрайды. Бала: «Атым – Аташ, дарияның ар жағында қалыңдығым тұрады соған барамын» деп жауап береді. Шал: «Балам, менің тілімді алсан, арғы бетке бүгін бармай-ақ қой, Су шақырады деген бар екен. Жаңа бір әзірде дариядан екі рет «Аташ» деп күңіренген дауыс шықты» дейді.

Бала шалдың айтқан сөзін тыңдамай, дарияға түсіп, құлаш ұра кете береді. Дарияның ортасына бара берген кезде: «Ата, мен кеттім!» деп айқай салады. Жігіт суға батып кетеді. Содан Аташ суға кеткен дария «Аташ» деп аталып кеткен екен.

Басқы сөзі (13-б): Ертеректе Сырдария бойында екі ақ боз үй дарияның солтүстік бетінде тігулі тұрады.

Соңғы сөзі (14-б): ...Сол Аташ кеткен дария «Аташ» деп аталып кеткен.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Қолжазба Қызылорда облысы, Қазалы қаласында 1990 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба дәптер ретінде тігілген.

Папкасы. Қ.1156 (ӨӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

Жинаушысы. Аңызды Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бесоба ауылының тұрғыны Қайыров Дүйсенбектің айтуынан Қ.Әбуғалиев жазып алған.

Аннотациясы. Бірде Ақсақ Темір әмір беріп Қожа Ахмет Ясауиға зор ғимарат салдыра бастапты. Қабырғасы көтеріле бергенде, бір өгіз келіп бұзып кетеді. Ұсталар жабылып ғимаратты қайта тұрғызады, еңсесін биіктетіп, күмбезін де көтере бастайды. Бір түні ол тағы құлап қалады. Ел аң-таң болады. Ақсақ Темір ойланып жатып, ұйықтап кетсе, түсінде оған бір ақсақал кісі аян береді. Ол – Қожа Ахмет Ясауи жарықтық екен дейді. «Ғимаратты алдымен менің ұстазым Арыстанбапқа тұрғызыңдар» депті. Ақсақ Темір бар әскерін қатар қойып Түркістаннан 60 шақырым Отырарға кірпіш тасытып, Арыстанбап әулиеге сағана тұрғызыпты.

Басқы сөзі: Қайтыс болар алдын Арыстанбап әулие жиналған ел-жұртқа: «Менің сүйегімді ақ аруанаға артып, басын бос қоя беріндер, түйе қай жерге шөксе – сол жер бейітім болсын», – депті. Ел-жұрт солай етсе, ақ аруана біраз жерді шарлап-шарлап барыпты да қазіргі сағанасы тұрған жерге шөгіпті деседі. Сонан сол жер Арыстанбап басы деп аталып кетеді...

Соңғы сөзі: ...Арыстан бап әулие жөнінде:

Самарқанда сансыз бап,

Түркістанда түмен бап,

Отырарда отыз баб,

Ең үлкені – Арыстан баб, – деген нақыл содан қалыпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр қатарға бір жолдан, қара сөзбен жазылған.

Ақауы. Қағаз түптелмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар // Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

27

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x8

АЯГӨЗ

Атауы. Аягөз

Айтушы. Дерек кездеспеді.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде ақылына көркі сай бір қыз өмір сүріпті. Ол қыздың аты – Аяу екен. Бойжекен, толған айдай толықсыған шағында сол елдің жігіті Жайсаңмен тіл табысып, көңіл қосады. Екеуі бірге өмір сүруге сөз байласады. Күндердің бір күнінде ниеті қара Нойыс деген бір жігіт Аяуды айттырып алмақ болады. Бұған Жайсаңның туған-туысқандары араласып, іс насырға шабады. Әбден шиеленіскен кезде бір қапысын тауып, Нойыс Жайсаңды мерт қылады. Осындай қайғылы оқиғаның куәсі болған Аяу нәр сызбайды, ботадай боздаған күйінде жатып алыпты. Үлкеннің сөзіне құлақ аспайды, кішіні тындамайды. Құрбы-құрдастарымен де қатыспайды. Сөйтіп, қайғының салдарынан Аяу қаза тауыпты. Көзінен аққан жас сарқыраған өзенге айналыпты. Елі ол өзенді Аяудың көзінен аққан жас, Аяудың көзі деп атап, кейін келе «Аягөз» болып кетіпті.

Басқы сөзі (119-б.): Ерте замандардың бірінде ел болып әлпештеген ақылына көркі сай, сұлулығын суреттеуге тіл жетпейтін бір қыз өмір сүріпті...

Соңғы сөзі (120-б.): ...сонан ел жаңағы өзенді Аяудың көзінен аққан жас, Аяудың көзі деп атап, кейін келе «Аягөз» болып кетіпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропаша нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

28

Ш.1200 (ӘӨИ)

Б. 1; Ж. 8

20x11; 18x7

ӘЖІБАЙ САЙЫ

Аталуы. Әжібай сайы

Жыршысы. Ж.Нұрпейісов

Жинаушысы. Қ.Мұхамбетова

Аннотациясы. Бұл аңызда «Әжібай сайы» туралы жазылған. Кіші жүздің Әлім атасынан шыққан Әжібай би халықты басқарушылық қабілетімен де, әділетті білімділігімен де бірден-ақ көпшіліктің көзіне түсіп, ел аузына ілігіп, би атағын ерте алған екен. Сай Беріктас ауылының Қарасай сайының жоғарғы жағында орналасқан. Ертеректе сол жерге қазақ елі қыстауға көшіп келеді екен. Содан бері жұрт ол жерді «Әжібай сайы» деп атаған екен.

Басқы сөзі: Беріктас ауылының Қарасай сайының жоғарғы жағында орналасқан Әжібай сайы.

Соңғы сөзі: ...Әжібай өзі қыстауға көшіп барғанмен ел сол сайды «Әжібай сайы» деп атап кеткен екен.

Қағазы, әріп-сиясы. Жартылай кесілген сары қағазға машинкамен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Алматы облысы, Жамбыл ауданының тұрғыны Ж.Нұрпейісовтен жазып алған Қ.Молдахалыкова.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қара сөзбен жазылған.

Ақауы. Машинкамен жазылған, қағаздар түптелмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар // Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

29

Ш.1200 (ӘӨИ)

**Б.1; Ж. 16
20x24; 18x11**

ӘКІМ ҚҰЛАҒАН ЖАР

Аталуы. Әкім құлаған жар

Жыршысы. Қарқаралы ауданы, Жамбыл ауылының тұрғыны –Аманбек ақсақал.

Жинаушысы. Қ.Мұхамбетова

Аннотациясы. Баяғыда Әкім деген өте епті, ұрлық жасағанда артында ізін қалдырмайтын атақты ұры болған екен. Бір күні байдың жылқысын ұрлайды. Байдың нөкерлері ұрыны іздеп шығады. Бірде Жетім шоқысының етегіне келгенде ұрыны байқайды. Оны сезген ұры қашып, бір талдың бергі қабағында талай жылдан бері су қазып тастаған биіктігі қырық құлаштай терең жардан еті қызған атының екпіндеген шабысымен секірткен екен. Биіктен секірген ат бірден мерт болады. Ұры қалың тоғайға қашып, құтылып кетеді. Сөйтіп, бұл жер «Әкім құлаған жар» деп аталып кеткен екен.

Басқы сөзі: Ертеде Арқаны мекендеген Әкім атты барымташы кісі өмір сүріпті. Әкім жүргенде ізін білдірмес ұры да, сонымен қатар шапқан аттың құлағында ойнайтын епті болған екен.

Соңғы сөзі: ...Содан бері бұл биік жарды халық «Әкім құлаған жар» деп атап кеткен екен.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр қатарға бір жолдан орналасқан.

Ақауы. Қағаз түптелмеген.

Папкасы:Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар// Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

30

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x8**

ӘУЛИЕ ҚЫЗ

Атауы. Әулие қыз

Айтушы. Еш дерек берілмеген.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Аңызда шал мен кемпірдің жалғыз қызы туралы айтылады. Күндердің бір күнінде сол маңайды мекендеген ел-жұрт жазылмастай катерлі ауруға шалдығыпты. Айналадағы ел аурудан құтылудың амалын іздеп, мекендерін ауыстырып көше бастайды. Солардың қатарында әлгі шал мен кемпір бар екен. Көшіп бара жатқан кезде қыз былай депті:

– Ауылдан күншілік жер шыққанда мен қайтыс боламын. Сол қайтыс болған жерге мені жерлейсіңдер. Жерлеген күннің ертеңінде менің қабірімнің жанынан үш түрлі бұлақ басталады. Бір тал өсіп шығады. Сырқатты болған ел-жұртым сол бұлақтан сусындаса, ауруынан айығады, – деген екен. Айтса айтқандай, қыз көш үстінде ауырып өледі. Жерлеген күннің ертеңінде үш бұлақтың бастауы ашылып, су аға бастайды. Сол судан ауыз тиген сырқаттардың барлығы құлан таза айығыпты. Ал бастауды халық «Әулие қыз» деп атайды.

Басқы сөзі (118-б.): Ерте замандардың бірінде кең көсілген жазық далада шал мен кемпір өмір сүріпті...

Соңғы сөзі (118-б.): ...Ал жаңағы бастауды халық Әулие қыз атап кетеді.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папка. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ӘУЛИЕАТА

Атауы. Әулиеата (58-б.).

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ежелде Қарахан атты батыр Айша бибіге ғашық болады. Бірақ Айша бибінің әкесі мен Қарахан батыр бір-бірімен жау болады. Бір күндері Қарахан батыр Айша бибінің елін шауып, Айша бибіні алып қашады. Қыздың әкесі олардың артынан жеңдеттерін жіберіп, оларды өлтіртпек болады. Жолда Айша бибі Аса өзеніне шомылмақ болып суға түседі. Сол кезде жеңдеттер Айшаның сәукелесіне жылан салып жібереді. Айша сәукелесін киген кезде, жылан шағады. Қыз әлсіреп құлап бара жатқан кезде Қарахан Айшаны көтеріп алып, молдаға барып неке қиғыздырады.

Айша бибінің қайтыс болған жеріне мазар тұрғызып, қасына өзіне де бір орын қалдырады. Содан кейін Қарахан ақ сәлде, ақ жидемен жүріп, көз жұмар шағына дейін Айша бибі мазарын күзетіп, өмірін сонда өткізген деседі. Қараханды ел әулие санайды. Сол жерді «Әулиеата» атап кетеді.

Басқы сөзі (58-б.): Ежелде Қарахан атты батыр Айша бибіге ғашық болады.

Соңғы сөзі (58-б.): ...Қараханның осындай іс-әрекетіне қарай ел оны әулие деседі.

Қолтаңбасы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тігіліп, папкаға салынған.

Папкасы. Қ.1200(ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер-шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі. 80-том //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ӘУЛИЕТАС

Атауы. Әулиетас.

Жыршысы. Төлегенов Қалтай – Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласының тұрғыны.

Жинаушысы. А.Бабайбекова – Қарағанды Мемлекеттік Университеті, филология факультетінің 2-курс студенті (1997 ж.).

Тапсырушы. Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Баяғыда кемпір мен шалдың жалғыз баласы болыпты. Тағы да перзент сүйгісі келген бәйбіше жас болудың жолын іздейді. Бір жерде барған адамның тілегін орындайтын Ару деген әулиенің бар екенін естиді. Шал, кемпір, баласы – үшеуі жолға шығып, сол тауға барады. Бәйбіше тас орындықта отырған әулиені көріп, өзінің тілегін айтады. Әулие оның тілегін қабыл етіп, бәйбіше жас әйелге айналады. Жас әйел өзінің шалын менсінбей, ошағынан безіне бастайды. Шал әулиеге барып, әйелін бұрынғы күйге қайтаруын сұрайды. Әулие шалдың тілегін орындап, әйелді де, шалды да бұрынғы күйінен қартайта түседі. Аз уақыт ішінде қартайып кеткен әке-шешесін көрген бала әулиеден әке-шешесін бұрынғы жасына келтіруін сұрайды. Әулие баланың тілегін қабыл етіп, олар бұрынғы кейпіне оралады. Ал әулие отыратын тас «Әулиетас» аталып кетеді.

Басқы сөзі (40-б.): Көне замандардың бірінде етегін кең жайған елде шал мен кемпір өмір сүріпті.

Соңғы сөзі (41-б.): ...Ал, әлгі әулие отыратын тасты халық «Әулиетас» атап кетеді.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропаша нөмірленген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1997 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т. Әлбеков, Т. Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

Жинаушысы. Рахымберлина Жанат – Қарағанды Мемлекеттік университеті, филология факультетінің студенті (1995 ж.).

Тапсырушы. Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде құралайды көзге атқан, ел арасында кезбе атанған, тау-тасты мекен еткен, ан-құстың етімен қоректенген аңшы болыпты. Бір күні аңшы тау қуысындағы үңгірдің біріне түнейді. Түсінде көптен көріспеген ел-жұртын көріп, елегізіп оянады. Таң ата үңгірден кетіп бара жатып, тау биігінде тұрған киікті көреді. Дереву киікті аңдып отырып, мылтығын көздейді. Көздегені мүлт кетпейтін аңшы киікті сұлата салады. Бойынан әл кете бастаған киік ақырғы күшін жинап, аңшыға қарай жалт бұрылған кезде қос өкпесіндегі оқ аңшыға қарай кері серпіліп, мергеннің жүрегіне тесіп өткен екен. Содан бері тау киелі саналып, «Әулиетау» деп аталып кетті.

Басқы сөзі (39-б.): Атқан оғы жерге түспейтін, көздегені мүлт кетпейтін...

Соңғы сөзі (40-б.): ...Содан бері тау киелі саналып «Әулиетау» аталып кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1995 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. 1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т. Әлбеков, Т. Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

БАЙДАЛЫ ТАУЫ

Атауы. Байдалы тауы (50-б.).

Айтушы. Ағима Әбеуова – зейнеткер. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Нүркен ауылының тұрғыны (1999 ж.).

Жинаған. Ж.Қошжанова – ҚарМУ студенті (1999 ж.).

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Аңыз еңбек армиясына бармай тауға қашқан Байдалы деген кісінің мекен еткен жерімен аталған. Бұл тауда адам мекендейтіндей ұңгір, тастан орындық, үстел бар екен.

Басқы сөзі (50-б.): Ертеде қазақтан «труд армияға» жастарды алған кезде Байдалы деген кісі «армияға бармаймын» деп тауға қашып кетіпті.

Соңғы сөзі (50-б.): ...Сол маңайдағы қыстақты «Байдалы қыстағы» деп атаған.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1999 жылы Нүркен ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз тәртібімен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Ақауы. Қарындашпен жазылған жерлері бар.

Папкасы. К.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

35

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.10

21x17; 17x7,5

БАЙТУҒАН

Атауы. Байтуған

Айтушы. Сыздықұлы Омар. Ол туралы дерек кездеспеді.

Жинаушы. Т. Рахманұлы

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Кеңгір деген руда Байтуған деген беделді адам болыпты. Әлгі ру қоныстанған жерлердің бұрын шөбі шүйгін, келтабан, бидайық сияқты өсімдіктер мол өседі екен. Көшкен ел маңынан өткенде малы жайылып өтіп, көпке шыдамай оты азайып қалады екен. Бірде Алдаберген, Байтуған, Жақып-Кеңгір жайлауға көшіп бара жатқанда жайылымға байланысты алауыздық туады. Ағайындарына ренжіген Байтуған өзіне тиесілі туыстарымен бөлініп, бұған дейін атаусыз келген малға қолайлы қактын бойын қоныстанып қалады. Кейін сол қоныс «Байтуған қонған», бертін келе «Байтуған» деген атауға ие болған.

Басқы сөзі (98-б.): Байтуған деген кісі Кеңгір руының белді азаматы болған.

Соңғы сөзі (99-б.): ...Сөйтіп, әуелі «Байтуған қонысы», ал кейін «Байтуған» атапты.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Кертінді ауылында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз екі бетке 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011; «Жер шежіре». – Қарағанды, 2006.

36

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x8

БАЛХАШ

Атауы. Балхаш

Айтушы. Г.Хасенқұлқызы – Балқаш қаласының тұрғыны.

Жинаушы. Ғ.Көпбалина.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде осы көлдің жағасын мекендеген бір байдың жалғыз қызы кедейдің жігітімен көңіл қосады. Бұл жағдайды тек қыздың жеңгесі біледі. Байдың қызы кедей жігіттен аяғы ауыр болады. Жеңгесі қайынсіңлісіне жігітпен қашуға ақыл береді. Қыз қашуға дайындалып жүргенде жеңгесі байқамай бұл жайды қыздың ағасына айтып қояды. Ағасы қатты ашу үстінде сол жігітті өлтіреді. Мұны естіген қыз аш балыққа жем болайын деп көлге түсіп өледі. Осыдан кейін көлді «Балық аш» атап кетеді. Уақыт өте келе көл «Балхаш» аталады.

Басқы сөзі (112-б.): Ерте заманда осы көлдің жағасын мекендеген бір байдың жалғыз қызы кедейдің жігітімен көңіл қосады...

Соңғы сөзі (112-б.): ...көлдің аты уақыт өте келе «Балхаш» болып біржола аталып қалыпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропаша нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011; Жер шежіре. – Қарағанды, 2006.

БАЛҚАШ ТУРАЛЫ АҢЫЗ**Атауы.** Балқаш туралы аңыз**Айтушы.** Төкенғали ақсақал – Қарағанды облысы, Балқаш қаласының тұрғыны.**Жинаушы.** Н.Ақатаева – ҚарМУ-дың студенті (1992).**Тапсырушы.** Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде Жанай деген жылқылы бай болыпты. Онымен қатар жатқан Көлбай деген байдың елі болыпты. Күндердің күнінде Көлбайдың әйелі қыз, Жанайдың әйелі ұл табады. Екі бай құда болады. Қыздың атын Балқия, ұлдың атын Қиясбай қояды. Балқия сұлу, ақылды боп бойжетіпті. Ал Қиясбайдың тілі сақау, екі естілеу жігіт бопты. Қыз оны қаламай Ерден деген жігітке өзін құтқаруын айтып жалынады. Ерден бір түнде қызды алып қашады. Үлкен көлдің жағасына барып, қыс түскенде, мұз қатқанда арғы бетке өтпек болады. Ерден күндіз аң аулайды. Балқаш қыз жартасқа шығып, елін сағынып, болашағын ойлап, зар жылайды. Бір күні іңірде байлаулы аттар оскырынып аласұрады. Сөйтсе аттарды бір топ қабан қамап тұр екен. Сойылын қолына алып, оларға қарсы шыққанда бір қабан Ерденді аузымен іреп өтеді. Аттар қашып кетеді. Қабандар солардың ізінен кетеді. Осыдан соң Ерден ауруға шалдығып, көп ұзамай қайтыс болады. Аттар бір түнде жылқыға келіп қосылады. Ел қайта жиналып аттардың ізімен жолға шығады. Ерденнен айрылған Балқаш қуғыншыларды көріп, жартастан өзін тастайды. Содан кейін осы көл «Балқаш» атаныпты.

Басқы сөзі (113-б.): Ертеде осы өңірді мекен еткен Жанай деген жылқылы бай болыпты...**Соңғы сөзі (115-б.):** ...Міне, осыдан бері Қасқакөл Балқаш түсіп өлген көл деп, ақыры Балқаш көлі аталып кетіпті.**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен басылған.**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды облысы.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.**Папкасы.** Қ.1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.**БАҚТЫ ТАУЫ****Атауы.** Бақты тауы (68-б.).**Айтушысы.** Әбікен Әбдіхалықов – Қарағанды облысының тұрғыны.

Жинаушысы. Ә.Әбікенова – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенті (2000 ж.).

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Асан Қайғы «жерұйықты» іздеп жер дүниені шарлап жүріп, Түндік өзеніне жетеді. Ол жерге бір түн түнеп, желмаясына мініп тұрып: «Пай-пай! Ащылы-тұщылы ой Түндік, маңырап жатқан қой Түндік, Шопан атаға құтты қоныс екен ғой!» депті. Түстік жердегі өлкесі қайың-тал, тау-тасы, қарағай-шыршалы, сай-саласы қалың шалғын, айнала етегі шымырлап ағып жатқан сансыз бұлағы бар тауды көргенде: «Жерім-ақ екен! Алланың жарылқауы-ай! Алақандай тау болса да айналасындағы елге құт-береке, ырыспен бақыт екен ғой! – депті. Сонан «Бақты» деп атанып кетіпті.

Басқы сөзі (68-б.): Бұл таудың аталуының төркіні екі негізден тұрады.

Соңғы сөзі (68-б.): ...Сонан «Бақты» атанып кеткен.

Қолтаңбасы. Шығарма мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өтіп, папкаға салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

39

Ш. 143 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.26.
28,8x20; 22x15

БАЛТАБАЙ

Атауы. Балтабай

Айтушы. Нұрқадиша Молдабаева

Жинаушы. Бекмұрат Уахатов (1932-1984) – ғалым, филология ғылымдарының докторы. Павлодар облысы, Майқарағай ауылында дүниеге келген. 1957-58 ж.ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде тілші, 1958-82 ж.ж. Әдебиет және өнер институтында кіші, аға ғылыми қызметкер. 1982-84 ж.ж. Қолжазба және текстология бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Экспедициясы. 1958 жылы Шығыс Қазақстан экспедициясы.

Аннотациясы. Баяғыда биік тауда бір бай мал қорасын салып, мыңдап қой, жүздеп жылқы бағыпты. Сол байдың Балтабай атты жалшысы болыпты. Кәрі анасы ғана бар 14-15 жасар бала екен. Жоқшылық меңдеп, қысы-жазы арып, ашып байдың малын бағады екен. Киер киімі жыртық

Балтабайдың суық күнде беті-қолы домбығып үсіп кетеді. Көп қойды бір жылғаға ығыстырып, өзі қарлы боранда үсті-басы мұз боп, сол арада жан тапсырады. Сол тау баланың атымен Балтабай атаныпты.

Басқы сөзі (1-б.): Алтайда бір биік бар – тау Балтабай,

Осы ат қойылмаған ол тауға жай...

Соңғы сөзі (2-б.): ...Орнатты Алтайға құт жаңа заман,

Түнекті серпіп тастап халық батыр.

Қағазы, әріп-сиясы. Аңыз қара қарындашпен, қазіргі қазақ әрпінде ақ параққа жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 10-11 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Беттелуі. Еуропаша нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары сарғайған. Әріптері өше бастаған, жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папка. Қ.143. 7-дәп. (ӘӨИ). Аңыздар, дастандар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жұзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

40

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x28

БАРШЫН

Атауы. Баршын

Жинаушысы. К.Бақтілеуова.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бірәлі байдың алты ұлы мен Баршын атты қызы болыпты. Алтай елінде өзі мерген, өзі әнші Жарбол деген кедей жігіт бар екен. Баршын мен Жарбол бірін-бірі сүйіп, көңіл қосады. Қызды әке-шешесі әйелі өлген шалға бермек болады. Болашақ күйеу бала Бозтай болыс қалыңдығын әкетуге келеді. Күйеудің түрін көріп, қыз егіліп жылайды. Келесі күні қыз Баршын құба белде қаза болып, туған-туыс, ата-анасы анырап қалған екен. Сол жерді Баршын атапты.

Басқы сөзі (13-б.): Жайнатып жердің жүзін көктем келді,

Көкжиек тұтастырып көк пен жерді...

Соңғы сөзі (21-б.): ...Көпшілік әрі-бері ақылдасып,

Осы жер Баршын аулы болсын депті.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Мәтіннің орналасуы. 10-11 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Беттелуі. Еуропаша нөмірленген.

Папка. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. «Октябрь шұғыласы» газеті. 24.12.1981 жыл; Балалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

41

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 6.
29,5x21; 3,5x17

БАСПАН ТАУЫ

Атауы. Баспан тауы (50-б.).

Айтушы. Нұрахмет Жүнісұлы – Семей өңіріндегі Ақсуат ауылына қарасты Еспе елдімекенінің тұрғыны.

Жинаған. М.Әріпова– 1993 жылғы ҚарМУ-дың студенті.

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қабанбаймен соғысып жүрген қалмақтар қамал жасап алыпты. Қамалды басып кіріп, жауды қуып шыққан батырға жау: «Енді бұл жерді баспан» деп қаша жөнелген екен.

Басқы сөзі (50-б.): Жаугершілік заманда қалмақтар Қабанбаймен қаша соғысып, үлкен үнгірді қамал жасап, оңайлықпен алғызбайды.

Соңғы сөзі (50-б.): ...Содан бұл тау «Баспан» атанған.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1993 жылы Еспе ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Ақауы. Қарындашпен жазылған жерлері бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Балалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

42

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x28

БАЯНАУЫЛ

(I нұсқа)

Атауы. Баянауыл

Айтушы. Әушахманова Мәйкен. 1930 жылы туған.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ерте заманда осы төңіректе екі қауымдық ел мекен-депті. Күндердің күнінде олар бір шұрайлы жерге таласыпты. Оқиғаның арты дауға айналып, екі ел жауласа бастайды. Сол елдің бірінде ақ жаулықты Ана өмір сүріпті. Ел-жұрт оны Бай Ана деп атапты. Бай Ана жаяу жарыс, балуан күрес, жамбы тігіп атысып, жеңгенге жерді беру туралы ұсыныс жасайды. Екі жақ осыған бәтуаласып, айтқанын істеген екен, тең түсе беріпті. Жаяу жарыс, балуан күрес, жамбы атудан бірін-бірі жеңе алмапты. Көп күндер өтіп, барлығы қалжырап, шаршайды.

Ең соңында Бай Анаға осы жерді өзі алуын өтінген екен. Сөйтіп Бай Ана осы өлкеге орналасыпты.

Басқы сөзі (22-б.): Сонау ерте заманда адамзаттың аз кезінде, құрлықтың саз кезінде, осы төңіректе екі қауымдық ел мекен етіпті...

Соңғы сөзі (22-б.): ...Содан бері көпшілік бұл жерді Бай Ана ауылы – Баянауыл атап кетіпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропаша нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Жер-шежіре.Хрестоматия. – Қарағанды:ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

43

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x8**

БАЯНАУЫЛ

(II нұсқа)

Атауы. Баянауыл

Айтушы. Әушахманова Мәйкен. 1930 жылы туған.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бұрынғы өткен заманда Қарабай деген бай болыпты. Оның Баян деген сұлу қызы болған екен. Баянды айттырып алғысы келгендердің қарасы күн сайын көбейе беріпті. Бірақ Баян күйеу болғысы келген жігіттердің бәрін қайтара беріпті. Қарабай бай тамаша жер жанна-ты тәрізді өлкеге Баянның ауылын қоныстандырады. Күнде ойын-сауық, той-думан өткізіліп тұрыпты. Баянды көргісі келген жігіттер сол ауылды сұрасырғанда: «Баянның ауылы қайда?», «Баян ауыл қайда?» деп сұрасырғандықтан, осы өлке Баянауыл атаныпты.

Басқы сөзі (22-б.): Бұрынғы өткен заманда байлығы мен аты әлемге жайылған Қарабай деген бай болыпты...

Соңғы сөзі (23-б.): ...Сөйтіп, осы бір табиғаты көркем ауыл «Баян-ауыл» атанып кетіпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папка. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

44

Ш.920/139 (ӘӨИ)

П.129; Б.26-29; Ж.28
20x30; 16x22

БЕГІМ АНА ЖАЙЛЫ АҢЫЗ

Аталуы. Бегім ана туралы аңыз (26-б.)

Айтушысы. Төребаев Жұпарбай – Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының тұрғыны.1928 жылы туған.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Селжұқ мемлекетінің басшысы Мәлік шаһ өлгеннен кейін оның орнына баласы Санжар отырады. Санжар астанасын Қарасаннан көшіріп, Сыр бойына Жанкентке орналастырады да, шаһарды мықты бекініске айналдырады. Ол аң аулап, сейіл құрғанды жақсы көреді. Қарабура әулиенің қызы Бегімге үйленеді. Бегім жаратылысынан ақылына көркі сай, парасаты мол қыз болады.

Бір күні Санжар әдетінше нөкерлерін ертіп, аң аулауға шығады. Қанжарын ұмытып кеткені есіне түсіп, құлын жұмсайды. Ханым жабықтан қанжарды ұсынғанда, құл оған ғашық болып талып қалады. Есін жиып, ханға келсе, хан ашуланып, қаһарына мініп тұр екен. Ханнан қорыққан құл кешігуінің себебін Бегімайға жабады. Хан келіп істің ақ-қарасын тексермей, Бегім сұлудың оң қолын, оң бұрымын кесіп, оң танауын тіледі де, зынданға тастайды. Бегімнің күнәсіз екендігін сарайдағылар түгел білсе де, араша түсе алмайды.

Бір күні Бегімге түсінде әкесі кіріп, қызының адалдығын сұрайды. Қыз өзінің ақ екендігін айтады. Қарабура Санжардың да түсіне еніп: «Қызымның ақ пен қарасын анықтамай, жаза қолданғанда бір ауыз әділ сөзін айтпаған шаһарындағы адамдарды жылан жұтсын!»деп қарғап, теріс батасын береді. Санжар түсінен қатты шошынып, зынданға адам жібереді. Зынданға келген әлгі адам Бегімнің бұрынғы сау қалпында отырғанын көреді. Ханды үрей билейді. Бір күні аспаннан үлкен мес құлап, ішінен көп жылан шығады. Жыландар бүкіл елді шағып өлтіреді. Сонымен жайнап тұрған Жаркент шаһары қас пен көздің арасында опат болады.

Ал Бегім сұлу шаһар опат болған соң, өз әкесі Қарабура Әз әулиенің көмегімен Бегім ана белгісін салдырып, «бұдан былай еркекті көрмеймін» деп қалған ғұмырын сол мұнараның ішінде өткізеді. Ата-бабасының қасиеті дарып, кейін Бегім ана атанады.

Басқы сөзі (26-б.): IX ғасырдың тұсында түріктер көтеріле көшіп, Каспий теңізінің төңірегіне қоныстанып, Селжұқ мемлекетін құрды.

Соңғы сөзі (29-б.): ...Асыл ана жәрдем сұрап барған жандарға бала беретін, мейір шапағатына бөлейтін, нағыз керемет әулие ретінде есімі жалпақ жұртқа мәлім болған.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қарасөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбалар кітап ретінде түптелген.

Папкасы. Қ.920/139 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

45

Ш.910/4

П. 325; Б.72- 75; Ж. 29.
30x21; 25x15.

БЕГІМ АНА ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Аталуы. Бегім ана туралы аңыз (72-б.).

Айтушысы. Құдабай Жәлімбетов – Қызылорда облысы, Қазалы ауданының тұрғыны.

Жинаушысы. Р.Ысқакова. Ол туралы дерек кездеспеді.

Тапсырушы. М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 7-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде Сыр бойында өмір сүрген қатыгез хан болады. Оның өзіне жаққан бір уәзірі болады. Хан нөкерлерін ертіп, серуен құрып жүргенде, бір сұлу қызды көреді. Қыздың аты Бегім ана екен. Хан отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, қызға үйленеді. Қартайған ханның жас сұлуға үйленгеніне уәзірі қызғаныш білдіреді. Ханның бәйбішесі Бегім анаға күн көрсетпейді.

Уәзір бір күні ханның келер уақытын күтіп тұрып: «Сіз жоқта жас тоқалыңыз жеңіл жүріспен айналысты» деп жала жабады. Уәзірдің сөзіне сенген хан Бегіманың бір бұрымы мен бір қолын шауып алады.

Сол күні қыздың әкесі түс көріп, қызының азап көріп жүргенін біледі. Түсінен шошып оянған әкесі тез жиналып, жолға шығады. Шал ханның алдына келіп, қызының қолы мен бұрымын не себепті кескенін сұрайды. Хан тұрып: «Қызың менің жоқтығымды пайдаланып, жеңіл жүріске түсті, сондықтан мен сондай жаза қолдандым», дейді. Қыздың әкесі қы-

зының ақ-қарасын жұрт алдында тексермек болып: «Қызым ақ болса, бұрымы мен қолы өз қалпына келсін?!» деп дұға қылады. Қыздың қолы, бұрымы бұрынғы қалпына келеді. Қызының ақтығына көзі жеткен шал «енді сендер азап көріңдер!» деп теріс батасын береді. Бегімана құсқа айналып ұшып кетеді. Ол аспаннан бір дорба тастап жібереді. Әлгі дорбадан жыландар шығып, ханды, бәйбішесін, уәзірін т.б. шағып өлтіреді. Сөйтіп хан жазасын тартады.

Бегімана осы ұшқанымен елсіз далаға барып қонады. Қонған жерінде үлкен мұнарлы үй пайда болады. Бегімана осы үйде тұра береді. Үй алыстан мұнартып көрініп тұрады.

Бұл жерді «Бегімана» деп атайды. Бұл жерге ер адам бармайды. Бегімана әрбір жұма күні терезесінен сыртқа көз салып тұрады екен.

Басқы сөзі (72-б.): Ертеде Сыр бойында қатыгез бір хан өмір сүріпті.

Соңғы сөзі (75-б.): ...Халық аузында Бегімана әрбір жұма күні мұнараның терезесінен сыртқа көз салып тұрады екен.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Жазылған жері, жылы. Орал облысында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке қарасөзбен жазылған.

Папкасы. Қ.910/4 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

46

Ш.1200 (ӘӨИ)

П.2; Б.2; Ж.19

20X30; 14X12

БЕГАЗЫ

Атауы. Бегазы (73-б.).

Айтушысы. М.Әбдірбаев.

Жинаушысы. Ш.Әбдірбаева.

Тапсырушы. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде қазақтың Бегайым атты батыр қызы болады. Халық Бегайымның ерлігіне, бектігіне сүйсініп, бірақ осындай қыздардың аздығына налып, бектеріміз көбейсе деген арман-тілекпен Бегайымды еркелетіп, «Бек-аз» деп атап кетеді. Бірде жорықтан шаршап келген Бегайым бір таудың үңгіріне барып демалып жатып ұйықтап кетеді. Қыздың ұзақ ұйқыға кеткенін көрген қазақтың бір сатқыны қалмақтарға хабардар етеді. Бұны естіген жау қолы қуана келіп, Бегайымды сол үңгірде өлтіріп, үңгірдің аузын ірі таспен бекітіп кетеді. Содан халық батыр қыздарын өз үңгірінде емес, жау қолында өлді деп есептеп, құрметіне арқаның ұзақ созылған тауын «Бегазы» деп атайды.

Басқы сөзі (73-б.): Бұл таудың «Бегазы» аталу себебін қазақ-қалмақ жауласқан уақыттарда Бегайым атты қазақтың қара көз батыр қызының атымен байланыстырады.

Соңғы сөзі (74-б.): ...Содан халқымыз бұл тауды «Бегазы» деп атапты.

Қолтанбасы. Шығарма мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өтіп, папкаға салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

47

Ш.1200 (ӘӨИ)

П.2; Б.2; Ж.11

20Х30; 13Х7

БЕКТАУ АТА, ӘУЛИЕ ШОҚЫ

(1 нұсқа)

Атауы. Бектау ата, Әулие ата (69-б.).

Айтушысы. Қ. Беркінбаев. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Н.Бекмырзаева. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушы. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Асанқайғы жер кезіп жүріп Арқа жеріндегі бір таудың қасына келіп, желмаясын шөгеріп, сол жерге қонып шығады. Таң ата көзін ашып қараса, екі бәйтерек өсіп тұр екен. Сол екі жұмбақ бәйтерек өсіп тұрған тауды «Бектау-Ата» деп атапты. Әлгі таудан шығып, түс ауа бір тау шетіне келіп түседі. Асанқайғы тау төбесіне шығып, жан-жағына қараса, айналаның бәрін бір әулие қолмен алып келгендей болып, анық көрінеді. Бұл тау Асанқайғыға әулие сияқты елес қалдырады. Сондықтан бұл тауды «Әулие шоқы» деп атаған екен.

Басқы сөзі (69-б.): «Жерұйықты» кезген Асан қайғы Арқа жерінің бір тау маңына келіп, желмаясын шөгеріп, сол жерге қонып шығады.

Соңғы сөзі (70-б.): ...Сондықтан бұл тауды «Әулие шоқы» деп атаған екен.

Қолтанбасы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін екі бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар жүйеленіп, папкаға салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жұзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

48

Ш.1200 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.8

20X30; 14X4

БЕКТАУ АТА

(II нұсқа)

Атауы. Бекбау Ата (70-б).

Айтушысы. Раушан Әшімова – Қарағанды облысы, Балхаш қаласының тұрғыны.

Жинаушысы. Ә.Оспанова – ҚарМУ-дың студенті.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеректе бір таудың маңын екі рулы ел жайлаған екен. Олар өзара қырқысып, бірі жеңіліп, боса бастаған кезде Бек-ата деген қария таудың қара үңгірін паналап қалып қояды. Ол назаланып: «Ел-жұртымды қайтара көр?!» деп Аллаға жалбарынады. Тілегі қабыл болып, ауылы жауын жеңіп, тұрағына қайта оралады. Сонан осы ел: «Бұл жерде аруақты Бек-атамыз қалған» деп, таудың атын «Бектау ата» деп атап кетеді.

Басқы сөзі (70-б.): Ертеректе осы таудың маңын жайлаған екі рулы ел өзара жауласып, шапқыншылыққа ұшырайды.

Соңғы сөзі (70-б.): ...Сонан осы ел «Бұл жерде аруақты Бек-атамыз қалған» деп Бектау ата атанып кетіпті деген аңыз бар.

Қолтаңбасы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба біріктіріліп тігіліп, папкаға салынған.

Папкасы. 200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

49

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**П. 1; Ж. 25
29,5x21; 16x17,5**

БЕКТАУАТА

(III нұсқа)

Атауы. Бектауата (46-б.).

Айтушы. М.Сағыбалдин.

Жинаған. А.Айнабаева. Қолда бар мәлімет бойынша 1999 жылдары ҚарМУ-дың студенті.

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде бір әулие қарт болған екен. Халық ауруынан айығу үшін әлгі әулиеге баратын көрінеді. Бір күні сол ауылға жау тиіп, жаяу-жалпылы қарт елін соңына ертіп қаша жөнеледі. Әбден шаршаған адамдар ағысы қатты өзенге келіп тоқтап қалыпты. Не істерін білмей сасқан қарт өзенге қарай қолын сермеп қалғанда, өзен екіге айрылып ортасынан жол пайда болыпты. Қашқындар өтіп болған кезде өзен өз қалпына келсе керек. Қарт өзі биік таудың басындағы үңгірге барып пана-лапты. Енді адамдар емделу үшін сол таудағы үңгірге барып тұрады екен. Тек тау басына шығуға болмайды деген тиым салынады. Араларындағы бір адам бұған сенбей тау басына шықса, құлап мерт болыпты. Содан бері бұл тауды халқы «Бектауата» деседі.

Басқы сөзі (46-б.): Ерте-ертеде ешкі жүні бөртеде, халқының қамын ойлаған елінің жайын ойлаған бір әулие қарт адам өмір сүріпті.

Соңғы сөзі (46-б.): ...Сонан бері осы тауды халық «Бектауата» деп атап кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1999 жылы жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ескірген, жөндеуден өткізуді талап етеді.

Ақауы. Қарындашпен жазылған жерлері бар.

Папкасы. Қ. 1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

БЕСБОЙДАҚ

Атауы. Бесбойдақ (51-б.).

Айтушы. Шолақаев Жақан – зейнеткер. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Еңбек ауылының тұрғыны.

Жинаған. А.Баяхметова – студент (1995 ж.)

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Кедей жігіт байдың Жібек деген қызына ғашық болады. Кедей жігітке қызын бермесін білген соң, төрт жігіт пен қыз қашып, бір үңгірде мекендеген екен. Қуғыншылар бұларды тауып алып қызды өлтіреді. Ал төртеуі қашып үлгереді. Кейін төртеуі Шақабай өзенін мекендеп қызға күмбездеп бейіт салған деседі. Осы өзенді бойлай тағы төрт күмбез осы төрт жігіттің күмбезді дейді. Жібекті жалғыз тастамас үшін олар осы жерді мекендеп қалған екен.

Басқы сөзі (51-б.): Теміршінің шығысында «Бесбойдақ» атты қуыс бар.

Соңғы сөзі (51-б.): ...Жібектің сүйегін жалғыз тастамау үшін осы өлкеде мекендеп, кейін барлығы да осы өлкеде қалған деген аңыздың ұзын-ұрғасы осындай.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1995 жылы Еңбек ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Қарасөзбен жазылған.

Ақауы. Кеңсе қағазының жоғарғы жағы 5 см-ға қиылған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

БЕСОҚТЫ-ТОҢАША

Атауы. Бесоқты-Тоңаша

Айтушы. Орал қаласының тұрғыны – Шақаева Жаңыл.

Жинаушы. А.Таубаева.

Тапсырушы. М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 7-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Түркістанда бір жүздей абдол үйі тұрыпты. Олардың діни әулие иесі елге ауыр салық салыпты. Бұған ағайынды Ақман мен Қараман қарсы болыпты. Өздерінің бір сиырын сойып, Қожа Ахмет қоймасына тығып, оны ұрлық жасаған етіп, масқараламақ болыпты. Осылайша елден қуып, елді салықтан босатпақ болыпты. Ертесі сиырын жоғалтқан екі жігіт ізге түсіп, Қожаның үйінен сиырын тауыпты. Қожа Ахмет екі жігітті: «Ақманың ақ көпек, Қараманың қара көпек болып, бірінді бірің же» деп қарғапты. Айтқаны келіп, екі көпек өз руларына тиісіп, қырғындай тиеді. Адамдар одан құтылу үшін күніне бір қызды жұртқа байлап тастап кетеді. Бір күні кезек Тоңаша қызға келеді. Қарындасын жолға байлаған ағасы тасада қаруын сайлап, көпектерді аңдып жатады. Адам жеп дәндеген көпектер Тоңашаға жақындағанда жігіт бес рет садақ атып, екеуін де жайратады.

Басқы сөзі (169-б.): Түркістанда бір жүздей абдол үйі тұрыпты...

Соңғы сөзі (169-б.): ...қыздың аман қалған жері Бесоқты-Тоңаша деп аталып кетіпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Павлодар облысы, Екібастұз ауданы

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. Қ.910/4.(ӘӨИ). Батыс Қазақстанның ауыз әдебиеті. Орал, 1954-1984.

52

Ш.1200 (ӘӨИ)

**Б.2; Ж.1
20x32; 18x1**

БЕТПАҚДАЛА АҢЫЗЫ

Аталуы. Бетпақдала аңызы

Жыршысы. Әкбар Смағұлов

Жинаушысы Ж.Естаева

Аннотациясы. Жоңғар әскерлері бас қосып жиналып, қазақ жерін толық жаулап алу үшін жорыққа шығады. Көптеген күндер бойына сапар шеккен әскерлер қарсылық көрсететін қалың қосын кездесе қоймапты. Бірте-бірте қажыған жау жасақтары алдымен ас-су таба алмай қиналыпты. Өздерінше мәслихат құрған олар он мың жасақты арнайы аттандырып, қалғандары қос тігіп, кең өлкеге жайғасыпты. Арада айдан астам уақыт өткенде сол қосыннан екі-ақ адам қайтып оралыпты. Қалмақтың батыры: «Қазақ жасақтарына кезігіп, осындай күйге душар болдыңдар ма?» дегенде, жаңағы екеуі былай депті: «Біз ешқандай жасақ кездестіргеніміз жоқ, бірақ бір ен далаға түсіп, оның шеті мен шегін таба алмай

ішерге су, жерге тамақ болмай, апштықтан-шөлден екеумізден басқасы майып болды». Осы әңгімені естіген қалмақ батыры бір мергеніне бес жүз жасақты қосып беріп, жаңағы екі адамды алдарына салып, өлгендерді көріп келіндер деп жібереді. Қосын даланы тапқанымен өлген адамдарды кездестіре алмайды. Сөйтсе қырылған әскердің үстінен құм басып тастаған екен. Қайтып келген жаңағылар қалмақтың батырына: «Өзі құм дала екен, өзі жазық екен, өзі бетбақ екен. Қырылған әскерлерді көре алмадық», – дейді.

Басқы сөзі: Қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде жоңғар әскерлері бас қосып жиналып, қазақ жерін толық жаулап алу үшін жорыққа шығады.

Соңғы сөзі: ...Содан бері жаңағы өлке «Бетпақдала» атанып кетіпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін қарасөзбен жазылған.

Ақауы. Беттері түптелмеген, қағазы сарғая бастаған.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ).

Библиографиясы. Қазақтың мифтік әңгімелері. Құраст.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева)– Алматы, 2002, Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: Фолиант, 2011.

53

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x8

БОТАКӨЗ БҰЛАҒЫ

Атауы. Ботакөз бұлағы

Айтушы. Белгісіз.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Баяғыда қоян жылының көктемі мен жазында бір тамшы жауын жаумай, су да, шөп те болмай, құрғақшылық болады. Сол уақыттарда Ботагөз сайдың бір бұрылысында дөңгелене қиысқан шиді, оның ортасындағы үй орнындай жерге өскен шоқ қамысты көріп, сол жерді қаздыртады. Сонда бұлақтың көзі ашылып, су сарқырап саймен төмен аға бастайды. Шөлден қаңсыған ауыл қуанып, той жасайды. Тойдан кейін көп ұзамай Ботагөз қайтыс болады. Сол кезден бастап сол бұлақ Ботагөз бұлағы деп аталыпты.

Басқы сөзі (130-б.): Бұл бұлақтың аталуы қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде батырлығымен даңқы шыққан Есет батырдың қызы Ботагөзбен тікелей байланысты...

Соңғы сөзі (131-б.): ...Бұлағын жұрт күні бүгінге дейін «Ботагөз бұлағы» деп атайды.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Жер-шежіре.Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006.

54

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x8

БУРАБАЙ

Атауы. Бурабай

Айтушы. Еш дерек жоқ.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Арқадағы Көкшенің өңірінде ақбас бура мекен етіпті. Ол бураның әсемдігі, сипаты көрген адамды таңырқатпай қоймайды екен. Соның сұлулығына қызыққан бір батыр аңдып жүріп жаңағы бураны қос жебемен атады. Ауыр жарақат алған бура биік тауды айнала қашып барып бір тұстарға жеткенде шөге кетеді. Боздаған дауысын естуге, көзден аққан жасын көруге дәті бармаған батыр да, ел де көп уақытқа дейін жаңағы тұсқа жолай алмапты. Бураның үні тоқтап, елдің көңілі басылғаннан кейін батыр бір топ серіктерімен әлгі жерге келсе, сол бура тасқа айналып, көзінен аққан жасы көлге айналыпты. Содан бері сол көл «Бурабай» деп аталыпты.

Басқы сөзі (122-б.): Арқадағы Көкшенің өңірінде елі мен жұртын әулиедей санаған ақбас бура мекен етіпті дейді...

Соңғы сөзі (122-б.): ...Содан бері көпшілік сол көлді «Бурабай» деп атап кетіпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана:«Фолиант»,2011; Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы, 2002.

БҰЛҚАЛАЙ

Аталуы. Бұлқалай

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Ж.Өзбекова. Қолжазбаның соңғы бетінде мыналай мәлімет берілген: «Бұл аңыз-әңгімені Өсерқызы Қабаттан 23 тамызда 1995 жылы жазып алдық. Өсерқызы Қабат – Түркіменстандағы Ташауыз облысы, Көне-Үрегіт ауданы, Қызыләскер ауылында туған. Қазір Қарақалпақстандағы Тақияташ қаласында тұрады».

Аннотациясы. Баяғыда бір аңшы болыпты. Аңшы үйіне қайтқанда бір үлкен әулиенің зиратының жанынан өтеді екен. Өткен сайын мола басында күбір-күбір сөйлескен дауысты естиді. Бір күні бұл не дауыс, барып көрейінші деп ойлап, ат басын әулиеге бұрады. Қараса, бір моланың басында өзімен-өзі сөйлесіп отырған бір жігітті көреді. Аңшы жігіттің қасына барады. Жігіт аңшыны көріп, орнынан тұрып сәлем береді. Екеуі біраз әңгімелесіп, сол жерде Құдай қосқан ажырамас дос болып қол алысады. Жігіт аңшыға өзін көргені туралы ешкімге айтпауын, ата-анасы оны көрмеуге тиіс екенін айтады.

Көп ұзамай аңшының әйелі қайтыс болады. Артынан аңшы да қайтыс болыпты.

Басқы сөзі: Бұрынғы өткен заманда бір аңшы болыпты.

Соңғы сөзі: ...Сөйтіп, «Бұлқалайдың ауылы» жұмбақ күйінде қала беріпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр қатарға бір жолдан орналасқан.

Ақауы. Қолжазбаның беттері түптелмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер-шежіре. Қарағанды, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Өкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

ДӘН АЯҒЫ ҮСІГЕН

Атауы. Дән аяғы үсіген.

Айтушы. Жұмаділ ақсақал. Ол туралы дерек кездеспейді.

Жинаушы. Нұрдана Мұхаммедиярова

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Атауы бір қарағанда түсініксіз болғанмен, «Дән аяғы үсіген» – жердің аты. Осыған байланысты ел арасында мынандай аңыз сақталған. Бір замандар Кіші жүз табын деген ел маңайындағы ағайынның қысастығынан үдере көшіп, алыс жаққа жол тартыпты. Қыс көзі – қырау, жол бойында қатты боран, үскірік аяз болып, елдегі ақылына көркі сай Дән атты қыздың аяғы үсіп, соның зардабынан дүние салады. Ал осы оқиға болған жер бұрын «Белқұдық» аталып келіпті. Қыз өлімінен кейін бұл жер «Дән аяғы үсіген» аталып кетіпті.

Басқы сөзі (105-б): «Дән аяғы үсіген» – бұл негізінен жердің аты.

Соңғы сөзі (105-б): ...Кейіннен «Дән аяғы үсіген» деп аталып кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропаша нөмірленген.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы, Шет ауданында хатқа түскен.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз екі бетке 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түп-телмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200. (ӨӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

57

Ш. 1200 (ӨӨИ)

Б.2; П.2; Ж.20.

21x17; 17x14

ДӘНБҰЛАН

Атауы. Дәнбұлан.

Айтушы. Мақсұтбек Бабашов. Ол туралы дерек кездеспеді.

Жинаушы. Ж.Бабашова – Қарағанды Мемлекеттік Университеті, филология факультетінің 2 курс студенті (1994).

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Дән мен Бұлан атты екі ағайынды жігіттер тату өмір сүріпті. Әсіресе, Дән халқына сыйлы, сабырлы, адамгершілігі мол жігіт болыпты. Күндердің бір күні елге жау шауып, Дән өлімші болып жараланады. Басшысы саптан шыққан ел үркіп, басы ауған жаққа жөнкіле жөнеледі. Жүрістің үшінші күні Дән әлсіреп, көшті тоқтатады. Еліне өзі көз жұмғаннан кейін Қызылшоқы деген жерге қойып, денесін жау аяғы

таптамас үшін күмбез орнатуды аманаттайды. Соңында қалған туыстары Дәннің денесін арулап, айтқан жеріне қойғанмен, басына күмбез тұрғыза алмайды. Інісі Бұланның әйелі күмбезді өзі өретінін, бірақ басын таптағаны үшін қайынағасының әруағы кешірмейтінін, көз жұмған жағдайда өзін осы қадірлі адамның аяқ жағына жерлеуді сұрайды. Шынында, әйел күмбез аяқталысымен дүние салады. Аманат бойынша жұрты оны қайынағасының аяқ жағына жерлеп, басына төртқұла бейіт тұрғызыпты. Кейін Дән мен Бұланның әйелі жатқан жер «Дәнбұлан» деген атауға ие болады.

Басқы сөзі (96-б): Ағайынды Дән мен Бұлан бір ауылдың баскөтерер азаматтары болса керек.

Соңғы сөзі (97-б): ...Содан бері бұл жазық «Дәнбұлан» аталып кеткен екен.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылған. 1994 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қаратал ауылында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз екі бетке 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. 1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Өлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011; Қазақтың мифтік әңгімелері. Құраст.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. – Алматы, 2002.

58

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x8

ДОС ӨЗЕНІ ЖАЙЛЫ АҢЫЗ

Атауы. Дос өзені жайлы аңыз

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қазақ-қалмақ жауласқан заманда Дос деген батыр өмір сүріпті. Елін, жерін жаудан қорғап, талай шайқастарда жеңіске жетіп жүреді. «Аңдыған жау алмай қоймас» дегендей күндердің күнінде қалмақтар Дос батыр мен баласы Қожаназарды қолға түсіреді. Тігілген көп шатырдың бірінің ішіне байлап тастап, өздері ақыл-кеңес жасайды. Сол уақытта жаудың бірі тұрып: «Біз бұларды өлтірмелік. Таңдауды өздеріне

беріп бірін еліне қайтарайық, екіншісін тұтқын етіп қолымызда ұстайық», – депті. Бірақ қалмақтар екеуін де жібермей, өлімге душар етеді. Сөйтіп, батыр жерленген жердегі ағып жатқан өзенді ел «Дос өзені» деп атайды.

Басқы сөзі (123-б.): Қазақ-қалмақ жауласқан, барымта алып дауласқан заманда Дос деген батыр өмір сүріпті...

Соңғы сөзі (125-б.): ...Сөйтіп, батыр жерленген жердегі ағып жатқан өзенді ел «Дос өзені» деп атап кетеді.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

59

Ш. 1156 (ӘӨИ)

П.50; Б.6-7; Ж.15.

30x21; 28x10.

ЕДІГЕ ТАУЫ

Аталуы. Едіге тауы (6-б).

Айтушысы. Әбішев Жәкен – Жезқазған облысы, Ұлытау ауданының тұрғыны.

Жинаушысы. Ж.Тәжіметова – Қарағанды Мемлекеттік Университеті, филология факультетінің студенті (1990 ж.).

Аннотациясы. Едіге сырқаты мендеп, көз жұмар шағы жақындағанын сезіп, үлкен ұлын шақыртады. Ол ұлына: «Қол астымдағы елді түгел жина!» деп бұйырады. Ұлы халықты тегіс жинайды. Едіге: «Уа, халқым, қалың жұрттым! Ажал менің иығымды басты. Ендігі өмірім де санаулы. Өттең, жаумен жағаласып жүріп, қан майданда өлсем арманым болмас еді. Жасымандар, жұрттым! Менің бұл халімді естіген жау кешікпей келер. Тұлпарым белдеуде тұрсын, сауыт-сайманымды оң жақ керегеге іліндер!» деп өсиет айтады.

Арада біраз күн өткен соң: «Аттан, аттан! Елге жау келді!» деген хабар келеді. Бұл хабарды естіген Едіге сырқатына қарамастан, қолына қара сүңгісі мен алдаспанын ала сала тұлпарына мініп, тауға қарай тұра шабады. Ол таудың ұшар басына жеткенде, Едіге атымен қоса мұрттай ұшады. Ел денесін жинап, таудың басына алып шығады. Ұлытаумен қатар тұрған тауға Едігені жерлеп, үстін таспен бекітіп, үстіне төбедей етіп тас үйеді. Содан жұрт Едіге жерленген тауды жұрт «Едіге тауы» деп атап кетеді.

Басқы сөзі: Едіге сырқаты мендеп, көз жұмар шағы жақындағанын сезіп, үлкен ұлын шақыртады.

Соңғы сөзі: ...Содан жұрт Едіге жерленген тауды жұрт «Едіге тауы» деп атап кетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушының қолы.

Қағазы, сиясы-әрпі. Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Жазылған жылы, жері. Мәтін 1990 жылы Жезқазған облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қарасөзбен жазылған.

Ақауы. Қолжазба парақтары бөлек-бөлек шашырап жүр. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.1156. (ӨӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

60

Ш. 1200 (ӨӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x8

ЕДІЛ МЕН ЖАЙЫҚТЫҢ ҚҰДАЛЫҒЫ

Атауы. Еділ мен Жайықтың құдалығы.

Айтушы. А.Мырзалиев.

Жинаушы. Б.Рақымов, М.Әбдуов.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Баяғы заманда Еділ мен Жайық деген екі адам болыпты. Еділдің ұлы бар екен. Жайықтың қызына құда түседі. Еділ баласын бір жыл бұрын келініне жібереді. Қайтарда қалыңдығына келесі жылдың көктемінде келетінін айтады. Келер жылы келген күйеу өзіне бір отау, атына бір отау тіктіреді. «Аттың отауының ішіне екі астау жасатындар, біріне сүт, біріне су толтырындар» деген екен. Келесі күні арнайы отау тіктірген неғылған ат деп отаудың туырлығын көтеріп қалғанда, суып тұрған ат шошып кетіп ышқынғанда, кеңірдегі үзіліп өліпті. Аттың екі қанаты бар екен, суығанда бірін сүтке, екіншісін суға малып тұр екен. Атты тау басына жерлейді. Күйеу қайғырып отауда теріс қарап жатып қалады. Атасы Жайық бір ат беріп, бір күнде ауылына барып қайтып, қайтқанда жолда көргенін баян етуін сұрайды. Күйеу бала айтқанын орындайды. Жолда қайтарда көп қойды бір жетімек қозы еміп тоймағанын айтады. Сосын айдалада бір аппақ отаудың есігін ашып ішіндегі өлекселерді көргенін, бір топ қыз-келіншекті қуып жете алмағанын айтыпты. Сонда атасы Жайық: «Жапан түздегі қосақта тұрған көп қой – халық, еміп жатқан жетімек қозы әкімдерге мысал, халықты қанша жесе де тоймайды, ми даладағы ақ отау осы күндегі адам – біз, сыртымыз сондай әдемі, ішіміз

өлімтіктей арам ой, алдында жөніне қарай жүріп бара жатқан бір топ қыз-келіншек осы келудегі мақсатың еді, бұл мақсатың саған жеткізбей кетсе, мақсатыңа жете алмай, бос қайтады екенсің, шырағым», – депті. Күйеу ауылына қайтқан күні қалыңдығы ауырып, бір-екі күннен соң қайтыс болыпты. Күйеу қалыңдығын торы аттың қасына қойысып, жылап еліне қайтыпты. Осы күні Орал қаласының шығысындағы Торатбасы, Қыземшек, Шыңғырлау деген жер аттары сонан қалыпты деседі.

Басқы сөзі (108-б.): Қазақтың Алау батырының заманында болса керек, аттары Еділ, Жайық деген екі адам болыпты...

Соңғы сөзі (109-б.): ...Осы күні Орал қаласының шығысындағы Торатбасы, Қыземшек, Шыңғырлау деген жер аттары сонан қалыпты деседі.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. 1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011; Қазақ ертегілері. II том. – Алматы: ҚМҚӘБ, 1962; «Казахские сказки». Т.3. – Алматы, 1964; Қазақтың мифтік әңгімелері. //Құр.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. – Алматы, 2002; Жер шежіре. – Қарағанды, 2006.

61

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 10
29,5x21; 6x17,5

ЕДІРЕЙ ТАУЫ

Атауы. Едірей тауы (48-б.)

Айтушы. Рымбеков Жәкітай – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қ.Аманжолов ауылының тұрғыны.

Жинаған. А.Оспанова – ҚарМУ-дың 2-курс студенті (1995 ж.).

Тапсырған. Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қалмақтар жерімізге шабуыл жасап, елімізді Балқаш арқылы Солтүстікке қарай ысырады. Кейінірек қазақтар қол жинап жауға қарсы кекті шабуыл жасапты. Қазақтардан жеңілген жау Қу өңіріне қарай барып, сол жерде тағы ұрыс шығарады. Қалмақтың Едірей, Бедірей деген батырлары осы соғыстың арасында болып, Едірей сол жерде қайтыс болған екен. Айқас болған жерді Едірей атапты.

Басқы сөзі (48-б.): Ертеде қалмақ-жоңғарлар қазақ еліне шабуыл жасап, елімізді, жерімізді басып алған.

Соңғы сөзі (48-б.): ...Сүйегі сол таудың маңына қойылған деседі.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1995 жылы Қ.Аманжолов ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен жазылған жерлері бар.

Папкасы. 1200. (ӘОИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

62

Ш. 1200 (ӘОИ)

П. 1; Ж. 38
29.8x21; 24x17

ЕКІБАСТҰЗ

Аталуы: Екібастұз

Тапсырған: Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Айтушысы: Т.Қосымбеков – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Жарлы ауылының тұрғыны

Жазып тапсырған: Ә.Хасенова – ҚарМУ-дың студенті (1995).

Аннотациясы: Ел мен елдің арасында сауда-саттықтың кеңінен таралған кезінде, бір саудагер адам өзінің мүліктерін бірнеше түйеге қамдап артып, адырлы даламен сапар шегіп келе жатады. Ұзақ жолдан шаршаған, қалжыраған керуен бір тұстарға келгенде аялдап, ас ішіп, ауқаттанбақ болады. Кепкен еттерін алып, пісірмекке дайындық жасайды. Бірақ от жағатын отын таба алмай, тезек іздеп кетеді. Сонда бір тышқанның інінен шығып жатқан қара тастарды қызығып, тезек терген қалтасына салып алады. Әкелген тезектерін жағып, дөңгелене отырып әлгі тасты бәрі тамашалайды. Соңынан оны отқа лақтыра салады. Сөйтсе, ол тас күшейіп жана бастайды. Бұған таң-тамаша қалған саудагерлер: «Осы жерге белгі қалдырып кетейік, кейін бұл тастарды керекке жаратамыз» деп, қапқа салған тұздарды қойып кетеді. Кейін көпшілік жиналып келерде жаңағы жерді екі қос тұз қалған жер деп іздеп, соңынан “Екібастұз” аталып кеткен екен.

Басқы сөзі (9-б.): Ел мен елдің арасында сауда-саттықтың кеңінен таралған кезінде...

Соңғы сөзі (9-б.): ... көпшілік жиналып келерде жаңағы жерді екі қос тұз қалған жер деп іздеп, соңынан “Екібастұз” аталып кеткен екен.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. А4 қағазына машинкамен, кирилл әрпінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Парақтары бөлек-бөлек. Тігіліп, желімденбеген.
Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2012.

63

Ш. 910/4 (ӘӨИ)

**Б.326; П.326; Ж.30.
29x20; 25x15**

ЕСПЕНБЕТ ЗИРАТЫ

Атауы. Еспенбет зираты.

Айтушы. Бекенжан Жомартұлы – Манғыстау облысы, Ералиев ауданының тұрғыны.

Жинаушы. Валентина Әбдіхалықова.

Тапсырушы. Мәтжан Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 7-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қара Сүлей мен Еспенбет Маңғыстаудың Ақшұқыр деген жерінде патша әскерлеріне қарсы елді бастап шыққан. Елдің қолындағы қаруы қамшы, сойыл болғандықтан, мылтықты, зеңбіректі патша әскерлеріне қарсы тойтарыс бере алмай, сол жерде қырғынға ұшырапты. Қалың қазақ сол жерге көміліп, үлкен зиратқа айналыпты. Сол қауым Еспенбет зираты деп аталады.

Басқы сөзі (116-б.): Қара Сүлей – руы Кердері...

Соңғы сөзі (116-б.): ...жан-жағын қара таспен қоршап тастаған.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылған. Маңғыстау облысы.

Беттелуі. Еуропа санымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары сарғайған.

Папка. Қ.910/4. (ӘӨИ). Батыс Қазақстанның ауыз әдебиет үлгілері. Орал, 1954-1984 ж.ж.

64

Ш.1200 (ӘӨИ)

**П.1; Б.1; Ж.17
20X30; 16X13**

ЕРЕЙМЕНТАУ

Атауы. Ерейментау (58-б.).

Айтушысы. Естай Хасенұлы – Қарағанды облысы, Молодежный ауданы, Осакаров кеңшарының тұрғыны.

Жинаушысы. А.Қасайынов – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенті (1997 ж.).

Аннотациясы. «Ақтабан шұбырынды» заманында канжығалы деген ел Сырдың бойын мекендеген екен. Бір жылдары мал мен жанға қолайлы жер іздеп, Арқаға қарай көшеді. Көш жүре-жүре Арқаның таулы аймағына келіп ат басын тірейді. Бір тасты таудың басына шығып байқаса, тастары ыстық екен. Сонан бұл тауды «Күншалғын» деп атайды. Келесі бір таудың беткейін аралап жүрсе, ірі-ірі жатқан тастарды көреді. Бұл таудың атын «Сандықтас» деп атайды.

Күндердің бір күні жоңғарлар шабуыл жасайды. Бөгенбай батыр сарбаздарымен жоңғарға қарсы шығады. Қалмақтың атақты батырымен Бөгенбай жекпе-жекке шығып, жаудың батырын өлтіреді. Қалмақ батырының мінген аты тұлпар болса керек, Бөгенбай жау әскерін елінен қуып шығып, бір жігітке әлгі тұлпарды іздеттіреді. Біраз күннен кейін жігіт тұлпарды Кәрі тау деген жерден тауып, ауылына келеді. Сұрағандарға «ат ерімен табылды» деп жауап береді. Содан жаңағы «Кәрі тау» «Ермен тау» келе-келе «Ерейментау» болып аталып кетеді.

Басқы сөзі (58-б.): Сонау ерте заманда «Ақтабан шұбырынды» кезінде Қанжығалы деген ел Сырдың бойын мекендеген екен.

Соңғы сөзі (59-б.): ...Кейін келе «Ерейментау» аталып кеткен екен.

Қолтаңбасы. Мәтін кирилл әрпіінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Шығарма 1997 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба папкаға салынған.

Тапсырушы. Б.Рақымов.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

65

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 12
29,5x21; 7,5x17

Етікшешкен

Атауы. Етікшешкен (47-б.).

Айтушы. Зағыпаров Қабдырахман – қолда бар мәліметтер бойынша 1999 жылдары зейнеткер болған. Ақмола облысы, Теңіз ауданы, Сарыөзек ауылының тұрғыны.

Жинаған. Н.Омарова – 1999 жылғы ҚарМУ студенті (1999 ж.).

Тапсырған. Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Байларды тәркілеген кезде ішіне Мақтағұл деген бай да ілігіпті. Алдымен мал-басын кедейлерге бергізеді, кейін өзі бас ауған жаққа қаша бастайды. Артынан қуғыншылар түскенде бір тобына астындағы атын, енді біріне шапанын беріп құтылады. Соңында таудың басына келіп отырса, тағы бір адам келіп ұстап бермекші болғанда, аяғындағы етігін шешіп беріпті.

Басқы сөзі (47-б.): Бұл оқиға бертініректе болған.

Соңғы сөзі (47-б.): ...Сонан осы тау кейін келе «Етікшешкен» аталып кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1999 жылы Сарыөзек ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен жазылған беттері бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӨӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

66

Ш.910/4

П.325; Б.118; Ж.14.

30x21; 13x15.

ЖАБАЙҰШҚАН ТАУЫНЫҢ АТАЛУ ТАРИХЫ

Аталуы. Жабайұшқан тауының аталу тарихы (118-б.)

Айтушысы. Шақаева Жаңыл – Орал қаласының тұрғыны.

Жинаушысы. А.Таубаева. Ол туралы дерек кездеспеді.

Тапсырушы. М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 7-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Сенек тұспаның күншығыс жағында Ұшпа тауы бар. Сол жерді қазақ жерінде қалып қойған Жабай атты түрікпен жігіт мекендейді. Ол осы таудың басына ұя салған қыран бүркіттің балапандарын аулап, Бесқалаға апарып сатып жүреді. Ол жалғыз баласын балапан аулауға алып барып жүреді. Бірде ол баласының беліне арқан байлап балапан алдырғысы келеді. Баласы балапан аулауға түсіп бара жатқанда, арқан бір тастарға ілігіп, қажалып, үзіліп кетеді. Бала жерге құлап, өледі. Баласынан басқа қызығы қалмаған бейшара Жабай атының көзін таңып, өзі де баланың артынан ұшып өледі. Содан халық бұл тауды «Жабайұшқан» деп атап кетеді.

Қағазы, сиясы-әрпі. Мәтін кеңсе қағазына машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қарасөз үлгісінде жазылған.

Папкасы. Қ.910/4 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Қазақтың мифтік әңгімелері. //Құр.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. – Алматы, 2001; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

67

Ш.1200 (ӘӨИ)

Б.1; Ж.16
20х32; 18х11

ЖАЛАҢТӨСТІҢ ҮШ ҚОРЫҒЫ

Аталуы. Жалаңтөстің үш қорығы

Жыршысы. Әкбар Смағұлов.

Жинаушысы Ж.Естаева.

Аннотациясы. Үлкен қорық деген жерді жоңғар әскері қоныстанып отырады. Сол кезде не сауыты жоқ, не найзадан басқа қаруы жоқ ақ көйлекті Жалаңтөс деген бір батыр ойда жоқта жалғыз өзі жауға тиеді. Жоңғар әскерінің атқан оқтары, шапқан қылыштары жаңағы батырға тимейді екен. Әулие батырдың аруағынан қорыққан жоңғарлар үлкен қорықты тастай қашыпты. Жау әскері Орта қорыққа паналауға кетеді. Ол жерде де дәл осы жағдай қайталанады. Сөйтіп, жоңғарлар кіші қорықта бас қосып отырғанда бір хабаршы жігіт келіп: «Жалаңтөс батыр осында келе жатыр» деген хабар айтыпты. Оны естіген қалмақ батыры: «Үлкен қорықты тартып алды, орта қорықты да алды, енді кіші қорықты да бәрібір алмай қоймас. Аман-есен тұрғанымызда бұл жерден кеткеніміз дұрыс болар», – деп жау әскерлері қайтып кетіпті дейді. «Жалаңтөстің үш қорығы» деп аталуы осыдан екен.

Басқы сөзі: Шапқыншылық кезінде жоңғарлар қазақ жерінің малға жайлы шұрайлы тұстарын жайлап қоныстанып алыпты.

Соңғы сөзі: ...Содан бері жаңағы қорықтар «Жалаңтөстің үш қорығы» аталып кетіпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін қара сөзбен жазылған.

Ақауы. Беттері түптелмеген, қағазы сарғайған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

Ш. 910/4 (ӘӨИ)

Б.326; П.326; Ж.30.
29x20; 25x15**ЖАНБАУЛЫ ҚАУЫМЫ****Атауы.** Жанбаулы қауымы.**Айтушы.** Бекенжан Жомартұлы – Маңғыстау облысы, Ералиев ауданының тұрғыны.**Жинаушы.** Валентина Әбдіхалықова.**Тапсырушы.** Мәтжан Тілеужанов. Ол туралы мәлімет алдыңғы 7-сипаттамада бар.**Аннотациясы.** Жанбаулы атағы шыққан, мыңғырған жылқысы бар, халқына мырза болған байлардың бірі екен. Ол жылқысын өзі бағады екен. Өзі мырза, өзі бай Жанбаулыны көрмекке Арқадан Сырым батыр келеді. Сырым байдан малды неге өзі бағатынын сұрайды. Сонда Жанбаулы: «Менің атымды шығаратын осы жылқы емес пе? Сол үшін мен оған борыштымын» деген екен.**Басқы сөзі** (116-б.): Жанбаулы деген атақты кісі Абайдың Бейімбет деген руынан шыққан...**Соңғы сөзі** (117-б.): ...Бұл күнде Жанбаулы зиратының айналасы ағайын-туған, ауылдаспен үлкен бір қауымға айналып, ол «Жанбаулы қауымы» деп аталады екен.**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкаға басылған.**Қашан, қайда жазылған.** Маңғыстау облысы.**Беттелуі.** Еуропа санымен нөмірленген.**Ақауы.** Қағаздары сарғайған.**Папкасы.** Қ.910/4 (ӘӨИ). Қазақстан батыс өлкесінің ауыз әдебиет үлгілері. Жинаған: М.М.Тілеужанов. Орал, 1954-1984 ж.ж.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x8**ЖИДЕБАЙ ҚЫСТАУЫ****Атауы.** Жидебай қыстауы**Айтушы.** Еш дерек берілмеген.**Тапсырушы.** Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.**Аннотациясы.** Жоңғарлармен жауласқан баяғы заманда Жидебай деген батыр болыпты. Абылай хан Жидебайға ақ шабдар атты сыйға тартады. Жидебайдың көріпкелдік қасиеті туралы ханнан басқа ешкім білмейті. Ханның: «Оның қызыл түлкісі бар» дегеніне сенбеген біреу ұй-

ықтап жатқанында андыса, Жидебайдың кеудесінде қызыл түлкі жатыр екен. Батырдың билік айтқан жері «Жидебай қыстауы» атаныпты.

Басқы сөзі (34-б.): Жоңғарлармен жауласқан баяғы заманда Жидебай деген батыр болыпты...

Соңғы сөзі (34-б.): ...Батыр билік айтқан осы жер кейін келе «Жидебай қыстауы» атанып кетеді.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

70

Ш.1200 (ӘӨИ)

Б.2; Ж. 2
20x32; 18x20

ЖОРҒАБЕЛ

Аталуы. Жорғабел

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Ертеде Махмұт ханның қамаудағы құландары көбейіп, қорыққа сыймай, дуалды бұзып, бәрі қашып кетеді. Қорықшы құландарға ие бола алмай: «Құландар қашып кетті, оларды ұстау мүмкін емес» деп ханға хабар береді. Хабарды естіген Махмұт хан Байшұбар деген жорғасына мініп, нөкерлерімен құландарын қуып кетеді. Бір кезде құланға жетіп қалғанда ханның жорғасы болдырып, зорығып өледі де, құландары ұстатпай қашып кетеді. Содан бері ханның жорғасы өлген жер «Жорғабел» деп аталып кетіпті.

Басқы сөзі: Қамаудағы құландар төлденіп, олардың саны көбейіп, қорыққа сыймай, бір күні дуалды үш жерден бұзып, құба жонға қашып кетіпті.

Соңғы сөзі: ...Ал Махмұт ханның Байбаш (Байшұбар) жорғасы өлген кезең содан кейін «Жорғабел» атаныпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қара сөзбен жазылған.

Ақауы. Қағаз түптеуді қажет етеді.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков

Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011; С.Қасқабасов. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984.

71

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 14
29,5x21; 8,5x17,5

ЖОРҒАТАУ

Атауы. Жорғатау (47-б.).

Айтушы. Ырғызбасев Рымкеш – Шұбартау ауданы, Баршатас ауылының тұрғыны.

Жинаған. Т.Мырзабаева – 1991 жылдары ҚарМУ-дың студенті.

Тапсырған. Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет алдыңғы 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде Базарбай деген байдың Төлеген деген ұлы болған екен. Ол өзіне жар іздеп ел аралап, ақыры Шекті деген елдің Жібек деген қызына барады. Қыз Төлегенге үш түрлі шарт қояды. Барлық шарттарын орындаған жігітке қыздың көңілі толыпты. Бірақ екі елде жер дауы мәселесі шешілмей, байлар жастарға рұқсатын бермепті. Амалдары таусылған Төлеген мен Жібек жүйрік жорғаға мініп қашып, қуғыншыларға ұстатпай кетеді екен. Дегенмен биік тауға келгенде аттары болдырыпты. Осы тауды кейінгі ұрпақ осылай атапты.

Басқы сөзі (47-б.): Баяғы өткен заманда Базарбай деген бай болыпты.

Соңғы сөзі (47-б.): ...Кейінгі ел-жұрты осы Жібектің жорғасы өлген биік тауды «Жорғатау» деп атап кетеді.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы Баршатас ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен жазылған жерлері бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

72

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.43-44; Ж. 3
29,7x21; 7x17,4

ЖҰМБАҚ ТАС

Атауы. Жұмбақ тас.

Жыршысы. Жұмабек Қожамсейітов – Көкшетау қаласының тұрғыны.

Жинаушысы. А. Жұмабеков – Қарағанды Мемлекеттік университеті, филология факультетінің студенті (1991).

Тапсырушы. Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет алдыңғы 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Аңыз қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде қолға түскен қалмақ қызының жұмбағы жайында баяндалады. Қазақ еліне әкелген қызды кімге беру жайында әңгіме болған кезде қалмақ қызы үш түрлі жұмбағын шешкен адамға шығатынын айтады. Қалың жұртшылық қыз шартына келіседі. Қыз жұмбағын қызды қолға түсірген қазақ батыры шешкен екен. Сөйтіп қалмақтың қызы қазақтың батырына берілген екен. Ел сол жерді «Жұмбақ тас» деп атап кетіпті.

Басқы сөзі (43-б.): Қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде...

Соңғы сөзі (44-б.): ...Ел жаңағы жерді сонан былай «Жұмбақ тас» атап кетеді.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы қазіргі Ақмола облысы, Көкшетау қаласынан жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т. Әлбеков, Т. Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

73

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 14
33x19; 16x9,5

ЖҮНДІ ТАУЫ

Атауы. Жүнді тауы (74-б.).

Айтушысы. Әузар аксақал – Қарағанды облысы, Шет ауданының тұрғыны.

Жинаушы. Әбдуов Мұқаметқали – Қарағанды Мемлекеттік Университеті қазақ әдебиетінің кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы.

Тапсырған. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. «Кежек» ауылының күншығыс жағында қалың жүнді қарағай өскен тау бар. Осы таудың маңайын Ақтоғай ауданының малшы-

лары жайлайтын. Ол кезде малдың көптігі сонша, қоныс жетпей жататын, жайылған қойдың көктемгі жабағы жүні қарағанға жабысып аппақ болып тұрады екен. Әузар ақсақалдың айтуы бойынша, бір жылы ол Шойбек Қабылбеков, Медеу Жұмабаев, Қабаш Жұматовпен бірге осы тауға күзді-гүні аң қаға барады. Жерге түсіп отырсақ, қараған басы жабысқан жүн. Әңгіме үстінде осы таудың аты қалай аталады деп бір-бірінен сұрастырып, таудың аты жоқ екенін біледі. Сол жерде марқұм Шойбек Қабылбеков: «Бұл таудың атын « Жүнді» қояйық» деді. Содан осы тау «Жүнді» тауы атанып кетті.

Баскы сөзі. (1-б.): Кежек ауылының орталығынан күншығыс жағында қалың жүнді қараған өскен адырлы тау бар.

Соңғы сөз (1-б.): ...Содан осы тау ел арасында «Жүнді» атанып кетті.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Кеңсе парақтары бір-біріне жіппен біріктіріліп байланған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды:ҚарМУ баспасы, 2006.

74

Ш.1200 (ӘӨИ)

**Б.2; Ж. 20
30x21; 17x16**

ИТІКЕ БИ

Аталуы. Итіке би (99-б.).

Айтушысы. Мақажанұлы – Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Көбетай ауылының тұрғыны.

Жинаушысы. Т.Рымханұлы.

Аннотациясы. Итіке би өз дәуірінде Темештің Кеңгір руына ғана емес, бүкіл Арқа өңіріне танымал би болған. Ол кездері қазаққа тән жайлау-қыстау, көш-қон рәсімінің шектелмеген кезі. Содан Итіке іргелі ауылды әдеттегідей келесі қонысқа өзі бастап шығады. Бұрыннан сырқаттанып жүрген Итекең жолда ауырып қалады. Әрине, ел бастаған ер азаматтың хал-күйі баршаның көңіліне кірбің келтіреді. Елдің аландап жүргенін сезген Итіке өрен-жаран, туған-туыстарына: «Сендер абыржымандар, көш бағытынан тағы айырылмасын. Бұл дүниеде мәңгілік кім болған, дәм-тұзым таусылған жер бұйырсын және естерінде болсын, о дүниеде арақашықтық ұғымы жоқ. Сол себепті жер қойнауына берілген соң-ақ туған-туыс пәни жалғанда қауышып жатады», – дейді. «Биске, о

не дегеніңіз, бөтен елде атыңыз шықпай, атаусыз қаласыз» деген біртүмаларға: «Ештеңе етпейді, мен жерленген соң, ол жердің аты Итіке аталар», – дейді.

Кешікпей биекең көзін мәңгілік жұмады. Сөйтіп Итіке ауылы Жуантөбе жазығына жетіп, ақылдаса келіп, биекеңді кішігірім өзеннің жар қабақты иірілісі үстінен бой көтерген тастақ төбешікке жерлейді. Содан Итіке би жерленген жер аты «Итіке» деп аталып кетеді.

Басқы сөзі (99-б.): Итіке би өз дәуірінде Темештің Кеңгір руына ғана емес, Бүкіл Арқа өңіріне ақыл-парасаттылығы, әділ билігі, көреген-білгірлігімен танымал би болған.

Соңғы сөзі (100-б.): ...Мінеки, сол сәттен Алла Тағала аруақты бидің қалауын қабыл қылған жер аты тап бүтінге дейін «Итіке» аталады.

Қағазы, әрпі, сиясы. Мәтін кеңсе қағазына машинкада басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Жазылған жылы, жері. Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қарасөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жасыл папкаға салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. – Қарағанды, ҚарМу баспасы, 2006; Бабалар сөзі. 80-том. Топонимикалық аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

75

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 7
29,5x21; 4x17

КЕЛІНШЕК ТАУ

Атауы. Келіншек тау (48-б.).

Айтушы. Табризов Бекен – Шымкент облысы, Созақ ауылының тұрғыны.

Жинаған. У.Табризова – студент (1991 ж.).

Тапсырған. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеректе бір байдың қызы өте дүниеқор болыпты. Қызды ұзатқанда да керуеннің бәрін алтыннан жасатыпты. Соңында қыз итаяғы алтыннан жасалмағанын байқап әкесіне ренжісе, әкесі өкпелеп «тас боп катып қал» деп қарғапты. Керуеннің тасқа айналғанын осылай атаған екен.

Басқы сөзі (48-б.): Сонау ерте заманда бір байдың жалғыз қызы болыпты.

Соңғы сөзі (48-б.): ...Міне, содан керуенмен көпіл бара жатқан келіншек тауға айналып, ел «Келіншектау» атап кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы Созақ ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен шимайланған беттері бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

76

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 2; Ж. 25
29,5x21; 15x17,5

КЕҢЕСТАС

Атауы. Кеңестас (49-б.).

Айтушы. Зүліш қария – зейнеткер, 1996 жылдары Ақтоғай кентінің тұрғыны.

Жинаған. А.Қасымова – студент (1996 ж.).

Тапсырған. Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бір байдың боталаған түйесі жоғалып, ел-жұрт боп іздеу салады. Алыстағы Арыстан батырдың ұрлағанын білгенмен, адам қаймығып тартып ала алмайды. Бірнеше қария, билердің сөзін құлағына аспаған батырдың түйені қайтарып бермесін білген бай қарияларды жинап бір үңгірге кеңес құрыпты дейді. Жасы жеткен дана қарт түйенің ботасын ауылдың шетіне алып бұрау салып шыңғыртайық, даусын естіген түйе боздайды, боздаған дауыстан батыр тыныш жата алмай, қайтарып береді деп ұсыныс айтыпты. Айтқаны келіп, ақыры түйені қайтарып алған екен.

Басқы сөзі (49-б.): Баяғы өткен заманда бір байдың аналық түйесі жоғалыпты.

Соңғы сөзі (50-б.): ...Ал, жаңағы кеңес құрған үңгірдің аузындағы тасты көпшілік содан бері «Кеңестас» деп атап кетеді.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1996 жылы Ақтоғай кентінен жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен шимайланған беттері бар.

Папқасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

77

III.1200 (ӘӨИ)

П.3; Б.3; Ж.25
20Х30; 16Х25

КЕҢЕСТАУ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Атауы. Кеңестау (63-б).

Айтушысы. Жақып қария – Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауылының тұрғыны.

Жинаушысы. Айгүл Айнабаева – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенті.

Аннотациясы. Кеңестау – Қарқаралы аймағындағы тау. Ертеден-ақ осы таудың басында ауыл ақсақалдары келіп кеңес құрады екен. Олар ел арасындағы қолайсыз жағдайларды, дауларды жаздыкүні осы таудың басына жиналып шешіп отырған. Осыдан бұл биік «Кеңестау» деп аталып кеткен.

Атадан егіз болып туған екі жігіт өздерінің кенже інілерінен қалған жесірге дауласады. Алдында жесірді берер ағасы, соңында інісі болмағаннан кейін екеуі сұлу келіншекті бір-біріне кимай, арада жік туады. Шешімін таба алмай өзара бір-біріне көз алартқан ағайынды жігіттердің арасындағы таласты байқаған ауылдың ақсақалдары бұл дауды шешпекші болып тау басында жиналады. Әмеңгерлікке ие болмақшы болған жігіттер ұзақ айтысады. Ақыры істің насырға шауып бара жатқанын байқаған жұрт дауды шешіп төрелігін Қонысбай қарияға айтқызады. Дана қарт осы ауылдың ақыл тоқтатқан, абыройлы азаматы болып және осындай дауларда әділдігін айтатын әділ қазылардың бірі екен. Ол екі жақтың арызын тыңдап, екі ағайын Жоламан мен Елеманға ақыл айтып, татуластырып, келіндері Айбибінің басына бостандық алып беріпті.

Осы тау күні бүгінге дейін «Кеңестау» аталып келеді.

Басқы сөзі (63-б.): Қарқаралы ауданына қарайтын Н.Әбдіров атындағы совхоздың шығысында үлкен тау көрінеді.

Соңғы сөзі (65-б.): ...Сондықтан осы тау әлі де болса «Кеңестау» деген атқа ие болып келеді.

Қолтаңбасы. Шығарма мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін үш бетке өлең мен қарасөз араласа жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өтіп, папкаға салынған.

Тапсырушы. Б.Рақымов.

Папкасы. Ш.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

78

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**Б.41; Ж. 14
29,7x21; 8,5x17,1**

КЕМЕҚАЛҒАН ШЫҢЫ

Атауы. Кемеқалған шыңы.

Жыршысы. Ашарбеков Бексұлтан – Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазықұрт ауданы, Кемеқалған аулының тұрғыны.

Жинаушысы. А.Қодарова – Қарағанды Мемлекеттік Университеті, филология факультетінің студенті (1996).

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде адамдар Құдайды ұмытып, азып-тозып кетеді. Елді түзу жолға түсіру жолын іздеген Нух пайғамбар орын алған жағдайды өзгерте алмайды. Содан Құдай Нух пайғамбарға жерді топан су басатынын айтады. Нух пайғамбар үлкен кеме жасап, жер бетіндегі ан-құстарды жұп-жұбымен кемеге салып алады. Қырық күн жауған жаңбырдан кейін Нұх пайғамбардың кемесі биік тауға келіп тоқтайды. Сол тауды халық «Қазықұрт», ал кеме қайырылған шыңын «Кемеқалған» деп атап кеткен екен.

Басқы сөзі (41-б.): Баяғы өткен заманда құдайдың жаратушы екендігін....

Соңғы сөзі (41-б.): ...Кеме қалған шыңын «Кемеқалған» деп атап кеткен.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропаша нөмірленген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1996 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазықұрт ауданы, Кемеқалған аулында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т. Әлбеков, Т. Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

КЕРТІНДІ – ҚОЛАҢ АҢЫЗЫ

Аталуы. Кертінді – Қолаң аңызы

Айтушы. Қарағанды облысы, Тельман ауданы, Осакаров кеңшарының тұрғыны – Жұпышұлы Шайқыден.

Жинаушысы. Б.Мұстафина.

Аннотациясы. Ертеде Нұра өңірін Аққошқар руынан шыққан он жеті мың жылқы айдаған Сақабай атты бай қоныстапты. Байдың айдай сұлу Қолаңшаш атты жалғыз қызы болған екен. Сақабай қызын бесікте жатқанда Жүніс атты байдың баласымен атастырып қояды. Қолаңшашқа талай жігіттер сөз салып келеді. Бірақ қыздың өз сүйгені бар екен. Ол Найман руынан шыққан Сақабайдың жылқышысы Кертінді атты сері жігіт. Әкесі қызын аттастырған жігітіне ұзатпақ болады. Осыдан хабардар болған Қолаңшаш Кертіндіге хабар жібереді: «Тағдырым таласқалы тұр. Мен сендікпін, не көрсек те бірге көрейік, тез жет» деп. Сол күні түнде Кертінді Қолаңшашты алып қашады. Күйсе жағы қуғыншыларды аттандырып, екеуін ұстауға бұйрық береді. Кертінді қызды қашырып, өзі қолға түсіпті. Байдың нөкерлері жігітті сол жерде ат құйрығына байлап, сүйретіп өлтіреді. Кейін осы жер «Кертінді» деп аталып кеткен екен.

Басқы сөзі: Нұра өңірін Аққошқар руынан шыққан он жеті мың жылқы айдаған Сақабай атты бай қоныстаныпты.

Соңғы сөзі: ...Содан бері бұл жер «Жар қабақ», «Қолаң жар қабағы» деп талып кеткен екен.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Қарағанды облысы, Тельман ауданы, Осакаров кеңшары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр қатарға бір жолдан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба түптелмеген, қағаздары сарғая бастаған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ:1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. – Қарағанды, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана:»Фолиант», 2011.

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x8**КӨЗАТА БҰЛАҒЫ****Атауы.** Көзата бұлағы**Айтушы.** Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазықұрт ауданы, Кемеқалған ауылының тұрғыны – Б.Ашарсеков.**Жинаушы.** А.Қодарова.**Тапсырушы.** Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.**Аннотациясы.** Баяғыда Қазығұрт тауын әрі әулие, әрі емші адам мекен етеді. Ол емші болғанда көз ауруын ғана жазады екен. Сондықтан зағип болғандардың барлығы осы емшінің атағын естіп дертінен айығу үшін арнайы іздеп келіп, емделіп жүріпті. Шын ниетімен емделуге келген сырқаттардың барлығы айығып кетеді екен. Жанары ашылып, жарық дүниенің келбетін көрген пенделер емшіге шексіз алғыстарын жаудырыпты. «Өмір бар жерде өлім де бар» демекші күндердің күнінде емшіге ажал жетіп, көз жұмады. Жақсылығы дүниеге жайылған әулиенің қонағасына шегі мен шеті жоқ дүйім жұрт жиналыпты. Ақ жуып арулап, Қазығұрттың баурайына әулиені жерлейді. Арада қырық күн өткенде әулие мазарының дәл жанынан жерді жарып бұлақ ағып шығады. Бір ғажабы осы бұлақтың суынан ішіп, беті-қолын жуған адам көз ауруынан құлан-таза айығатын болыпты. Осылайша «Көзатаның бұлағы» деп аталыпты.**Басқы сөзі** (117-б.): Бағзы замандардың бірінде Қазығұрт тауын әрі әулие, әрі емші адам мекендепті...**Соңғы сөзі** (117-б.): ...Сөйтіп халық бұл бастауды «Көзатаның бұлағы» деп атап кетіпті.**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинкамен басылған.**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды облысы.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.**Папкасы.** Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана:»Фолиант», 2011; Қазақтың мифтік әңгімелері. //Құр.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. – Алматы, 2002.

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x8**КӨЗДІКАҚ****Атауы.** Көздікақ.**Айтушы.** Қарағанды облысы, Балқаш қаласының тұрғыны – Г.Хасенқұлқызы.

Жинаушы. Ғ.Көпбалина. Ол туралы дерек кездеспеді.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Баяғыда бір байдың жалшы әйелдерінің бірінде ата-бабасынан келе жатқан асыл тастары болыпты. Інжу, меруерт, маржан, жақұт сияқты жан көзіне көрсетпей, ұстап келе жатқан асыл бұйым тастар екен. Әйел еш адамға көрсетпей буып-түйіп, өзімен ұрпақ қалар соған тапсырамын деп жасырын ұстап жүреді екен. Көп жылдар өтеді. Жалшы әйелдер қартайды. Бір күндері тезек теріп жүріп, аузы толы қапты еңкейтіп, тізерлеп арқалаймын дегенде көйлегінің етегі аяғына оралып, түйіншегін шашып алады. Өмірі жалшылықпен өткен ата-бабалары, не өзі немесе ұрпақтары қызығын көрмей, текке құрыған асылдың уайым-қайғысымен әйел жерді шұқылап зарлап жылай беріпті. Сөйтіп жер астының суымен ұласыпты. Содан бері әлгі жердің суы қайнап бетіне шығып жататын болыпты. Халық бұлақты «Көздіқақ» деп атап кетеді.

Басқы сөзі (116-б.): Ерте заманда осы төңіректі мекендейтін байдың жалшы әйелдерінің бірінде ата-бабасынан ауысып келе жатқан асыл тастары болыпты...

Соңғы сөзі (116-б.): ...Халық сол бұлақты Көздіқақ деп атап кетеді.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. К.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011; Жер шежіре. – Қарағанды, 2006.

82

Ш.1200 (ӘӨИ)

Б.2; Ж. 13
20x9,5; 18x11

КҮЙГЕНТАС

Аталуы. Күйгентас

Жыршысы. Дерек кездеспеді.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Ерте заманда «Ордалы жыланның өзі тегін жерде болмайды» деген осындай қауесетке бой ұрып, ордалы жыланның жайын әркімдерден сұраған Қарабай деген бір дүниекоңыз өмір сүріпті. Бір күні байға біреу: «Қалмақ обасының бетіндегі кесек тастардың астында тығып кеткен көп алтыны бар екен. Қалмақ ханы кезінде бір айланып соғармын, соған дейін күзетші болсын деп, өзінің асыранды жыландарын әдейі қалдырып кетіпті. Содан бері ол жыландар өсіп-өніп ордалы

жыланға айналса керек» дейді. Бұны естіген байдың мазасы кетіп, алтынды алуды ойластырады. Сөйтіп бай бірнеше адамдарымен жыланның ордасына барып, ордалы жыланның үстін өртейді. Тас қызып жыландар күйе бастайды. Күйіктен ширығып атылған жыландар бұрқылдатып жан-жаққа атыла бастайды. Жиналған елдер қорқып, тарай бастайды. Обаның қасында жалшы жігіттерімен байдың өзі қалады. Көк ала түтін, қоңыр-сыған иіске қарамастан бай жалшыларымен бір күн орданың маңайында болады. Молдалары мұны «ордалы жылан кесапатты болады, енді оның кесірі басқаға тиеді» – деп елді шошытып, қорқытады. Сөйтіп ел көшіп кетеді.

Жалғыз ауыл қалған бай үш-төрт күннен кейін тас суыған шығар білейін деп, қасына жігіттерін ертіп өртенген шоқыға келсе күйген жыландардың иісі бүкіл алқапты алыпты, маңайына жолай алмапты. Сөйтіп жүргенде алтын алам, қазынаға кенелем деп елден жалғыз қалған нысапсыз байдың ауылына жау шауып, малдарын алып кетеді.

Қарабай бар байлығынан айырылып, ел кезіп, қаңғырып кетеді. Содан бері ел жаңағы жерді «Күйген тас» деп атап кетіпті.

Басқы сөзі: Ордалы жыланның өзі тегін жерде болмайды – деген ел аузында қауесет бар.

Соңғы сөзі: ...Байлығы бітіп, кедейге айналған бай қаңғырып кетеді. Ел жаңағы жерді содан былай «Күйген тас» деп атапты.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен жазылған.

Ақауы. Мәтін түптелмеген, қағаздары сарғайып тоза бастаған. Жөн-деуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.1200(ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

КІШІ АЙДАҢАРЛЫ, ҮЛКЕН АЙДАҢАРЛЫ ТАУЛАРЫ

Атауы. Кіші айдаһарлы, үлкен айдаһарлы (66-б.).

Айтушысы. Жәркен Қалмаханұлы – Қарағанды облысы, Жанаарқа ауданының тұрғыны.

Жинаушысы. Гүлназ Мұқасева – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенті (2000 ж.).

Тапсырушы. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Кенесары батырларымен бұлақ басында демалып отырғанда, алыстан жылтыраған бір нәрсені көреді. Батырлардың бірі «шыны», бірі «от» дейді. «Таң атқанда көерміз» деп келіседі. Таң атқан соң қараса, жөңкеріліп бара жатқан айдаһар екенін көреді. Кенесарының қасында Ағыбай батыр болыпты, бірақ баруға жүрегі дауаламапты. Кенесары айдаһарға қарай жүріп кетеді. Тақағанда, астындағы Қызыл ауыз тұлпары оскырынып, кейін шегіншектей береді. Кенесары аттан түсе сала айдаһармен алысады. Айдаһар құйрығымен жерді сабалап, шаңды бұрқыратып, аузынан от шашады. Кенесары айдаһарды үшке бөліп, басын қанжығасына байлап алып, атына мініп алып, батырларына тіл қатпастан бұлақтың басына барып ұйықтап қалады. Қатты шаршаса керек, тамаққа оятса да тұрмайды. Ертеңінде оянса, әскері ыңғайсызданып бастарын төмен салып отыр екен. Кенесары: «Ей, бауырларым, сендерге өкпем жоқ, тек мына «Көсеге болмаса» (көсе дегені Ағыбай батыр) дейді. Олар Кенесарының ренжімегенін біліп, атқа қонады. Кетерінде: «Мына жердің атын не деп қоямыз?» деп ақылдасады. Екі тау, бірі үлкен, бірі кіші. Етегінде екі бұлақ бар. Үлкен тауды – «Үлкен айдаһарлы», кіші тауды – «Кіші айдаһарлы», бұлақтарды «Алтын бұлақ», «Күміс бұлақ» деп атап кетеді.

Басқы сөзі (66-б.): Кенесарының Ағыбай тумысы болыпты.

Соңғы сөзі (67-б.): ...Күміс бұлақ деп атап кетеді.

Қолтаңбасы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін екі бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба біріктіріліп тігілген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ҚАЗЫҒҰРТ ТАУЫ ТУРАЛЫ

Аталуы. Қазығұрт тауы туралы (56-б.)

Айтушысы. Сүйеу Қолшабеков. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Жинаушысы. Сүйеу Қолшабеков.

Тапсырушы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрттың басына тоқтағанын есіткен Қазығұрттан биік тұратын өзге таулар қызғаныштық жасайды. Кемені жойып жіберу үшін жер бетіндегі су тартыла бастаған кезде ұрысқа шығады. Өзіне қауіп төніп келе жатқанын сезген Қазығұрт тауы өзінен төмен орналасқан Бағаналы тауына: «Сен анау Ордабасы басшылық ететін ағайындарға хабар бер, көмекке келсін» дейді. Қара ниспен келе жатқан таулар мұны естіп, қатты қайғырады. Қазығұртқа Нұх пайғамбардың кемесінің тегіннен келмей, Алланың әмірімен келгенін түсініп: «Онымен соғысып береке таппайсың, Алланың қаһарына ұшырап, атағымыз бен абыройымыздан айырылып қалармыз» деп жөніне кетеді. Бұл жер Қазығұрт атанады.

Басқы сөзі (56-б): Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрттың басына тоқтағанын есіткен...

Соңғы сөзі (57-б.): ...Атағымыздан айырылып қалармыз деп, жөніне кеткен.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қашан, қайда жазылғаны. 2002 жылы фольклорлық практика кезінде жазылып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Шығарма әр бетке қарасөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптелген.

Папкасы. Қ.920/136. (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

85

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**Б.42-43; Ж. 6
29,7x21; 11,4x17,6**

ҚАЙДАУЫЛ – ШЕРУКЕ

Атауы. Қайдауыл – Шеруке.

Жыршысы. Қабдолла Балсейітұлы – Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шұбартау ауылының тұрғыны.

Жинаушысы. Р.Қабдолла – Қарағанды Мемлекеттік Университеті, филология факультетінің студенті (1999 ж.).

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қар ерте түсіп, қысы катал болатын, Сарыарқаның кіндігі саналатын Қайдауыл – Шеруке су көзіне мол, тұруға қолайлы болса керек. Жаз кезінде Көкше мен Шыңғысты жайлаған байлар осы жайлауда отырады екен. Шыңғыс ауылының бір жігіті Шеруке атты қызға ғашық болады. Ел көшерде жігіт қызға қар түскенше оралатынын айтады. Жі-

гіт уәдесінде тұрып, бұл өңірге келсе, қыс қаһарына мінген екен. Боран ішінде адасқан жігіт: «Қайда ауыл, Шеруке?» деп сүйгенін шақырумен болады. Алайда жігіт қыз ауылын таппай, далада үсіп өледі. Жігіттің қызды шақырған жан дауысын естіген ел содан бері осы өңірді «Қайдауыл – Шеруке» деп атап кетеді.

Басқы сөзі (42-б.): Сарыарқаның кіндігі делінетін...

Соңғы сөзі (43-б.): ...Осы өңірді «Қайдауыл – Шеруке» деп атап кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1999 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шұбартау ауылында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түп-телмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200. (ӨӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т. Өлбеков, Т. Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

86

Ш.1200 (ӨӨИ)

Б.3; Ж. 28
20x32; 18x18,5

ҚАЛАМҚАС

Аталуы. Қаламқас

Жыршысы. Жәкітай Байжолұлы Рымбеков. Ол туралы дерек кездеспеді.

Жинаушысы. А.Оспанова

Аннотациясы. Қазіргі Қарқаралының таулы аймағын ертеректе Өкін ауылы деп атапты. Олай аталу себебі, Өкін деген әйел адам болған екен. Өкіннің ері ерте дүние салған екен. Өкін ержүрек, қайсар мінезді, сол заманның әменгерлік заңына көнбеген кісі болса керек. Қайын жұртының ауылын бөлек тігіп, Өкін ауылы атанып, балаларын тәрбиелеп отыра беріпті. Бір жылы қыс қатты болып, ел қатты күйзеледі. Көлі жоқ, малы аз елге бірлі-жарымды қақпанмен алған киіктің еті талғажау етуге жетпейді. Күйзелген бала-шаға қамынан басы қатқан Байгелді тумалары Шағырбай мен Қозыбақты және Ақжігіт, Байжігіт деген балаларымен ақылдасып, киік аулайтын «апан» қазуға келіседі. Сол күндердегі осы ауылдың отырған жерін әлі кезге дейін «Байгелді төбе» дейді. Төбенің

басына шыққанда Темірқазық пен терістік шығыстың аралығында үлкен сор бар, әлі күнге дейін сол жерді халық «Қызыл сор» деп атайды. Қызыл сордың батысында шығысқа және терістікке созылған екі ұзын жол бар. Екеуінің қиылысатын жері ашық қуыс, қақпа тәріздес болыпты. Бұрын сол жерді «Қуауыз» деп атайды екен. Оңтайлы тұсты байқап жүрген Байгелді апан қазуға осы жерге келеді. Шағырбай бастаған бірнеше жігітті қамыс киып әкелуге жібереді. Апан құдықты қаздырып болып, Шағырбайлар әкелген қамыстан үшкірлеп жебе жасап, көмеді. Осы жер қазуда Қаламқастың қайратына ел таң қалады. Осылайша күн көріс жасап жүрген елге бір жылы саудагерлер келеді. Байгелді бастаған жігіттер олармен келісім-шарт жасасып, бірге кетеді. «Бала-шаға, кәрі-құртаң өзіңе аманат», – депті Байгелді қарындасы Қаламқасқа. Байгелді кеткеннен кейін ауылдың жағдайы нашарлай бастайды. Қаламқас ағасының аманатын есіне алып, Байгелдінің атына мініп, ауыл адамдарын жинап киік аулауға шығады. Киік аулап жүріп апанның ішіне құлап, сол жерде соңғы сөзін айтып, көз жұмар алдында: «Киіктің бірін тастамай ауылға апарып, бөліп беріндер, елге, ағатайыма сәлем айт» – дейді. Содан бері сол жер «Қаламқас» деп аталған екен.

Басқы сөзі: Ертеректе Қарқаралының осы қазіргі таулы аймағын Өкін ауылы деп атайды екен, себебі Өкіннің ері Қамай атамыз ерте дүние салыпты.

Соңғы сөзі: ...Қаламқасты апанның шығыс жағындағы төбеге жерлейді. Сол кезден бастап сол жер «Қаламқас» деп аталып кетіпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр қатарға бір жолдан қарасөзбен жазылған.

Ақауы. Мәтіннің беттері сарғайып, түптелмеген. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

ҚАРАҒАНДЫ

Аталуы: Қарағанды

Тапсырған: Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Айтушысы: Әлиманов Іргебай – Қарағанды облысы, Шет ауданы, Өспен ауылының тұрғыны.

Аннотациясы: Баяғыда бір бай болыпты. Оның өзге малына қарағанда ұсақ-тұяқты көп екен. Ішіндегі бір қара қойды қасиетті деп, отар отар малының берекесі деп атайды екен. Бір күні мал өрістен қайтқанда, қара қойдың жоқ екені анықталады. Әккі қойшылар байға қойдың далада қоздап қалуы мүмкін екенін жеткізеді. Байдың жігіттері кешқұрым мезгілде отар жайылған орындарды сүзіп шығуға аттанады. Шамалы уақыттың ішінде қас қарайып кетеді. Ай сәулесінің жарығымен қарайып көрінген нәрселердің қайсысына барса да, барлығы қараған болып шыға береді. Әбден шаршаған жігіттердің бірі: “Қайда барсаң қараған, бұл өзі қарағанды жер екен ғой”, – деп кейіс білдіріпті. Сонан осы жердің аты «Қарағанды» аталып кетеді.

Басқы сөзі (9-б.): Баяғыда бір бай болыпты. Оның өзге малына қарағанда ұсақ-тұяқты көп екен.

Соңғы сөзі (9-б.): ...Сонан осы жердің аты Қарағанды аталып кетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. А4 қағазына машинкамен, кирилл әрпінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Парақтары бөлек-бөлек. Тігіліп, желімденбеген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2012.

88

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 2; Ж. 22
18x21; 17,5x17,5

ҚАРАТАУ

Атауы. Қаратау (52-б.).

Айтушы. Ысқақ қария – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қ.Аманжолов ауылының тұрғыны.

Жинаған. Дариға Алтай – ҚарМУ-дың студенті (1999 ж.).

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде бір өлкеге жеті басты жалмауыз пайда болып, елдің малын, қыз-жігітін қырып отырыпты. Шыдамы таусылған жұрт мұны өлтіруге батыр іздеп, бір саудагерден Дәубек деген алыс жолда батыр бар екендігін біледі. Ол шөлді даланы кешіп өткеннен кейін, бір тауды мекендейді екен. Бәрі батырдың мекенін іздеп шығады. Әбден қалжыраған жұрттың арасынан бір жігіт сағымдап бұлдыраған тауды көріп: «Қара тау, қара тау» десе керек. Содан бері бұл тау Қаратау аталыпты. Батырды тауып, жалмауызды өлтірткен халық тыныш өмір сүріпті.

Баскы сөзі (52-б.): Баяғы өткен заманда бір бай өлкелердің бірінде бір қауымды ел-жұрт өмір сүріпті.

Соңғы сөзі (53-б.): ...Сонан жаңағы дәу мекендеген тауды ел «Қара-тау» деп атап кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1999 жылы Қ.Аманжолов ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен жазылған жерлері бар, бірінші парағының төменгі жағы 12 см-ға қиылған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

89

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**П. 2; Ж. 21
29,5x21; 13x17**

ҚАРҚАРАЛЫ

Атауы. Қарқаралы (48-б.).

Айтушы. Мұздыбаева Ықия – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Томар ауылының тұрғыны.

Жинаған. К.Бақтілеуова – ҚарМУ-дың 2-курс студенті (1991 ж.).

Тапсырған. Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қарабай деген байдың жалғыз Баян деген қызы бар екен. Ол кедей Қозы атты жігітке ғашық болады. Мұны сезген Қарабай Аягөз өңіріне көшіп кетеді. Сол жердің Қодар деген батырына Баянды айттырып қояды. Әбден құса болған қыз Айбас деген жігіт арқылы Қозыға сәлемдеме, яғни моншағын, домбырасын, басындағы қарқарасын беріп жіберген екен. Алыс жолда Айбас шаршап, ашығып жүргенде қыздың моншағын, домбырасын жоғалтып алады. Бір жерге келгенде қарқарасын түсіріп алыпты. Дегенмен Қозыға сәлемдемені жеткізген көрінеді.

Баскы сөзі (48-б.): Ерте-ерте заманда, байлығы тасқан, көкірегі асқан, жан баласын менсінбейтін Қарабай деген бай болған екен.

Соңғы сөзі (49-б.): ...Сөйтіп, Баянның қарқарасы түсіп қалған тауды халық «Қарқаралы» атап кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы Томар ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен жазылған, шимайланған беттері бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

90

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.1; Ж.36.

21x17; 18x8

ҚОҢЫРАТ

Ағауы. Қоңырат

Айтушы. Уахатов Қарабек Қанайұлы – 1940 жылы туған. Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Шашубай ауылының тұрғыны.

Жинаушы. ҚарМУ студенттері (1999 ж.)

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ерте кезде осы өңірде қатыгез бір бай өмір сүріп, көптеген жалшылар ұстаған екен. Қайырымсыз да қатал байдың жылқыларын байлап, бие сауып жүретін пысық бір жігіті бар екен. Бір күні ұзын желідегі құлынның біреуі буынып өлгенін жігіт байқамай қалады. Мұны естіген бай ерттеулі тұрған атына міне сала жігітті желіні айналдыра қуып жүре сабап, қызыл қанға бояп, үлкен жарақатқа ұшыратады. Көп жалшының бірі кешке өз үйіне алып барады. Бітеу жара болып, денесі ісініп кеткен жігіт айдан аса жатып, әрең жазылады. Содан кеудесін кек кернеген жалшы қаңғырып өлсе де, байға қызмет етпеуге бел байлайды. Содан бай баласының ел арасындағы кара жарысқа түсу үшін жаратып, кермеге байлап қойған қоңыр атын бір түнде мінсді де, Балқаш көлін бетке ұстап тартып береді. Ертеңіне ізіне түсіп жабыла қуған қуғыншыларға қарасын да көрсетпей, елсіз даламен тартып кетеді. Үшінші күні түс кезінде жалшының өзі де, аты да қалжырай бастайды. Бар үміті алдынан бұлдырап көрінген жалғыз шоқы болады да, соған жетсем су табылар, көлге де жетермін деп, қоңыр атты қақпалап, соған қарай жылжи береді. Бірақ үлкен үмітпен зорға жеткен шоқы маңайынан су табылмайды. Ат бұдан әрі жүруге жарамай, шөлдеп, жерге өзі де жата кетеді. Қайыра басын көтеруге шамасы келмейді, сөйтіп сол жерге мәңгі тас болып қатады.

Басқы сөзі (26-б.): Ерте кездерде осы өңірдің терістік шығысында қатыгез бір бай болыпты...

Соңғы сөзі (27-б.): ...Сонан былай бұл жер «Қоңырат» атаныпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.; Жершежіре. – Қарағанды, 2006.

91

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.1; Ж.36.

21x17; 18x8

ҚУ ӨЛКЕСІ

Атауы. Қу өлкесі

Айтушы. Еш дерек кездеспеді.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ерте заманда осы аймаққа бір бай көшіп келеді. Оның үш ұлы болыпты. Күндердің күнінде қалың жұт келіп, ел аштан, аурудан қырыла бастайды. Соның ішінде байдың үш ұлы бірінен соң бірі шешектен қайтып келмес сапарға аттанады. Үш құлынының өлімі байдың қабырғасын қабыстырып, жүрегін қан жылатып, өзегін өртейді. Сонда бай: «Сонау кіндік қаным тамған туған жерім, асыл мекенімнен саған пана іздеп келіп едім, Балқантау! Сен мені алдадың! Не деген қу едің!» деп азалаңады. Содан бастап Балқантау баурайын «Қу» деп атапты.

Басқы сөзі (28-б.): Ертеде осы өлкеге бір бай көшіп келеді...

Соңғы сөзі (28-б.): ...Міне, содан бастап Балқантау баурайын «Қу» деп атап кеткен екен.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

92

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x8

ҚУ ЖЕРІНІҢ ЕГІНДІБҰЛАҚ АТАНУЫ

Атауы. Қу жерінің Егіндібұлақ атануы

Айтушы. Еш дерек жоқ.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қу өңіріне орыстың бір шаруасы көшіп келеді. Ол шаруа егін егіп, өз шаруасымен айналысады. Өсірген егіні күзде сары ал-

тындай жайқалып, мол жеміс береді. Риза болған ол «бұл Қу емес, нағыз жердің жәннаты. Бұл – Егіндібұлақ» деген екен.

Басқы сөзі (28-б.): Сол айтып өткен Қу өңіріне ХІХ ғасырдың аяқ кезінде болса керек орыстың бір шаруасы көшіп келіп қоныстанған екен...

Соңғы сөзі (29-б.): ...Содан бері ол шаруаның айтқаны болып, ол жер Егіндібұлақ атаныпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

93

Ш.1200 (ӘӨИ)

Б.1; Ж. 9
20х32; 18х6,5

ҚҰЛАН ҚОРЫҚ

Аталуы. Құлан қорық

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Ерте заманда Ақтөбе деген шаһарында Махмұт деген хан билік жасапты. Ханның Жұпар атты әйелі болыпты. Әйелі ханға: «Маған құланның еркегі мен ұрғашысын ұстатып, сыйға тартшы», – депті. Хан әйелінің сөзін екі етпей, өтінішін орындап құланның еркегі мен ұрғашысын ұстап әкеліп беріпті. Құландарды арнайы ханның бір уәзірі бағатын болады. Құландар жайылған жерді «Құлан қорық» деп атапты.

Басқы сөзі: Баяғыда Ақтөбе деген шаһарда Махмұт деген хан билік жасап тұрыпты.

Соңғы сөзі: ...Бұл құландарды бір уәзір күтіп бағатын болыпты, ал құландар қамауда жайылған жері «Құлан қорық» деп аталыпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қолжазба қарасөзбен жазылған.

Ақауы. Қағазы түптелмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. С.Қасқабасов. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

ҚОРҚЫТ ТУРАЛЫ АҢЫЗ**Аталуы.** Қорқыт туралы аңыз**Жыршысы.** Дерек кездеспеді.**Жинаушысы.** Белгісіз.

Аннотациясы. Аңыз бойынша Қорқыт өте ақылды, көріпкелділік қасиеті бар адам болған екен. Қорқыт жастайынан адам өмірінің сонша қысқалығына налып, қашсаң құтылмас ажалға қарсы күрескісі келеді. Ол үнемі дүние кезіп, жақсылық-жамандықты көріп, салмақтап жүреді екен. Қорқыт бір күні түс көреді: «Иен далада келе жатса, көр қазып жатқан адамдарды көреді. Олардан көрді кімге қазып жатқандарын сұрайды. Олар: «Қорқыт деген әулиені жерлеуге қазып жатырмыз» деп жауап береді. Содан бастап осы түсті күнде көретін болады. Түсінен әбден шаршаған Қорқыт жер ортасын іздейді. Жер ортасы Сырдарияның жағасы екен: «Жерұйық» осы деп, қазіргі Қорқыт моласы тұрған Сырдарияның жағасына келіп қоныстайды. Елімнің қайғысына мында бір дауа осы болар деп, Сырдың суына кілемін төсеп, қобызын тартып отырады екен. Сол заманнан бері Қорқыт әуені мен қобызы халық жүрегінде жасап келеді екен.

Басқы сөзі: Қорқыт жұрттан асқан ақылды, алдағыны болжағыш адам екен.

Соңғы сөзі: ...Сырдың суына кілемін төсеп, қобызын тартып тұрады.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр қатарға бір жолдан қара сөзбен жазылған.

Ақауы. Қағаздары сарғайған, беттері түптелмеген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ).

ҚҰЛАНӨТПЕС**Атауы.** Құланөтпес**Айтушы.** Ауыл қариялары.**Жинаушы.** Ш.Оспанова**Тапсырушы.** Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде бір ханның жалғыз ұлы саятшылықты жақсы көрген екен. Бір күні аң аулауға шыққанда бір үйір құланды кездестіріп, соңынан қуа жөнеледі. Қуғын кезінде бір ақсақ құлан бөлініп қашады.

Соңынан қуған хан баласын ақсақ құлан тістеп құлатып, таптап өлтіреді. Баласының өлгенін естіген хан қаһарланып, ұра қаздырып, құландарды айдап, өлтіртіпті.

Басқы сөзі (15-б.): Ертеде бір хан өтіпті...

Соңғы сөзі (16-б.): ...ол өз әскеріне екі жақтан ұра қаздырып, құландарды айдап, өлтірген.

Қағазы, әріп-сиясы. Кирилл әрпімен үлкен жол қағазға жазылып, біріктірілін тігілген.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа санымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары ескірген. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.936.(ӘӨИ). Қарағанды Мемлекеттік Университетінің филология факультетінің студенттері фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары (Аңыз, әңгімелер).

Библиографиясы. Жер-шежіре. – Қарағанды, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

96

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.24.
21x17; 17x18

ҚҰЛАНӨТПЕС

Атауы. Құланөтпес

Айтушы. Қапан Хасенұлы Дүйсенбаев. Ол туралы дерек кездеспеді.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қазақты қаталдығымен танылған Жошы деген хан билепті. Оның аса жүйрік екі тұлпар аты болыпты. Бірі өзінің иелігінде болса, екіншісін баласы меншіктеп жүреді екен. Ханның ордасында түрлі ойын-сауық, алқалы жиындар жиі болып тұрады екен. Бір күні ханның ұлы қасына нөкерлерін ертіп аңға шығады. Межелі жерге жеткенде әлгі аңшылардың алдынан бір үйір құлан шығыпты. Құғыншылар құландардың бірін атып алып, бірін тірідей ұстап қызыққа әбден батыпты. Бір кезде топтың арасынан бір құлан жеке шығып, қаша жөнеледі. Ханның баласы қызықпен әлгі құланды жалғыз қуып кеткенін білмей қалады. Ол құланды атып жарақаттайды, бірақ аты болдырып, оғы таусылады. Бір қырдан асқанда аты сүрініп, ханзада аттан ауып түседі. Содан мерт болады. Жошы хан баласының өлімін естірткен адамның аузына қорғасын құятынын айтып, елді дүрліктіреді. Бір өнерлі жігіт күймен естіртіп, ханның үкімімен домбырасының көмейіне қорғасын құйылады. Баласы қаза

тапқан жердегі құландарды жиі-жиі қырғындап отырыпты. Сондықтан халық ол жерді «Құланөтпес» атап кетіпті.

Басқы сөзі (97-б.): Қазақты хан билеген замандардың бірінде «ақ» дегені – алғыс, «қара» дегені – қарғыс Жошы атты хан өмір сүріпті.

Соңғы сөзі (98-б.): ...Осыған байланысты бұл жерді халық «Құланөтпес» деп атап кетеді.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропаша нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз екі бетке 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түп-телмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200. (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011; Қазақтың мифтік әңгімелері. //Құр.: Ш.Ыбыраев, П.Әуесбасва. – Алматы, 2002; Жер шежіре. – Қарағанды, 2006.

97

Ш. 936 (ӘӨИ)

Б.84; П.84; Ж.23.

27x19,7; 25x17

ҚҰЛАНӨТПЕС, ҚОСАРАЛ

Атауы. Құланөтпес, Қосарал

Айтушы. Ауыл қариялары

Жинаушы. Ш.Оспанова

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ерте заманда Алшағыр деген бай болған екен. Егістігіне құландар жайылып, түсе берген соң халқын жиып алып, құландарды өлтіріңдер деп бұйырған екен. Сөйтіп құландарды өзеннен өткізбей, ұрып-соғып өлтірген екен. Сол Құланөтпестің бір жері екі аралдан тұрады екен. Аралдарды қара су бөліп тұрғандықтан атын Қосарал деп атапты.

Басқы сөзі (16-б.): Ерте заманда Алшағар деген кісі өмір сүріпті...

Соңғы сөзі (16-б.): ...Мұның атын Қосарал деп атаған.

Қағазы, әріп-сиясы. Қазіргі кирилл әрпімен үлкен жол қағазға жазылып, біріктіріліп тігілген.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа санымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары ескірген.

Папкасы. Қ.936 (ӘӨИ). Қарағанды Мемлекеттік Университеті филология факультетінің студенттері фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

98

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.14.

21x17; 17x11

ҚҰНАНБАЙ ЕСПЕСІ

Атауы. Құнанбай еспесі.

Жинаушы. Шәкен Қасымов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бір жолы аға сұлтан Құнанбай, Жанқұты, Шортанбай ақын алқалы топтың арасында бас қосыпты. Ел-елден келген жұрт адамдары ауылдарының жағдайын, дау-дамай мәселелерін айтып даурығып отырады. Атақты ел ақсақалдарынан аталы сөз естігісі келіп отырған жамағатқа Жанқұты Құнанбайға байланысты жылы лебіздер білдіреді. Қалың қазақ сыйлайтын Құнекеңе алдына қара салмаған Кертанаш деген тұлпарын мінгізіп, жиналып отырған жұрттан Есберген еспесі аталған жерді бұдан былай «Құнанбай еспесі» деп атауды сұрайды. Содан кейін Жанқұты: «Құнанбай, Шортанбай, Жанқұты осы жерде бас қосыпты» деген аты қалсын, болашақты болжай отырып үшеміз үш ауыз әңгіме қалдырайық, ақыным, сен баста!» депті. Сонда Шортанбай: «Келер заманның адамдары аласа туады, Ата-анасымен қарсыласып, таласа туады» деген жолдармен бастап толғап кетеді.

Кезегі келгенде Құнанбай: «Жасы қырыққа келсе де, сақал-мұрты болмай тұғын, Бар дүниенің байлығын алса да, көңілі тоймай тұғын, Өмірі ұрыс-керіс, ниеті, пиғылы теріс болады екен болашақтың адамы» депті. Соңында қалған Жанқұты: «Ал» десең, топтың алдын бермейтін, «Бер» десең, бетінді көрмейтін, Өткеннен нәтиже шығармайтын, Келешегінен керектісін ұға алмайтын, Ақылы аз, тойғанға мәз болады екен болашақтың адамы» деген тұжырымға келіпті.

Осы сөздер ел ішінде нақыл болып тарап, жақсылар бас қосқан жер «Құнанбай еспесі» аталып кетіпті.

Басқы сөзі (103-б.): Бірде Жақсы Жәкең, дуанбасы Құнанбай, ақын Шортанбай бас қосып, әңгіме өткізіпті.

Соңғы сөзі (104-б.): ...Сонымен жақсылар сөз айтқан жаңағы жер «Құнанбай еспесі» деп аталып кетеді.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы, Шет ауданында жазылған.

Мәтінің орналасуы. Аңыз екі бетке 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген. Алғашқы бет (103-б.) ортасынан кесіліп, мәтін алдыңғы бөлігіне түскен. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папка. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011; Жақсы Жанқұты. – Қарағанды, 1999.

99

Ш.1200 (ӘӨИ)

**П.1; Б.1; Ж. 11
20X30; 14X10**

ҚЫЗ ӘУЛИЕ

Атауы. Қыз Әулие (70-б.).

Жинаушысы. Раушан Әшімова. Ол туралы дерек кездеспеді.

Аннотациясы. Ертеде кедейдің жігіті байдың қызына ғашық болады. Ата-аналарының қарсылығына қарамастан, екі жас ел-жұрттан безіп әулиенің беткейінде өмір сүріпті. Жігіт аң аулауға кеткенде қыз үйде қалады. Жігіт аңнан қайтса, қыз үйінде жоқ болып шығады. Қызды қанша іздегенмен таба алмайды. Амалы таусылған жігіт төңіректегі бір тасқа отыра кетеді. Сәлден соң үлкен тастың ішінен қызының көйлегінің қиқымына көзі түседі. Сөйтсе, таудан құлаған кесек тас қызды басып қалған екен. Сүйіктісінің қазасына құса болған жігіт қыз денесін сол жерге жерлейді. Содан бері тау етегіндегі тасты «Қыз Әулие» деп атайды.

Басқы сөзі (70-б.): Бұрынғы өткен заманда кедейдің жігіті бай қызына ғашық болады.

Соңғы сөзі (70-б.): ...Содан бері тау етегіндегі тасты «Қыз Әулие» деп атап кетіпті.

Қолтаңбасы. Аңыз кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтінің орналасуы. Мәтін бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өтіп, папкаға салынған.

Тапсырушы. Б.Рақымов.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

100

Ш.1200 (ӘӨИ)

Б.1; Ж.27

30х21; 18х16

ҚЫЗЖЫЛАННЫҢ ҮҢГІРІ

Атауы. Қызжыланның үңгірі.

Жыршысы. Бексұлтан Ашарбеков – Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазықұрт ауданы, Кемеқалған аулының тұрғыны.

Жинаушысы. А.Қодарова – Қарағанды Мемлекеттік университеті, филология факультетінің студенті (1996).

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде бір аңшы тау арасында келе жатып, бір үңгірден тыр жалаңаш отырған сұлу қызды көреді. Қызға үстіндегі киімін шешіп беріп, өзіне әйел болуын өтінеді. Қыз тандырға нан жаптырмаса ғана келісетінін айтады. Аңшы қыз шартына көніп, екеуі үйленеді. Бір күні аңшы оянып кетсе, қасында қыз жоқ боп шығады. Таңертең тұрса, шелектегі судан түк қалмаған. Бұл оқиға келесі күні де қайталанады. Аңшы үшінші күні қызды аңдыса, қыз түн кезінде жыланға айналады екен. Ертеңіне аңшы балгерге барады. Балгер жыланның сиқырмен қызға айналғанын айтады. Сөйтіп аңшы қызға қояр да қоймай нан жаптырады да, қызды тандырға итеріп, жандырып өлтіреді. Содан бері қызды тауып алған үңгір ел арасында «Қызжыланның үңгірі» аталып кетеді.

Басқы сөзі (42-б.): Ертеде бір аңшы тау арасымен келе жатып бір үңгірді көреді.

Соңғы сөзі (42-б.): ...«Қызжыланның үңгірі» деп атап кетеді.

Қашан, қайда жазылғаны. 1996 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазықұрт ауданы, Кемеқалған аулында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түп-телмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т. Әлбеков, Т. Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ҚЫЗ ЕМШЕК

Атауы. Қыз емшек (69-б.).

Айтушысы. Қ.Беркінбаев – Қарағанды облысының тұрғыны.

Жинаушысы. Н.Бекмырзаева – ҚарМУ-нің студенті (2000 ж.).

Аннотациясы. Бір жолаушы келе жатып бір таудың етегіндегі құдық басына келіп демалады. Демалып болған соң жан-жағына қараса, қасындағы тауға ұқсас тағы бір тауды көреді. Екі таудың ұқсастығын қыз баланың қос анарына теңейді. Жолаушы біраз тыныққаннан кейін жолай бір ауылға соғады. Ауылға кіре берісте бір қарт кісі жолаушыдан «қайдан келесің?» деп жөн сұрайды. Сонда жолаушы қайдан келгенін, тауды неге теңегенін айтып береді. Содан сол тау «Қыз емшек» аталып кетеді.

Басқы сөзі (69-б.): Ертеде бір жолаушы жолаушылап келе жатып, бір таудың тұсындағы құдық басына келіп демалады.

Соңғы сөзі (69-б.): ...Міне, содан ел арасында осы екі таудың жаратылысының ұқсастығына байланысты қыз баланың анарына тенеп, «Қыз емшек» деп атап кеткен екен дейді.

Қолтаңбасы. Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба парақтары біріктіріліп тігіліп, папкаға салынған.

Тапсырушы. Б.Рақымов.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ҚЫЗДАРБЕК БИІГІ

Атауы. Қыздарбек биігі (77-б.).

Айтушысы. Далбай Ізтілеуов – Қарағанды облысы, Жаңарқа кентінен.

Жинаушы. С.Сәменова, С.Каримов, Д.Сәтибеков – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенттері (1987 ж.).

Тапсырған. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қыздарбек жайында аңыздар көп. Бір аңызда оның Сайдалы сары Токаның ұстазы екендігі айтылады. Ақтүбек елді мекенінің батыс жағында ауылға жақын тұрған тауды «Қыздарбек биігі» дейді. Елдің айтуынша Қыздарбек әнші және күйші болыпты. Өмірінің соңғы кезінде осы төбенің басында күй тартқан екен. Өмірден озғанда Жайма мен Бәйештің балалары ас береді. Жиналған жұрт «Қыздарбек қызығымыз еді. Ол кеткен соң сауық қандай болады? Мына тау басында әндері айтылып, керемет күйлері тартылып еді» деп еске алады. Қыздарбек сол тауға жерленіп, тау «Қыздарбек биігі» аталып кеткен.

Басқы сөзі. (1-б.): Қыздарбек жайында ел ішінде аңыз көп.

Соңғы сөз. (1-б.): ...Қыздарбек жерленген тау «Қыздарбек биігі» аталып кетіпті.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 1987 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Кеңсе парақтары бір-біріне жіппен біріктіріліп байланған.

Папкасы. Қ. 1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: Қар МУ баспасы, 2006.

103

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.21.
21x17; 17x17,5

ҚЫЗКЕНІШ

Атауы. Қызкеніш

Айтушы. Ахмедия қария. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушы. Т.Мырзабаева.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет алдыңғы 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ерте замандарда қазіргі Еділ өзенінің бойында бір атақты бай өмір сүріпті. Оның сұлулығы талайларды тамсандырған асқан көрікті бойжеткен қызы болыпты. Өлгі қызға батырлығымен елге танылған Едіге деген жігіт ғашық болып, айттыруға туыстарын жібереді. Қыз да, әкесі де оған қарсы болмай, уағадалып тарасады. Алайда, қыздың сұлулығы, ақылдылығы қалмақ ханының құлағына жетіп, ол да құдаласуға бай аулына адамдар жібереді. Ел әбігершілікке түседі. Ханның қалауын орындайын десе, екі жастың обалына қалады, қарсылық білдірсе, екі жақ жауласып, қалмақ қазақты шауып алу қаупі бар. Амалы таусылған

бай Едігені шақыртып алып, бүкіл жасауымен қызын қосып береді де, жау жағы біле бермейтін бір елеусіз жерге аттандырып жібереді. Күн райы бұзыла бастаған күз айы болса керек, көш бір тауға жеткенде қар жауып, аяғы боранға ұласады. Байдың қызы таудың ығы бар тереңдеу сайына там үй салдырады. Кейін сол өңірді жерсініп кетіп, қоныстанып қалады. Бара-бара қоңсылары көбейіп, үлкен ауылға айналады және қыздың алғаш үй тұрғызғаны ескеріліп, ел ауылды «Қызкеніш» атап кетіпті.

Баскы сөзі (102-б.): Ертеде Еділ деген өзеннің бойын маңғырған малы бар бір бай мекен етіпті

Соңғы сөзі (102-б.): ...Кейін ел сол өңірді «Қызылкеніш» атап кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының Қызылкеніш аулында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз бір бетке 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӨӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

104

Ш.1200 (ӨӨИ)

П.1; Б.1; Ж.9
20X30; 16X6

ҚЫЗЫЛ ТАС

Атауы. Қызыл тас (68-б.).

Айтушысы. Қатпар Беркінбаев – Қарағанды облысы, Ақшатау кентінің тұрғыны.

Жинаушысы. Н.Бекмырзаева – Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенті (2000 ж.).

Аннотациясы. Қазақ пен қалмақ арасында болған бір соғыста қазақ жауынгерлері қалмақтарды шығыстан батысқа қарай ығыстырып тастайды. Шаршап келе жатқан қазақ жауынгерлері елге қайтып келе жатып, күн сәулесіне шағылысқан тау етегіне келіп аялдайды. Жауынгерлер таудың әсемдігіне сүйсіне қарап жатып демалады. Содан халық арасында қызара батқан күнмен шағылысқан тауды «Қызыл тас» деп атап кетеді.

Басқы сөзі (68-б.): Ертеде қазақ, қалмақ арасындағы шиеленіс кезінде қазақ жауынгерлері қалмақтарды шығыстан батысқа қарай қуып тастайды.

Соңғы сөзі (69-б.): ...Тауды «Қызыл тас» деп атап кеткен деген аңыз бар.

Қолтаңбасы. Шығарма мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін екі бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба парақтары біріктіріліп тігіліп, папкаға салынған.

Тапсырушы. Б.Рақымов.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

105

Ш.1200 (ӘӨИ)

Б.1; Ж.13.
187х13; 14,5х8

МАЙҚҰЛАҒАН

Аталуы. Майқұлаған (66-б.).

Айтушысы. Шаймерден – Баян-Өлгей өлкесінің тұрғыны.

Жинаушысы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде Қытай елінің бір тыңшысы елінен қашып келіп, бір тауды паналайды. Ол осы тауды паналап, біраз өмір сүреді. Оны ешкім білмейді екен. Бір күні осы тауға жақын орналасқан жайлауға келіп, түнде бір қарын майды ұрлап қашып бара жатқанда, аяғы тастан тайып кетіп, майы құлап, жарылып тастарға жағылып қалады. Содан кейін қашқын ұсталып, оның жағдайы бүкіл елге мәлім болады. Таудың аты «Майқұлаған» аталып кетеді.

Басқы сөзі (66-б.): Менің туған жерімде «Май құлаған» деген тау болған.

Соңғы сөзі (66-б.): ...Осы таудың атын «Майқұлаған» тауы деп атапты деп көзінің тірісінде болған аңызды айтып берген еді.

Қолтаңбасы. Мәтін машинкаға басылған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кеңсе қағазына машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. 2006 жылы машинкаға басылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жасыл папкаға салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

106

Ш.1200 (ӘӨИ)

**Б.1; Ж.10
18x17; 14,5x7**

МАТАҚ АУЫЛЫ

Аталуы. Матақ тауы (37-б.).

Айтушысы. Мырзахметқызы Дариға – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бесоба аулының тұрғыны.

Жинаушысы. А.Қанафина – Қарағанды облысының тұрғыны.

Аннотациясы. Ертеде Матақ деген батыр болған. Ол Қожан батыр деген батырдың немере інісі болып келеді. Қожан батыр көп нәрсеге көңілі толмай, Абылай ханның өзіне де қарсы шығып жүрген. Бір жорықта Матақтың әскерін елші келіп, қазіргі Қарқаралы ауданының Матақ кеңшарының төңірегінде тоқтатқан. Ол жер бұрын Бекімжамал деген емші әйелдің атымен аталған. Ол әйел сол жерде жерленген көрінеді. Матақ батыр өлерінде: «Мені сол әйел жатқан жерге жерлендер» деп айтқан екен. Сонда уәзірлері: «Сізді әйел жатқан жерге қалай жерлейміз?» дегенде, Матақ батыр былай деген екен: «Мені сол төбеге жерлесендер болды. Осы жер мен өлгеннен кейін Матақ атанып кетеді». Содан былай сол жер «Матақ» атанып кетеді.

Басқы сөзі (37-б.): Матақ деген кісі батыр болған.

Соңғы сөзі (37-б.): ...Содан бері ол жер қазіргіге дейін Матақ атанып келеді.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. Мәтін Қарағанды облысында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке қарасөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жасыл папкаға салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

МЫРЗАКЕЛДІ

Атауы. Мырзакелді (67-б.).

Айтушысы. Жаркен Қалқаманұлы – Қарағанды облысы, Жанаарқа ауданының тұрғыны.

Тапсырушы. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Жинаушысы. Гүлназ Мұқаева – ҚарМУ-дың студенті (2000 жылы).

Аннотациясы. Ерте заманда бір таудың баурайын бір ел қоныстаныпты. Ауылдың болысы жақсы әрі қонақжай адам екен. Оның үйір-үйір жылқысы, қойы, түйесі болыпты. Бір күні сол болыстың үйіне Ақпатшаның өзі қонаққа келеді. Болыс той жасап, балуан күрес, бәйге, әртүрлі жарыстар ұйымдастырады. Аста-төк ет, саба-саба қымыз, халық ығы-жығы, той қырық күнге созылыпты. Патшаны аң аулатып, құс салып, ауылдың табиғатын аралатыпты. Қазақтың қонақжайлығына, мейірбандығына тәнті болған патша еліне кетіп бара жатып, артына қарағанда, ауылдың іргесіндегі тауға көзі түседі. «Мына таудың аты не?» деп сұрайды. Содан кейін сол таудың аты «Мырзакелді» атаныпты.

Басқы сөзі (67-б.): Ақ патша заманында ел таудың баурайында бір ауыл қоныстаныпты.

Соңғы сөзі (68-б.): ...Содан кейін «Мырзакелді» деп аталып кетіпті.

Қолтаңбасы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Аңыз мәтіні 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтәннің орналасуы. Мәтін екі бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

НАЙЗАКЕСКЕН

Атауы. Найзакескен.

Айтушы. Жұмаділ ақсақал. Ол туралы дерек кездеспеді.

Жинаушы. Н.Мұхаммедиярова.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Жаугершілік замандардың бірінде бір рулы елді тұтқиылдан жау шауып, мінерге ат қалдырмай жылқыларын айдап кетіпті. Соңынан қууға ат таппаған Ес (Есей), Дос (Досберген) батырлар шапқыншыларды жаяу қуыпты. Қолдарындағы найзалары жаяу адамға алып жүруге ыңғайсыздық келтіргендіктен, кесіп, қысқартып алысыпты. Сол себепті әлгі жер «Найзакескен» аталған дейді көнекөз қариялар. Жау ұзап кетіп, сондарынан қуғыншы көрінбегендіктен, асықпай жылқы сойып, тамақтанып жатады. Дос батырдың жауырыншылық қасиеті бар екен, соның арқасында қамсыз жатқан жаудың үстінен түседі. Қос батыр жауды күйрете жеңіп, Қайықпаның қанторысы деген жүйрік атты қолға түсіріп, жылқыларды елге қайтарады.

Басқы сөзі (105-б.): Ертеде бір тайпа елдің жылқысын жау алып, минуте ат болмай Ес батыр (шын аты – Есей) мен Дос батыр (шын аты – Досберген) екеуі жылқыны жаяу қуыпты.

Соңғы сөзі (105-б.): ...Жауды ойсырата жеңіп, жылқыны аман-есен алған деседі.

Қолтаңбасы. Машинкада терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы, Шет ауданында хатқа түскен.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз екі бетке 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

109

Ш.1200 (ӘӨИ)

**П.1; Б.1 Ж.11
20X30; 16X7**

НАРЫНҚОЛ – АЙҒАЙТАС

Атауы. Нарынқол – Айғайтас (66-б.)

Айтушысы. Д.Мырзахметқызы. Ол туралы дерек кездеспеді.

Жинаушысы. А.Қанафина – ҚарМУ-дың студенті.

Аннотациясы. Алматы облысы, Нарынқол ауданына қарасты Шөлкөде деген жайлауда Есекартқан деген жер бар. Ол жердің олай аталу себебі, ертеде бір кедейдің есегі сол жерде өліп қалған екен. Ал, Нарынқол деп аталуы себебі, моңғолдар сол жерден бір жіңішке өзенді көріп,

«Нарынқол» деп атап кеткен. «Нарынқол» сөзінің өзі моңғол тілінен аударғанда «жінішке» деген мағынаны білдіреді екен.

Алматы маңайында Айғайтас деген тас бар. Жаугершілік заманда сол жердің тұрғындары жау келе жатқанын осы тастың жаңғырығы арқылы, айқайы арқылы біліп, дайын отырады екен. Сол себепті жер атауы «Айғайтас» аталып кеткен.

Басқы сөзі (66-б.): Алматы облысы, Нарынқол ауданының Шөлкөде деген жайлауы бар.

Соңғы сөзі (66-б.): ...Содан Айғайтас деп аталады.

Қолтаңбасы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба папкаға салынған.

Тапсырушы. Б.Рақымов.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

110

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x8

НҰРА ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Атауы. Нұра туралы аңыз

Айтушы. Дерек кездеспеді.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде Нұра деген қыз болыпты. Жүзін мұң басып, әрдайым қайғыда жүреді. Ертіс атты жігітпен қосылсам, шер тарқар еді деп күндіз-түні ұйқы көрмей, ойға қалады. Ертісті бір көруге зар болып, бұлттан сәлем айтып, Шідертіден хат жазып жібереді. Ертістен бір хабар болмай, жылағанда көз жасы өзен болады. Сөйтіп, жыл артынан жыл өтіп, Ертіс пен Нұра қосылыпты.

Басқы сөзі (132-б.): Нұраның әсем сұлу жағасында,

Жайқалған құрақ талдың арасында...

Соңғы сөзі (137-б.): ...Жесін деп жас күйінде қала халқы,

Еңбегі балықшының сый қып тартқан.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

111

Ш.1200 (ӘӨИ)

**П. 1; Ж. 9
33x19; 16x6,5**

НҰРТАЙ ТАУЫ

Атауы. Нұртай тауы (74-б.).

Айтушысы. Өузар ақсақал – Қарағанды облысы, Шет ауданының тұрғыны.

Жинаған. Әбдуов Мұқаметқали. Ол туралы мәлімет 73-сипаттамада бар.

Тапсырған. Б. Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ақтоғай ауданының Жидебай ауылында (Қоңырат кеңшары) өте биік, көлемі үлкен «Нұртай» тауы бар. Таудың үсті жазық, атпен аң қуғанда қорқынышсыз жерде жүргендей болсаыз. Осы таудың өткен XIX ғасырдың бас кезінде кіші жүз елінен Нұртай деген жігіт қылмысты болып қоныстанған. Қыстау салып малды-жанды болыпты. Таудың күншығыс жағын мекендеген жігітіне ел ақсақалдары кемшілік көрсетпей, қамқорлық жасап «мына тау сенің атыңмен аталсын» деп, «Нұртай» тауы деп атапты.

Басқы сөзі. (74-б.): Ақтоғай ауданының Жидебай ауылында өте биік, көлемі де айтарлықтай үлкен «Нұртай» тауы бар.

Соңғы сөзі. (74-б.): ...Таудың күншығыс жағын мекендеген жігітіне ел ақсақалдары кемшілік көрсетпей, қамқорлық жасап мына тау сенің атыңмен аталсын деп, «Нұртай» қойыпты.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналастырылуы. Бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Кеңсе парақтары бір-біріне жіппен біріктіріліп байланған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ),

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006.

112

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**П.1; Б.1; Ж.20
20X30; 16X15**

ОҚЖЕТПЕС

Аталуы. Оқжетпес (57-б.).

Айтушысы. Ысқақ қария – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қ.Аманжолов атындағы ауылдың тұрғыны.

Жинаушысы. Алтай Дариға – Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенті (1999 ж.).

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет алдыңғы 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ерте заманда Көкшетау маңын бір батыр мекендепті. Кәсібі бүркіт салып, аң аулау болыпты. Ол кезде Көкшеге ауып келген «Оралдың акиығы» атты орасан күшті бүркіттер мекендейді екен. Бір күні батыр аң аулап келе жатып, биік таудың басында адам тәрізді бірдеңені жем қылып тұрған бүркітті көреді. Сол арада мерген: «Апырмай-ай, мұның жемі адам болғаны ғой», деп ойлап, бүркітті көздеп, садағын тартып жібереді. Зулаған оқ үшкір таудың ортасынан аса, көзделген шың тасқа жетпей, қайтып жерге түсіпті. Оғын жеткізе алмайтынын білген мерген үйіне қайтып келсе, әлгі бүркіттің жемі өзінің қызы екенін естиді.

Ашынып-күйінген батыр: «Ең болмаса, қызымның сүйегін қолымнан көмейін» деген оймен тауға қайтып барып, өрмелеп шығып, қызының сүйегін тауып алады. Қызын сол таудың етегіне жерлейді. Одан кейін сол тауға «Окжетпес» деп ат қояды.

Басқы сөзі (57-б.): Баяғы бір замандарда Көкшетаудың бауырындағы алаңын бір батыр, әрі асқан мерген мекендепті.

Соңғы сөзі (57-б.): ...Қызының сүйегін тауып алып, таудың түбіне қолынан жерлейді және сол тас тауға «Окжетпес» деп ат қояды.

Қолтаңбасы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 1999 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттердің нөмірленуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбалар жинақталып, қосылып тігілген. Жасыл қалың папкеге салынған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ)

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: Кар МУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

113

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 11
33x19; 16x6

ОРАЛБАЙ ТАУЫ

Атауы. Оралбай тауы (74-б.).

Айтушысы. Өузар ақсақал – Қарағанды облысы, Шет ауданының тұрғыны.

Жинаған. Мұқаметқали Әбдуов. Ол туралы мәлімет 73-сипаттамада бар.

Тапсырған. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қарағанды Ақтоғай тас жолының бойында, руы Әлтеке Жидебай батырдың күзек салған «Жидекеңнің жер үйі» деген жер бар. Жидекең бір жылы осы күзегінде отырғанда үлкен баласы Оралбай келіпті. Ол кезде жер-суға көп ат беріле қоймаған кез болса керек, үйінің іргесіндегі аты белгісіз биік тауды Жидекең «Оралбай» атапты. Оралбайдың мінезі ақкөңіл, аңкылдаған адам екен. Құрдастары оған бабаң Дос батыр, әкең Жидебай батыр осы өзің қандай боласың десе, ақкөңіл кісі: «Жаман болсам әкем Жидебайдай болармын» депті.

Басқы сөзі (74-б.): Қарағанды Ақтоғай тас жолының бойында, руы Әлтеке Жидебай батырдың күзек салған «Жидекеңнің жер үйі» деген жер бар.

Соңғы сөзі (74-б.): ...Содан құрдастары әкеміздей боламыз ба деп сөз бастайды екен.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Кеңсе парақтары бір-біріне жіппен біріктіріліп байланған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Жер-шежіре. Хрестоматия. — Қарағанды:ҚарМУ баспасы, 2006.

114

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 3; Ж. 38
29.8x21; 24x17

ОРТАУ

Аталуы. Ортау

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Айтушысы. 1997 жылы ҚарМУ-дың студенті Бекмағамбетова Әсел Шет ауданы, Өспен ауылының тұрғыны Әлиманов Іргебай ақсақалдан жазып алып тапсырған.

Аннотациясы. Бұрынғы заманда Күшікбай деген бір бай болыпты. Оның малдарын ұры-қары ұрлап тыныштық бермейді екен. Бір күні Күшікбай таң намазына тұрса, ауылдан бір шақырым қашықтықта бір қос пайда болғанын көреді. Таңғы намазын оқып болған ақсақал баласын жіберіп, өзінің атқосшысын шақыртады. Атқосшысы келген соң ақсақал:

«Бар да, ана қостың жағдайын біл. Ел болса келіп жолықсын де, ал жау болса шауып алындар!» дейді.

Сөйтсе, бұл қолының қысқалығынан ғашығына қосыла алмай, ауып келген Қарпық елінің Ортау деген жігіті екен. Өзі батыр болғандықтан Күшікбай бала ғылып, ақбоз үй тігіп жанына қондырып алады.

Бұрын дәндеп алған ұры-қарылар талай түн жамылып келіп, мал ала алмайды. Осыдан бастап, Ортау жігіттің аты барлық елге тарай бастайды. Бір жаугершілікте ерлік көрсетіп «Батыр Ортау» атанады.

Талай-талай қиян-кесті заман өтеді. Ақсақал Күшекең қартайып қайтыс болады, ал Ортау батыр болса, жас егделеп қалады. Күшікбай қайтыс болар шағында ауыл адамдарын жинап алып, Ортау батырға батасын беріп: «Осы ауыл, енді, Ортау ауылы болсын, сен осы елдің қалғанына ие бол!» – деп өсиет айтады. Содан бастап осы мекен «Ортау ауылы» атанып кетеді.

Басқы сөзі (10-б.): Бұрынғы заманда жөн-жоба білетін, үлкен-кішісі бір ауыз сөзіне тоқтайтын Күшікбай деген кісі өмір сүріпті.

Соңғы сөзі (12-б.): ...Содан бастап осы мекен «Ортау ауылы» атанып кетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. А4 қағазына машинкамен, кирилл әрпінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Парақтары бөлек-бөлек. Тігіліп, желімденбеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2012.

115

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**П. 2; Ж. 10
29,5x21; 6x17,5**

ОТАУТАС

Атауы. Отаутас (46-б.).

Айтушы. Кәрібаев Домбай – Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданы, Ақтау ауылының тұрғыны.

Жинаған. А.Игенова – 1995 жылы ҚарМУ-дың студенті.

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Байдың жалғыз қызына бір шал құда түседі екен. Тойдың қамын жасап жатқан кезде қыз бір кедей жігітпен қашыпты. Ашуланған бай қыз бен жігітті қуғыншыларына өлтірпек болады. Жетіп қалған қуғыншыларды көргенде қыз Құдайға жалбарынып көмек сұрай-

ды. Сол кезде алдында тұрған үлкен тас қақ айрылғанда екеуі кіріп кетеді. Тастың қайта жабылғанын көрген қуғыншылар кейін қайтады. Тастың мүсіні отауға ұқсағандықтан осылай атапты.

Басқы сөзі (46-б.): Баяғыда бір байдың жалғыз қызы болыпты.

Соңғы сөзі (47-б.): ...Бұл таудың «Отаутас» деп аталуы осылай, таудың пішіні алыстан қарағанда ақ отауға ұқсайды.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1995 жылы Ақтау ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қалпына келтірілмеген.

Ақауы. Қарындашпен жазылған жерлері бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ), Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

116

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.39; Ж. 2
29,7x21; 20x17,8

САРЫАРҚА

Атауы. Сарыарқа.

Жыршысы. Хасен Итбалин – Ұлы Отан соғысының ардагері. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Тегісшілік аулының тұрғыны.

Жинаушысы. Ә.Хасенова – Қарағанды Мемлекеттік университеті, филология факультетінің студенті.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Баяғы өткен заманда Сарыарқа жері тұруға өте қолайсыз жазық дала болыпты. Елінің қамын ойлаған Асан қайғы Тәңірден жерінің тұруға ыңғайлы болуын өтінеді. Тәңір де Сарыарқаның байтақ даласына көз салып, еш тұлдырсыз жаратқанына ыңғайсызданады да, қоржынынан ірі кесектер іздейді. Алайда ірі кесектер жер бетіне үлкен таулар болып жұмсалып кеткен екен, тек ұсақ кесектер ғана қолына ілінеді. Көп ойланған Тәңірі қойнауы берекеге толы боларлықтай етіп, ұсақ қиыршықтарды шаша салады. Сол кезде ұсақ қиыршықтардан Көкшетау, Баян, Қарқаралы, Қызыларай, Ұлытау сияқты таулар пайда болған екен.

Басқы сөзі (39-б.): Есте жоқ ескі заманда дүниені жаратушы Тәңірі...

Соңғы сөзі (39-б.): ...Сияқты таулар болса керек.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылғаны. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Тегісшілік ауылында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Ақауы. Қолжазба ескіріп, шеті жыртыла бастаған.

Папкасы. Қ.1200. Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

117

Ш.1200 (ӘӨИ)

П.1; Б.1; Ж.11
20Х30; 14Х6,5

СЫМТАС

Атауы. Сымтас (73-б.).

Айтушысы. Мүсілім Әбдірбаев – Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай ауылының тұрғыны.

Жинаушысы. Шұға Әбдірбаева – Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенті.

Аннотациясы. Бай қызын ұзатпақ болып, қызының жасауын дайындап жатып қызынан: «Енді не сұрайсың?» дегенде, Қызы: «Сықырлауығым сырлаусыз, босағам бояусыз бара жатырмын» дейді. Ашуға булыққан әкесі қызының тойымсыздығына ренжіп: «Әй, тойымсыз неме тасқа айналғыр» дейді. Бір сәтте бүкіл ел, мал-мүлкі, жұрты тас болып, тасқа айналып кетеді. Сол жердегі тас бейнелері адам мен мал бейнелеріне ұқсас болғаннан кейін бұл жерді «Сымтас» деп атап, осындай аңыз пайда болған екен.

Басқы сөзі (73-б.). Ертеде бір байдың жалғыз қызы болған.

Соңғы сөзі (73-б.). ...Бұл жерді «Сымтас» деп атап, осындай аңыз пайда болған.

Қолтаңбасы. Шығарма мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өтіп, папкаға салынған.

Тапсырушы. Б.Рақымов.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

118

Ш.1200(ӘӨИ)

**П.1; Б.1; Ж. 6
20Х30; 12Х9**

ТАРБАҒАТАЙ

Атауы. Тарбағатай (57 б.).

Айтушысы. Оңас Баймолдин – Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Аужар ауылының тұрғыны.

Жинаушысы. Г.Шеңгелбаева – Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенті.

Аннотациясы. Ертеде Тарбағатай тауын қалмақтар мекен еткен. Қаптаған суыр түні бойы ащы дауыстарымен шаңқылдап, маза бермеptі. Қалмақтар суырды «тарбыға», ал тауды «тай» деп атайды екен. Сонан осы биікті «Суырлытау», яғни «Тарбағатай» деп атап кетеді. Таудың осы атауы күні бүгінге дейін сол қалпында сақталған.

Баскы сөзі (57-б.): Ертеде осы таудың қазақ жерін жаулап алған қалмақтар мекен еткен.

Соңғы сөзі (57-б.): ...Таудың осы атауы күні бүгінге дейін сол қалпында сақталған.

Қолтаңбасы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 1997 жылы Шығыс Қазақстан облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбалар біріктіріліп тігіліп, папкаға салынған.

Тапсырушы. Б.Рақымов.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия, - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. // Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

119

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**Б.45-46; Ж.10
29,7х21; 8,9х17,7**

ТАЙАТҚАНШҰНАҚ

Атауы. Тайатқаншұнақ.

Жыршысы. Мағауия Сатыбалдин – Ақсу-Аюлы кентінің тұрғыны.

Жинаушысы. Айгүл Айнабасва – Қарағанды Мемлекеттік университеті, филология факультетінің студенті (1999).

Тапсырушы. Рақымов Берік. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Шапқыншылық заманда Мерген деген аңшы болыпты. Шайқастардың бірінде қолға түскен қалмақ қызы олжа ретінде Мергенге беріледі. Біраз уақыт өткеннен кейін қалмақ қызы құлан етіне жерік болады. Содан аңшы құлан іздеп, дала кезеді. Іздеген аңы жолыға қоймайды. Бір күні мерген алдындағы беткейден құланды көзі шалып қалады. Аңшы көрген аңын дәлдеп, атып жіберсе, құлан деп атқаны тай болып шығады. Оның бір жақ құлағы жоқ шұнақ екен. Кейін сол биікті ел «Тайатқаншұнақ» деп атап кетеді.

Басқы сөзі (45-б.): Бұрынғы өткен заманда мерген деген әрі аңшы, әрі батыр адам болыпты.

Соңғы сөзі (46-б.): ...Кейін келе жаңағы биікті ел «Тайатқаншұнақ» деп атап кетеді.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1999 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

120

Ш. 936 (ӘӨИ)

Б.84; П.84; Ж.23.
27x19,7; 25x17

ТАЙАТҚАНШҰНАҚ

Атауы. Тайатқаншұнақ

Айтушы. Дүйсенбек Исабеков. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушы. А.Құйқалақова. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бір байдың баласы болмай, төрт әйел алған екен. Төртінші әйелі екіқабат болып, құлан етіне жерік болады. Сары Мерген жанына он бір жасар ұлын алып, құланды іздеп шығады. Бірнеше күн жүріп, аңшы мерген қос шоқыны мекендеген құланға кез болады. Баласына құланды екінші шоқыдан бері қарай қашыруын айтып, өзі мылтығын кезеп тұрады. Қашып келе жатқан құланның қақ маңдайынан

оқты тигізіп, еліне баласынан хабар жеткізеді. Ауылға әкелген соң құланның құлағы шұнақ, өзі тайдай ғана кіші екенін көріпті. Содан бері сол мекен «Тайатқаншұнақ» аталған екен.

Басқы сөзі (36-б.): Ертеде XVIII ғасырдың ішінде...

Соңғы сөзі (37-б.): ...Содан бай өзінің айтқан уағдасы бойынша айғыр үйір жылқысы мен жүйрік атын беріп, қызметіне риза болады.

Қағазы, әріп-сиясы. Қазіргі кириллицамен үлкен жол қағазға жазылып, біріктіріліп тігілген.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа санымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары ескірген. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.936 (ӘОИ). Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенттері фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары (Аңыз, әңгімелер).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

121

Ш. 1200 (ӘОИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x8

ТӘТТІ АУЫЛЫ

(I нұсқа)

Ағауы. Тәтті ауылы

Айтушы. Ешбір мәліметтер берілмеген.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ілгеріде бір бай перзентке зар болған екен. Әбден қартайған шағында сүйікті әйелі жүкті болыпты. Күні жетіп қалса керек. Бір күні әйелі өзен аңғарында жүріп босанып қалыпты. Босанған баласы қыз болған екен.

Бай сол ауылдың игі-жақсыларын шақырып, қызының есімін Тәтті қойған екен дейді. Бірақ сол қыз шілде айларында өзенде шомылып жүріп, батып кетсе керек. Ал кейбір кісілер бұл жердің Тәтті аталу себебі, мұнда ең бірінші орыс қызы Татьянаның қоныстануы десе, енді біреулері күнделікті қолданылып жүрген судың тәттілігінен дейді.

Басқы сөзі (25-б.): Ілгеріде бір бай перзентке зар болған екен...

Соңғы сөзі (25-б.): ...енді біреулері күнделікті қолданылып жүрген судың тәттілігінен дейді.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

122

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.
21х17; 18х8

ТӘТТІ АУЫЛЫ

(ІІ нұсқа)

Атауы. Тәтті ауылы

Айтушы. Белгісіз.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет алдыңғы 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Жыл сайын көктемде осы өңірге бір жұп сарыала қаз ұшып келеді екен. Мұның біреуі кедей жігіт, екіншісі байдың сұлу қызы болса керек. Екі жас үйленбекші болғанда қыздың әкесі наразы болыпты. Жігіттің әкесі екі жасты қазға айналдырыпты. Содан бері әлгі екі қаз жұп жазбай жүреді екен.

Басқы сөзі (25-б.): Бала кезімде естуші едім...

Соңғы сөзі (25-б.): ...Бір ғажабы сол екі қаз көбеймейтін көрінеді.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200. Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

123

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 11
29,5х21; 6,5х17

ТЕМІРТАУ

Атауы. Теміртау (50-б.)

Айтушы. Әріпбек ақсақал – Теміртау қаласының тұрғыны.

Жинаған. С.Әріпбекова – 1991 жыл ҚарМУ-дың 2-курс студенті.

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Теміртау бұрын Жауыртау аталса керек. Қарабайдың қызы Баян ғашығы Қозыға моншағын, домбырасын, сәукелесін бір жігіт арқылы беріп жіберіпті. Ұзақ жол жүріп бір таудың қасына кеп демалайын десе, әлгі жігіттің арқасы жауыр боп қалған екен. «Жауыртау» атануы содан дейді.

Басқы сөзі (50-б.): Теміртаудың бұрынғы аты Жауыртау көрінеді.

Соңғы сөзі (50-б.): ...Сонан жаңағы таудың атын ел «Жауыртау» деп атап кетеді.

Қолтаңбасы. Машинкаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы Теміртау қаласында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен жазылған жерлері бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

124

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x8**

ТЕРЕКТІ

Атауы. Теректі

Жинаушы. К.Мұқыжанова.

Айтушы. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Теректі ауылының тұрғыны – Асқар Рахатаев.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ерте заманда Ермек деген батыр елінде еншілеп кеткен бір бәйге атын қайтарып алмақ болып, жолға аттанғалы жатқанда, жолдасы тұрып: «Енді біз қай жерде кездесеміз?» деген екен. Сонда Ермек: «Егер мен күрең бәйгімді алып қайтсам, осы тұрған жеріміздің жол жиегінде бір теректен қиған таяқты шаншып кетем, ол менің олжалы қайтқандығымның белгісі болмақ» деген екен.

Басқы сөзі (36-б.): Ерте заманда Ермек деген батыр елінде еншілеп кеткен бір бәйге атын қайтарып алмақ болып...

Соңғы сөзі (36-б.): ...Теректі ауылының аты содан қалған.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Жер-шежіре. – Қарағанды, 2006; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ТЕРІСАҚҚАН

Атауы. Терісаққан

Айтушы. Жандарбек Байбосынов.

Жинаушы. Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттері

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Елге жауыздығымен белгілі Айтық деген ханның төрт ұлы болған екен. Өлер алдында хан ұлдарынан билеп отырған жұрттың малын жеп, байлығы мен атағын сақтап қалуға уәде алады. Кенже ұлы әкесінің сөзіне келіспеген соң, үш ағасы аяқ-қолын байлап, өзенге лақтырып жібереді. Содан бері сол өзен басқа үш өзенге қарама-қарсы ағатын болыпты.

Басқы сөзі (16-б.): Қазақ даласын хандар әулеті билеп тұрған заман...

Соңғы сөзі (16-б.): ...Сол себепті қаланы Терісаққан деп атап кеткен дейді аңыз.

Қағазы, әріп-сиясы. Қазіргі қазақ әрпімен оқушының жол дәптеріне жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы, Нұра ауданы.

Беттелуі. Нөмірленбеген.

Папкасы. Қ.936 (ӘӨИ). Қарағанды Мемлекеттік Университетінің филология факультетінің студенттері фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары (Аңыз, әңгімелер).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ТОЛАҒАЙ

Атауы. Толағай.

Жыршысы. Сатыбалдин Мағауия – Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы кентінің тұрғыны.

Жинаушысы. Айнабаева Айгүл – Қарағанды Мемлекеттік университеті, филология факультетінің студенті (1999).

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Баяғыда Арқада өмір сүрген жұрт ел қорғайтын батыры болуын арман етіпті. Күндердің күнінде бір отбасында алтын айдарлы бала дүниеге келеді. Бала күн санап өседі. Туған-туысқандары баланы

«Толағай» деп атайды. Бір күндері елде қуаңшылық болып, ел күйзеліске ұшырайды. Еліне көмегін тигізгісі келген Толағай дана ақсақалға барып, ақы сұрайды. Ақсақал жаңбырдың жоқтығы таудың болмауынан екенін айтады. Толағай ақсақалдың нұсқауымен Алатауға барып, еліне тау беруін өтінеді. Баланың ерлігіне риза болған Алатау бала тауды Толағайға арқалатып жібереді. Ұзақ жол жүрген Толағай елінің шетіне іліне бере тізесі бүгіліп, құлап түседі де, ұйқыға кетеді. Арқасындағы таудан басылып қалған Толағай күні бүгінге дейін ұйықтап жатыр дейді. Сол тауды ел «Толағай» деп атап кетіпті.

Басқы сөзі (44-б.): Бұрынғы өткен заманда апайтөс Арқаның бел ортасында бір қауымдық жұрт өмір сүріпті.

Соңғы сөзі (45-б.): ...Ал, жаңағы бала тауды ел Толағай деп атап кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1999 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы кентінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түптелмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т. Әлбеков, Т. Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

127

Ш. 936 (ӘӨИ)

Б.84; П.84; Ж.24.

21x17; 18x8

ТОПАР

Атауы. Топар

Айтушы. К.Жайлыбеков, Р.Шалабаев.

Жинаушы. Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенті –Ш.Оспанова (1998 ж.).

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Аңызда Топар мен Жандар деген ағайындылардың қалмақтарды жеңгені жайлы айтылған. Қалмақтар мынадай шарт қойған екен: бұқа мен бұқаны сүзістіріп, айғыр мен айғырды төбелестіріп, балуан мен балуанды күрестірейік деген. Сонда қазақтың бұқасы да, айғыры да, балуаны да жеңіске жетіп, қалмақтар жерді бейбіт жолмен тастап кеткен.

Басқы сөзі (14-б.): Ертеде Топар, Жандар деген екі ағайынды жігіттер болған екен...

Соңғы сөзі (14-б.): ... Содан осы сайыс болған жер Топар деген кісінің құрметіне қойылған екен.

Қағазы, әріп-сиясы. Қазіргі қазақ әрпімен оқушының жол дәптеріне жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы, Нұра ауданы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Ақауы. Қағазы ескірген, сарғайған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.936 (ӘӨИ). Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенттері фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары (Аңыз, әңгімелер).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

128

Ш. 920/137 (ӘӨИ)

Б.84; П.84; Ж.23.

27x19,7; 25x17

ТӨРТКҮЛ ТӨБЕ

Атауы. Төрткүл төбе

Айтушы. Айсапар Сапарбаев. 1929 жылы дүниеге келген. Басқа дерек кездеспеді.

Жинаушы. Ж.Мұсабаева.

Тапсырушы. Қыдырәлі Саттаров. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Баяғыда бұрынғы Қарасора ауылында бір үлкен аждаһа пайда болыпты. Ол елге тыныштық бермепті. Малды малдай, адамды адамдай қырыпты. Ауыл адамдары әбден сасыпты. Осы ауылда бір молда болыпты. Молда әбден бұл аждаһаны сиқырмен дуалап, бірнеше ғасырға сиқырлап қатырып қойған екен. Содан сол молданың құдіретінің арқасында ауыл тыныштық тауып қалыпты. Аждаһаны ауыл сыртындағы Төрткүл деген төбеге қырға көміпті. Сондықтан бұл жер Төрткүл төбе деп аталыпты.

Басқы сөзі (36-б.): Баяғыда қай ғасыр екені белгісіз...

Соңғы сөзі (37-б.): ...Төрткүл төбе деп аталуда екен.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылған. Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы.

Беттелуі. Еуропа санымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары ескірген. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.920/137 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

129

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x8**

ТІЗЕБҮККЕН

Атауы. Тізебүккен

Айтушы. Белгісіз.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Аңызда Жуантөбенің Бетпақдала жақ бөктерінде Тізебүккен деген бұлақтың аталу тарихы туралы айтылады. Жергілікті қарияның айтуы бойынша: Сарыарқаға бет алған керуендер, жолаушылар жазық далада шаршап-шалдығып, маңдай тіреп, тізгін тартар мекенді, тізе бүгер орынды сағынышпен аңсайды. Ұзақ жол жүріп, дамыл алатын жер осы мөлдір бұлақтың басы болады. Сондықтан да бұл бұлақ «Тізебүккен» деп аталады.

Басқы сөзі (126-б.): Жуантөбенің Бетпақдала жақ бөктерінде Тізебүккен атты ботаның көзіндей мөп-мөлдір бұлақ бар...

Соңғы сөзі (126-б.): ...Міне, шырағым, аттың жалы, түйенің қомында ғұмыр кешкен қазақ атаңның осындай бір тыныс алып, тізе бүккен жері болар бұл бұлақ деп қария сөзін аяқтады.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

130

Ш. 1200 (ӘӨИ)

**Б.156; П.156; Ж.36.
21x17; 18x8**

ТҮЛКІБАС

Атауы. Түлкібас

Айтушы. Белгісіз.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Майлықент деген өңірде Түлкібас деген әулие кісі өмір сүріпті. Өзі әулие болса да, өте қарапайым болыпты. Ел ішінде оған сенбей, күле қарағандар да болған екен. Бір күні Түлкібас Қосемшек деген төбенің етегіндегі өзенге түйесін суғармаққа апарады. Сол кезде оған сенбейтін бір топ адам артынан әжуалап қарап күліпті. Бұған шыдамаған

Түлкібас әулие артына қарап, оларға түкіріп қалыпты. Сол мезет олар езіліп кетіп, әрқайсысы бір-бір бастауға айналады. Осыдан бастап ел оған сене бастайды.

Басқы сөзі (24-б.): Түлкібас ауданының «Түлкібас» аталуына байланысты ел аузында әр түрлі әңгімелер бар...

Соңғы сөзі (24-б.): ...Сонан соң жұрт уәде бойынша сол өңірге Түлкібас атын берінті.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200. Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

131

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.44; Ж. 17
29,7x21; 10,3x17,1

ҰЙҚЫДАҒЫ БАТЫР

Атауы. Ұйқыдағы батыр.

Жыршысы. Жұмабек Қожамсейітов – Көкшетау қаласының тұрғыны.

Жинаушысы. А.Жұмабеков – Қарағанды Мемлекеттік университеті, филология факультетінің студенті (1991 ж.).

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бұрынғы өткен заманда бір қауым жұртқа жеті басты айдаһар келіп, күн сайын жеті жылқы, жеті сиыр, жеті қой және жеті адам алып, күнделікті қоректеніп отырыпты. Бір күні айдаһарға мал-жан-ды алып бара жатқан топқа бір жолаушы кезігеді. Жігіттер жағдайларын айтады. Мұны тындаған батыр айдаһарды өлтірмек болып, жеті баспен жеті күн арпалысады. Жетеуін жеңгеннен кейін қалжыраған батыр ұйқыға кетеді. Осы кезде айдаһардың бір басы соңғы күшін жинап, батырға от себеді. Содан батыр тасқа айналады. Сол кезден бастап халық тасты «Ұйқыдағы батыр» деп атапты.

Басқы сөзі (44-б.): Бұрынғы өткен заманда...

Соңғы сөзі (44-б.): ...Сол кезден бастап халық сол тасты «Ұйқыдағы батыр» деп атап кетеді.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш кеңсе қағазына кирилл әрпінде хатқа түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз 2 интервал аралықпен бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қағаздар ескіріп, сарғая бастаған. Арнайы түп-телмегендіктен, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т. Әлбеков, Т. Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

132

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x8

ШАҢЫРАҚКЕМІР ЖАЙЛАУЫ

Атауы. Шаңырақкемір жайлауы

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бұл жерде Оспан деген байдың жазғы жайлауы болған. Жаз келе Оспан өзінің көптеген туған-туыстарымен, малымен осы жайлауды мекендейді. Оспан бай туыс, көршілері арасында ең беделді, ауқатты болған, онымен қоса әрі адал болған, кедейлерге талай көмегін тигізіп отырған. Оспанның ауылы тату-тәтті, тыныш өмір сүріп жатқанда, ұжымдастыру кезеңі басталды. Көптеген ауқатты адамдардың, солардың ішінде Оспанның байлықтары, малы тартылып алына бастады. Оған қоса ашаршылық басталды. Ауыл қалған мүліктерін жиып көше бастады, көптеген адамдар тамақ татпай, шетінен қырылды. Бір күні ауылда жейтін еш нәрсе табылмай, тұрғындар киіз үйлерін құлатып, шаңырақтарын кеміре бастаған. Бұл сұмдық бірнеше күн бола берді. Басқа жақтан орнында шаңырақтары кемірілген киіз үйлерді көрді. Содан бұл жайлау «Шаңырақкемір» деген атауға ие болған.

Басқы сөзі (36-б.): Бұл жер Оспан деген байдың жазғы жайлауы болған...

Соңғы сөзі (36-б.): ...Содан бұл жайлау «Шаңырақкемір» деген атауға ие болған.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ШАЛДАБАР

Атауы. Шалдабар**Айтушы.** Белгісіз.**Тапсырушы.** Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.**Аннотациясы.** Ертеде қырғыз бен қазақ елінің шекарасында орналасқан ауылға бір орыс қолөнершісі келіп қоныстаныпты. Әр түрлі бұйымдарды ауыл адамдары сол орыс шалдан сатып алады екен. «Егер құрал-сайманнан мұқтаж болсақ, барлығын сол жақтан табуға болады» – деген сөз көп ішіне тарап кетеді.

– Әй, осындай кетпенді қайдан таптың? – десе:

– Бұл кетпеннің үлгісі шалда бар.

Сұраушыны сол орыс шалға жіберетін көрінеді. Содан былай бұл ауыл «Шалдабар» деп аталып кетеді.

Басқы сөзі (36-б.): Ертеде қырғыз бен қазақ елінің шекарасында орналасқан ауылға бір орыс қолөнершісі келіп қоныстаныпты...**Соңғы сөзі** (36-б.): ...Содан былай бұл ауыл «Шалдабар» деп аталып кетеді.**Қағазы, әріп-сиясы.** Машинамен басылған.**Қашан, қайда жазылған.** Қарағанды облысы.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен нөмірленген.**Папкасы.** Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.**Библиографиясы.** Жер шежіре. – Қарағанды, 2006; Бабалар сөзі: Жұзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ШАЖАҒАЙ

Атауы. Шажағай**Тапсырушы.** Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.**Аннотациясы.** Ұлы жүз, Жетісу бойының Шажы деген өндірдей жас жігіті сүйгеніне қосыла алмай, Арқаға көшіп келіпті. Арқа елі Ұлы жүздің жігітін жалғыз екен деп бетке қақпай, қойнауынан мекен жай беріпті. Шажы аз жылда-ақ ақ төбедей үй тігіп, ақ бөкендей қой айдап, Арқаның бір аруымен жарасқан екен. Өзінің де халыққа қадірі артып, ел-жұрт санасатындай ақыл-парасаты мол азамат болып есейсе керек. Күндердің бір күнінде Шажының атақ-даңқын естіген Ұлы жүздің ер-азаматтары

аяққа жығыла келіп, Шажыдан елге қайтуын өтінеді. Сонда Шажы: «Мен өз елімде отырмын. Туған жердің сауыры тарлық етіп еді, Арқасына жылжып қоныс тепкен екенмін, оның несі айып!» – депті. Шажы ұзақ жасап, сексеннен асып дүние салғанда Орта жүз, Ұлы жүз болып күңіреніп, осы өзеннің бойына арулап қойған екен. Халықтың қалауымен, ел ақсақалдарының пәтуасымен ардақты азаматтың есімін ұрпақтың есінде қалдыру үшін осы өзенді «Шажы» деп атапты. Алайда қадірлі қарияның есімін атай салудан қымсынған кейінгі ұрпақ Шажы ағай деп кетсе керек.

Басқы сөзі (121-б.): Сонау ертедегі ноғайлы деп аталатын заманнан беріде, ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама заманынан әріде болса керек...

Соңғы сөзі (121-б.): ...Алайда, қадірлі қарияның есімін багтитып атай салудан қымсынған кейінгі ұрпақ Шажы-ағай деп кетсе керек.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011; А.Сейдімбек. Күңгір-күңгір күмбездер. – Алматы: Жалын, 1981.

135

Ш. 1200 (ӘӨИ)

Б.156; П.156; Ж.36.

21x17; 18x8

ШАЙТАНКӨЛ

Атауы. Шайтанкөл

Айтушы. Белгісіз.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Баяғыда бір байдың Сұлушаш деген қызы болыпты. Байдың есігінде жүрген Тезек деген құлы Шұнақ деген күңімен қосылып, одан Алтай туады. Ол ер жетіп, Сұлушаш екеуі бір-бірін сүйеді. Бірақ бай қарсы болады. Алтайдың Қайсар деген досы, Сұлушаш үшеуі елден қашады. Олар Қарқаралының маңайындағы Жиренсақал деген жерді мекендейді. Сол жерде аң аулап, құс ұстап, күндерін көреді. Бір күні Алтай құс аулап жүріп, құзға кездеседі. Сол құзға бүркіт ұя салған екен. Алтай одан бүркіттің балапанын алмақшы болады. Бірақ жолы болмай шыңырауға құлайды. Сұлушаш Тескен таста сырнай тартып отырады. Біраздан соң артынан ырылдаған дауыс естіледі, қараса артында арыстан тұр екен. Содан қорыққаннан көлге құлап өледі. Қайсар Сұлушашты іздеп осы жерге келсе, көлдің бетінде қыздың көйлегі, тақиясы жүзіп

жүреді. Ол да сол көлге құлап өледі. Содан кейін бұл көл «Шайтанкөл» атаныпты.

Басқы сөзі (129-б.): Баяғыда Сұлушаш деген байдың қызы болыпты...

Соңғы сөзі (129-б.): ...Содан кейін бұл көл «Шайтанкөл» атаныпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ). Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

136

Ш. 1200 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 12
29,5x21; 7,5x17

ШӘРІПБЕК ТАУЫ

Атауы. Шәріпбек тауы (48-б.).

Айтушы. Қабдырахман Зағыпаров. Ол туралы мәлімет 65-сипаттамада берілген.

Жинаған. Н.Омарова– 1990 жылдары ҚарМУ-дың студенті болған.

Тапсырған. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Тың игеру жылдарында Шәріпбек деген совхоздың директоры жұмысқа ебі жоқ адам екен. Шаруаның бәрін орынбасарына тастап өзі анда кеттім, мында кеттім деп ауыл сыртындағы шоқыға барып жатады екен. Ауыл адамдары мұнысын біліп, кейін қызметі ауысқан соң Шәріпбектің ісін әжуалап, шоқыны осылай атап кетіпті.

Басқы сөзі (48-б.): Қазақстандағы тың игеру жылдарында Шәріпбек деген совхоздың директоры болыпты.

Соңғы сөзі (48-б.): ...Ал ауылдың сыртындағы жаңағы шоқыны көпшілік «Шәріпбек тауы» атап кетіпті.

Қолтаңбасы. Машинаға басылған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинамен кирилл әрпінде басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1999 жылы Сарыөзек ауылында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Ақауы. Қарындашпен жазылған жерлері бар.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ), Мекендік (топонимикалық) аңыздар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ШЫМЫЛДЫҚ, ҚАРАКЕМЕР ТАУЫ

Атауы. Шымылдық, Қаракемер тауы (74-б.).

Айтушысы. Әузар ақсақал – Қарағанды облысы, Шет ауданының тұрғыны.

Жинаған. Мұқаметқали Әбдуов. Ол туралы мәлімет 73-сипаттамада бар.

Тапсырған. Б.Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қарағанды – Ақтоғай тас жолының бойында Қаракемер Шымылдық деген тау бар. Осы таудың үстіне шықсаңыз бір жағы тіп-тік кемер, жар сияқты, ал бір жақ беті тегіс, құрған шымылдыққа ұқсайды. Аузы дуалы бір қария жобасы Тарақ батыр болса керек, мына тауды алып тастаса Тоқсан мен Өтеміс балалары аулының түтіні біріне бірі көрінеді екен. Бұл таудың аты «Қаракемер – Шымылдық» болсын депті.

Басқы сөзі (74-б.): Қарағанды Ақтоғай тас жолының бойында Қаракемер Шымылдық деген тау бар.

Соңғы сөзі (74-б.): ...Бұл таудың аты «Қаракемер – Шымылдық» болсын депті.

Қашан, қайда жазылғаны. Мәтін 2000 жылы Қарағанды облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Бір бетке қарасөзбен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Кеңсе парақтары бір-біріне жіппен біріктіріліп байланған.

Папкасы. Қ.1200 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жер шежіре. Хрестоматия.- Қарағанды: Қар МҮ баспасы, 2006.

ШІДЕРЛІ, ӨЛЕНТІ, АҚ КӨЛ

Атауы. Шідерлі, Өленті, Ақ көл

Айтушы. Әліп Малқаров – 1897 жылы туған. Соғыс және еңбек ардагері.

Жинаушы. Д.Мұхамеджанов, Ғ.Әбілқасов.

Тапсырушы. Берік Рақымов. Ол туралы мәлімет 5-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Асан Қайғы бір өзенге келіп, шідерленген ат семіретін жер екен деп өзеннің аты Шідерлі болады. Бір өзенді өлендетіп, шулап

тұрады екен деп Өлеңті қойыпты, ал осы екі өзеннің қосылған көлінің тап-таза суына қарап Ақкөл деп атаған екен.

Басқы сөзі (1-б.): Бұрынғы ескі уақытта Асан қайғы деген адам болғаны бәрімізге мәлім...

Соңғы сөзі (2-б.): ...Бұл үш көл бар аймаққа Исабек, Исақ дегеннің тұқымы тоқтап, орын салыпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Қазіргі кирилл әрпімен үлкен жол қағазға жазылып, біріктіріліп тігілген.

Қолтанбасы. Жинаушылардікі.

Қашан, қайда жазылған. Павлодар облысы, Екібастұз ауданы. 1991 жыл. 5 тамыз.

Беттелуі. Еуропа санымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары ескірген.

Папкасы. Қ.936 (ӘӨИ). Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенттері фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары (Аңыз, әңгімелер).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

139

Ш. 910/4 (ӘӨИ)

Б.326; П.326; Ж.29.

24,5x15; 24,5x14

ШЕРҚАЛА

Атауы. Шерқала

Айтушы. Орал қаласының тұрғыны – Шақаева Жаңыл.

Жинаушы. А.Таубаева

Тапсырушы. М.Тілеужанов. Ол туралы мәлімет алдыңғы 7-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Баяғыда түрікпен-қазақ қырғынында осы ұшпаға түрікпендер орналасып алып, жаугершілік жасаған. Бұл ұшпаның жан-жағы тегіс тас, өтетін жері, жолы болмаған. Тек бір ғана жолы – ішінде су алатын түрікпендердің тіршілік еткен көзі үлкен шыңырауы болған. Жоғарыдағы жауға ештеңе істей алмай, құруға жақын қалған қазақтар ақыры амалын тауыпты. Олар шыңыраудан қауіпсіздеу бір шетін тесіп, сол жерден түрікпендердің су алуға түсірген қауға, шелегін кесіп тастап тұрған. Ақырында шөлден қырылып, қаталаған түрікпендердің жартылай қолы «Шерқаланы» тастап қолға түскен екен. «Шерқаланы» түрікпенше алынбайтын қамал дегенді білдіреді екен.

Басқы сөзі (117-б.): Шерқала Қаратаудың арғы бетінде орналасқан...

Соңғы сөзі (118-б.): ...Сондықтан олар әрі-бері өткенде сол жерге садақаға мал сойып, пәле-жаладан құтылу үшін түнеп шығатын болған.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Павлодар облысы, Екібастұз ауданы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. Қ. 910/4 (ӘӨИ). Батыс Қазақстан өлкесінің ауыз әдебиеті үлгілері. Орал.1954-1984.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

140

Ш. 910/4 (ӘӨИ)

Б.326; П.326; Ж.30.
29x20; 25x15

ШЕРҚАЛА ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Атауы. Шерқала туралы аңыз

Айтушы. Табыл Абдоллаев – Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылының тұрғыны.

Жинаушы. Жұмагүл Шакешова.

Тапсырушы. Мәтжан Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 7-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ерте кезде бұл жерде адайлар мен түрікмендер арасында қырғын соғыс болған. Адайлар түрікмендерден қорғану үшін таудың басын паналаған. Түрікмендер бұл тауды қоршап алған. Адайлар таудың басын тесіп, сол жерден су алып отырған. Мұны біліп алған түрікмендер екінші жағынан тесіп, адайлар су алғанда арқанды қиып тастап отырған. Сусыз қалған адайлар тау басында қырылып қалған. Содан бастап бұл тау шерлі, зарлы қала деп аталып кеткен.

Басқы сөзі (22-б.): Шетпе маңында Шерқала деп аталатын ту бар...

Соңғы сөзі (23-б.): ...кейбіреулер бұл аңызда шерлі болатын түрікмендер екен дейді.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылған. Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы.

Беттелуі. Еуропа санымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары сарғайған.

Папкасы. Қ.910/4. Батыс Қазақстан өлкесінің ауыз әдебиет үлгілері. Жинаған: М.М.Тілеужанов. Орал, 1954-1984 ж.ж.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

ШЕРҚАЛА ТАУЫНЫҢ ТАРИХЫ**Атауы.** Шерқала тауының тарихы**Айтушы.** Жаңыл Шақасва.**Жинаушы.** А.Таубаева.**Тапсырушы.** Мәтжан Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 7-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Баяғыда түрікпен-қазақ қырғынында осы ұшпаға түрікпендер орналасып алып, жаугершілік жасаған. Бұл ұшпаның жан-жағы тегіс тас, өтетін жері, жолы болмаған. Тек бір ғана жолы – ішінде су алатын түрікпендердің тіршілік еткен көзі үлкен шыңырауы болған. Жоғарыдағы жауға ештеңе істей алмай, құруға жақын қалған қазақтар ақыры амалын тауыпты. Олар шыңыраудан қауіпсіздеу бір шетін тесіп, сол жерден түрікпендердің су алуға түсірген қауға, шелегін кесіп тастап тұрған. Ақырында шөлден қырылып, қаталаған түрікпендердің жартылай қолы «Шерқаланы» тастап қолға түскен екен. «Шерқала» түрікпенше «алынбайтын қамал» дегенді білдіреді екен. Бертінге дейін «Шерқала» тауы Маңқыстау қазақтарының «киелі» деп санайтын жерінің бірі. Жолаушылар әрі-бері өткенде сол жерге садақаға мал сойып, пәле-жәледен құтылу үшін түнеп шығатын болған.

Басқы сөзі (117-б.): Баяғыда түрікпен-қазақ қырғынында осы ұшпаға түрікпендер орналасып алып, жаугершілік жасаған...

Соңғы сөзі (118-б.): ...Сондықтан олар әрі-бері өткенде сол жерге садақаға мал сойып, пәле-жәледен құтылу үшін түнеп шығатын болған.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкаға басылған.**Қашан, қайда жазылған.** Орал қаласы.**Беттелуі.** Еуропа санымен нөмірленген.**Ақауы.** Қағаздары сарғайған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.**Папкасы.** Қ. 910/4. Батыс Қазақстан өлкесінің ауыз әдебиет үлгілері. Жинаған: М.М.Тілеужанов. Орал, 1954-1984 ж.ж.**Библиографиясы.** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.**ШОМ ҚАЛҒАН****Аталуы.** Шом қалған**Айтушысы.** Зияш Өтетілеуов. Ол туралы еш мәлімет берілмеген.

Тапсырушысы. Жанар Жұмағұлова – ҚарМУ-дың студенті (1999 ж.).

Аннотациясы. Ертеде Отар маңайындағы Қопа өзенінің бойын қоныстанған қазақтар қоқандықтардың көрсеткен қорлықтарына шыдамай, олардың әскерлерін өлтіріп, тірі қалғандарын мазақтап, қуып жібереді. Оны естіген қоқан ханы қатты ашуланып, қазақтарға көп әскер жіберіп, қатын-балаларын тұтқындап, еркектерді өлтіртеді. Осы кезде шапырашты руынан ер жүрек батыр Сұраншы Ақылбайұлы шығып, аман қалған жігіттерден аз ғана қол жинап, қоқандықтарға қарсы шығуға дайындалады. Қоқандықтардың әскер саны басым екенін білген Сұраншы жасағымен түн жамылып қоқандықтардың шебіне тақау келіп, жігіттеріне әр жерден көп қылып от жағып, у-шуды көбейтуді бұйырады. Бұны көрген қоқандықтар Сұраншының әскері көп екен деп шошып, жан-жаққа қаша бастайды. Сұраншы содан соң қоқандықтарға «еркімен берілсін» деп елші жібереді.

Басқы сөзі: Отар маңайындағы Қопа өзенінің бойында көшіп жүрген қазақтар қоқандықтардың қысымына шыдамай, олардың салықшыларын өлтіріп, тірі қалғанын масқаралап, қуып жібереді.

Соңғы сөзі: ...Содан бері осы жер «Шом қалған» деп аталады.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін қара сөзбен жазылған.

Ақауы. Мәтіннің беттері түптелмеген, қағазы сарғайған.

Папкасы. Қ.1200 (ӨӨИ)

Библиографиясы. С.Қасқабасов. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. Томдыжүйелеп, ғылымиқосымшаларындайындаған: Әлбеков Т., Әкімова Т. – Астана: «Фолиант», 2011.

143

Ш. 143 (ӨӨИ)

Б.1; П.1; Ж.10.
27,7x20; 16x8

ЫСЫҚ КӨЛ

Атауы. Ысық көл

Айтушы. Еш мәлімет берілмеген.

Аннотациясы. Баяғыда көлдің орнында жан-жағы таумен қоршалған қала болған екен. Қала тұрғындары суды кілттеулі тұратын құдықтан ішкен. Кілт бір дуананың қолында болған. Бір күні бір қыз сүйгенімен кездесу үшін кілтті сұрап алып, құдыққа келіп, кілтті құдыққа түсіріп алыпты. Құдықтың суы асып-тасып төгіліп, бүкіл қаланы су басып, үлкен көл болады. Қала көлдің астында қалады.

Басқы сөзі (1-б.): Баяғыда осы күнгі Ысық көлдің орнында жан-жағы таумен қоршалған үлкен қала болыпты...

Соңғы сөзі (1-б.): ...қала көлдің астында қалыпты дейді.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен ақ қағазға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Ақауы. Қағазы сарғайған. Ең соңғы сөйлемнің үсті сызылған.

Папкасы. Қ.143 (ӘӨИ). Аңыздар, дастандар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

144

III. 143 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.26.

28,8x20; 22x15

ЫРЫС СЫРДА

Атауы. Ырыс Сырда

Айтушы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бұрынғы заманда Қарақұм мен Қызылқұмда байларға жалданып жүрген Ағыбай, Арынбай деген ағайынды екі жігіт болыпты. Күндерде бір күн әлгі екі жігітке бір айдаһар тап болып жұтуға онтайланыпты. Сол кезде екеуі айла таба қойып, аузын ашқан сайын айдаһарға бір қойдан беріп отырып, қойды тауысады... Екі жігіт байлардың ызғарынан қорқып, беталды құла түзге қаңғып кетеді. Екеуінің де барар жер, басар тауы жоқ, келешегі бұлдыр. Сөйтіп келе жатса бұлардың алдынан ақсақалды, ақ киімді шал шығып жөн сұрайды. Жігіттер сырын жасырмай, қариядан ақыл сұрайды. Қария бұларға мынадай кеңес береді.

– Балалар, сендердің ақ жүректерінде арамдық жоқ, бірақ оны бай шіркіндер білуші ме еді? Енді сендер осы беттеріңнен аумай жүре берсеңдер, оттай жанған Қызылқұмнан шығып, нулы жерге – сулы жерге кез боласыңдар. Ол жерде адал еңбектеріңді аямай тіршілік етсеңдер, жер сендерден байлығын аямас, – депті. Жігіттер:

– Баба, ол қандай жер, аты не? – деп сұрапты. Қария:

– Ол жер аты – Сыр, – депті де ғайып болыпты.

Бақыт іздеген жігіттер арып-ашып «өлдім» дегенде Сырға жетіпті. Сырдың шырын суын мейірлене ішіп-ішіп қанып алған соң ел іздейді. Сырды жағалай отырған көп ауылға келсе, бұлар егіншілердің ауылы екен.

Олар да егіншілерге қосылып егін салып, Сырдың суын ішіп, балығын жеп күнелтеді. Еткен адал еңбектері өнімді болып, ұзамай әлгі екеуі мал-малданып, жан-жанданыпты дейді.

Басқы сөзі (1-б.): Қызылорда сулы жер, нулы жер деп бұрынғылар айтқан екен...

Соңғы сөзі (2-б.): ...ел анызынан үлгі аларлық мағына көп.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкамен басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары сарғайған, тозған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.143 (ӘӨИ). Аңыздар, дастандар.

Библиографиясы. «Ленин жолы» газеті. 27 мамыр, 1941 жыл; Балалар сөзі: Жүзтомдық. 80-том: Топонимдік аңыздар. //Құр.: Т.Әлбеков, Т.Әкімова. – Астана: «Фолиант», 2011.

II. КҮЙ АҢЫЗДАР

145

III. 1066 (ӘӨИ)

II. 2; Ж. 14
30x21; 11x17

БОЗІНГЕН

Атауы. Бозінген туралы аңыз (2-б.).

Айтушы. Жақыпбаев Бозтай – 1887 жылы Баянауыл ауданы, Павлодар облысында туылған. 1920-жылдан бастап кеңес қызметіне араласты. Бір жыл болып партком хатшысы болып, онан кейін мұғалім, 1934 жылы Алматыдағы Ұлттық Мәдениет институтында қызмет істеген.

Жинаған. Б.Жақыпбаев.

Аннотациясы. Ерте уақытта бір үлкен жұт болады. Сол кезде бір ауылды сүтімен асырап, аман сақтап қалған Бозінген болған екен. Күндердің күнінде ол да иімей қалып, халық қапаланыпты. Елге танымал карт күйшіні шақыртып інгенді иідіртпек үшін күй тартқызады. Есесіне оған сол ауылдың асқан сұлу қызын бермекші екен. Шал күйді тарта жөнелгенде иіген Бозінгеннің емшегін ұстай алған қызды көрген күйші, қызды қалыңдыққа алмай қоя беріпті.

Басқы сөзі (2-б.): Ерте уақытта бір үлкен жұт болады.

Соңғы сөзі (3-б.): ...Халық бұрынғысындай кәні болып қалады.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Үш кеңсе парағы бір-біріне жіппен тігілген.

Ақауы. Беттің жоғарғы жағы қарындашпен сызылған, жазылған және таңбаланған.

Папкасы. Қ.1066 (ӘӨИ), 13-дәп. «Бозінген» (Бозайғыр, Бозінген күйі туралы аңыз).

146

III. 1066 (ӘӨИ)

II. 2; Ж. 11
30x21; 6x17

БОЗАЙҒЫР

Атауы. Бозайғыр туралы аңыз (1-б.).

Айтушы. Жақыпбаев Бозтай. Ол туралы мәлімет 145-сипаттамада бар.

Орындаушы. Исабек күйші. Ол туралы мәлімет табылмады.

131

Жинаушы. Бозтай Жақыпбаев.

Аннотациясы. Ерте уақытта бір үлкен жұт болады. Жылқы малы түгел қырылып, ішінде жалғыз бозайғыр қалады екен. Жалғыз кезіп жүрген бозайғыр биік таудың басына шығып әбден кісінепті. Осы кісінеген аянышты үнінен күй туындаған деседі.

Басқы сөзі (1-б.): ... Қазақ даласында үлкен жұт болады.

Соңғы сөзі (2-б.): ... Міне, «Бозайғыр» күйі жұттың әсерінен туған.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1920 жылы Қызылтаудан Қалмаққырған тауына келе жатқан жолда жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен, көк сиямен, сұр қарындашпен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке қатарымен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Үш сарғыш түсті кеңсе парағы бір-біріне жіппен тігілген.

Ақауы. Қолжазбаның беттерінің жоғарғы жағы қарындашпен сызылған, жазылған және таңбаланған.

Папкасы. Қ.1066 (ӘОИ). «Бозайғыр» (Бозайғыр, Бозінген күйі туралы аңыз).

147

Ш. 296 (ӘОИ)

П. 3; Ж. 80

28,5x20,5; 25x17,5

БҰЛАНЖІГІТ

Атауы. Бұланжігіт (1-б.).

Орындаушы. Бұланжігіт.

Жинаушы. Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиев /1900-1984/ – ақын, фольклоршы, шежіреші, ұстаз. Шәкәрімнің кенже ұлы. Ұзақ жылдар бойы Жидебайдағы Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайының меңгерушісі, одан кейін Абайдың Семейдегі қорық-мұражайының ғылыми қызметкері болып істеген. Құнанбай мен Абайдың, Шәкәрімнің өміріне қатысты орасан мол деректер жинастырып, Абай мұражайының ғылыми қорына тапсырды. Мақалалары, естеліктері, өлеңдері мерзімді баспасөздерде жарияланды. М.Әуезовтің тапсырмасы бойынша, Шәкәрімнің өлеңдері мен дастандарын 2 том етіп құрастырып, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөліміне өткізген.

Аннотациясы. Бұланжігіт деген жас жігіт ел қорғайтын батыр болуды армандапты. Абылай хан мықты жігіттерді қалмаққа барымта алдыруға жібермекші боп кеңес құрып отырғанда, Бұланжігіт ханнан осы жорыққа жіберуін сұрайды. Сол кезде жігіттің келіншегі келіп оларға жаман түс көргенін айтып, жігітті жібермеуін сұрайды. Бұланжігіт бой бермей қол-

мен бірге аттанады. Айтқандай-ақ, ол осы жорықта жау қолына ұсталып бір жыл қорлық көреді. Қажыған жігітті қалмақ ханының қызы Қаракөзайым көріп, жаны ашып, әрі сүйіп қалады. Бір түні керегеде байланып тұрған Бұланды қыз еліне босатпақшы болып, астына ат беріп: «Жігіт болсаң, бір іздеп табарсың» деп жібереді. Аман-есен шекарадан өтіп еліне келген уақытта тынығуға, әрі аталарына тәу етуге бейіт басына келіп тоқтапты. Отырған жерінде бір қабырға шаншылған қарқаралыға көзі түсіп кетіп, ол келіншегінің қарқарасы екенін танып зар жылайды. Басынан өткенін есіне түсіріп, әрі келіншегін жоқтаған жас жігіт осы арада мұңлы күйін шығарған деседі. Содан бері Бұлан жігіт сыбызғышы-күйші болыпты.

Басқы сөзі (1-б.): Бұланжігіт басында күйші емес екен.

Соңғы сөзі (3-б.): ...«Бұланжігіт күйі» деген сондағы әйелі қойылған қабырдың басында айтқан зары екен деп, домбырашылар тартатын еді.

Қолтаңбасы. Ахат Құдайбердиевтікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1957 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз қатарымен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысы қапталып, тігілген.

Папкасы. Қ.296 (ӘӨИ). Қазақ күйлері туралы аңыз-әңгімелер.

148

Ш. 296 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 24
28,5x20,5; 24,5x18

ЕРКЕАТАН КҮЙІ

Атауы. Еркеатан күйі (1-б.).

Орындаушы. Тәттімбет Қазанғапұлы /1815-1862/ – күйші, композитор, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін салушылардың бірі. Домбырашылық өнер арғы ата-тегінен дарыған. Алғаш домбыра тартуды әкесі Қазанғаптың інісі Әлиден үйреніп, анасы Ақбөпеден тәрбие алған. Тәттімбеттің түрлі тақырыпты қамтитын 40-тан аса күйлері бар.

Жинаушы. Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиев. Ол туралы мәлімет 147-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Елсізде мекен еткен шал мен кемпірдің жалғыз Еркеатай деген қызы болады. Ол ботадайынан бағып жүрген Еркеатан деген тайлағын көзден таса қылмайтын көрінеді. Бір күні үйінде кесте тігіп ұзақ отырып қалған қыздың есіне Еркеатаны түсіп, далаға шықса жақын жерден тайлағы көріне қоймайды. Іздеуге тау басына шығып қараса ана-

дайдан батпаққа түсіп қалған Еркені көріп, қыз үйдегі әкесінен көмек сұрап айқайлайды. Бірақ әкесі ести қоймай, қыз анадайдан келе жатқан салт аттылардан көмек сұрап айқайлаған екен. Қыздың осы айқайлап айтқанын домбырашылар күй қып тартыпты.

Басқы сөзі (1-б.): Баяғыда бір шал мен кемпір болған екен.

Соңғы сөзі (1-б.): ...Мұны – «Еркеатан күй» дейді.

Қолтаңбасы. Ахат Құдайбердиевтікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1957 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Қарасөз қатарымен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысы қаптатылып, тігілген.

Папкасы. Қ.296 (ӘӨИ), 1-дәп. Қазақ күйлері туралы аңыз-әңгімелер.

149

Ш. 241 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 11
14,5x20; 13x6,5

КҮЙШІ

Атауы. Құрманғазы. «Күйші» (1-б.).

Орындаушы. Құрманғазы Сағырбайұлы (1818-1889) — қазақтың ұлы күйші-композиторы. Қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі. Туып-өскен жері Бөкей хандығы, қазіргі Орал облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жер. Топырақ бұйырған орыны – Астрахань (Ресей) облысының бұрынғы «Шайтани батага», қазіргі «Құрманғазы төбе» деп аталатын жер. Құрманғазы сахараның даңғыл көкірек дәулескер күйшісі Соқыр Есжанның алдын көріп, Дәулеткерей сияқты жайсаң күйшімен сырлас болып, Шеркеш, Байжұма, Баламайсаң сияқты күйшілердің өнерінен өнеге алған. «Қайран шешем», «Ертең кетем», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Арба сокқан», «Перовский маршы», «Не кричи не шуми», «Машина» атты күйлері бар.

Жинаушы. Әбіш Байбосынов – бұрынғы Гурьев облысы, Шевченко ауданы, Киров ауылының тұрғыны.

Аннотациясы. Байдың ауылына қыдырып келген Құрманғазы бай үйіне ат басын бұрады. Құрманғазы келгенде байдың қызы бие саууға шығып келеді, сонда күйші домбырасын алып «Бие сауу» атты күйін тартады. Қыз да домбырашы екен, күйді түсініп жауап күй шертеді. Екеуі бірін-бірі жеңісе алмай ұзақ тайталасқанда, Құрманғазы жата қалып күйін башпайымен шалады. Қызды жеңген күйшіні бай қонақ қылып, келесі ауылға сый-құрметпен жіберген екен.

Басқы сөзі (1-б.): Құрманғазы бір байдың аулына қыдырып келіп, үйіне түскен екен.

Соңғы сөзі (1-б.): ...Үй иесі, бай Құрманғазыға қонақасы беріп, үлкен сый-құрметпен басқа ауылға аттандырған.

Қолтаңбасы. Әбіш Байбосыновтыкі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді оқушы дәптеріге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1957 жылы Гурьев экспедициясында жазылған.

Беттелуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Қарасөз қатарымен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Бір парақ оқушы дәптерінің сыртын ақ қағазбен желімденген.

Папкасы. Қ.241 (ӘӨИ). «Күйші» (Құрманғазы – «Күйші»).

150

Ш. 1058 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 22
30x18,5; 23x16

КОМПОЗИТОР ДИНА МЕН ӨНЕРПАЗДАР

Атауы. Композитор Дина мен өнерпаздар – «Өз шолағым» (1-б.).

Орындаушы. Дина Нұрпейісова /1861-1955/ – домбырашы, күйші, композитор, Қазақстанның халық артисі, қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері. Әкесі белгілі домбырашы болған. Дина домбыра тартуды 8-9 жасында үйренеді. Оның Құрманғазымен кездесуі болашақ өнер жолында шешуші рөл атқарған. Құрманғазы Динаның дарынына тәнті болып, одан үлкен үміт күтеді. Ақыл-кеңес беріп, күй үйретеді, оны өзіне шәкірт тұтады. Дина ұстазының күйлерін орындап қана қоймай, оның күйшілік, орындаушылық өнеріндегі ерекшеліктерін, стилін, дәстүрін жалғастырды.

Жинаушы. Айсұлу Бисенғалиқызы Токтабаева – ел аузындағы әңгімелерді жинақтап, ұрпаққа жеткізумен айналысып келе жатқан жинаушы, М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.

Аннотациясы. Бірнеше күйші жігіттер Динаның үйіне өнер көрсетуге келіпті. Ілулі тұрған домбыраға көзі түскен олар Динадан рұқсат сұрап, кезекпен күй тарта жөнеліпті. Кезек Динаға келгенде, ол әлгі күйлерді өз техникасымен орындап берсе керек. Сонда жігіттер күйшіден «Бұл қандай күй?» десе, Дина оларға қарсы сұрақ қояды. Жігіттер күйлерінің аты «Бозмұнай», «Бозшолақ» екендігін айтады. Сол кезде Дина өз күйінің атын «Өз шолағым» депті.

Басқы сөзі (1-б.): Ертеректе белгілі акын, өнер несі Динаның үйіне екі-үш жас жігіттер келіпті.

Соңғы сөзі (1-б.): ...— Сендердің тартқандарың «Боз шолақ» болса, менің тартқаным «Өз шолағым» деген екен.

Қолтаңбасы. Айсұлу Бисенғалиқызынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді А4 форматындағы қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1996 жылы Орал қаласында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Қарасөз қатарымен жазылған.

Папкасы. Қ.1058 (ӘӨИ), №-2. Қазақтың күлдіргі әзіл әңгімелері, шешендік түйіндер мен ақындық толғамдар, аңыз-әңгімелері.

151

Ш. 241 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 22
14,5x20; 13x11,5

ҚАШҚЫН

Атауы. Құрманғазы – «Қашқын» (1-б.).

Орындаушы. Құрманғазы Сағырбайұлы.

Жинаушы. Әбіш Байбосынов. Ол туралы мәлімет алдыңғы 149-сипаттамада бар

Аннотациясы. Отыз арыс патша әскерінің бір әкімін өлтіріп қылмысты болған Құрманғазыға хан бұйрығы бойынша іздеу салынады. Қашып жүрген Құрекең Төремұрат деген батырдың ауылына барып, сонда қызмет істегісі келетіндігін айтып, сол арада қалып қояды. Төремұраттың жолдасы бір нәрсені сезгендей, Құрманғазының тегін жүрмегенін біліп, батырға ескертіпті. Бір күні Төремұрат Құрманғазыны шақырып алып жөн сұрайды. Сонда күйші өзінің қылмысты болып бас сауғалап жүргендігін баяндап береді. Аңыз аяқталмаған.

Басқы сөзі (1-б.): Құрманғазы отыз арыс патша әскерінің бір әкімін өлтіріп, хан оны: «Құрманғазы тез арада ұсталсын» деп бұйрық берген.

Соңғы сөзі (1-б.): ...— Менің атым Құрманғазы, отыз арыс әкімін өлтіріп, қылмысты болып, қашып жүрмін.

Қолтаңбасы. Әбіш Байбосыновтыкі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1957 жылы Батыс Қазақстандағы Гурьев экспедициясынан жазылып алынды.

Беттелуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз қатарымен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Бір парақ оқушы дәптерінің сыртын ақ қағазбен желімденген.

Папкасы. Қ.241 (ӘӨИ), 4-дәптер. «Қашқын» (Құрманғазы – «Қашқын»).

152

Ш. 296 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 24
28,5x20,5; 22,5x18

ҚОРАМЖАН КҮЙІ

Атауы. Қорамжан күйі (1-б.).

Орындаушы. Тәттімбет Қазанғапұлы. Ол туралы мәлімет 148-сипаттамада бар.

Жинаушы. Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиев. Ол туралы мәлімет 147-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бір кемпірдің Қорамжан деген жалғыз ұлының Тепеңкөк деген жүйрік аты бар екен. Қалыңдығына ұрын барған түні сол ауылды жау шауып, Қорамжан Тепеңкөкке мініп, жауды қуа жөнеледі. Бүйірі әбден қызған аты лезде қуғыншыларға жетіп барғанда, таудың жартасына жасырынып қалған біреуі оғымен жігітті атып өлтіреді. Осы күй Қорамжанның шешесінің, қалыңдығының жоқтауын, Тепеңкөктің шабысын бейнелесе керек.

Басқы сөзі (1-б.): Қорамжан бір кемпірдің жалғыз баласы екен.

Соңғы сөзі (1-б.): ...Мұны – «Қорамжан күйі» дейді.

Қолтаңбасы. Ахат Құдайбердиевтікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Сарғыш түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1957 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз қатарымен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысы қапталып, тігілген.

Папкасы. Қ.296(ӘӨИ), 1-дәп. Қазақ күйлері туралы аңыз-әңгімелер.

153

Ш. 1122 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 28
20x16,5; 20x15,5

СОҚЫР ЕСЖАН

Атауы. Соқыр Есжан (1-б.).

Орындаушы. Соқыр Есжан – XIX ғасырда Жайық өңірінде өмір сүрген күйші. Есжан жайында ел арасында аңыз-әңгімелер көп, алайда олар жинақталып, белгілі бір жүйеге түспеген. Күйші туралы алғаш деректер

келтірген – академик А.Жұбанов. Есжанның халық арасына кең тараған күйлері: «Соқыр Есжан», «Қош, аман бол, Ақбикеш».

Жинаушы. Еркін Құлпейісов – Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосының тұрғыны.

Аннотациясы. Кіші жүзде Есжан деген аңшы жігіттің жалғыз ұлы болған екен. Бір күні серіктерімен аңға шығып, күні бойы олжа таба алмаған Есжан кешқұрым үйіне қайтып келе жатқанда алдындағы қарайған нәрсені қарақұс екен деп мылтығымен атып түсіреді. Қуана қасына келіп қараса, өзінің жалғыз ұлын көреді. Есі шығып, қатты қайғырған аңшы баласын жоқтап осы күйін шығарған екен.

Басқы сөзі (1-б.): Ертеде кіші жүзде Есжан деген саятшы, аңшы жігіт болған екен.

Соңғы сөзі (2-б.): ...«Шыққыр көзім, нені көрдің?» деп баласын жоқтаған, қатты күйзеліс үстінде саятшы Есжан осы күйін шығарған екен дейді.

Қолтаңбасы. Еркін Құлпейісовтікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Оңтүстік Қазақстан, Семей, Жезқазған, Қостанай т.б. аймақтық газеттерінен көшірмелер.

Беттелуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Қарасөз қатарымен жазылған.

Ақауы. Дәптердің соңғы екі беті бөлек жүр. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.1122 (ӨӨИ), 8-дәп. «Соқыр Есжан».

III. РУ АҢЫЗДАРЫ

ШЕЖІРЕЛІК ЖЫР-АҢЫЗДАР

154

Ш.1063 (ӘӨИ)

П.6; Б.12; Ж.32
28,8 x 20,2; 24,5 x 18

АҒАЙЫН, ТУМА ХАЛҚЫМСЫҢ...

Аталуы. Ағайын, тума халқымсың..(1-б.)

Жыршысы. Қылышев Қартбай – 1930 жылы Қарақалпақ АССР-і, Қоңырат ауданы, Тасбөгет аулында туылған. Жастайынан қолына домбыра алып, ән-өлең айтып, он жасында елге таныла бастайды. Ол өз жанынан ән, жыр, өлең, терме, толғау шығарып, халық арасында бұрыннан келе жатқан дастандар мен киссалардың біразын жатқа білген. Атақты Жақсылық жыраудың шәкірті.

Тапсырушысы. Қартбай Қылышев.

Аннотациясы. Шежіре-жыр – «Амудария құйылысындағы шежіре» атты алдыңғы туындының үзіндісі болғандықтан, сюжет желісінде айтарлықтай ерекшеліктер байқалмайды.

Нұсқасы. Қолжазбаның бас-аяғы түгел 7-8 буын жыр үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Ағайын, тума халқымсың
Лағлы, яқұт, алтынсың.

Соңғы сөзі (24-б.):

...Қайнаулы қазан, кең пейіл,
Салынған төсек қонаққа.

Қағазы, әріп-сиясы. Жол көзді кеңсе журналына қара сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Шежіре-жыр Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Сыпатай кеңшары, Ленин көшесінің №66 үйде жазылған.

Қолтаңбасы. Тапсырушынікі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Қосымша белгісі. Мәтін қолмен ұқыпты жазылғанмен, ескіре бастаған, мұқабасыз.

Нұсқалары. Аңыздың ӘӨИ-дің сирек қорының 1089, 920/62, 920/32 бумаларында нұсқалары сақталған.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

Папкасы. Қ.1063 (ӘӨИ). Қ.Қылышұлы жырлаған фольклорлық мұралар.

155

Ш.920/20 (ӘӨИ)

Б.85; Ж.29

20x30; 9x26

АДАЙ ШЕЖІРЕСІ

Аталуы. Адай шежіресі.

Жыршысы. Шежірелерді жырлаған атақты Жақсылық жыраудың шәкірті – Қылышев Қартбай. Ол туралы мәлімет 154-сипаттамада бар.

Жинаушысы. Құлпыбаев Ерғожаның орындауынан 1978 жылғы Әмудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілері мен этнографиялық материалдарын жинау экспедициясы кезінде жазып алған Қ.Сағтаров пен Қ.Құлпыбаева.

Тапсырушысы: Қ.Сағтаров. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Шежіреде адай руы туралы айтылған. Одан тараған атақты адамдарды және Бекет атаның қасиеттері туралы көркем жырлаған.

Басқы сөзі:

Аямай білгенімді айғайыннан,
Баяндап сөз желісін ыңғайынан.

Соңғы сөзі:

... Шалдарды аз да болса атап өттім,
Ағайын ырза болың осыменен.

Қағазы, әріп-сиясы. Шежіре қалың дәптерге машинкамен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1982 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. Қ.920/90 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

АДАМ АТАДАН БЕРГІ ШЕЖІРЕ

Аталуы. Адам атадан бергі шежіре

Жыршысы. Жайлаубайұлы Бұзаубай – 1894 жылы бұрынғы Қостанай облысы, Семиозерск ауданы, Целинный совхозында дүниеге келген. Жастайынан сөз өнеріне әуес болып, тойда ән салып, ақындар айтысына қатысып, «ақын Бұзаубай» атанған. Ескіше 7-8 сыныптық білім алып, халық жырларын жаттап өскен.

Тапсырушысы. Жексенбіұлы Қайырбек

Аннотациясы. Отыз бес бөлімнен тұратын бұл жыр-шежіреде XV ғасырдан бастап, XIX ғасырға дейінгі қазақтың тарихи шежіресі жырланады. Төрт қалың дәптерден тұратын қолжазбада адам жаратылысынан бастап, халқымыздың ұлт, ұлыс болып таралуына дейінгі аралық жырға арқау болады. Сөз болып отырған шежіренің басты құндылығы – жырда тарихи мәліметтердің молдығы.

Жыршы Адам атаның жаратылысы туралы діни аңыздарды шебер қолдана білген. Сонымен қатар жыршының діни сауатты адам екенін орын-орынмен пайдаланған сүрелер арқылы көруге болады. Жырлаушы Б.Жайлаубаев шежірені 20 жыл шамасында (1953-1973 жылдар аралығында) жырлаған. Осы жылдар ішінде шежірешінің көп ізденгені, тарихи, діни кітаптармен кеңінен танысқаны айқын аңғарылады («Қисса-ул әнбия», «Тәурат», «Інжіл», «Құран», «Оғызнама» т.б.). «Қазақтың түбі қайдан шықты» деген сұраққа жыршы Аннас сахабадан тарадық деген нұсқаны құптайды.

Сонымен қатар жыршы Аяз би, Қарашаш туралы аңыздарды да молынан пайдаланған. Жыршы Бәйдібектің ұрпақтары, әсіресе Домалақ ана туралы аңыздарды Жамбыл Жабаевтан алғанын, ал көпшілік деректерді, қажетті мәліметтерді көне кітаптар мен қолжазба мұралардан алып отырғанын жиі еске алып отырады. Бұл шежірешінің өзіндік шынайылығын, ұрпақтар алдындағы тазалығын аңғартады. Сондай-ақ жыршы шежірені жырлау үстінде өзіндік ұстанымдарын да пайдаланып, көлемді мұраның құрылымын, композициялық жүйесін, оқиғалар желісін өзінше құрып, көп шежірешілерге ұқсамайтын жеке жол іздестіруге тырысады. Кейде бұл ізденістеріне қол да жеткізген сияқты. Бұзаубай ақсақалдың шежірелік мәліметтері мен құжаттық материалдары өте мол болғандықтан, жалпы шежіренің жалпы жүйесі бұзылғандай болып көрінгенмен, оның негізгі тұтастығы сақталған. Шежіреші Б.Жайлаубаев шежірені алдымен жыр үлгісінде жырлап, кейін біраз жерлерін қарасөзбен толықтырған. Ара-

сында шешендік сөздер де кездесіп қалады. Қолжазбада шежірелер ретсіз орналасқан. Және бірін-бірі қайталайтын бөлімдері де кездеседі.

Басқы сөзі (1-б.): Бір күшті бар атасы-анасы жоқ,
Жұпты қатын тудырған баласы жоқ.

Соңғы сөзі (135-б.): ...Нақтылап білгенімді жаздым теріп,
Көңілім тарихшыға толмаған соң.

Қағазы, әріп-сиясы. Кирилл, араб әріптерімен аралас жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1953-1973 жылдар аралығында жазылған, көшірілген.

Қолтаңбасы. Жексенбіұлы Қайырбектікі

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Жыр және қарасөз үлгісінде орналасқан.

Қосымша белгісі. Қолжазбада Жексенбіұлы Қайырбектің жазған мәліметі бар: «Қазақ шежіресін жазғанда Бұзаубай ақсақал 89 жаста болғандықтан алғашқы бөлімін өлең сөзбен, соңғы бөлімін қарасөзбен жазған».

Папкасы. Қ.1757-1760 (ОҒК)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. –Астана: «Фолиант», 2012.

157

Ш.1213 (ӘӨИ)

Б. 15; Ж.23

15x20; 8x22

АДАМ ӘЛЕЙҺИСАЛАМНАН БЕРІ ҚАРАЙҒЫ ҰРПАҚ, РУЛАРҒА ДЕЙІНГІ ШЕЖІРЕ

Аталуы. Адам әлейһисаламнан бері қарайғы ұрпақ, руларға дейінгі шежіре.

Жыршысы. Орынбекұлы Бектұрсын – 1941 жылы Қытай Халық Республикасында Күнес облысы, Қарабура ауданы, Қызылтал ауылында дүниеге келген. Атасы Жолбарыс Самарқан қаласында діни мектепте оқыған. Және «Қиямет», «Кербаланың шөлі», «Салсал», т.б. дастандарды жатқа айтқан. Қазірде Қытай Халық Республикасында тұрады.

Аннотациясы. Жырда Адам атадан бастап кейінгі руларға дейінгі шежіре жырланады. Басқа шежірелерден айырмашылығы адам, кісі есімдері мен ру атауларында біраз өзгешеліктер бар.

Басқы сөзі (1 б.):

Бисмилла рахмани рахим
Жарандар, жәрдем тіле жалғыз Ақтан,
Бақ тайса патша құлар алтын тақтан.

Соңғы сөзі (15 б.):

...Олардан басқа жолды тамам десең,
Пенденің қылған ісі болар жалған.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 2011 жылдың көктемінде жыршы О.Бек-тұрсынұлы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөлімінде болып, шежірені өз аузымен жырлап берді.

Беттелуі. Беттелмеген.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Шежірелік жыр-аңыздар. Ру шежіре. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2011.

158

Ш.920/62 (ӘӨИ)

П.155; Б.155; Ж.16
30 x 21,5; 19,5 x 14

АМУДАРΙΑ ҚҰЙЫЛЫСЫНДАҒЫ ШЕЖІРЕ

Аталуы. Амудария құйылысындағы шежіре (1-б.)

Жыршысы. Қылышев Қартбай. Ол туралы деректер 154-сипаттамада көрсетілді.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы деректер 4- сипаттамада көрсетілді.

Аннотациясы. Жыршы шежіре-жырдың кіріспесінде шежіренің қазақ арасындағы маңызын, жалған дүниеден өткен бабалардың, олардың ұрпақтарының тарихын білу керектігін оқырмандардың қаперіне салып өтеді.

Жыр басында Алланың досы Мұхаммедке аздап тоқталып, араб қызынан туған Мәліктің ұлы Әнес сахабаға жыршы ерекше ден қояды. Мәлік пайғамбарға, оның ақ жолына сенбегендіктен, әкелі-балалылардың арасында қайшылық туындайды. Әнес Ғайбор деген қаладан қашып, Мединеге қоныс аударады. Сол жерден Ислам дінін қабылдап, Сахаба Әнес аталыпты. «Сол Әнестен тоғыз тайпа байтақ ел тарапты» дейді жыршы. Мәліктен Мағазға дейінгі үш ата тақ (жалғыздан) туып, ұрпақ айтарлықтай өспей қалады. Жыршының пайымынша, Мағаздың бәйбішесінен екі ата: Ноғай, Башқұрт (естек), екінші әйелінен – қырым татарлары, үшінші тоқалдан: Курай, Құрбан, Ақшолпан, Шешен, Шеркеш, Дағыстан туып, олардан өрбіген ұрпақтарда алты тіл қалыптасады. Ал Ақшолпаннан – Аламан, одан: Алаш пен Наурыз. Алладан қанша тілесе де Наурыздан ұрпақ өрбімей, бірақ оның қалдырған өсиетімен кейінгі Алаштан тараған елде ол өлген айда садақа үшін наурыз көже беретін үрдіс қалыптасып қалған. Алаштан: Сейілхан мен Жайылхан. Сегіз арыс түрікпен Сейілханнан тараса, Алты Алаш Жайылханнан өрбиді. Атап айтқанда, Жайылханнан: Майқы би, Мүйтен. Майқыдан: Төмен, Өзбек; Төменнен:

Айырқалпақ, Келемек. Соңғысынан: екі арыс қара, сары қырғыз. Айырқалпақтан: Қазақ пен Созақ тарайды.

Айырқалпақ дүниеден озғаннан соң енші бөлісіп, Созаққа сиыр малын, Қазаққа жылқы мен түйені бөліп береді. Кейін Созақтан: Сүйір (тұқым қалмаған) мен Толағай; Толағайдан: Саңқай, Қоңырат, екі арыс Қарақалпақ (төртінші Алаш) тарайды. Қазақтан: Ақарыс (бесінші Алаш), ЖанАрыс (алтыншы Алаш), Бекарыс туады. Ақарыстан: Дәулет, Үйсін, Сиқым, Жаныс, Шымыр, Ботбай тарап, «Ұлы жүз», Жанарыстан: Мырза, Жора, Қара, Сары деген ұлдар өрбіп, «Орта жүз», Бекарыстан: Арғымақ, Алау бірге туып, «Кіші жүз» аталып кетеді. Қартбай жыршы Орта жүз Мырзадан Арғын, Жаппасты, Жорадан: Бағаналы, Найманды, Қарадан: Қоңырат пен Қыпшақты, Сарыдан: Көшпiк, Байсын, Кенжәлі, Теңбiлдi ғана таратып, ал Ұлы жүзге тоқталмай, әрi қарай өзi өкiлi болып табылатын Кіші жүздің ру-тайпаларын ойысып кетеді. Олардың ел шежіресіне, қонысына, батырлары мен ел басшыларына айырықша ден қойып, әсіресе, Әлім, Адай тайпаларына жеке-жеке тоқталады.

Нұсқасы. Қолжазбаның бас-аяғы түгел, туындының негізі 7-8 буын жыр үлгісіне құрылғанмен, арасында 10-11 буын қара өлең үлгісіне ауысатын тұстары да жиі кездеседі.

Басқы сөзі (88-б.):

Ағайын-тума халқымсың,
Лағылы, жаһұт, алтынсың.

Соңғы сөзі (143-б.):

...Шежіре сөз осылай
Кімді-кім көзімен көріпті.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін ақ кеңсе қағазына жасыл сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Шежіре-жыр 1991 жылы Ташкент қаласының Янгиабат массиві, Ілтипат көшесі, №95 үйде хатқа түскен.

Қолтаңбасы. Сол жылы Сырдария мемлекеттік педогогикалық институтының II курс студенті болған Б.Исанованың жазу үлгісі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары бір қатардан орналасқан. **Қалпына келтірілуі.** Кеңсе қағаздары жинақ үлгісінде түптеліп, сырты қоңыр мұқабамен қапталған.

Қосымша белгісі. Мәтін өте ұқыпты жазылған және сақталу сапасы жақсы.

Нұсқалары. Аңыздың ӘӨИ-дің сирек қорының 1089, 1063, 920/32 бұмаларында нұсқалары сақталған.

Папкасы. Қ.920/62(ӘӨИ). Профессор Қ.Саттаров жинаған фольклорлық мұралар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

159

Ш.920/30

П.26 ; Б.13; Ж. 366

18 x27; 9,5x22,5

АТАМЫЗ ӘНЕС САХАБАДАН БЕРГІ ШЕЖІРЕ

Аталуы. Атамыз Әнес сахабадан бергі шежіре

Жыршысы. Бөкенбаев Есенғали – 1921 жылы бұрынғы Маңғышлақ облысы, Маңғыстау ауданы, Жетісай мекенінде дүниеге келген. Он екі жасында Түрікмен ССР-нің Красноводск қаласына көшіп келіп қоныстанған. Жасынан халық дастандарын, ел ақындарының толғау-жырларын жаттап айтуға машықтанған. Ақын, жыршы, Ұлы Отан соғысының ардагері. Е.Бөкенбаевтың өлеңдері түрікмен, орыс тілдеріне аударылған.

Тапсырушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәлімет 4- сипаттамада бар.

Аннотациясы. Шежіреде Әнес сахабадан басталып, қазақтың үш жүзіне тоқталады. Кіші жүз руларына кеңінен тоқталып, мүмкіндігінше толық деректер беруге тырысады. Кирилл әрпімен жазылған қолжазбада әріп қателері, әсіресе көбінесе кісі аттары хатқа қате түсірілгені байқалады.

Экспедициясы. 1987 жылғы «Шақадам – Красноводск» фольклор экспедициясы

Басқы сөзі (55-б.): Әуелі бастан айтайын,
Атамыз Әнес Жабалды.

Соңғы сөзі (68-б.): ...Осылай деп жазыпты,
Шежіренің санасы.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың дәптерге қара сиямен жазылған. Қолжазба түптелген.

Қашан, қайда жазылған. 1987 жылы Красноводск қаласында жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Дәптердің орта бөлігіне жыр үлгісімен орналасқан.

Папкасы. Қ. 920/30 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 82-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

ДҮНИЕЖҮЗІНДЕГІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТАЙПА, РУЛАРҒА БӨЛІНУІ

Аталуы. Дүниежүзіндегі халықтардың тайпа, руларға бөлінуі

Жыршысы. Жәңгіров Шәді (1855-1933) – ақын, жыршы. Шымкент облысы, Созақ ауданына қарасты Құмкент совхозында дүниеге келген. Ташкент, Бұхара медреселерінен білім алған. Жастайынан шығыс сюжетіндегі қисса-хикаяттарды оқып, дастандар шығарған. Үстем тап өкілдеріне, дін иелеріне арналған сықақ өлеңдері ауыл арасына кеңінен тараған.

Тапсырушысы. Ойсылбай Айсұлу Төрекұлқызы – 1965 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы, Ақайдар ауылында дүниеге келген. 1991 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің филология факультетін тәмамдаған. Филология ғылымдарының кандидаты. Қазірде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері.

Аннотациясы. Бұл 39 бөлімнен тұратын жырдың алғашқы бөлімінде кең тараған халық аңыздары мен жазба деректерді пайдалана отырып, түркі-моңғол халықтарының ру-тайпалары, олардың тұрмысы мен өмір-тіршілігі туралы айтылған. Шығарманың атауына сәйкес қалған бөлімдерінде Шыңғыс хан мен Абылай ханның өмір тарихы кең көлемде, көркем жырланған. Көшіру кезінде қолжазбаның біраз беті жоғалған, кейбір сөздер мен сөз тіркестері танылмаған. Шәді Жәңгіров Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и түрк» және де басқа тарихи туындылармен таныс болып, соларға сүйенген болуы керек.

Экспедициясы. 1998 жылғы әдеби-фольклорлық экспедиция

Басқы сөзі (1-б.): Айтылған имамдардан кітаптар көп,

Бәрінің басында бар бисмилласы.

Соңғы сөзі (24-б.): ...Сол үшін үкіміндегі мұсылмандар

«Өзбек» деп аталады, есім беріп.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың оқушы дәптеріне жазылған. Көк түсті қаламмен.

Қолтаңбасы. Белгісіз

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Қара өлең үлгісінде орналасқан

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның беттері ажырап кеткен. Тысы ескірген, жыртыла бастаған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.888 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 82-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. –Астана:»Фолиант», 2012.

161

Ш.920/68 (ӘӨИ)

П.27; Б.27; Ж.25
30 x 21,5; 8,5 x 21,2

ЖЫРДЫҢ БАСЫ

Аталуы. Жырдың басы (91-б.).

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы деректер 4- сипаттамада көрсетілді.

Экспедициясы. 1976 жылы Амудария құйылысындағы қазақтардың фольклорлық мұраларын жинау мақсатында ұйымдастырылған экспедиция кезінде хатқа түсірілген. Жыршы Ерғожа Құлпыбаевтың айтуынан жазып алған – Ғ.Жаманқараева.

Аннотациясы. Жырда Әнес сахабадан бастап қазақтың шығу тегі баяндалып, Кіші жүз руларына дейін тізбектеледі. Бірақ мазмұны Қылышев Қартбай жеткізген жыр нұсқаларымен мазмұндас болып келеді. Толық аяқталмаған. «Құдияр батыр атанды, Кіші жүзге қараған» деген жолдардан кейінгі 176 жол енбей қалған. Соған қарағанда жыршы Қартбай ақыннан үйреніп, халық арасына таратып жүрген Ерғожа Құлпыбаевтың аузынан жазылып алынған сияқты.

Нұсқасы. Қолжазбаның бас-аяғы түгел, туындының негізі 7-8 буын жыр үлгісіне құрылғанмен, 10-11 буын қара өлең үлгісіне ауысатын тұстары да кездеседі. Толық аяқталмаған.

Басқы сөзі (91-б.):

Ағайын-тума халқымсың,
Лағлы, якут, алтынсың.

Соңғы сөзі (118-б.):

...Құдияр батыр атанды,
Кіші жүзге қараған.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін ақ кеңсе қағазына қара сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Шежіре-жыр 1991 жылы Ташкент қаласында жазылған.

Қолтаңбасы. Ғ.Жаманқарасваның жазу үлгісі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Кеңсе қағаздары жинақ үлгісінде түптеліп, сырты сұр мұқабамен қапталған.

Қосымша белгісі. Мәтін өте ұқыпты жазылған және сақталу сапасы – жақсы.

Нұсқалары. Аңыздың ӘӨИ-дің сирек қорының 1089, 1063, 920/32, 920/62 бумаларында нұсқалары сақталған.

Папкасы. Қ.920/68 (ӘӨИ). Профессор Қ.Саттаров жинаған фольклорлық мұралар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

162

Ш.1125 (ӘӨИ)

Б.7; Ж.23

17x20; 9x19

ЖЫР-ШЕЖІРЕ

Аталуы. Жыр-шежіре

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Жинаушылардың берген мәліметі бойынша, бұл жыр-шежіре Ақан серінің серіктерінің әрі мирасқорларының бірі және Ақан серінің өзімен де айтысқа түскен, белгілі дүлдүл ақын Қожамбеттің қолжазбасы арқылы жеткен. Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданында тұратын ақсақал Әуіжан Әубәкіровтың айтуынша, Қожамбеттікі деген төрт дәптерден тұратын шежіре-жырдың қолжазбасы 1931 жылы зым-зия жоғалған. Ал мына мәтін аталған ауданда тұратын Өмірбай Ыбыраевтың жамағайын туыстарының бірі Азнабай Әбілмәжіновтің аузынан жазылып алынған шежіренің тек бір бөлігі ғана сияқты.

Тапсырушысы. Ілияс Манкин (1880–1954) – Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Ботақара деген ауылда дүниеге келген. 12 жасынан өлең шығарған. Әкесі де ірі ақын, шешен кісі болған. Молдадан оқып сауатын ашқан соң, ескі қисса-хикаяттарды көп оқып, жаттайды. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы.

Аннотациясы. Бұл шежіреде жыршы өз атасынан бастап Әнес сахабаға дейінгі ата-бабаларды жырлайды. Орта жүз руларын айрықша дәріптейді.

Басқы сөзі:

Бірінші менің атым – Қожамбет,
Өз әкем, ол Олжабай өтіп кетті.

Соңғы сөзі:

...Сұрасаң, үш жүз қазақ арғы атасы
Әулие бір Қожамнан келеді екен...

Қағазы, әріп-сиясы. Жыр оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.
Беттелуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан жазылған.

Папкасы. Қ.1125.168-дәп.(ӘӨИ)

Библиографиясы. «Көкшетау» облыстық газеті. 1991 жыл. 16 ақпан; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

163

Ш. 1124/104,105

П.3 ; Б.7; Ж.132

16,8 x20; 8x18

ЖЫР-ШЕЖІРЕ

Аталуы. Жыр-шежіре

Жыршысы. Қожамбет

Тапсырушысы. Құлпейісов Еркін

Аннотациясы. Жырда орта жүз рулары туралы кеңінен тоқталады. Қожамбет өз атасы Ордабайдан бастап жеті атасын түгендеп, сосын орта жүздің қайдан таралғанына ауысады. Соңында үш жүздің атасы Әнес сахабадан тараған деген тұжырымды айтады. Шежіре өте қысқа жырланған.

Басқы сөзі (1-б.): Бірінші менің атым Қожамбет-ті,
Өз әкем, ол Ордабай өтіп кетті.

Соңғы сөзі (24-б.): ...Сұрасаң үш жүз қазақ арғы атасы
Әулие бір Қожамнан келеді екен.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне қара қаламмен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Қожамбеттің немересі Әуліжан Әубәкіровтың дәптерінен көшіріліп алынған.

Қолтаңбасы. Белгісіз

Беттелуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналасуы. Жыр үлгісінде орналасқан

Папкасы. Қ.1124. 104-105 дәп. (ӘӨИ).

Библиографиясы. «Көкшетау» облыстық газеті, 1991жыл, 16 ақпан; Бабалар сөзі. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. –Астана: «Фолиант», 2012.

164

Ш.1126 (ӘӨИ)

Б.18; Ж.23

17x20; 9x19

Көкжарлы мен Бура

Аталуы. Көкжарлы мен Бура

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Е.Құлпейісов.

Аннотациясы. Шежіреде Найман руынан тарайтын Көкжарлы және Бура руларының аталу тарихы сөз болады. Бұлардың екі есімді болуы олардың батыр ағалары Саржомарт шешімімен болған екен. Бақана (Көкжарлы) мен Бақанастың (Бура) күндестіктің салдарынан өзбектерге сатылып кетеді. Саржомарттың көмегімен еліне оралып, ұрпақтары өсіп-өнеді. Олардың басын біріктіріп ру атын әйгілеу мақсатымен туыстарын басшы сайлап, есімдеріне тайпа атын бергендігі туралы айтылады.

Басқы сөзі:

Ақсақал елді билеп ру қуып,
Быт-шыт боп берекесіз жүрген кезде.

Соңғы сөзі:

...Дастаны Бура, Көкжарлы біткен жері:
Жамағат, қолың жайып, оқы бата.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке бір жолдан орналасқан

Папкасы. Қ.1126.149-дәп.(ӨӨИ)

Библиографиясы. «Дидар» газеті, 1991 жыл; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Салтақова Ж., Әлбеков Т., Райыс Ғ. – Астана: «Фолиант», 2012.

165

Ш.1118

П. ; Б. ; Ж. 1908
13 x20 ; 12x16

КІШІ ЖҮЗ ШЕЖІРЕСІ

Аталуы. Кіші жүз шежіресі

Жыршысы. Дерек кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Шежіре тікелей Кіші жүз руларына арналған. Кіші жүздің арғы атасы Жанарыстан бастап, бергі ұсак руларға дейін таратады. Жыр арасында ру атауларын қарасөзбен тізбектеп те тарататын тұстары бар. Сонымен қатар жыршы тарихи деректерге сүйене отырып, үш жүздің басы қосылып хан, би сайлаған оқиғаларды да сөз етеді. Шығармада ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы тарихи кезендер көркем суреттеліп, қақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке төбе билерінің халық алдындағы беделі мен көрегендік әрекеттері жан-жақты жырланады. Әйтеке бидің әділдігі мен шешендігі, данышпандығы айырықша дәріптеледі. Кейбір оқиғалар бөлімдерге бөлінген. Ру атауларының әр түрлі, жаңсақ аталатын тұстары да жиі ұшырасады.

Басқы сөзі (1-б.): Ойланып, сөз жазайын біразырақ,

Ау, халқым, көңіл қойып, салсаң құлақ.

Соңғы сөзі (60-б.): ...Еңбекті бағаласа тыңдағандар,

Сөзімнің пайдаға асып, жарағаны.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне қара сиямен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Жыр үлгісінде қарасөз аралас орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ескіргендіктен, жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.1118 (ОФК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана:»Фолиант», 2012.

166

Ш.920/74

П.38; Б.38; Ж. 987

18,5x29;13,7x24

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

Аталуы. Қазақ шежіресі

Жыршысы. Әлімбай Әлиасқаров – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының құрметті азаматы, ақын.

Тапсырушысы. Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бұл жыр-шежіренің басты ерекшелігі – мұнда исламға, жалпы арабтарға қатысты көп сөз қозғалмайды. Тек қазақ ұлты мен руларының ата-тегін, құрылымын ажыратып, үш жүзден бастап бүгінгі рулардың бөлінісіне дейін жырлаған. Шежірені жырлаушы Әлімбай Әлиасқаров жырды жазу үшін жыршы бұдан бір ғасыр бұрын Бұхарада басылған кітаптарды және өзінің жерлесі Қалжан деген ақынның шежірелік қолжазбаларын пайдаланған.

Басқы сөзі (83-б.): Бендеге тірлік жақсы болса да арман,

Десең де дүние жақсы арты жалған.

Соңғы сөзі (121-б.): ...Аман-сау қайтсам елге табылам сонан,

Деп егер іздеп келсең қатарым ед.

Қағазы, әріп-сиясы. Қара қаламмен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Жырды Мардан Байділдаевтың айтуынша: «Ә.Әлиасқаровты іздеп барып, өз аузынан жазып алған филология ғылымдарының докторы – Әуелбек Қоңыратбаев».

Қолтаңбасы. Меруерт Сағындықованікі

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген

Мәтіннің орналасуы. Төрт жол қара өлең үлгісінде орналасқан.

Папкасы. Қ.920/74 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 82-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. –Астана: «Фолиант», 2012.

167

Ш.569 (ОҒК)

Б. 15; Ж. 18

15x20; 8x22

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ (қысқаша)

Аталуы. Қазақ шежіресі (қысқаша)

Жыршысы. Дерек кездеспеді.

Жинаушысы. Дәптердің мұқабасында «Оспанов Әлмағамбеттің шығармалары. Ақтөбе облысы, Торғай ауданының азаматы Әлмағамбет Оспанұлы мен Нұрхан Ахметбекұлының өлеңдерінің көшірмелері. Жинаушы – Мұқанұлы Смағұл» деген жазу бар.

Аннотациясы. Бұл жырда қазақ шежіресіне қысқаша шолу жасалған. Жыршы қазақ халқын арабтардан, Аннас сахабадан таратудың бұрыс екенін, оның себебін айта келіп, арғы тегіміз түрік, Алаша ханның үш баласынан тараған ұрпақ скенімізді дәлелдеуге тырысып қана қоймай «Ақтабан-шұбырынды» оқиғасы, Ресейге бодан болу сияқты тарихи оқиғаларды да айта кеткен.

Басқы сөзі:

Ал ұста, Әлмағамбет, қолға қалам,
Денсаулық, берсін қуат, Хақ Тағалам!

Соңғы сөзі:

...Тұяғы тұқырылған тұлпардай-ақ,
Отырған күйсіз шауып, бұл бір шағым.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне қаламмен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке жыр үлгісімен орналасқан.

Ақауы. 1932 жылы латын әрпінде жазылған қолжазба әбден ескірген. Мәтінді көшіру барысында біраз қателіктерге жол берілген. Бірнеше өлең жолдары мен шумақтары түсіп қалған.

Папкасы. Қ.569 (ОҒК)

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

Аталуы. Қазақ шежіресі

Жыршысы. Төлепұлы Жақсылық – Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында дүниеге келген. Жастайынан қисса-дастандарды, жырларды өздігінен үйреніп, ел арасында нақышына келтіріп орындаған.

Тапсырушысы. Мәтінді қорға 1946 жылы Ж.Аралбаев тапсырған.

Аннотациясы. Шежіре-аңызда қазақ халқының тарихы, оның XV ғасырға дейінгі тұрмыс-тіршілігі, моңғол, қалмақ, өзбек халықтарының ұлт болып қалыптасу тарихы жырланады. Мәтінде жеке бір жүзді, не руды ғана таратпай, тек қазақ халқының ұлт болып қалыптасқанға дейінгі кезеңі сөз болады.

Басқы сөзі:

Заманда ел билеген хандар өткен,
Толғауы жоқ тоңмойын жандар өткен.

Соңғы сөзі:

...Ауған, Үнді, Қытайда бар қазақтар
Қалған сіңіп түрік пен татарда да.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне қаламмен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Қойын кітапшаға араб әрпімен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Дәптердің ортасына жыр үлгісімен орналасқан.

Папкасы. Қ.560. (ОҒК)

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

Аталуы. Қазақ шежіресі.

Жыршысы. Кенен Әзірбаев (1884-1976) – Алматы облысы, Қордай ауданында туып-өскен. Өнші, ақын, композитор, СССР Жазушылар Одағының, СССР композиторлар одағының мүшесі, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ССР-нің халық ақыны. Кенен айтысқа ерте араласқан.

Жинаушысы. Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Тапсырушысы: Қ.Саттаров.

Аннотациясы. Жыршы Орта жүз бен Кіші жүз туралы қысқаша ғана мағлұмат беріп, Ұлы жүзді толық қамтыған, оның атақты батырлары мен билері туралы жырлаған.

Басқы сөзі:

Ұлы жүз аймағында Алатаудың,
Оңтүстіктен ырғалған бақша-баудың.
Жетісу мен Түркістан, Сырдария,
Мекендеген арасын Қаратаудың.

Соңғы сөзі:

...Осындай ел аңызын өлең еткен,
Сексенді алқымдаған Кенен екен.
Ұсынған ел мұрасын ұрпақтарға,
Қордайды бұл ақының мекен еткен.

Қағазы, әріп-сиясы. Шежіре қалың дәптерге машинкамен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Қолжазбада 1964 жылы жазушы Жолдасбай Тұрлыбайұлы Рахымалы Байжарасов пен Серкебаев деген шежірешілерден көшіріп алған деген мәлімет бар.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. Қ.920/90 (ӘӨИ)

Библиографиясы. Мәтін 1995 жылы «Қазақ батырлары» газетінде «Байрақ боп өткен бабалар» деген атпен және 1994 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Қазақ шежіресі» атты кітапта жарияланған; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

170

Ш. 884 (ӘӨИ)

Б.9; Ж.21
20х31; 16х25

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІНЕН ӨЛЕҢМЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚЫСҚАША МАЗМҰНДАМА

Аталуы. Қазақ шежіресінен өлеңмен жазылған қысқаша мазмұндама.

Жыршысы. Белгісіз.

Тапсырушысы. Қоржынұлы Қанен.

Аннотациясы. Жыршы қазақ шежіресінде қысқаша ғана мазмұндап, қазақтың түріктен тарағандығын, «Әнес сахабаның ұрпағымыз» деген пікірге қарсы тұжырымдар келтіріп, оның себебін өзінше дәлелдейді. 1876 жылы Орта жүзден Құнанбай, Кіші жүзден Мырқы, Жаппас қазіреттер қажыға барған сапарларында жаздырып әкелген шежіренің қазақты

арабтан тарады деген пікірге итермелегенін, арғы тегіміз – түрік, дініміз – ислам деген қорытындыға келеді. Түріктен Алашты, Алаш ханнан үш жүзді таратады. Сонымен қатар Әбілқайыр, Абылай хан тұсында қазақ халқының Ресейге бодан болғандығы туралы тарихи деректерге де тоқталып өтеді.

Басқы сөзі:

Ал ұста, ойды тербеп, қолға қалам,
Жалқау боп, жүре бермей, болма сараң.

Соңғы сөзі:

...Атанып Қазақстан, қатарға еніп,
Деп тұрмыз жасаймыз деп мәңгісіне.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба сарғайып тоза бастаған. Парақтар бір-бірінен ажырап тұр.

Папкасы. Қ. 884. 6-дәп. (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

171

Ш. 1124/106

П.6 ; Б.11; Ж.222

16,8 x20; 9x18

ҚАРАКЕСЕК

Аталуы. Қаракесек

Жыршысы. Белгісіз

Тапсырушысы. Құлпейісов Еркін.

Аннотациясы. Жырда орта жүз Арғыннан тараған Болатқожаның қалай Қаракесек атанғаны туралы айтылады. Мейрамсопы алыстан әйел алады. Жас келінмен бірге емшектегі баласы бар жеңгесі мен жас қыз еріп келеді. Жаугершілік заман басталып, әйелдер өз елдеріне қайта алмай қалады. Мейрамсопы келіншегімен ақылдасып, жеңгесін тоқалдыққа алады. Бәйбішесінен төрт ұл: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, ал емшекте келген баланың есімі Қамбар, оның анасынан кейінгі туған Шұбыртпалы. Мейрамсопының екі әйелі елден еріп келген жас қыз Қарқабаттың өміріне алаңдайды. Бірде көлден қайтқан келіншектер Қарқабаттың дәрет сындырған жерін көріп, таң қалады. Оның дәрет сындырған жері бір қарыс жер ойылып қалған екен. Қарқабаттың тегін адам емес

екенін әйелдер түсініп, оны Мейрамсопыға тоқалдыққа алу туралы ұсыныс жасайды. Мейрамсопы қабыл алып, Қарқабатты үшінші әйелдікке алады. Одан Болатқожа дүниеге келеді. Болатқожа өр мінезді, қайсар жігіт болып өседі. Бәйбішеден туған төрт бала екі тоқалдан туған Қамбар, Шұбыртпалы, Болатқожаға күш көрсетеді.

Мейрамсопы дүниеден озған соң, балалары арасында араздық өрши түседі. Аналарының араша түскеніне де болмайды. Енші бөліскенде де тоқалдан туған үшеуіне дұрыс бөлінбейді. Бұған ашуланған Болатқожа қасына Қамбар мен Шұбыртпалыны алып, бір түнде бар жылқыны айдап, Бетпақдалаға жөнеледі. Үшеуі жылқыны бір қораға қамап, демалып жатқанда ағалары Қуандық бастаған қуғыншылар келеді. Қора шыммен қаланған екен. Болатқожа қару болмаған соң, қуғыншыларды қара шыммен ұрып, жеңген екен. Содан бастап «Қаракесек» атаныпты. Қарқабат анасы баласына бата беріпті. Қаз дауысты Қазыбек бидің жетінші атасы осы – Қаракесек.

Басқы сөзі (6-бет): Болғанда елім – қазақ, жерім – Арқа,
Өскенбіз келер күнге үміт арта.

Соңғы сөзі (16-бет): ...Ағасын қара шыммен ұрып жығып,
Сондықтан «Қаракесек» атаныпты.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне қара қаламмен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. ҚарМУ-дың оқытушысы Б.Рахымов студенттермен фольклорлық практикада жүрген кезінде жазып алған.

Қолтаңбасы. Белгісіз

Беттелуі. Беттелмеген.

Мәтіннің орналасуы. Дәптердің ортасына шумақтарға бөлініп орналасқан.

Папкасы. Қ.1124. 106-дәп. (ӨӨИ).

Библиографиясы. «Оңтүстік Қазақстан» газеті, 24-26 қараша. 1990 жыл.

МАТАЙ ЕЛІ ТАСЫБАЙ БАЛАЛАРЫ ТАРИҚИҚ ШЕЖІРЕСІ

Аталуы. Матай елі Тасыбай балалары тариқиқ шежіресі

Жыршысы. Бектұрғанов Сейдахмет – 1920 жылы туған. Алматы қаласының тұрғыны.

Тапсырушысы. Сауытбеков Сейтен – 1908 жылы бұрынғы Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы, Балуан аулында дүниеге келген.

Аннотациясы. Бұл қолжазбаның басқа шежірелерден айырмашылығы мұнда жыр, сызба және қарасөз шежірелер аралас. Мәтінде орта жүз Най-

ман руын таратады. Басы сызба шежіре түрінде басталады да, «Найман», «Көрме – Байгелді – Байжан», «Жәйлаулар», «Жәйлау мақсаты», «Күзекке көшу» атты тараушалар өлеңмен жазылған. Сонымен қатар, шежіреде қазақ халқының салт-дәстүрі, өмірі, кеңес дәуірінің алғашқы жылдары сипатталған.

Баскы сөзі (1-бет): Найман – Белгібай – Қынтай...

Соңғы сөзі (55-бет): ...1952 жылы ірілендіру өзгеріс боп,

Кешегі иесіз қалды ойнап-күліп жүрген ауылың.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолдан жасалған дәптерге көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Белгісіз.

Ақауы. Қолжазбаны қолдан түптегендіктен оқып шығу кезінде көп қиындықтар туғызады. Қағаздары ескі, жазулар өше бастаған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Қолтаңбасы. Бектұрғанов Сейдахметтікі

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетте әртүрлі орналасқан: өлең, сызба және қарасөз түрінде.

Папкасы. Қ.1054 (ӘӨИ).

173

Ш.403 (ӘӨИ)

П.6; Б.6; Ж.26

29,5 x 20,7; 23,4 x 8,7

НҰРЖАННЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Аталуы. Нұржанның шежіресі (1-б.)

Жыршысы. Нұржан Наушабаев (1858–1919) – бұрынғы Қостанай облысы, Семиозер ауданында дүниеге келген. Ресейдің Троицк қаласында З.Расулов медресесінде білім алып, жасынан шығыс тілдеріндегі кітаптар мен татар, башқұрт жазушыларының шығармаларын оқып, әнші, сері, балуан атанып, дидактикалық үлгідегі өлеңдер жазған. Қазан қаласында «Манзумат қазақия» (1903), «Жұмбақ. Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысы» (1903), «Алаш» (1910) атты жеке жинақтары жарық көрді. Сондай-ақ “Көкем-ай”, “Көңіл ажар”, “Жан сәулем”, “Асылай”, “Мұқидаш”, “Бес тілек”, т.б. әндері ел арасына кеңінен тараған.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Шежіре-жыр әдеттегідей Адам атадан бастап тізбектеп келіп, Орта жүз руларына ауысады. Нұржан Орта жүз – Жанарыстан Қарақожаны, Ақтамды, Дәрмомынды, Смағұлды, Қасымқожаны таратып, Дәрмомыннан Қоңырат пен найманды, Смағұл, Қасымқожадан Керей мен Уакты, Ақтамнан Қыпшақты, Қарақожадан Ақжол және Арғынды өрбітеді. Сөйтіп, өзі жақсы білетін Арғын руына айырықша мән беріп, он Мейрамның төрт баласынан тараған руларға келіп шежірені аяқтайды.

«Найман, Қоңырат, Керей, Уақ халіменен, Жазарлық бір сөз еді бар керекті...) деп, мұны кейін жазатынын ескертеді. Өкінішке орай, ол шежіре кейінгі ұрпаққа жетпеген. Мәтін Нұржан Наушабайұлының «Манзұмат қазақия» атты кітабынан көшірілген.

Нұсқасы. Қолжазбаның бас-аяғы түгел, 10-11 буын кара өлең үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (68-б.):

Қаламды еріккенде қолға ұстарсың,
Жалығып бір күн әлі-ақ тастарсың.

Соңғы сөзі (74-б.):

...Мұны да сұрап біліп, ескерермін,
Денсаулық, Алла берсе тіршілікті.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін кеңсе қағаздарына машинкамен терілген.

Қашан, қайда жазылған. Шежіре-жыр акынның Тіл және әдебиет институты дайындаған «Нұржан Наушабаев. Өлеңдер жинағы» атты жинаққа енгізілген. Машинкаға терілген мерзімі көрсетілмеген.

Қолтаңбасы. Терілім.

Беттелуі. Еуропалық цифрмен нөмірленген.

Мәтіннің орналастырылуы. Өлең жолдары бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты сұр мұқабамен қапталып, арнайы түптелген.

Қосымша белгісі. Қолжазбаның барлық беттері дерлік редакцияланып, қолмен түзетілген.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

Папкасы. Қ.403 (ӨӨИ). Наушабаев Нұржан шығармалары.

174

Ш.1089 (ӨӨИ)

П.3; Б.6; Ж.23
25 x 17; 13 x 18,8

ПІСМІЛЛА СӨЗ БАСТАЙЫН ӘУЕЛ БАСТАН...

Аталуы. Пісмілла сөз бастайын әуел бастан..(19-б.)

Жыршысы. Қартбай Қылышев. Ол туралы деректер 154-сипаттамада көрсетілді.

Тапсырушысы. Қартбай Қылышев.

Аннотациясы. Жыршы шежіренің кіріспесінде бұрын-соңды жершарында өткен 124 мың пайғамбар, 33 мың сахаба, 12 имам туралы деректер бере отырып, Әнес сахабаға арнайы тоқталады. Жырда оның ұрпақтары дүниенің жеті ықылымына тарап, сан тілді халықтар өрбігені сөз болады. Өнестің Жәбіл деген баласынан Алты Алашты шығарып, оның құрамына

мына ұлттарды кіргізеді: түрікпен, қарақалпақ, қырғыз, қазақ, естек, өзбек. Қартбай жыршы әрі қарай осы халықтардың шығу, географиялық орналасу тарихына жеке-жеке тоқталып, әсіресе қазақтың әр кезеңдердегі қоныстарына байланысты деректер келтіреді. Қазақ халқының сексен екі таңбасы мен жетпіс жеті әулиесі бар екендігіне дәлелдер келтіріп, соңында жапсарлас халықтардың дұшпандық әрекеттерін де баяндап өтеді.

Нұсқасы. Қолжазба мәтіннің бас-аяғы түтел, туындының негізі 10-11 буын қара өлең үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (19-б.):

Пісімлла сөз бастайын әуел бастан..

Асыл-дүр дүрри гауһар шығар тастан.

Соңғы сөзі (24-б.):

...Өзімнің қара қазақ, қайран жұртым,

Пақыр мен нашарларға салауатты.

Қағазы, әріп-сиясы. Жол көзді оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Шежіре-жыр Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Сыпатай кеңшары, Ленин көшесінің №66 үйде жазылған.

Қолтаңбасы. Тапсырушынікі.

Беттелуі. Еуропалық цифрмен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары бір қатардан орналасқан. **Қалпына келтірілуі.** Қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеген.

Қосымша белгісі. Мәтін қолмен ұқыпты жазылғанмен, ескіре бастаған, мұқабасыз.

Папкасы. Қ.1089 (ӘӨИ). Қ.Қылышұлы жырлаған фольклорлық мұралар.

Нұсқалары. Аңыздың ӘӨИ-дің сирек қорының 1063, 920/62, 920/32 бумаларында нұсқалары сақталған.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Өлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

175

Ш. 750.

П.14; Б.6; Ж.256

15,5x20;19,2x11

САРЫҮЙСІН ШЕЖІРЕСІ

Аталуы. Сарыүйсін шежіресі

Жыршысы. Бүркітбай Аязбайұлы

Тапсырушысы. Сабыржан Шәкіржанов – Жетісуда баспасөз ісін ұйымдастырушылардың бірі, белгілі журналист, ғалым-зерттеуші. Туған, қайтыс болған жылдары, өскен ортасы туралы мәлімет жоқ. Ол XX

ғасыр басындағы тарихи оқиғалар тұсында Жетісуда, Алматыда тұрып, 1918-1920 жылдары жергілікті алғашқы қазақ, татар, ұйғыр тілдерінде шыққан «Көмек», «Мұхбир», «Учкун» сияқты еңбекшілерге арналған мерзімді баспасөзді ұйымдастырушы әрі осы басылымдардың алғашқы редакторы. 1940-1950 жылдары Қазақ педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы мемлекеттік университеті) араб тілі бойынша аға лаборант және кеңесші болып қызмет істеген. Сол тұста тарихи мұраларды ескі кітаптардан көшіріп, әрі оған өзінің ғылыми пікір, түсініктерін жазып, республикалық кітапханалардың қолжазба қорларына тапсырған.

Аннотациясы. Жырда Ұлы жүзден тараған Сарыұйсін руының шежіресі кеңінен жырланады. Бәйдібек байдың үш әйелі болғаны, оның бәйбішесі Сары бәйбішенің тоқалы Домалаққа көрсеткен зәбірлігі туралы да айтылып өтеді. Сарыұйсін руының неге аз өніп-өскенінің себебін атап көрсетеді. Елге белгілі Домалақ ана туралы аңыз бұл шежіреде көркем жырланады. Шежіренің басқа шежірелерден ерекшелігі: үш жүздің аталарын Байшора, Қарашора, Жаншора деп көрсетеді.

Басқы сөзі (6-б.): Бабамыз Алыпбектен: Малай, Сарай,
Жел сөзден Құдай берген айттым талай.

Соңғы сөзі (13-б.):Ағалар, үлкен-үлкен рахмет деп қой,
Боқтама «қызталақ» деп боғын жеген.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк қаламмен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1940 жылы тапсырған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Дәптердің ортасына жыр үлгісінде орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталып, жіппен тігілген.

Қосымша белгісі. Дәптердің кей беттерінде қарындашпен салынған суреттер кездеседі.

Папкасы. Қ.750.1-дәп. (ОҒК)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 82-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтакова Ж. –Астана: «Фолиант», 2012.

176

Ш.1113 (ӘӨИ)

П.13; Б.13; Ж.36
20,5 x 34; 10,5 x 27

САТЫПАЛДЫҰЛЫ ФАЙЗОЛЛА ҚАРИДЫҢ ӨЛЕҢ ШЕЖІРЕСІ

Аталуы. Сатыпалдыұлы Файзолла қаридың өлең шежіресі (1-б.)

Жыршысы. Файзолла Сатыбалдыұлы (1883-1959) – бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезінің Батпаққара ауылындағы дін қайраткері Саты-

палды ишан (Қыпшақ ишан) Ғабдоллаұлының отбасында дүниеге келген. Ауыл молдасынан тіл сындырған Файзолла кейін Бұхарадағы Қожа Аһрар медресесін аяқтап, қари (Құран Кәрімді жатқа айтушы) атағын алады. Әкесі Сатыбалдының мешіт-медресесінде ұстаз, мешіттерде имам қызметтерін атқарады. Елде Кеңес үкіметі орныққан тұста дін өкілі ретінде тұтқындалып, ауыр жұмыстарға жегіледі. Тумысынан ақын, шежіреші Файзолла бас бостандығынан ажыраған кезеңде шығармашылықпен айналысып, түрлі тақырыптарда жыр, дастандар жазады. Солардың арасынан «Әбдіғапар хан», «Шәкәрім – Жамал», «Көксерек», «Тасмешіт», «Адамзаттың шежіресі», «Тоқымбет – Гүлайым», «Ұзақ жол», «Өмірбаян» сияқты туындыларын айырықша атап өтуге болады. Тұтқыннан кейін Алматыға орныққанмен, кейін туған жерге оралып, сол жерде қайтыс болады.

Жинаушысы. Ғазиз Әмірқамзин – бұрынғы Торғай облысы, Амангелді ауданына қарасты А.Иманов атындағы дүниеге келген. Ол туралы өзге мәліметтер кездеспейді.

Аннотациясы. Шежіреші Нұр пайғамбарды екінші Адам деп есептейді. Себебі ол – жер жүзін топан су басқаннан кейін адамзат ұрпағын жалғастырушы. Оның Хам, Сам, Япыс атты балаларынан жер шарының барлық халықтары өрбіген. Атап айтқанда, Африка, Америка, Азия құрлықтарындағы Негрия, Үндістан, Араб, Индия, Жапон, Бостон, Ангола, Эфиопия сияқты елдердегі қара нәсілді ұлттар мен ұлыстар Хамның ұрпақтары. Ал ақ нәсілділер қатарында Самның тұқымдары: неміс, испан, ағылшын, Италия, Белгия, Швеция және Руслан (Россия). Сары нәсілді Япыстан тарағандар: Қытай мен Түрік, Татар, Моңғолия, Иран, Ирак, Саклап, Жангория сынды елдердегі халықтар. Бұған Түркі халықтарының бәрі жатады.

Файзолла қаридың пайымынша түріктен Аннас деген адам Мединаға көшіп барып, жүз жасқа келгенде Басрада қайтыс болады. Өлерінде үш әйелі мен балаларына енші беріп, дүние-мүлкін бөліске салады. Кіші әйелі төрт түлік малдан енші алып, Түркістан жеріне көшіп келеді. Одан туған үш баланың кішісі Жабилден – Мағаз, одан Ақшолпан, Ақшолпаннан Алаш тарайды. Алаштан: Сейілхан мен Жайылхан, соңғысынан Майқы туып, одан Өзбек, Сапиян тарайды. Сапияннан Аққалпак, Айырқалпак өрбіп, соңғысынан Қазақ пен Созақ туады. Шежіреші Қазақтан Ақарыс, Жанарыс пен Бекарыс жаралғанын айта келіп, ары қарай қазақтың төл шежіресін таратады. Сөз арасында қазақтың үш жүзге бөлінуі, олардың құрамындағы ру-тайпалар, батыр-бағландар, жер бөлісі, жоңғар шапқыншылығы, Ресей бодандығы т.б. тарихи оқиғалар баяндалады.

Нұсқасы. Қолжазбаның бас-аяғы түгел, туынды 10-11 буын қара өлен үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Нұх нәби түп атамыз саналады,
Үш нәсіл үш ұлынан таралады.

Соңғы сөзі (13-б.):

...Арты өсіп, көпшілігі Кіші жүзден,
Осылай Нәдірқожадан таралады.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көзді оқушы дәптерінің беттері тігінен пайдаланылып, кирилл әрпімен машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қолжазба 1983 жылы Торғай облысының Аманкелді ауданына қарасты А.Иманов кеңшарында хатқа түсіп, институт қорына сол жылы қабылданған.

Қолтаңбасы. Терушінікі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Машинка қағаздары түптеліп, қолмен тігілген.

Қосымша белгісі. Қолжазба беттерінің аяқ жағы бүктелген. 1, 3, 5, 6, 8-13 беттері қызметкерлер тарапынан редакцияланып, көк сиямен өңделген.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ф., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

Папкасы 1113 (ӘӨИ), 6-дәп. Сатыпалдыұлы Файзолла қаридың шығармасы.

177

Ш.920/68 (ӘӨИ)

П.16; Б.16; Ж.24
30 x 21,5; 8,5 x 21,2

ТАБЫН ТУРАЛЫ

Аталуы. Табын туралы (139-б.).

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәліметтер 4-сипаттамада бар.

Экспедициясы. 1976 жылы Амудария құйылысындағы қазақтардың фольклорлық мұраларын жинау мақсатында ұйымдастырылған экспедиция кезінде хатқа түсірілген. Жырды жазып алған – Г.Жаманқараева.

Аннотациясы. Туындының мазмұнына қарағанда, Қылышбай, Ерғожа ақындардың шежіре-жырларының жалғасы іспетті. Бірақ Құдиярдан тараған үш баланы «Қадырқожа, Нұрқожа, Сәдірқожа» еді деп таратып, жыршы Нұрғожадан өрбіген ұрпаққа арнайы тоқтайды. Оның білуінше бұл атадан Ердері, Рамадан, Керейт, Тілеуке, Жағалбайлы, Тама мен Табын тарайды. Әрі қарай Табынға кең орын беріліп, оған кіретін аталардың шығу тарихын баяндайды. Атақты батырларды, ақын-жырауларды,

бай-бағландарды, би-шешендерді, ел басшыларын, дін өкілдерін жырына өзек етеді. Әсіресе, Табынның Толыбай, Алыбай сияқты тармақтарына ерекше ден қойып, атасы Құлманмен шежірені аяқтайды.

Нұсқасы. Қолжазбаның бас-аяғы түтел, туындының негізі 7-8 буын жыр үлгісіне құрылғанмен, кейде 10-11 буын қара өлең үлгісіне ауысатын тұстары да кездеседі. Толық аяқталмаған.

Басқы сөзі (139 б.):

Құдиярдан үш бала
Туған екен анадан.

Соңғы сөзі (155 б.):

...Қайырлы жай болып кеткен
Шөлдеген халық жайына.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін ақ кеңсе қағазына қара сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Шежіре-жыр 1991 жылы Ташкент қаласында жазылған.

Қолтаңбасы. Г.Жаманқараеваның жазу үлгісі.

Беттелуі. Еуропалық тәртіппен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Кеңсе қағаздары жинақ үлгісінде түптеліп, сырты сұр мұқабамен қапталған.

Қосымша белгісі. Мәтін өте ұқыпты жазылған және сақталу сапасы – жақсы.

Папкасы. Қ.920/68(ӘӨИ). Профессор Қ.Саттаров жинаған фольклорлық мұралар.

Нұсқалары. Аңыздың ӘӨИ-дің сирек қорының 1089, 1063, 920/32, 920/62 бумаларында нұсқалары сақталған.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

ТҮРІК ТАЙПАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҮЙСІНДЕР

Аталуы. Түрік тайпалары және қазақ үйсіндер.

Жыршысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Есенғарасев Батылхан.

Аннотациясы. Шежіреде Адам атадан бастап, адамзаттың тарихын түгел қамтып, қазақтың үш жүзге бөлінетін құрылымына дейін таратып жырлаған. Асан ата шежіресіне сүйене отырып ежелгі тайпа, ру, жер атауларын көптеп пайдаланған. Соның ішінде Ұлы жүз руларына кең шолу

жасап, тек қазақ рулары туралы ғана емес, өзге де халықтардың шығу төркінін жан-жақты қамтыған.

Басқы сөзі:

Нұхтың заманында топан тасып,
Жер жүзін су тасқыны кетті басып.

Соңғы сөзі:

...Жинақтап осылардан жазбақшымын,
Лаһатқа тұрсам егер аяқ салмай.

Қағазы, әріп-сиясы. Қалың дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1959-1965 жылдары Төлтай Меңлібайұлы жазған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Шежіренің 1-ден 70-ке дейінгі беттері жоқ.

Папкасы. Қ.1076 (ӘӨИ), 5-дәптер.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Ру шежіре. /Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

179

Ш.920/62 (ӘӨИ)

П.24; Б.24; Ж.16
30 x 21,5; 19,5 x 14

ТУЫС ШЕЖІРЕ ӨЛЕҢ

Аталуы. Туыс шежіре өлең (1-б.)

Жыршысы. Иманғалиев Қайролла – 1907 жылы бұрынғы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Саралжын аулында дүниеге келген. Әкесі молда болған. Ескіше сауат ашқан, латынша сауатты, кирилл әрпінде 2 сынып оқыған. Туған елінде есепші, инспектор сияқты қызметтер атқарған. Жыр айтуды жастайынан үйреніп, «Қырымның қырық батыры» топтамасынан бірнеше жырларды жатқа айтқан. Өз жанынан да терме, жыр шығарып, жұрт арасында халықтың рухани мұраларын насихаттап отырған.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәліметтер 4- сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қайролла Иманғалиев шежіре-жырды Адам атадан бастап, оның жаратылуына байланысты ой толғайды. Кейінгі Пайғамбарлар мен сахабаларға, имамдарға тоқталып, иманнан өзге дүние-мүлікке қызықпағанын насихат етеді. Нұқ пайғамбардың Япыс деген баласынан Энжі, Қытай, Түрік, Монғол халықтарын таратып, жалпы түркі дүниесіне шолу жасайды. Қайролланың пайымынша, Түріктен Ұрым, Қырым,

Алау туған. Алаудан: Алаш, Наурыз. Алаштың Мағаз атты ұлынан Қазақ тараған. Жалпы Алты Алаш бірлестігіне қазақ, түркімен, өзбек, қырғыз, қарақалпақ (біреуі аталмай қалған – Т.Ә.) халықтары жатады. Басында қазақтар «Хиуалы Әлі бимен қосып ірге, Жүріпті Қарезімнің қарауында». Кейін Әлі бимен араздасып, Түркістанға қоныс аударған. Қытайдың қыспағымен ығысқан қазақтан өрбіген Үйсіндер Алатауға, Арғын, Қыпшақ Сырдан Арқаға дейінгі жерлерге, ал Кіші жүз Еділ, Жайық, Жем, Сағыз, Елек, Қобда салаларына ірге тебеді. Жыршы: «Айналып Алатаудан Адай келген, Маңғыстау – үш түбекті мекен еткен», – деген мәліметтер келтіреді.

Қайролла жыршы Кіші жүздің өкілі болғандықтан, шежіренің негізгі бөлігін сол бірлестікке арнайды. Әсіресе, Алшын туралы тосын деректер келтіріп, оны Қазақтың Алаужеке деген ұлынан туған Құдуардан таратады. Алшынның Мекке мен Мединенің арасындағы Салқын су деген бұлақтың бойында туып, ұрпағы төрт жүз түтінге толғанда маңайындағы мұсылман руларының шапқынынан шыдамай қырық жыл бойы көшіп жүріп, бүгінгі атамекенге ат басын тірейді. Бұдан әрі шежіреші он екі ата Байұлы, алты ата Әлім, Жетіру шежіресіне кеңінен тоқталып, әрқайсысын тарата жырлайды.

Нұсқасы. Қолжазбаның бас-аяғы түгел, туындының негізі 10-11 буын, кара өлең үлгісіне құрылғанмен, ара-кідік 7-8 буын жыр үлгісіне ауысатын тұстары да кездеседі.

Басқы сөзі (1-б.):

Әуелі сұра тілім мәдет Ақтан,
Неше жан мәдет тілеп жәрдем тапқан.

Соңғы сөзі (24-б.):

...Байтақ атын қалдырып,
Шораның шұбап өткен жер.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін ақ кеңсе қағазына қара сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Шежіре-жыр 1991 жылы Ташкент қаласының Янгиабат массиві, Ілтипат көшесі, №95 үйде хатқа түскен.

Қолтаңбасы. Сол жылы Сырдария мемлекеттік педагогикалық институтының II курс студенті болған Б.Исанованың жазу үлгісі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Кеңсе қағаздары жинақ үлгісінде түптеліп, сырты қоңыр мұқабамен қапталған.

Қосымша белгісі. Мәтін өте ұқыпты жазылған және сақталу сапасы жақсы.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

Папкасы. Қ.920/62 (ӘӨИ). Профессор Қ.Саттаров жинаған фольклорлық мұралар.

180

Ш.356 (ӘӨИ)

Б.88; Ж.32
17х21; 16х19

ҮШ ЖҮЗДІҢ ШЕЖІРЕСІ

Аталуы. Үш жүздің шежіресі

Жинаушысы. Байбатыров Мұқаш – 1899 жылы Талдықорған облысы, Ақсу ауданында дүниеге келген. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап, ауылда әр түрлі қызметке араласты. 1930 жылдары тұтынушылар одағында жұмыс істеген. 1943, 1961, 1969 жылдары өткен республикалық ақындар айтысына қатысқан. Өлендері бірнеше жинақтарда жарияланған. Ауыз әдебиеті нұсқаларын, тұрмыс-салт жырларын, толғау-термелерді көп жинап, қолжазба қорына өткізген.

Аннотациясы. Жыршы жыр-шежіреде үш жүзді түгел қамтиды. Үш жүзді жеке-жеке ру-тайпаларға бөліп, әдеби көркем тілде жырлаған.

Басқы сөзі:

Қолға алып домбырамды аттанайын,
Көңілде не бар екен ақтарайын.

Соңғы сөзі:

...Көп жасасаң, жасайсың бір-ақ ғасыр,
Көгеріп көркейерсің, өмір тозар.

Қағазы, әріп-сиясы. Кирилл әрпіндегі мәтін оқушы дәптеріне көк сиымен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке бір қатардан жазылған.

Ақауы. Қағазы сарғайып, жырдың кейбір сөздері өше бастаған.

Папкасы. Қ.356.2-дәп. (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

181

Ш.920/49

П. 11; Б.11; Ж. 329
18х;28; 13х 25

ШЕЖІРЕ

Аталуы. Шежіре

Жыршысы. Раманқұлов Наурызбек – бұрынғы Қарақалпақ АССР-і, Мойнақ ауданына қарасты Үргіт ауылында дүниеге келген. Жыршылық өнерді нағашысы Оразбай жыраудан және Құдайбергеннен үйренген. Наурызбек – бүкіл Сыр бойына, Түркіменстанға аты танымал болған жырау.

Тапсырушысы. Қ.Саттаров. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Жыр қалыптасқан үрдіс бойынша Адам ата мен Хауа ананың тарихынан басталады. Содан кейін Мұхаммед пайғамбарды дәріптей келе, Әнес сахабаға ауысады. Шежірешінің негізгі ұстанымы бойынша: «Қазақтың түп атасы осы Әнес сахабадан басталған». Жырдың түпкі мазмұнында Әнес сахабаның Пайғамбарды ақылшы тұтқаны, қалай құрметтегені туралы айтылады. Әнес сахабаның қалай өсіп-өнгені жырға арқау болғанмен, шығарма аяқталмай қалған.

Экспедициясы. «Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау экспедициясы»

Басқы сөзі (164 б.): Бисмилла деп колыма,
Алдым қағаз-қаламды.

Соңғы сөзі (175 б.): ...Әнші бала теке деп,
Айырайын сегізін.

Қағазы, әріп-сиясы. Қара қаламмен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Шежірені Наурызбек жыраудың қолжазбасынан жазып алған – Аблабекова Дина

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген

Мәтіннің орналасуы. Жыр үлгісінде орналасқан.

Папкасы. Қ.920/49. (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 82-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтакова Ж. –Астана: «Фолиант», 2012.

182

Ш.1089 (ӘӨИ)

П.12; Б.24; Ж.23
25 x 17; 13 x 18,8

ШЕЖІРЕ-ӨЛЕҢ

Аталуы. Шежіре-өлең (1-б.)

Жыршысы. Қартбай Қылышев. Ол туралы мәлімет 154- сипаттамада бар.

Тапсырушысы. Қартбай Қылышев.

Аннотациясы. Шежіре-жыр – «Амудария құйылысындағы шежіре» атты алдыңғы туындының «Бұлардан өрбіп тараған, «Ұлы жүз» депті жұртымды» деген жолдарына дейінгі бір үзіндісі.

Басқы сөзі (1 б.): Әуелі сұра тілім мәдет Ақтан,
Неше жан мәдет тілеп жәрдем тапқан.

Соңғы сөзі (24 б.): ...Аралап жүріп жырладым
Қазақтың алты Алашын.

Қағазы, әріп-сиясы. Жол көзді оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Шежіре-жыр Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Сыпатай кеңшары, Ленин көшесінің №66 үйде жазылған.

Қолтаңбасы. Тапсырушыныкі.

Беттелуі. Еуропалық тәртіппен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Қолжазбаның бас-аяғы түгел 7-8 буын жыр үлгісіне құрылған. Өлең жолдары бір қатардан орналасқан.

Қосымша белгісі. Мәтін қолмен ұқыпты жазылғанмен, ескіре бастаған, мұқабасыз.

Нұсқалары. Аңыздың ӘӨИ-дің сирек қорының 1063, 920/62, 920/32 бумаларында нұсқалары сақталған.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

Папкасы. Қ.1089 (ӘӨИ). Қ.Қылышұлы жырлаған фольклорлық мұралар.

183

Ш.917/7 (ӘӨИ)

Б.26; Ж.29
20x30; 10x25

ШЕЖІРЕ

Аталуы. Шежіре

Жыршысы. Қарасөзбен жазылған шежірені жырға айналдырған – Қызылорда облысы, Жалағаш ауданынан шыққан ақын Шонбай Жұбанұлы. Ақынның берген мәліметі бойынша шежіренің негізгі нұсқасын 1876 жылы қажыға барғандар (Құнанбай, Мырқы, Шабдан, Досжан қазіреттер) Меккеден әкелген. Қайқыұлы Бекжан деген кісі қарасөзбен жазылған шежірені Шонбайға тапсырып, өлеңмен жырлауын өтінген. Жыр-шежіре 1945 жылдан бастап елге тарай бастайды. Оны 1945 жылы Қызылорда облысында болған ақындар айтысына қатысқан Қармақшы ауданының ақыны Молдахмет Дабылұлы Шонбайдың өз аузынан жазып алған.

Тапсырушы. Ә.Қайнарбаев – халық ақыны, шежіреші, жинаушы. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында туған. Ұзақ жылдар жергілікті партия-кеңес орындарында қызмет істеген. 1934 жылдан бастап Қазақ КСР ҒА ауыз әдебиеті үлгілерін, Сыр бойынан шыққан Оңғар, Базар жырау, Ерімбет, Кете Жүсіп шығармаларын жинап, тапсырған. Ол тапсырған туындылардың бірсыпырасы “XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары” және “XX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары” атты жинақтарда, сондай-ақ “Айтыс” томдарында жарияланды.

Аннотациясы. Шежіреде қазақтың Наурыз, Алаш деген екі ұлы тура-лы сөз болды. Наурыз ұрпақсыз дүниеден өтеді. Сондықтан Наурыздың

қайтқан күніне арнап жыл сайын көктемде ас беріліп, жыл басын «наурыз» деп атаған деген дерек келтіреді. Жыршы «жүз» деген атаудың түп төркіні туралы да айта кетеді де, үш жүздің руларына жеке-жеке жырлайды.

Басқы сөзі:

Жараттың жанның бәрін Жаппар Халық,
Жеткерсең, рахметің көп қазыналық.

Соңғы сөзі:

... Бір үйге бара қалсам бәрі кіші,
Өткен күн, жеткен жедел дәуір едің.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолдан тігілген сары дәптерге машинкада жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1964 жылы машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қағаз беттері сарғая бастаған.

Папкасы. Қ.917/7.1-дәп. (ӘӨИ).

Библиографиясы. Кіші жүз шежіресі. Құр.Х.Маданов. - Атамұра,1993; Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Салтақова Ж., Әлбеков Т., Райыс Ғ. – Астана: «Фолиант», 2012.

184

Ш.1213 (ӘӨИ)

Б.15; Ж.23
15x20; 8x22

Шежіре-өлең

Аталуы. Шежіре-өлең

Жыршысы. Белгісіз

Жинаушысы. Қарамендин Сейітқали – Семей облысы, Бесқарағай ауданы, бұрынғы Семеновка совхозының тұрғыны, 93 жастағы қарт Заһидолла Қауменұлынан жазып алған. 1991 жылы осы қолжазбаны көшіріп жазып алған – белгілі жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбеков.

Аннотациясы. Жыршы өзінің атасы Орта жүз, оның ішінде Уақ руының ұрпақтарын жырлайды. Түп атасы Әнес сахабадан өрбіте отырып, Арғы атасы Жаубасардың қалмақтармен болған соғыстардағы ерліктерін де сөз қылады. Шежіренің аяқ жағында жырға енбей қалған руларды қарасөзбен айтып кеткен.

Басқы сөзі:

Қолыма сөз жазуға қалам алдым,
Ескірген, көне сөзге құлақ салдым.

Соңғы сөзі:

... Ендігісін қарасөзбен жазып таста,

Шірітпей кәрі миды босқа бекер.

Қағазы, әріп-сиясы. Ақ қағазға кирилл әрпімен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы осы қолжазбаны көшіріп жазып алған – белгілі жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбеков.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. Қ.1213. (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

185

Ш. 1090

П.41; Б.93
26,5x21 ;24x16

ШЕЖІРЕ-ЖЫР ДАСТАНЫ

Аталуы. Шежіре-жыр дастаны

Жыршысы. Жалғасов Ізжан – Қызылорда облысы, Қазалы ауданының азаматы.

Тапсырушысы. Жалғасов Ізжан

Аннотациясы. Мәтін жыр жолдарымен басталады. Автор Кеңес одағы, Дутов бастаған басқыншылар туралы сөз ете келіп, қазақтың шығу тегіне ауысады. «Арғы атамыз деп Абат батыр» деп шежірені бастайды. Асан қайғы, Абат батыр туралы аңыз әңгімелерді жазады. Аңыздардан соң ел аузынан естіген кіші жүз руларының тарихын таратады. Автор руларды таратқанда кейбір тарихи оқиғаларды да әңгімелеп отырады. Шежіре аяқталмаған.

Басқы сөзі (1-б.): Баласы Жантөренің Ізжан атым,
Қазақпын қарапайым арғы затым.

Соңғы сөзі (93-б.): ...Қоқандықтар қарқылдап күліп, мазақтай бастады.

Қағазы, әріп-сиясы. Үлкен, қалың оқушы дәптеріне, көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1962 жылдан бастап жазылған.

Ақауы. Кейбір беттері сарғая бастағандықтан, әріптер өше бастаған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әртүрлі орналасқан.

Папкасы. Қ.1090.1-дәп.(ӘӨИ)

Ш. 1124/111

П.4 ; Б.9; Ж. 96
20,5x16,5; 18,5x10**ШЕЖІРЕ ТОЛҒАУ****Аталуы.** Шежіре толғау

Жыршысы. Сасанұлы Есенбай (1843-1925) – акын. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының қарауыл руынан шыққан. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында бүкіл Ақмола, Көкшетау, Торғай өңіріне есімі мәлім болған. Орынбай, Ақан серілермен бірге жүріп, өнер үйренген, тарбағатайлық Мыстанай ақынмен айтысқан. Суырып-салма ақындығымен қатар әншілік, күйшілік өнерімен де танылған. Ақынның, әсіресе, “Балазар” деген топтама жырларының көркемдік шоқтығы биік. Есенбайдың адам өмірінің кезеңдері, ел ынтымағы, қайырымдылық, баршылық пен жоқшылық, билік туралы өлең-жырлары Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарындағы ұрпақтарының қолында сақтаулы.

Жинаушысы: Дүйсенбаев М.**Тапсырушысы.** Құлпейісов Еркін

Аннотациясы. Арғыннан туған жеті сопы соның біреуі: Қара сопы, одан Қарауыл, Қарауылдан Мықы, яғни орта жүз, үш Бектауыл руын жырға қосқан. Шежіреде әр рудың беделді адамдары туралы да сөз болады.

Басқы сөзі (21-б.): Арғыннан туған екен жеті сопы

Білуге ата жолын шежіре оқы.

Соңғы сөзі (25-б.): ...Бұрынғы өткендерге берсін иман,

Қалғанға береке бер Патша Құдай.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне қара қаламмен жазылған.**Қолтаңбасы.** Белгісіз**Беттелуі.** Беттелмеген.

Мәтіннің орналастырылуы. Дәптердің ортасына жыр үлгісінде орналасқан.

Папкасы. Қ.1124. 111-дәп. (ӘӨИ)**Библиографиясы.** «Дала таңы» газеті, 11 желтоқсан. 1991 жыл.

Ш.920/32 (ӘӨИ)

П.24; Б.24; Ж.26
30 x 21,5; 8,5 x 21,2**ШЕЖІРЕ****Аталуы.** Шежіре (1-б.)

Жыршысы. Құлыпбаев Ерғожа – Қарақалпақ АССР-і, Қоңырат ауданы, Мойнақ аулында туылған. Ол өз жанынан ән, жыр, өлең, терме, толғау шығарып, халық арасында бұрыннан келе жатқан шежірелерді,

дастандар мен киссалардың біразын жатқа білген. Ол туралы өзге деректер кездеспейді.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәлімет алдыңғы 4-сипаттамада бар.

Экспедициясы. 1976 жылы Амудария құйылысындағы қазақтардың фольклорлық мұраларын жинау мақсатында ұйымдастырылған экспедиция кезінде хатқа түсірілген. Жыршы Ерғожа Құлпыбаевтың айтуынан жазып алған – Қ.Құлпыбаева.

Аннотациясы. Жырда Әнес сахабадан бастап қазақтың шығу тегі баяндалып, Кіші жүз руларына дейін тізбектеледі. Бірақ мазмұны Қылышев Қартбай жеткізген жыр нұсқаларымен мазмұндас болып келеді. Толық аяқталмаған. «Алтын бидің баласы, Құдияр ерден тараған» деген жолдардан кейінгі 168 жол енбей қалған. Соған қарағанда жыршы Қартбай ақыннан үйреніп, халық арасына таратып жүрген сияқты.

Нұсқасы. Қолжазбаның бас-аяғы түгел, туындының негізі 7-8 буын жыр үлгісіне құрылғанмен, ара-кідік 10-11 буын қара өлең үлгісіне ауысатын тұстары да жиі кездеседі. Толық аяқталмаған.

Басқы сөзі (1-б.): Ағайын-тума халқымсың,
Лағыл мен яхут, алтынсың.

Соңғы сөзі (24-б.): ...Алтын бидің баласы
Құдияр ерден тараған.

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін ақ кеңсе қағазына қара сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Шежіре-жыр 1976 жылы Қарақалпақ АС-СР-і, Қоңырат ауданы, Мойнақ аулында жазылған.

Қолтаңбасы. Қ.Құлпыбаеваның жазу үлгісі.

Беттелуі. Еуропалық тәртіпшен нөмірленген.

Мәтіннің орналасуы. Өлең жолдары бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Кеңсе қағаздары жинақ үлгісінде түптеліп, сырты көк мұқабамен қапталған.

Қосымша белгісі. Мәтін өте ұқыпты жазылған және сақталу сапасы жақсы.

Нұсқалары. Аңыздың ӘӨИ-дің сирек қорының 1089, 1063, 920/32, 920/68 бумаларында нұсқалары сақталған.

Папкасы. Қ.920/32 (ӘӨИ). Профессор Қ.Саттаров жинаған фольклорлық мұралар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: «Фолиант», 2012.

ШЕЖІРЕ ЖАЙЫНАН ҚЫСҚАША МАҒЛҰМАТ**Аталуы.** Шежіре жайынан қысқаша мағлұмат**Жыршысы.** Оспанов Әлмағамбет**Тапсырушысы.** Құлпейісов Еркін**Аннотациясы.** Жыршы қазақ халқын арабтардан, Аннас сахабадан таратудың бұрыс екенін, оның себебін айта келіп, арғы тегіміз түрік, Алаша ханның үш баласынан тараған ұрпақ екенімізді дәлелдеуге тырысады. Сонымен қатар «Ақтабан-шұбырынды» оқиғасы, Ресейге бодан болу сияқты тарихи оқиғаларды да қамтыған. Жыр аяқталмаған.**Басқы сөзі (1-б.):** Ал, ұста, Әлмұхамбет қолға қалам,
Денсаулық берсе қуат Қақ Тағалам.**Соңғы сөзі (10-б.):** ...Жәнібек, Әбілхайыр заманында
Ресейдің кірген қазақ панасына.**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.**Қашан, қайда жазылған.** 1989 жылы Оспанов Әлмағамбеттің баласы Сұлтан Оспановтан жазыл алған.**Қолтаңбасы.** Құлпейісов Еркіндікі**Беттелуі.** Беттелмеген**Мәтіннің орналасуы.** Шумақтарға бөлініп, дәптердің орта бөлігіне жазылған.**Қосымша белгісі.** Мәтінге ескерту ретінде бір жарым беттік қарасөзбен түсінік берген.**Папкасы.** Қ.1126/181(ӘӨИ).**Библиографиясы.** Бабалар сөзі. 81-том. Шежірелік жыр-аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. –Астана:»Фолиант», 2012.

2. РУ АҢЫЗДАРЫ

189

Ш.1057 (ӘӨИ)

П. 2; Ж. 24
20x27,5; 15x25

АДАЙ МЕН ТАЗДЫҢ ТУЫСҚАН БОЛУЫ

Атауы. Адай мен Таздың туысқан болуы

Жинаушысы. Айсулу Бисенғалиқызы. Ол туралы мәлімет алдыңғы 150-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Темір деген ұлы жүздің батыры еді. Сол елдегі әділетсіз хандардың бірін өлтіріп, кіші жүздің еліне келіп паналайды. Темір батыр барлық шындықты жасырмай Қыдырқожаға баяндап береді. Қыдырқожа жылқысының билігін Темірге басқаруға береді. Осы арада Қыдырқожаның қызымен ойнап ол жүкті боп қалады. Қыз оны әке-шешесіне білдірмей төбе басына тастап кетеді.

Баланы Қыдырқожа тауып алып бәйбішесіне береді. Бәйбішесі оны өз ұлы Тазға «тәрбиелеп, аман өсір» деп аманат етеді. Таздың өзі де кірме бала екен. Оны кезінде Қыдырқожа бағып алған екен. Таз баланы Адай деп атап, өзіне іні етіп алады. Сол кезден бастап «Адай мен Таз» туысқан болып қалды дейді.

Басқы сөз (137-б.): Темір - ұлы жүздің батыры...

Соңғы сөз (138-б.): ...Үйрек пен қабыз» деп мақтанады екен олар.

Қағазы, әрпі-сиясы. Жолды дәптерге көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1996 жылы, Орал қаласы.

Мәтіннің орналастырылуы. Қарасөз түрінде орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтіру. Дәптер қағазбен қапталып, арнайы папкада орналасқан.

Папкасы. Қ.1057 (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

190

Ш.1203/95

П.2; Ж.24
30x21; 25x16

АДАЙ ТУРАЛЫ

Атауы: Адай туралы

Жинаушысы: А.Махмұтов пен Ғ. Мұсабаев

Аннотациясы: Қазақ жерін қалмақ шапқанда, екі буаз әйелмен бір жетім бала (Темір) және бір бойдақ жігіт (Естай) жарға тығылып, аман қалады. Естай, Темір мен аяғы ауыр екі жеңгесін қалдырып, өзі Сыр бойындағы ағасы Қыдырқожаға барады. Киім-кешек, азық-түлік алып келіп, екі жеңгесі мен жетім інісін Сырға алып келеді. Темір аман-есен келген соң Қыдырқожа оны Есен-Темір деп атайды. Ағасы Естайға Анайы деген қызды тарту етеді. Анайыны Қыдырқожаның немере қызы деп кейде айтады. Анайы шамамен 16-17 жасында ұл тауады. Ұлдың атын Адай деп атайды.

Басқы сөз (2-б.): Елді қалмақ шапқанда екі буаз әйел....

Соңғы сөз (3-б.): ...осы таңбаны берген екен деседі.

Қолтаңбасы: Жинаушылардың қолы

Қағазы, әрпі-сиясы: Машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері: Батыс Қазақстан облысы

Мәтіннің орналасуы: Қарасөз түрінде орналасқан.

Беттелуі: Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы: Қ.1203/95 (ӘӨИ).

Библиографиясы: Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

191

Ш. 1203/95

П. 2: Ж.24
30x21;25x16

АДАЙ РУЫ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Атауы: Адай руы туралы аңыз, Түрікпен Адай руы туралы аңыз

Жинаушысы: А. Махмұтов пен Ғ. Мұсабаев

Аннотациясы: Адайдың екі ұлы болды. Оның біреуі Құдайке, екіншісі Келімберді.

Құдайкенің үйі, малы суға ағып кетеді. Үй-малдан айырылған соң інісі Келімбердіге келіп қоныстанады. Екі көзінен айырылып, қаріп болып қалады. Бір күні Келімбердінің үйіне жалғыз басты Түрікпен әйелі келіп паналайды. Келімбердінің жұбайы сол Түрікпен әйелді қайнысына алып беруді ұсынады. Келімберді: «бұл әйелді не қыласың?» депті. Келімбердінің жұбайы: «Дәретке отырған жерін көрдім. Әлі бір-екі бала табуға шамасы келеді» деп айтады. Сол Түрікпен әйелді Құдайкеге алып берген соң одан бір ұл туады. Сол Түрікпен әйелден тапқан баланың есімін Түрікпен Адай деп қояды.

Басқы сөз (8-б.): Сегіз арыстың ағасы...

Соңғы сөз (9-б.): ... қалып қойған екен деген аңыз бар...

Қолтаңбасы: Жинаушылар

Қағазы, әрпі-сиясы. А4 машинамен басып шығарған.

Жазылған жылы, жері. Батыс Қазақстан облысы.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке сөз қарасөз тәртібімен орналасқан.

Беттелуі. Европа цифрымен беттелген.

Папкасы. 1203/95 (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

192

Ш. 896 (ӘӨИ)

Б.46; П.23; Ж.23.

20,5x15; 18x12

АДАМ АЛЕЙСАЛАМНАН АДАМ ПАЙҒАМБАРҒА ШЕЙІН

Атауы. Адам алейсаламнан Адам пайғамбарға шейін

Айтушы. Пірімжан Ысқақов.

Жинаушы. Қабіболла Сыдиықұлы – әдебиет тарихын зерттеуші ғалым, ауыз әдебиеті үлгілері мен халық күйлерін, әндерін жинаушы. Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қарақұм аулында туған. 1955 жылы Атырау пединституты қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін, 1960 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген. 1959-1985 жж. Атырау, Орал, Түркіменстан мен Қарақалпақстанда фольклорлық экспедицияларына ғылыми жетекшілік етіп, ақын-жыраулар мұрасын, халық әндерін, домбыра күйлерін, шежірелер мен тарихи деректер жинады.

Шафиғи Мақсұт Әминұлы – көне қолжазбалар маманы, ауыз әдебиетін жинаушы және зерттеуші. Пекиннің халықаралық қатынастар университетінің араб тілі факультетін бітірген.

Экспедициясы. 1986 жылғы Тәжікстан, Өзбекстан экспедициясы.

Аннотациясы. Өнес бес жасында жетім қалып, жоқшылықтан күнкөріс қиындап, анасы оны Мұхаммед пайғамбарға алып келеді. Пайғамбардың қолында жүріп, үйленеді. Жағдайы төмендей берген соң, пайғамбар тағы да әйел алуына ақыл айтады. Сонымен үш әйел алып, отын шауып, оны төртеуі базарға апарып сатады. Артылған ақшаға лақ сатып алады. Сөйтіп, жағдайы түзеледі. Ары қарай Мұхаммед пайғамбар туралы аңыз келтіреді де, Өнестен шежіре таратады. Майқыдан Өзбек, Жаһін, Жаһіннен Айырқалпақ, Келмек, Айырқалпақтан Қазақ, Созақ екі ұл болған екен дейді. Қазақтан Алаш, Наурыз болыпты. Наурыздан бала болмапты. Наурыз өлер алдында інісі Алаштың балаларын шақыртып айтқан екен: «Қабыл көрсендер, қаза болған күнімде әр үйің бір-бір қазан құдайы көже қылып, Наурыз келді деп көрісіп, атымды атасаңдар болды». Алаш балалары хош көріп, бұл өсиетін қабыл алады. Алаштан Ақарыс,

Бекарыс, Жанарыс үш ұл болады. Ақарыстан Кеңес жалғыз, Кенестен Үйсін жалғыз. Үйсін жау жаулап кеткенде елі үркіп, Доғалақ тоқалы жүкті екен, оны жұртқа тастап кетеді. Ертеніне жау келіп жұртта баласын алып отырған әйелден елдің жай-жапсарын сұрап біледі. Таудың арғы жағында жатқан елдің жылқысын жау айдап әкеліп, әйелге қалағанын сұратады. Әйел кәрі құла айғырды сұрайды. Жау жылқыны алып кетеді. Таң алдында құла айғыр қатты бір кісінепті, ертеңі кешке жылқының жартысы қайтып келіпті. Келесі күні тағы жартысы келеді. Бірнеше күннен соң Үйсін батыр еліне келсе, елі жоқ. Тау жақта бір арбаның ізін көреді. Сол ізбен келсе, жылқының ішінде әйелі баласын алып отыр. Әйел мән-жайды айтады. Ары қарай Жанарыстан, Бекарыстан шежіре таратады.

Басқы сөзі (1-б.): Ыбрахим, Ысмайыл атасынан екі ұл болып...

Соңғы сөзі (46-б.): ... Есназардан Жамантей, Құлқара, Майлы 3 бала болды.

Қағазы, әріп-сиясы. Қазіргі кирилл әрпімен көк сиямен, оқушының жол дәптеріне жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Өзбекстан, Термез қаласы. 1986 жыл.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Ақауы. Қағазы ескіріп, сарғайған.

Папкасы. Қ.896.4-дәп. (ӘӨИ). Тәжікстан, Өзбекстан экспедициясының материалдары.

193

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 1; Ж. 14
35x24; 32x19

ایر عاقتی شوپتمیس

Аталуы. ایر عاقتی شوپتمیس [Айырғақты-Шөптеміс]

Жинап жазған. ماشعور جونسف کویف Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы. Ерте заманда жалғыз түйемен жүріп саудагерлік қылған бір сарт болыпты. Түйесіне мініп, алашаға буып алған ұсақ-түйегімен ана ауылға да, мына ауылға да танымал болып «Айырғақты» атаныпты.

Сол кезде Қанжығалының қызы оң жақта отырып екіқабат болып қалады екен де, бала туылғаннан кейін оны шөптің ішіне жасырып тастаған жерінен жұрт тауып алып: «Бұл бала қайдан пайда болған?» деп сұрағанда, Айырғақтыдан болғандығы білінген соң баланың атын «Шөптеміс» қойып, қызды Айырғақтыға қосыпты және Айырғақтының өзі Қаракесек ішіндегі Байбөрі деген елден бір қыз алып, Қанжығалы қызынан туған

– Шөптеміс, Қаракесек қызынан туған – Айырғақты атын да алып, осы күнде «Айырғақты-Шөптеміс» деген ел болды деседі.

Басқы сөзі (147-б.):

مرته زاماندا جالعز توييمين جورنپ ساوداگرلنك قتلان بنر سارت بولنپتي

Соңғы сөзі (148-б.): كادۇلگى ساقالى قاۋديعان سارت

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, қара сиялы қаламмен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен, парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1178. (ОҒК)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

194

Ш. 920/13 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж. 25

29x19; 23x15,5

АҚ КӨҢІРДЕК ПЕН ҚАРА КӨҢІРДЕК РУЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Аталуы. Ақ көңірдек пен Қара көңірдек рулары жайында.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Қай айтушы болса да Көңірдекті тікелей Бораш батырдан туғызады. Шешесін Жәнібек ханның қызы етіп көрсетеді. Өйткені Ахметтен туған Ойсылдың отыз ұлының бірі – Бораш батыр. Осы Бораш батыр мен Жәнібектің Ойсылдың отыз ұлын қырғынға ұшыратқанда оның қызынан туған баласы көңге орап тығып тастап, аман алып қалады. Көңнен шығарып алған баланы көңірдек деп атап кеткен. Осы көңірдек жайлы, оның ұрпақтары жайлы қысқаша айтылады.

Басқы сөзі (22-б.): Осы Бораш батыр мен Жәнібектің...

Соңғы сөзі (22-б.): ...талай аталарға бөлшектенеді.

Қолтаңбасы. Машинкамен басылған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кеңсе қағазына кирил әрпімен, қара сиямен машинамен басылған.

Жазылған жылы, жері. Ташкент қаласы, 1984 ж.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен әр бетке жиырма бес жолдан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты қара көк түсті, қатты қағазбен тысталған.

Папкасы. Қ.920/13 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

195

ОҒК.879/5

П.16; Б.32; Ж. 23
22 x 18; 20x 10

الاش جايلى انڭز

Атауы. الاش جايلى انڭز Алаш жайлы аңыз

Айтушы. Белгісіз.

Жинаушысы. Шайхы Кәрібаев – әдебиетші, педагог, халық мұраларын жинаушы. Көп жылдар Қазақ Мемлекеттік Педагогикалық Университетінде ұстаздық және ғылыми-зерттеу, оқу құралдарын жазу жұмысымен айналысқан. Өзінің жинаған материалдарын қолжазба қорларына өткізген.

Аннотациясы. Ерте заманда Қырым деген бір елдің жұртында бір хан болады. Бір күні сол ханның әйелі босанып, дүниеге бала әкеледі. Бұған Қырым елінің ханы да, халқы да қуанады. Бірақ қуаныштары ұзаққа бармайды. Себебі, ханның жаңа туған баласының түрі ала болып туады. Содан бұл оқиға бүкіл елге жайылады, бір күні ханға да жетеді. Оны естіген хан алғашында сенбей, бір күні өзінен туған баланың түсін көреді де: «бұл бала ала болып туды, бұл жайдан-жай емес, бұл бір орасан болмаған құбылыстың, жаманшылықтың нышаны екен» деп ойлап, «бұл ала бала ержеткен соң өзі сияқты елімді ала жасайды екен» дейді де өзінің перзентін қолына алмайды. Маған көрсетпендер деп бұйырады. Содан ханның айналасындағы адамдары өзара ақылдаса келіп, ханың баласын бір жаққа апарып тастауға келіседі. Олар ханның ала болып туған баласын өз құндағымен орайды да сол уақытта Сырдария деген өзеннің бойын мекендеген «Үш Алаш» деген елге апарып тастайды. Содан күндер, айлар, жылдар өтіп, күндердің күнінде осы ала бала «Үш алаш» деген елде өсіп, ержетеді. Ол жұртына өзінің ержүректігімен, батырлығымен әрі қайырымдылығымен танылады. Оны жан-жақтағы елдер де естіп, оны өздерінің болашақ билеушіміз деп таниды. Осы ала бала, бір кезде ала жігіт болып, ержеткен соң осы «Үш алаш» деген елдің барша халқы қалап, Сырдария өзені бойындағы жұртқа билеуші, хан болады. Сонымен, Алаш еліне Ала батыр жігіт хан болады. Одан кейін де көп

замандар өтеді. Қазақта бұрынғы замандардан бері айтылатын - «Алаш алаш болғалы, Алаша хан болғалы» деген белгілі сөз осы Қырым ханы баласының ала болып туғаны туралы, оның «Үш алаш» деген жұртқа хан болғанында айтылған екен деген аңыз айтылады.

Басқы сөзі. Ертеде Қырым жұртында бір хан болған. Бұл ханнан бір бала туып, туған баланың еті ала болып туған.

Соңғы сөзі. Алаш алаш болғалы Алаша хан болғалы деген сөз сонан екен.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сары және көк кеңсе қағазына машинкамен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қағаз салуға арналған ақ қатырма бумаға салынған.

Папкасы. Қ.879 (ОҒК).

Ақауы. Қағазы тозып, сарғайған. 4,5,6 беттер шимайланып, кейбір сөздер оқылмайды. Қолжазба жөндеуден өткізуді талап етеді.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Шежірелік аңыздар. 83-том. Құрастырушылар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

196

III. 299

П.33; Б.66; Ж.22
21x18; 19 x 10

АЛАША ХАН ӘНГІМЕСІ

Атауы. Алаша хан әңгімесі (1-6.).

Айтушы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бұрында Бұқар хандарынан бір хан қазақ ханы болып тұрғанда оның бәйбішесінен бала болмайды. Ол бірде Қызылбасты шауып, соның ханының қызын олжалап алады, әйел бір бала табады. Ол бала сауысқанның үсті сияқты ала болып туылады. Сонда ханның бәйбішесі ханға келіп : «Бұл бала өскенде жұртты ала қылып ұстап, өзіңе жау қылады екен, мұнан осы күнде құтыл», – дейді. Содан хан бәйбішесінің тілін алып, маңындағы жігіттерді шақырып алып, ұзақ жолға азығын беріп: «Осы баланы менің өкіметім жүрмейтін жерге алып барып, асырап-сақтап өсіріңдер. Бұл Бұқар деген елді мына бала көрмесін, енді сендер де көрмеңдер», – деп, жер аударып жіберіпті.

Сол қырық жігіт баланы алып, Сырдариясынан өтіп, Алатау, Қаратаудан өтіп, аралық жеріндегі жайлап, көшіп жүрген жұрттың ортасына

келіп, мекен қылып, ханның баласын өсіреді. Сол бала 12 жасқа жеткеннен соң қырық жігітпен ісі болмайды, ал қырық жігіттің баламен ісі болмай бәрі өз бетімен алды-алдына кетеді. Олар жүріп отырып Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Жездікеңгір – үш Кеңгірдің бойына келіп, өз күштерінің арқасында үш жылдың ішінде алдарына мал салып, үстеріне үй тігіп, өз алдына жұрт болады.

Сонан соң Майкы би үш жылдан соң Ақжол дегенді жүз жігітке бас қылып, «Соларға барып қосыл» деп жіберді дейді. О да келіп бұларға қосылды. Оның артынан жүз жігітке бас қылып, Алшын дегенді жіберіп, ол да келіп қосылды. Баяғы қырық жігітті іздеп тауып, барлығы бір жұрт болады. Енді ортамыздан хан сайлайық деп, алашаға салып, баяғы ала баланы хан көтеріп, Алаша хан деп ат қояды, «Алаша» деп өз алдына ұран алады. Олар жауға шапқанда: «Алаш, Алаш» – деп шабалық, өз кісіміз екенін содан білейік», – деп, әуелгі келген Үйсінді «Ұлы жүз – Үйсін» деп, ортада келгенді «Орта жүз» деп, соңғы келгенді «Кіші жүз – Алшын» деп атайды.

Осыдан кейін осы үш жүздің баласы қазақ атанып, әр руға таңба үлестіріп, сол таңбаларын бір тасқа басып, «талас болса сонан қарайық» деп, үш жүздің баласы бірігіп, қазақтың таңбасы сол тасқа басылады.

Басқы сөзі. Қазақ жұртында ауызда сөйленіп жүрген бір сөз бар: «Кеше Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз – ағаш болғанда, ұранымыз – Алаш болғанда» десіп келеді.

Соңғы сөзі. «Осынан үш жүздің баласы қазақ атанып, руға таңба үлестірді, сол таңбаларын бір тасқа басып, талас болса сонан қарайық деп, үш жүздің баласы, қазақтың таңбасы сол тасқа басылған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қара сиямен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Папкасы. Қ.299 (ОҒК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Шежірелік аңыздар. 83-том. Құрастырушылар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

197

Ш.1177

П.33; Б.66; Ж.22
21x18; 19 x 10

АЛАША ХАН ӘҢГІМЕСІ

Атауы. Алаша хан әңгімесі (1-б.).

Айтушы. Белгісіз

Жинаушысы. Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1859-1931) – белгілі қазақ ақыны, шежіреші. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіне шығармалары жарияланған. XX ғасыр басында бірнеше кітабы жарық көрген. Соңында қазақтың ескі тарихына байланысы жинаған материалдары қазақ тарихы мен мәдениетінде үлкен орны алады.

Аннотациясы. Бұрында Бұқар хандарынан бір хан қазақ ханы болып тұрғанда оның бәйбішесінен бала болмайды. Қызылбасты шауып, соның ханының қызын олжалап алады.

Сол заманда ол жерде: Қотан, Қоғам, Қондыкер, Қобаң деген төрт атаның елі бар екен. Сол елде: «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген би болады. Ол Майқы бидің Үйсін деген баласы аң аулап жүріп он екі жасар ала балаға кездеседі. Үйсін баламен сөйлесейін десе де ол мылқау кісідей тіс жармай тұра береді. Сонда Үйсін ауылына келіп, әкесі Майқыға болған жайды баяндайды.

Майқы би «Мені алып барындар» деген соң балаға алып барған екен, сонда бала ұшып түрегеліп сәлемдеседі. Сонда Майқы би «Боламын деп туған өр екенсің, болатын жеріңе жете алмай тұр екенсің, кел, балам, қасыма мін» деп, баланы арбасына мінгізіп, ауылына келіп, қой сойып, асықты жілік ұстатады. Одан соң баласы Үйсінді шақырып алып, оған жүз жігіт жолдас қосып: «Мына баланы алдарыңа салып, ту қылып ұстап, жаға қылып бастарыңа шаншып, Қаратаудан асындар. Шу, Сарысу деген өзендерден өтіндер, Ұлытау, Кішітау деген тауларды асындар, ар жағыңда «Қатты Сыбан» деген жауымыз болады, Есіл, Нұра деген өзендердің арасында Тоғанастың тоқсан екі көлі бар, соның бойында Он сан Ноғай Орманбеттің елі бар, сол жұрттың жерін шауып, талаптарыңды байқандар» деп бата береді. Осы топ Майқының айқан жолымен жүріп отырып Қаракенгір, Сарыкенгір, Жездікенгір – үш Кеңгірдің бойына келіп, өз еңбектерінің арқасында үш жылдың ішінде алдарына мал салып, үстеріне үй тігіп, өз алдына жұрт болады.

Майқы би үш жылдан соң Ақжолды жүз жігітке бас қылып, онан кейін жүз жігітке бас қылып, Алшынды жібереді, олар келіп қосылады. Олар енді ортамыздан хан сайлайық – деп, алашаға салып, ала баланы хан көтеріп, Алаша хан деп ат беріп, «Алаша» деп ұран қояды. Одан соң жауға шапқанда: «Алаш, Алаш!» – деп шабайық деп, әуелгі келген Үйсінді «Ұлы жүз – Үйсін» деп, ортада келгенді «Орта жүз» деп, соңғы келгенді «Кіші жүз – Алшын» деп атайды.

Осыдан үш жүздің баласы «Қазақ» атанып, руға таңба үлестіріп, сол таңбаларын тасқа басып, «үш жүздің баласы, қазақтың таңбасы» деп сол тасты, сол жерді «Таңбалы Нұра» деп атайды.

Басқы сөзі. Қазақ жұртында ауызда сөйленіп жүрген бір сөз бар...

Соңғы сөзі. ... Қазақ атында жұрт Алаша ханның ауызына қарап, Үш Кеңгірдің бойын жағалап, қыстап жүрді дейді.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қара сиямен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орнастырылған.

Ақауы. Тозған, кейбір жерлері жыртылған, әр түрлі белгілер жазылған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.1177 (ОҒК).

Библиографиясы. М.Ж.Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. - Павлодар: «ЭКО» ҒЗӨ, 2006. 8-том; Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

198

Ш.354 (ӘӨИ)

П.2; Ж 27
20x30;15x24

АЛАША-БАЙБАҚТЫ АТАНУЫ

Атауы. Алаша-Байбақты атануы

Жинаушысы. Ғатауов Фарид

Аннотациясы. Сұлтансиық деген байдың бес ұлы болыпты. Олар: Асқар, Масқар, Алаша, Тана, Алқа. Асқар өлген соң оның жұбайы Танаға үйленіп, отау құрады. Асқардан үш ұл қалады. Олар: Байбақты, Жанбақты, Тынбақты. Ал Танадан екі ұл туады. Олар: Қараман, Қалқаман. Байбақты өскен соң, өгей әкесімен тіл табыса алмай, Алашаға барып бірігеді. Ол Алашамен бірігіп, күш қосады. Екі інісімен өз алдына бөлек ру болады. Сондықтан, ел арасында «Алаша-Байбақтымыз» деп айтады.

Басқы сөз (82-б.): Кейбір материалда Сұлтансиықтың балалары....

Соңғы сөз (83-б.): ...Алаша-Байбақтымыз деп айтады.

Қағазы, әрпі-сиясы. Дәптерге машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері. 1962 жылы жазылып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке қарасөзбен тәртібімен орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Дәптер қағазбен қапталып, арнайы папкада орналасқан.

Папкасы. Қ.354 (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

[АНАМЫЗ АҚШОЛПАННЫҢ КӨРЕГЕНДІГІ ЖАЙЫНДА]

Атауы. Анамыз Ақшолпанның көрегендігі жайында.

Айтушы. Белгісіз

Жинаушысы. Өмірзақ Ахметов – қазақтың халық мұраларын жинаушы, шежіреші. Қызылорда облысы, Жаңа Қазалы кентінің тұрғыны.

Аннотациясы. Алаштың әйелі Ақшолпан ана перзентті кешігін көтереді. Ақшолпан сол кешігіп көрген балаларын көтергенде, әртүрлі нәрселерге жерік болады. Тұңғыш баласы – Ақарысты көтергенде, ол құс пен қойдың етіне жерік болады. Осы баласын дүниеге келтіргенде анамыз ауыл-аймағын жиып, тамақ береді де: «Бұл баламды көтерерде құс пен қой етіне жерік болып едім. Мұның тұқымы – майда, ұсақ және қой мінезді жуас болар», – депті.

Екінші баласы Жанарысты көтергенде түйенің өркеші мен қомына, жылқының қазысы мен қартасына жерік болады. Бұл баласын туған соң шілдеханаға келген адамдарға: «Осы ұлым бойыма біткенде мен жылқының қазысы мен қартасына, түйенің өркеші мен қомына жерік болдым. Мұның тұқымында қазақтың хандық дәрежесі мен сән-салтанаты қалар, ханның тағы осы баламның ұрпағында тұрар» дейді.

Ақшолпан анамыз өзінің үшінші баласын көтерерде, өзінің қосағының ерлігіне, жүректілігіне құмартады. Содан кіші баласы – Бекарысты туған соң жиналған көпшілік қауымға анамыз: «Мен осы ұлымды көтергенімде ерімнің ерлігіне құмартып едім, бұл баламның ұрпағы кілең ірі, сой болып туып, бек қазақтың қорғаны болар» деген тілегін айтқан екен.

Басқы сөзі: Ендігі бір ауыз сөз, анамыз Ақшолпанның көрегендігі жайында...

Соңғы сөзі: ...“Мұны көтерерде ерімнің ерлігіне құмартып едім, бұл баламның ұрпағы кілең ірі, сой болып туып, бек қазақтың қорғаны болар!” – депті.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қара сиямен 1950-1987 жж. жазылған.

Қорға түскен жылы. Қазіргі қолданыстағы қазақ әрпінде жазылған қолжазба қорға 1996 жылы түскен (ӘӨИ).

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Ақауы. Қолжазба тозған, түсі оңған, жыртылған жерлері бар, әр түрлі белгілер жазылған.

Папкасы. Қ.1146 (ӘӨИ) Өмірзақ Ахметов. Қазақтың шежіресі (1 – 185-бб.) .

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Шежірелік аңыздар. 83-том. Құрастырушылар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

200

Ш. 1177 (ОҒК)

П. 1; Ж. 9
35x24; 32x19

اپاي بوری

Аталуы: اپاي بوری Апай -Бөрі

Жинап жазған: ماشعور جونسف کوپييف Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы: Жесір қатын Апай атанғаны Қаракесек қатыны еді дседі. Байы өлген соң төркініне келген. Артынан Қаракесек іздеп келіп, бұрында тапқан бала-шағасы болса керек, «Буаз екіқабат кетіп еді» десе керек. Сөйтсе, Апай ер бала тапқан екен де, оны бөтен жерге асыратқан екен. «Екіқабат келмеді» деп жан беріп, нандырып алып қалған екен.

Қаракесек көзі бар балаларды алып қайтыпты. Жесір қатын бұл жақтағы тиген байынан бала тауып, «Апай, Апай» аталған атпенен үрім-бұтағы «Апай» атанып, Апай-Бөрі оттас, ораздас болып кеткен екен.

Басқы сөзі (352-б.): جيسر قاتن اپاي اتانغانى قاراكسەك قاتنى دەسەدى

Соңғы сөзі (352-б.): ۇرم بۇتاعى اپاي اتانپ اپاي بورى وتتاس ورازداس بولپ كەتكەن

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға көк түсті тұщпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған, дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1177 (ОҒК).

Библиографиясы. М.Ж.Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. 10-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2008; Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

201

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 2; Ж. 18
35x24; 31x21

ارعنن بولدىڭ ارکنم بولدىڭ

Аталуы. ارعنن بولدىڭ ارکنم بولدىڭ [«Арғын болдың, әркім болдың»]

Жинап жазған. ماشعور جونسف کوپييف Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Аннотациясы. Бұл Арғынның ішінде «Төлеск», «Қырық мылтық» деген қара бауырлары бар. «Аздын атасы бір» деп, Қырық мылтық Төлеск бірыңғайлас болады.

Бұл жақтағы Аргүл мен Момыннан туғандары «Алты атаның ұлы Арғын» аталады. Ол жақтағы Айнакөз бен тағы кісі білмейтұғын қатындардан туған – төрт жалғыз бар. Айнакөзден – екеу, ол төртеуі – алты ата болып, шын Арғын он екі атаның ұлы болады. Солай болғандықтан бұрынғылар айтқан: «Арғын болдың, әркім болдың» деген көптің сөзі дәлел.

Басқы сөзі (171-б.): بول ارغىننىڭ ئىشىندە تولەك، قىرىق مىللىق دەگەن قارا باۋىرلار بار

Соңғы сөзі (172-б.): ارغىن بولدىڭ ارگىم بولدىڭ دەگەن كوپتىڭ سوزى دالەل

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, қара түсті қаламмен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретгі, анық жазылған дегенмен, парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген

Папкасы. Қ.1178 (ОФК).

Библиографиясы. М.Ж.Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. 10-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2008; Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

202

Ш. 1146

П.4; Б.7; Ж.25.

16 x 20; 15 x 19

ӘНЕС ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Атауы. Әнес туралы аңыз. (10-б.).

Айтушы. Белгісіз.

Жинаушысы. Өмірзақ Ахметов. Ол туралы мәлімет 199-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бұрында арабтың Ғажам руынан шыққан Мәлік деген ірі саудагер және батыр адам болады. Оның әкесі де, шешесі де сол араб тайпаларынан шыққан екен. Ол өз кезінде арабтарға ғана емес, онымен көршілес халықтар мен елдерге аты мәлім болады. Саудамен айналысып жүріп Мәлік Қытай, Үнді мен Мысыр, Шам, Бағдат елдері мен қалаларына барып, жиі қатынап жүреді.

Бірде Мәлік өзінің керуенімен, қарулы шағын жасағымен алыс Индияға сапарға шығады. Оның осы сапары сәтсіз болып, жол торып жүрген қарақшылар тобына жолығып қалады. Мәліктің керуеншілері қарақшы-

лармен аянбай соғысып, өздерінің табан ақы мандай тері –адал еңбегі мен асыл өмірлері жолында жан тапсырады, Мәліктің сүйегі сол Үнді жерінде белгісіз қалады да, оның артында Әнес деген баласы мен әйелі елінде аман қалады.

Мәлік өлгесін әйелі еуропалық бір саудагерге тиіп кетеді де, Әнес жастай жетім қалады. Әке-шешеден тұл жетім қалған жас Әнес жетімдік пен жоқтықтың ауыр азабын тартып өседі. Жоқшылық, тұрмыстың ауыр тауқыметі Әнесті еңбекке ерте шынықтырады. Кейде апш, кейде жалаңаш жүрсе де, жастығына қарамастан өз бетімен еңбек етіп, ол кездегі кәсіптің негізгі түрі – мал бағумен күн көреді. Ол бір ауқатты адамға жалданып,оның малын бағады және азын-аулақ өзі де мал өсіреді. Әнес ерте тұрып, кеш жатып, ерінбей еңбек еткенінің арқасында, ешкімнен қайыр сұрамайтын дәрежеге жетеді. Уақыт өте келе Әнестің тұрмысы жақсарып, тәуір адамдардың қатарына қосылады. Оның малы да, басы да тең өседі. Мәлік алдымен бір әйел алады, одан соң екіншісін, одан кейін үшінші әйел алады. Тұрмысы жақсарып, шаруасы өркендеген Әнес, енді жаңа қоныс, жайылым іздеп, тың жерді жайлайды. Ол малын жайлатып жүріп, кең даланы, жазира өлкені иемденденіп, көшпенді тіршілікке ауыса бастайды. Қазіргі кезде өздерін сол Әнестің ұрпағымыз дейтін бір қауым жұрт: «атамыздың кәсібі қырғыз бен қазақта ғана қалған» деп айтып отырады. «Әнес он екі ұл, екі қыз, барлығы он төрт перзент көрген» деп шегелейді шежірешілер.

Басқы сөзі (10-б.): Қазақтың шежірешілерінің айтуынша Әнес жайындағы аңыз-әңгіме былай басталады: Әнестің әкесі Мәлік, ол арабтың Ғажам руынан дейді.

Соңғы сөзі (11-б.): «Әнес он екі ұл, екі қыз, барлығы он төрт перзент көрген» деп шегелейді шежірешілер.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ кеңсе қағазына қара сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған қолжазбаның ксерокөшірмесі.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Шежіре жолдары әр бетке бір қатардан орнастырылған.

Қалпына келтірілуі. Сол жақ бұрышынан шарық жіппен тігіліп, түптелген, басқа қолжазбамен бірге бір қатырма қорапшаға салынған.

Ақауы. Ескірген, кейбір беттері жыртылған.

Папкасы. №1146. 2-дәптер. Қазақтың шежіресі. Жинап, құрастырған Өмірзақ Ахметов. 1- 185-бб.

Қосымша белгілері. Шежіренің алғашқы бетінде «Ө.Ахметов. Қазақтың шежіресі. Жаңа Қазалы поселкесі. 1950-1997 ж.ж.» деген титулдық жазуы бар.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Шежірелік аңыздар. 83-том. Құрастырушылар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

203

Ш. 920/13 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 26
29x19; 23x15,5

БАЙЖІГІТ РУЫ

Аталуы. Байжігіт руы

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәліметтер 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Шежірелерде “Шал-Байжігіт” деп, шалдарды бұрын, Байжігітті соңынан қосақтап айтады. “Байжігіт-Шалдар” демейді. Соған қарағанда шалдар аға, байжігіт іні. Сондықтан Бәйтен мен Тілесті қосып алып, он екі ата болып жүрген сияқты. Немесе байжігіт он екі ата емес, он ата болуы керек. Мұндай жағдайлар әртүрлі себептермен байланысты болады. Оған дәлел “Қарабатыр-Байжігіт” деп қосақтап айту да бар. Байжігіт руы туралы қысқаша мәлімет беріледі.

Басқы сөзі (21-бет): Шежіреде “Шал-Байжігіт” деп...

Соңғы сөзі (21-бет): ...толықтыра түсу керек сияқты.

Қолтаңбасы. Машинкамен басылған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кеңсе қағазына қара сиямен, кирил әрпімен машинкамен басылған.

Жазылған жылы, жері. Ташкент қаласы, 1984 ж.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен әр бетке жиырма бес жолдан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты қара көк түсті, қатты қағазбен тысталған.

Папкасы. Қ.920/13 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

204

Ш. 1177 (ОҒК)

П. 1; Ж. 24
35x24; 32x21

باسانتين سرم

Аталуы: **باسانتين سرم** Бәсентиін Сырым

Жинап жазған: ماشعور جوسف كوپايف Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Аннотациясы: Көп Арғынның жолаушылары келе жатып, он екі жасар бала тауып алады да, ол баланы Бәсентиінге байлайды. Сөйтсе ол

баланың тегі түрікпен болып шығады. Ол бала балық аулайтын болған соң «Балықшы түрікпен» атанған. Бәсентиін тағы бір жолы бір баласы бар, өзі екіқабат сұлу әйел тауып алады да, өзіне алады. Сонда Бәсентиін: – Бұл балаң кімдікі? – дегенде: – Өзімнің күшігім, – депті. – Ішіндегі бала бұл қалай? – дегенде: – Бұл – бір жанға айтпайтұғын сырым, – деген екен.

Сол баланың атын Сырым қойған екен. Осы екі бала қатын алып, өсіп-өніп, бірінің тұқымы «Күшік» атанып, бірінің тұқымы «Сырым» атанып, ел-жұрт болып кеткен екен.

Басқы сөзі (353-б.):

كوپ ار عننڭ جولاۋشلارى كملە جاتيپ ون مكي جاسار بالا تاۋپ الادى

Соңғы сөзі (353-б.): قاتتىندا، مكي بالا دا باسەنتين ولجاسى بولپ قالا بەردى

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, көк түсті тушпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретгі, анық жазылған, дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ. 1177 (ОФК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

205

Ш. 1178 (ОФК)

П. 1; Ж. 31
35x24; 32x21.5

باسەنتين نىشەندەگى بۇقا تۇرالى

Аталуы: باسەنتين نىشەندەگى بۇقا تۇرالى

Жинап жазған: ماشعور جۇسنىف كوپەيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы: «Бәсентин ішінде Бұқа-Күбір» дейді. Бұқа-Күбір кімнің баласы десең, әкесінің атын жан білмейді. Айтушылардың айтуы бойынша бұрынғы заманда Бұхар, Қоқан хандарының біреуінде қазына қарайтын бір құл болған екен де, сол қазынаға қиянаты білінген соң қашып кетеді. Елсізде саяқ жүріп, бір әйелмен кездесіп соған үйленеді. Онан екі бала туып, бірінің атын «Бұқа», бірінің атын «Күбір» қойыпты. Сол екі бала бұқаның кестірген еніне таласып, бірі ойға, бірі қырға қашып кетіпті. Бұқаға жолай бір қатын кез боп соған үйленіп, Сарыарқаға жетіпті. Сөйтіп жүріп елге қосылып, Бұқаны Мандай қара бауыр қылып алады. Бұқадан: Майемер, Тауасар тарайды.

Басқы сөзі (340-б.): باسەنتين نىشەندەگى بۇقا كۆبىر دەيدى

Соңғы сөзі (340-б.): مۇناندا ادەملەپ ايتۇشلار بار ەدى ولار ولپ قالدى

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, көк түсті майқаламмен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1178 (ОҒК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

206

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 1; Ж. 22
35x24; 32x20

بيەشى رۇى تۇرالى

Аталуы. Биеші рұы туралы

Жинап жазған. ماشعۇر جۇسۇف كوپەيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Аннотациясы. «Он сан орта жүзге ұран болған – Олжабай» деседі екен. Бұрында екі жақ шабысып, соғысатын болса кім бұрын «Олжабайлап!» шапса жеңісті сол алып кетеді екен дейді. Сол сияқты қазақ орысқа қарамаған күнде Айдабол ішінде Құлнияз, Бабыр аталған екі рулы елдің жылқыларын жау алыпты. Сонда ауыл тайлы-таяғы қалмай жауды жабыла қуыпты. Бәрі «Құлболдылап!» шауыпты. Бірақ бәрі жеңіліп ат үстінен құлап қала берілті. Сөйтсе, Бабыр ішінде түбі, тегі – сарт бір биеші, сауып жүрген бір құлынды биеге жайдақ міне салып «Олжабай, Олжабайлап!» шапқан екен. Барып жауды жайратып, қалғаны тым-тырақай қашып, жұрт жылқысын аман айырып алып қалыпты.

– Жауды түсірген кім? – дегенде «Бір биеші» делінгеннен, «Биеші» атанып, осы күнде соның ұрпағы «Биеші балаларымыз» деседі.

Басқы сөзі (166-б.): ون سان ورتا جوزگه ۇران بولعان ولجاىاي دەسەدى

Соңғы сөзі (166-б.): وسى كوندە سوننڭ ورياعى ولجاىاي دەسەدى

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сары түсті қағазға, көк түсті тұшпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1178 (ОҒК).

Библиографиясы. М.Ж.Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. 10-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2008; Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

207

Ш.1146 (ӘӨИ)

П. 1; Ж 27

20x30;18x28

ЖАМАНАҚ РУЫНЫҢ «ШЕКТІ» ДЕП АТАНУЫНЫҢ МӘНІСІ

Атауы. Жаманақ руының «Шекті деп аталуының мәнісі»

Жинаушысы. Белгісіз

Аннотациясы. Жаманақ ауылы үлкен ас дайындап, Әлім әулетінің барлық атауларын шақырады. Асқа қыруар мал сойылады. Асқа сойылған малдың қарын-ішегіне жаманақтың балалары таласып, оның арты төбелеске айналады. Төбелес басылмаған соң, ақсақалдар ара түсіп, оның мән-жайын сұрады. Сонда төбелестің басы ішек пен қарыннан шыққаны анықталды. Осыдан бері Жаманақтың ұлдарын «Ішекке төбелескен ішекті» деп аталып кетіп еді» деп баяндайды шежіреші қариялар.

Басқы сөз (182-б.): Жаманақ ауылының бір күні үлкен ас болады....

Соңғы сөз (182-б.):...деп баяндайды шежіреші қариялар.

Қағазы, әрпі-сиясы. А4 форматта, қолмен көк бояумен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1981 дайындап тапсырған, қорға 1990 жылы түскен.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз үлгісінде орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. 1146 (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

208

Ш. 1177 (ОҒК)

П. 1; Ж. 15

35x24; 32x19

جالاڭاياق ازدمر

Аталуы: جالاڭاياق ازدمر Жалаңаяқ әздер

Жинап жазған: ماشعور جونسف كوپميف Мәшһүр Жүсіп Көпсеев

Аннотациясы: Жалаңаяқ Әздер жалаң бұт, жалаң аяқ жүреді екен. Бір үй тола отырған қыздарға: – Қайсыңның үстіңе сиейін, шаптырамын! –

дегенде, қыз біткен үркіп қашып шыққан екен де, бір қыз етегін тосып алдына отыра қалған екен. Осы қыздан Көшен туып, «Көшен-Қарауыл» атанған.

Атығайдан – Дәуіт жалғыз. Дәуіттен он екі ұл туып, он екі атаның ұлы «Дәуіт» атанған. Ең үлкені – Дандай, «Дандайсыма» деген сөз осыдан басталған дейді.

Басқы сөзі (302-б.): جالانگياق ازدمر جالانگ بۇت جالانگياق جۇرمدى مەكەن

Соңғы сөзі (302-б.): داندایسیما دمگەن سوز وسدان باستالغان

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, көк түсті түшпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен, парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1177 (ОҒК)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

209

Ш. 920/13 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.

10

29x19; 23x15,5

ЖАҢАБАЙ РУЫ ТУРАЛЫ

Аталуы. Жаңабай руы туралы

Жинаушысы. Қыдырәлі Саттаров. Ол туралы мәлімет 4- сипаттамада бар.

Аннотациясы. Мұнда Жаңабай туралы толық мәлімет жоқ. тек қана басқа бір шежіреде Қопсасапақтан Құдайберді, одан Қангелді, одан Шыншара, Шыншарадан Андағұл, одан Жұлдыз, Жұлдыздан Самұрат пен Сартай тараған. Осыларды Жаңабай деп атайды екен. Сонда Айт-бозымға қарағанда Елібайға Жаңабайдың еншілес болуы дұрыс сияқты. Бірақ туыс болуы дәлелді емес. Айтбозым Елібақтың екінші баласы Бозайдан туылып, туыс болады, Жаңабай Елібайға қалай туыс болуы жөнінде айтылады.

Басқы сөзі (19-б.): Айтбозым Елібақтың екінші баласы...

Соңғы сөзі (20-б.): ...Елібай, Жаңабай, Айтбозым руларының мекендері.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кеңсе қағазына қара сиямен, кирилл әрпімен машинкамен басылған.

Жазылған жылы, жері. Ташкент қаласы, 1984 ж.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен әр бетке жиырма бес жолдан орналыстырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты көк түсті, қатты қағазбен тысталған.

Папкасы. Қ.920/13 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

210

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 1; Ж. 14
35x24; 32x19

جەتتۇڭ جايلى بىر اڭز

Аталуы: جەتتۇڭ جايلى بىر اڭز [Жеті ру жайлы бір аңыз]

Жинап жазған: ماشعور جۇسۇف كوپەيەف Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы: Арғынның ортаншы тоқалының аты – Момын. Бұл Момыннан туған Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Надырсопы. Ақсопыдан: «Толыбай» ұранды Қанжығалы, «Маябоз» ұранды Тобықты. Қарасопыдан: «Қарақай» ұранды Қарауыл, «Барлыбай» ұранды Бәсентин. Сарысопыдан – «Аушыбай» ұранды Атығай. Ана екі сопыдан нәсіл тұқым жоқ.

Желден келген жеті ру дейтін тағы бар. Қанжығалыдан: Ішпек, Піспек. Піспектен ұл жоқ, екі қыз. Онан өрбіп-өнген Қуандық та – Алтай ұрпағы. Өр Алтай, төменгі Алтай Піспекбайдың қыздарынан туған. Ішпектен: Қамбар, Жапар, Қармыс. Қармыстан: Есен, Бозым. Есеннен ұл болмаған, жеті қызы болған. Қыздарын қалың малсыз жеті жерге берген. Өр қызынан бір ұл асырап алып, бала қылған. Сол жеті жиеннен жеті ру өсіп-өнген.

Басқы сөзі (345-б.): ارعننڭ ورتانشى توقالنىڭ اتى مومىن

Соңғы сөзі (345-б.): سول جەتى جەينەنەن جەتى رۇ وىسپ ونگەن

Қолтаңбасы. Жазушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, көк түсті тұщпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1178 (ОФК)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

211

Ш.191/2(ӘӨИ)

П. 2; Ж 28
17х25;15х23

ЖЕТІ РУ ЖАЙЛЫ

Атауы. Жеті ру жайлы

Жинаушысы. Сарымсақов Мұхаметқали (1878-1957) – жасында Баязит деген молданың медресесінде алты жыл оқып, сонан соң ауылда бала оқытады. Алғашқыда өлең, жырды жазып шығарып, кейін жасы егде тартқанда тосыннан тауып, төгілте жырлауға машықтанады.

Жинаушысы. Адамбаев Балтабай (1909-1995) – белгілі фольклортанушы ғалым, халық әдебиеті мұраларын жинаушы. Филология ғылымының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1945-1996 жылдары аралығында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба, фольклортану бөлімдерінде қызмет істеген. Қазақстанның барлық аймақтарына ұйымдастырылған ғылыми фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық мұраларын жинаған. Ресей, Өзбекстан, Татарстан мұрағаттарындағы халық мұралары үлгілерін жинады. Шешендік сөздер, тарихи аңыздар, мақал-мәтелдер жанрлары бойынша қазақ фольклорына арналған ондаған кітаптары жарық көрген.

Аннотациясы: Қазақ үшке бөлінеді. Олар: Ақарыс – Ұлы жүз, Бекарыс – Орта жүз, Жанарыс – Кіші жүз. Жанарыстан бір ұл болады. Оның атын Майқы би қойыпты. Майқы бидан үш бала: Садырқожа, Надырқожа, Қыдырқожа деген туылады. Надырқожа өсіп, үй құрады. Көп ұзамай Надырқожа аяқ астынан өліп, бала қалмай, әйелі жас қалып, тентек болған соң, ешкім оны алмайды. Садырқожа мен Қыдырқожа да оны алудан бас тартады. Сол себепті тұл қатын болып отырыпты.

Біраз өткен соң сол әйел буаз болып, бір ер бала туыпты. «Некесіз тудын» деп ағайындар онымен араласпаған. Сонда қатын ерегесіп: «осы ұлдың дүниеге келуіне жеті еркектің етегі тиіп еді, мұның атын «Жетіру» қоям» деп, Жетіру қойған екен.

Басқы сөз (30-б.): جانارستان بئر ول تاوپتی

Соңғы сөз (32-б.): جه تی رو قویغان ه که ن

Қолтаңбасы. Жинаушынікі

Қағазы, әрпі-сиясы. А4 форматта, қолмен көк бояумен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1981 жылы дайындап тапсырған, 1990 жылы қорға түскен.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен әр бетке толық орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. Қ.191 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

212

Ш. 547

П.33; Б.66; Ж.22

21x18; 19 x 10

ЖҮЗ, АЛАШ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Атауы. Жүз, Алаш туралы аңыз (1-б.).

Айтушы. Белгісіз

Жинаушысы. Мұхаметәлі Толыбаев – қазақтың халық мұраларын жинаушы, шежіреші.

Аннотациясы. Бұрында Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген кісілер болады. Оларды өз арасында Үйсін, Сары Келімбет, Қара Келімбет деп атайтын болады. Осы үш кісінің заманында бір Аланша деген хан болады. Ол халқын басқарғанда, үшке бөліп басқаратын болады. Ол осы үш адамға үш жүз кісіні үшке тең етіп бөліп береді де, үшеуін оларға бастық етіп қояды. Біріншісі - Үйсінге берілген жүз адамға «Ұлы жүз» деп, одан соң Сары Келімбет басқарған жүз адамға «Орта жүз» деп, және үшіншісі - Қара Келімбет деген кісінің қарауындағы жүз адамды «Кіші жүз» деп атаулап, олардың барлығын «Үш жүз» атаған дейді.

Сол заманда жаугершілік, шапқыншылық заманы екен. Олардың көршісі қалмақтар болады. Осы үшеуі бірігіп қалмақты шауып тыныштық бермейді. Сонда осы үш жүздің шапқыншылығынан шаршаған қалмақтар бұларға «Алаш» деп ат қойыпты. Ал бұл үш жүздің ханы Аланша ханның әуелдегі аты «Ахмет» деп қойылған екен. Ал қалмақтар қойған «Алаш» деген сөздің мағынасы «жан алғыш» деген сөз дейді. Сонда үш жүзді басқарып отырған Аланша хан былай дейді: «Қалмақтар менен қорыққан ғой, енді қалмаққа шапқан кезде ылғи да «Алаша» деп шабасындар, сендердің дауыстарыңды естігенде-ақ үрейі ұшатын болсын» деп, барша халқына жарлық шығарады. Сол кезде ханның әмірі аяқ астында қалмайды екен, Үш жүздің баласы қалмаққа «Алаша» деп шабады да, олардың елін, жерін шауып алады. Бұл сөз содан үш жүздің халқына ұран болады. Содан күндерден күн, жылдардан жыл, заманалар өтіп, енді «Алаша» дегені «Алаш» деген сөзге айналады. Бір кездері қазақтың: «Алаш – Алаш

болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмадық» деген сөздері осындайdan мәтел болып қалған дейді ел аңызы.

Басқы сөзі: Ақарыс (Үйсін), Жанарыс (Сары Келімбет), Бекарыс (Қара Келімбет) осы үшеуінің уақытында Алаша деген хан болып, халқын үшке бөліп, үшеуіне үш жүз кісіні үш бөліп Үш жүзге бастық қылып, Үйсінді «Ұлы жүз» деп, Сары Келімбетті «Орта жүз» деп, Қара Келімбетті «Кіші жүз» деп ат қойып, «Үш жүз» аталыпты дейді.

Соңғы сөзі: Қалмақтар менен қорыққан ғой, енді қалмаққа шапқанда «Алашалап» шабындар деп халқына әмір қылған соң «Алашалап» шауып, сонан ұран болған екен. Енді «Алаша» дегені Алаш аталып, қазақтың: «Алаш – Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмадық» деген сөздері осы болса керек.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қара сиямен жазылған.

Қорға түскен жылы. Араб әрпінде жазылған қолжазба қорына 1949 жылы түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орнастырылған.

Ақауы. Тозған, түсі оңған, жыртылған жерлері бар, әр түрлі белгілер жазылған.

Папқасы. Қ.547 (ОҒК). «Толыбаев Мұхаметәлінің шығармалары».

Библиографиясы: Бабалар сөзі. Жүзтомдық, 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

213

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 4; Ж. 32
35x24; 32x21

جانقبايدىڭ كۇشنىڭى

Аталуы: جانقبايدىڭ كۇشنىڭى Жылқыбайдың күшігі туралы

Жинап жазған: ماشعور جونسف كوپەيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы: Айдабол Күліктің күлігінен, Жаңа батырдың інісі Өміртайдың Қайнарбай деген бай болған. Сол Қайнарбай әруақты жерден балама қыз алып берем деп, Қаракесек қаз дауысты Қазыбек немересі Қанай байдың Ұрфая деген қызын Жәдік деген баласына айттырып, құда болыпты. Сонда қалың мал бергенде, бас жақсысы үшін бір жетім берген екен. Ол жетім дегені – Болыс деген қыз екен. Құдасы Қайнарбайға жетім қыздың тегін адам емес екенін, бөтенге емес өзінің жақынына беруін өтінеді.

Күндердің күнінде Апайдың Тоқтыбай деген кісісі қасына атқосшы алып, жаз жайлауда жоғалтқан малын іздеп Қаракесек, Шаншарды ара-

лайды. Жолда кездескен жасөспірім баладан: – Осы елде Күлік Қайнарбайдың күні бар деп еді, соның үйін білесің бе, шырағым? – деп сұраған екен, баланың өңі қашып, түсі бұзылып кетеді де: – Аппақ шағаладай ауылға барсаңыз, сол ауылдағы бас үй – сол сұраған үйіңіз, – дейді. Сөйтсе, бала сол үйдің баласы екен. Бұлар барып сол ауылға қонақ болып, ертеңінде аттанып кетеді. Қонақтар кеткен соң бала әкесіне өзінің нағашысының кім екенін сұрайды және қонақтардың айтқан сөзін айтады да жылап қоя береді. Сонда бір ақсақал Болыс келіннің сүйегін ағартудың жөнін айтып түсіндіреді. Ол сүйекті ағартудың жолы – «Базыл бұл Болыс келінді қырық кісімен жіберіп төркіндетсін! Төркіндеп барған жолына малдан бөлек бір еркек, бір ұрғашы – екі жетім ертсін. Қара қазанын, қара кебезесін қара бураға артып берсін! Сонда Қайнарбайдың өзінің қызы екендігі айқын болып, екіленеді. Төркіндеп барған жолына екі жетім ап келген жанды «күң» деп ешкім айта алмайды. Сүйек солай қылса, ағарады» деген екен. Солай етеді. Қайнарбай қатты разы болып, «Болысты өз қызым, болмаса, бүйтер ме еді» дейді.

Еріп барған екі жетім Малайдар мен Дәнештен: Томпақай, Күшік – екі бала туып, Күшіктен: Қонақбай, Қоқанбай, Әйнекбай, Терекбай, Тойлыбай, Қисық, Кенжебай. Томпақайдан да бала-шаға бар: толық бір ауыл болып, бұлар «Жылқыбайдың күшігі» атанған.

Басқы сөзі (359-б.): قار اكسمك نئنده قالدايقوجا دهگمن اقن قوجا بولعان

Соңғы сөзі (365-б.): بولار جنايبايدك كوشنگى اتانعان

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға көк түсті тұшпен, араб әрпімен жазылған.

Ақауы. Қолжазба парақтары қырқылып кеткен, жазулары өшіңкіреп қалған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1178 (ОФК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

ЕСЕНТЕМІР ТУРАЛЫ

Атауы. Есентемір туралы

Жинаушысы. Ғатауов Фарид. 1962 жылы Ғұбайдолла Ахметұлының қолжазбаларынан жазып алып, тапсырған.

Аннотациясы. Есентемірдің азан шақырып қойған есімі Темір еді. Ол шеттен келіп, Қыдырқожаға паналанған. Бір жылы қыста байдың жылқысымен отарға кетеді. Жазғытұры жылқыны түгел аман-есен айдап алып келді. Бай оның қайратына разы болып, «есен» деген сөзді қосып, оған әйел алып береді. Осыдан кейін ол «Есентемір» атанған екен.

Басқы сөз (84-б.): Алтай, Елтай жауда атысып, Алтай қаза табады...

Соңғы сөз(85-б.): Есентемір атанып баласы болып кетеді...

Қолтаңбасы. Ғатауов Фаридтікі

Қағазы, әрпі-сиясы. Дәптерге, машинамен басып шығарған.

Жазылған жылы, жері. 1962 жылы жазылып алынған

Мәтіннің орналастырылуы. Қарасөз тәртібімен орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Дәптер қағазбен қапталып, арнайы папкада орналасқан.

Папкасы. Қ.354/ 2 (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана:»Фолиант», 2012.

ЕСЕНТЕМІР

Атауы. Есентемір

Жинаушысы. А.Махмұтов, Г.Мұсабаев.

Аннотациясы. Есентемір Қыдырқожа байдың жылқышысы еді. Қыдырқожа бай жұтқа ұшыраған кезде Есентемірдің есімі Темір болған. Темір жылқыға жайлы қоныс іздеп «Шетпе» деген елдімекенге барып қоныстанды. Сол жылы қыс қатты болды. Темір бірнеше жігітпен бірге жылқыларды қыстан аман-есен алып шығарды.

Байға малдың келе жатқанын хабарлайды. Бай Темірге риза болып, аман-есен келгені үшін «Есентемір» деп атақ берді. Солай Темір енді «Есентемір» атанды.

Басқы сөз (22-б.): Есентемір Қыдырқожа байға жылқышы болған...

Соңғы сөз (22-б.): ...туысының балаларын жібермейді.

Қолтаңбасы. Жинаушылардікі

Қағазы, әрпі-сиясы. Машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері. Батыс Қазақстан облысы.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз түрінде орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. Қ.1203/95 (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

216

Ш. 1203/95

П. 1 ; Ж24

30x21,25x16

ЕСЕНТЕМІР

Атауы: Есентемір

Жинаушысы: А.Махмұтов пен Ғ.Мұсабаев.

Аннотациясы: Арғын руының ішінде Темір Құбаның ұлы деген кісі болған еді. Темір еліне сыймай, Сыр бойындағы Қыдырқожа деген байдың қолына келіп паналайды, жылқысын бағады. Байдың қызы Күміспен Темір жақындасып қояды. Күміс жүкті болып түнде босанады. Баланы некесіз тапқаны үшін жолға шүберекке орап, талға іліп кетеді. Бай егер заңсыз сәбидің туғанын естісе, Темірдің басын шабуы мүмкін еді. Сол себепті туған нәрестені талға іліп кетеді. Сәбиді Қыдырқожа тауып, бәйбішесіне береді. Бәйбішесі оны күнге береді. Темір байдың жылқысын жұттан аман алып келеді.

Бай Темірге: – Аман-есен келдің, – депті. Бай қуанып, риза болыпты. Байдың бәйбішесі қызы Күмістің некесін қидырып, Темірге қосады. Тағы Күміс жүкті болып, ұл туады. Ұлдың атын Есен деп қояды. Өкелі-балалы екеуінің аты қатар айтылып, Есентемір деген ру атына ие болған.

Басқы сөз (59-б.): Арғында Құбаның баласы Темір деген кісі болған....

Соңғы сөз (59-б.): ...Есентемір деген ру атына ие болған.

Қолтаңбасы. Жинаушылардікі

Қағазы, әрпі-сиясы. Машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері. Батыс Қазақстан облысы.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен тәртібімен орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. Қ.1203/95 (ӘӨИ).

Библиографиясы: Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Өлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

217

Ш. 910/4 (ӘӨИ)

Б.326; П.326; Ж.30.
29x20; 25x15

ИСАТАЙ МЕН МАХАМБЕТТІҢ ҮРІМ-БҰТАҒЫ

Атауы. Исатай мен Махамбеттің үрім-бұтағы.

Айтушы. Абдолла Тұрымтаев – Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданының тұрғыны.

Құрастырушы. Мәтжан Тілеужанов. Ол туралы мәлімет 7-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Шежіре схема түрінде берілген. Қыдуар палуаннан Қыдырқожа, Нәдірқожа, Нәдірқожадан 7 ру, ал Қыдырқожадан он екі ата байұлы: Алаша, Байбақты, Масқар, Тана, Қызылқұрт, Беріш, Адай, Есен-темір, Ысық, Шеркеш, Таз, Жапсас. Беріштен Тыныс, Наурыз, Бақай, Дәулет деп ары қарай схемамен берген.

Басқы сөзі (28-б.): Қыдуар палуаннан Қыдырқожа, Нәдірқожа (алты ата Әлім)...

Соңғы сөзі (29-б.): ...Қари, Қарес, Махмет, Сыдық, Мырзагүл ұрпақтары бар.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылған. Орал қаласы.

Беттелуі. Еуропа санымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары сарғайған.

Папка. Қ.910/4 (ӘӨИ). Қазақстанның батыс өлкесінің ауыз әдебиет үлгілері. Жинаған: М.М.Тілеужанов. Орал, 1954-1984 ж.ж.

218

Ш. 1115. (ОҒК)

П. 1; Ж. 25
29x13,5; 27x12,5

كوكتڭ ۇلى

Аталуы. ۇلى كوكتڭ Көктіңұлы

Жинаушысы. ابوباکر ساندنباي ۇلى Сандыбайұлы Әбубәкір. Ол туралы мәлімет 226-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Шыңғыс тұқымының бірі қарақалпақтарды Отырардан қуып Төрткөлге қарай айдағанда екі құлдың ауылы «Қазақпыз» деп көшпей қалады. Сол айдаудан қалған Емен-Семен деген екі бала болады. Емен батыр болып өседі. Бірақ баласы болмаған екен, ал Семеннің жалғыз баласы болған. Бір күні Семен қоныс қарап жүріп бір дөңге шық-

са, көшіп кеткен жұрттан бір баланың ыңырсыған даусын естиді де, қасындағы адамын қалған елді көшіріп келуге жіберіп, өзі жұртқа келіп әлгі дауыстың қай жерден шығып жатқанын іздейді. Байқаса, дауыс көңнің ішінен шығады. Көнді ашып қараса, көк шөпке оралған бір ұл баланы тауып әйеліне «Бала туды» ғып телиді. Сол баланың аты – «Көктіңұлы» деп аталады.

Басқы сөзі (3-б.):

قارا قوداييىردى ونان بىردى سۆگر ونگ بالاسى – مەلەمى قونرات

Соңғы сөзі (4-б.): سول بالانن اتى كوك ۇلى دەپ اتالادى

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, карандашпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған, дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген.

Папкасы. Қ.1115 №7-дәп. (ОҒК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

219

Ш. 1115 (ОҒК)

П. 3; Ж. 25
29x13,5; 27x12,5

كۈتەنشلىر تۈرالى اگنز

Аталуы. كۈتەنشلىر تۈرالى اگنز Көтеншілер туралы аңыз

Жинаушысы: ساندنباي ۇلى ابوباكىر Сандыбайұлы Әбубәкір.

Аннотациясы: Жаманбайдың балалары: Құрбан, Ноғай, Шоқпарлы, Жауғашты, Қытра. Құрбан – мүсәпір, момын адам болған екен де, оның інілері өмірі ұрлықпен өткен баукеспелер болыпты. Олар ұрлыққа аттанғанда беліне қыл арқан буынып аттанады екен. Бірақ бұлардың ұрлығын ағасы Құрбан иелері іздеп келсе «Мына біздің қыл буынған белбеулерін әкелді» деп әшкерлеп қояды екен. Сондықтан бұлар «Қылбелбеулі жаманбай» атанған. Інілері ағасы Құрбанды өлтірмек болғанда Құрбанның өтініші бойынша Шу өзенінің бойына тастап кетеді. Құрбан сонда аң аулап күнін көреді. Кейін бір соқыр, ақсақ әйелмен кездесіп, сонымен үйленіп балалы-шағалы болады. Құрбан жасы сексенге келіп қартайғанда баяғы ақсақ әйелі өліп, келіні бір жас қыз алып береді. Сонан бір ұл туады. Шал баланың белгісіне қарап өзінің баласы екенін растайды. Себебі баланың көтенінің жиек бау болмайды. Сондықтан бұл баланың атын «Көтен» деп атаңдар деген екен.

Баскы сөзі (5-б.): كوتەشنىن مكى بالاسى – ماقى ، سوۋى

Соңғы сөзі (9-б.): سوندا شال بالامدى كوتەن دەپ اتاندار دەگەن

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға қарандашпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген.

Папкасы. Қ.1115. №7-дәп. (ОҒК)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

220

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 4; Ж. 22
35x24; 32.5x20

كۈلك شەجنەرسى

Аталуы: كۈلك شەجنەرسى Күлік шежіресі

Жинаушысы: ماشعۇر جۇسۇف كوپەيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Аннотациясы: Әкесінің аты – Құлболды, шешесінің аты – Мақпал. Мақпал бәйбішенің тұңғышы Күлік, ортаншысы Тұлпар, кенжесі Айдабол.

«Күлік» қырғыз тілінде «жүйрік» деген сөз. Күліктің бәйбішесінен Тілеуімбет, Наурыз, Дәулет, тоқалдан Сексен. Сексен – Күліктің сексен жасында туған ұрпағы. Тілеуімбеттің он бес ұлы ат арқасына мініп, соңына ерген екен. Бір күндері көшіп келе жатқан қазақтың көшіне қалмақ қолы килігін, соғысқанда, алты ұлды Наурыз қашып құтылған. Он бес ұлды Тілеуімбет қашуды ар-намыс көріп, соғыса берген. Ал қалмақ болса өте көп болған. Жанын қорғап қашып шыққан балаларын Тілеуімбет соғысқа өзі қуып тыққан, қашып қатынның қойнына тығылғанша, жауда жайрап жатсаң сонда кісілігінді білемін» деп. Ақыры он бес ұлымен Тілеуімбет өзі де сол соғыста қаза табады. Десе де Тайлақ деген батыр кісі соғысқа араласып жайрап жатқан он бес ұлдың үшеуін құтқарып қалады. Бүгінгі Тілеуімбет ұрпағы сол аман қалған ұлдарынан өсіп-өрбіген деседі.

Баскы сөзі (213-б.): اكەسىنىڭ اتى قولبولدى_شەشمەنىڭ ات_ماقيال

Соңғы сөзі (220-б.): وسى كونگى بىسىم ۇرپاعى وسى ۇشەۋنەن وسىپ ونگەن

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, қара сиялы қаламмен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1178 (ОҒК).

Библиографиясы. М.Ж.Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. 10-том. – Алматы:Ел-шежіре, 2008.; Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

221

Ш. 1203/95

П.2; Ж.24

30x21; 25x16

КІШІ ЖҮЗ РУЛАРЫНЫҢ НӘДІРҚОЖА МЕН ҚЫДЫРҚОЖАДАН ТАРАУЫ

Атауы. Кіші жүз руларының Нәдірқожа мен Қыдырқожадан тарауы

Жинаушысы. А.Махмұтов пен Ғ.Мұсабаев

Аннотациясы. Нәдірқожадан бел бала болған жоқ. Сол себепті өзгенің баласын бағып алады. Сол балалар кейін «жеті ру» деп аталады. Қыдырқожа ағайынның арасында бай болған соң, одан тараған ұрпақты «байұлы» деп санайды. Қыдырқожаның төрт әйелі болған екен. Бірінші әйелі Жанбикеден бала болған жоқ. Екінші әйелден бала туып өліп қалған. Үшінші әйелі Тотаннан үш бала туған. Олар: Сұлтансиық, Қыдырсиық, Бақытсиық деп аталған. Төртінші әйелден Айжан сұлу немесе Анай сұлу туған. Айжан немесе Анай сұлу орта жүз, Арғын ішіндегі ханының қызы деп айтылады.

Басқы сөз (39-б.): Нәдірқожадан бел бала болмай...

Соңғы сөз (40-б.): ...Алтын- Жаппас болып та аталады.

Қолтаңбасы. Жинаушылардікі

Қағазы, әрпі-сиясы. Машинкамен басылған.

Жазылған жылы, жері. Батыс Қазақстан облысы

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз түрінде орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы. Қ.1203/95 (ОҒК).

Библиографиясы: Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

[ҚАЗАҚ АТЫНЫҢ ҚОЙЫЛУЫ]

Атауы. [Қазақ атының қойылуы]

Айтушы. Белгісіз.

Жинаушысы. Сандыбайұлы Әбубәкір.

Аннотациясы. Бір аңыз бойынша бұрынғы заманда Бидаш деген кісінің бір баласы Қазақ деген болады. Оның азан шақырып қойған аты Әбдірайым екен. Ол жастайынан әке-шешесінің тілін алмай, тәрбиеге көнбей, жұмсағанға тыңдамай өзімшіл, әрі өтірік айтатын, жалған сөйлейтін болып, өскен екен дейді.

Әбдірайымның әкесі өз елінде ең жақсы тұлпар ұстайтын, оны баптап, бәйгеге қосатын, өз еңбегімен күн көрген, біреудің ала жібін аттамайтын әрі турашыл, әділ адам болған екен. Күндердің күнінде Әбдірайым әкесінің ең жақсы тұлпар атын ұрлап алады да, оны біреулерге сатып жібереді. Әкесі тұлпарын іздесе, оны еш жерден таба алмайды. Ақыры баласынан сұрайды. Әбдірайым: «Тұлпар құдыққа құлап өлді» деп әкесін сендіреді. Әкесі оның айтқанына сеніп, аңдаусызда болған екен деп, көп уайымдамайды.

Күндердің күнінде Бидашқа хабар келеді. Оның атақты тұлпарын басқа біреулер иемденіп, ат жарыстарында бәйге алып жүргені туралы естіп, көзі жетеді. Бұл әкесі Бидашты қатты қапаланады. Сонда тұлпарының басқа жақта біреудің қолында жүргеніне, оны өзімен ақылдаспай біреуге сатып жібергеніне және ол туралы өзіне өтірік айтқанына ызаланған әкесі: «Сен кәззап, жалғаншы екенсің ғой!» деп, айтқан қатты ренжіген екен дейді. Осы сөз, Әбдірайымға әкесінің берген аты кейін өзгере келіп, «Қазақ» деп аталып кетеді. Сол сөздің мағынасы «жалғаншы» деген екен деп айтылады.

Басқы сөзі (9-б.): Бидаштың баласы – Қазақ (оның шын аты – Әбдірайым).

Соңғы сөзі (9-б.): Баласына әкесі: «Сенің әулетің бытыраңқы болсын!» деп қарғыс айтқан.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ кеңсе қағазына қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қорға түскен жылы. 1946 жылы түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сыртынан жұқа қағазбен қапталған, бірнеше дәптер топталып, бір қатырма бумаға салынған.

Ақауы. Қолжазба ескірген, қағазы сарғайған, әріптері анық емес.

Папкасы. Қ.1115 (ОФК). Қазақтың шежірелері. 1-14 дәптерлер.

Қосымша белгілері: № 7 дәптер. Қыпшақтың таралуы. 1-11 беттер.

Библиографиясы: Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

223

Ш. 1115(ОФК)

П. 4; Ж. 18
21,5x20; 20x15

قازاقتىڭ اتاسى

Аталуы. قازاقتىڭ اتاسى Қазақтың атасы

Жинаушысы: يسا عابدوللا Иса Ғабдолла

Аннотациясы: Өткен заманда қырық сан қырым жұртында қырық хандары болған замандарында, Түріктің Өзбек деген баласы өте көбейіп өсіп-өніп, «Отыз екі баулы өзбек» атанады. Сол өзбектің бір руы көшіп-қонып Түркістан маңын мекен етіп жүреді. Сол рудың ішінде Майқы би деген биі болады. Сол Майқының Аламан деген баласының тоқал қатыны денесі ала бір ұл табады. Оны көре алмаған бәйбіше Аламанды азғырып, баланы Сырдарияның аржағына апарғызып тастайды. Сол баланың аты «Алаш» екен. Ол бала Дешті қыпшақ елінің ішінде аса мықты болып өсіп, атағы әр тарапқа жайылады. Мұның баяғы өз баласы екенін білген Аламан іші күйіп, өзіне қайтарып алуды ойлайды. Сөйтіп Қотанбайдың үлкен баласы Үйсінге жүз жігіт қосып беріп, еліктіріп ертіп келуге жібереді. Бірақ олар қайтпайды, үш жылдан соң тағы Қотанбайдың екінші баласы Болатқа тағы жүз жігіт қосып беріп Алашты алып келуге жібереді. Бұларда Алашқа қосылып, сонда қалып қояды. Акыры Қыдырқожа байдың баласы Алшынды бас етіп тағы жүз жігіт аттандырады. Алшын жүз жігітпен келіп, Алашқа қосылып, сонда қалады.

Сосын бұлар өз ортасынан баяғы Алашты хан көтеріп, ел болуға ұрандасып, анттасып қол көтеріседі. Сөйтіп бірінші келген Үйсінді «Ұлы жүз Үйсін», екінші келген Болатты «Орта жүз Болатқожа», үшінші келген Алшынды «Кіші жүз Алшын» деп аттарын беріп, Алашты хан көтеріп үш жүз атанады.

Басқы сөзі (2-б.):

Соңғы сөзі (8-б.):

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, қарандашпен, араб әрпімен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Сұрабек Дүйсенғалидан жазып алған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ескірген, мәтін қарандашпен жазылғандықтан өшіңкіреп қалған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

Папкасы. Қ.1115. №4-дәп. (ОФК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

224

Ш.1611

П.1; Б.2; Ж.22.

16.5 x 20.5; 14.5 x 17.5

[ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ]

Атауы [Қазақтың баласы] (2-б.).

Айтушы. Белгісіз.

Жинаушысы. Ибраев Абдрахман. Ол туралы мәлімет жоқ.

Аннотациясы. Аңызда қазақтың шыққан түбін Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс адамдардан басталады, - деп айтылады, - осы үш арыстан өсіп-өніп үш рулы ел болады. Бір заманда осы үш арыстан тараған бір қауым ел «Үш жүз» атанады. Сол замандағы тіршіліктің негізгі көздері – жаугершілік, күші, әлі жеткен ел болсын, ру болсын, адам болсын өзінен әлсіз елді, руды жұртқа шабуыл жасап, оның елін талап, өзіне бағындырып, оның байлығын өзіне иемденіп, халқын өзіне құлдану, ықтиярсыз жұмыс жасату болады. Осындай жағдайда отырған үш жүздің көсемдері, сыртқы жаулардан қорғану үшін үлкені Ақарысқа «Сен бір жүз кісі шығар» дейді. Одан соң ортаншысы Жанарыстан тараған тұқымға «Сен де бір жүз кісі шығар» деп бұйрық беріледі және кішісі «Бекарыстың тұқымына да «Сен де бір жүз кісі шығар» деген хабар келеді. Уақыт өте келе қазақтың «Ұлы жүз», «Орта жүз», «Кіші жүз» атануы осыдан еді дейді.

Ал барша қазақтың ұраны «Алаш» деп атанудың себебі, қазақтармен қатар көршіліс қалмақ деген пайда болып, олар бір-бірімен үнемі соғыса беретін болады. Ол екі ел арасындағы соғыс бірнеше ондаған жылдарға созылады. Сол кездегі соғыстарда қазақтар көбінесе жеңе берген болу керек. Сонда қалмақ жағы, бұл неге жеңе береді, томпақтаудан көз ашпадық қой» деп, «бұл Аланшы болды» деген екен. Содан күндер өте «Аланшы» деген сөз қалмақтардың үйреншікті сөзіне айналып, «жаналғыш» деген мағынада айтылатын болып кеткен екен дейді.

Қазақтың Алаш атану себебі: «Бұл атты қалмақ қойған» деп бір айтады.

Басқы сөзі (2-б.): «Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс» дейді. Осы үш арыстан өсіп-өніп үш рулы ел болады.

Соңғы сөзі (2-б.): Содан былай қазақтың Алаш атану себебі: «Бұл атты калмақ койған» деп бір айтады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жол оқушы дәптеріне көк қаламсиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Қорға түскен жылы. 1959 жылы 14 шілдеде түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Жазу жолдары әр бетке бір қатардан орнастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қатырма дермантин бумаға салынған.

Ақауы. Қағазы ескіріп, сарғайған.

Папкасы. Қ.611 (ОҒК). «Қазақтың рулары жайы, өлеңдер, мақалдар жинағы». 1 -90-66.

Қосымша белгілері: 1-4 дәптерлер біріктіріліп, бір мұқабамен түптелген.

Библиографиясы: Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

225

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 1; Ж. 23
35x24; 32x19

قانجىالاننىڭ قاق اينرلغان جەرى

Аталуы: قانجىالاننىڭ قاق اينرلغان جەرى Қанжығалының қақ жарылған жері

Жинаушысы: ماشعۇر جۇسنىف كوپەيف Мәшһүр Жүсіп Көпесев

Аннотациясы: Қазақ орысқа ең алғаш қарағанда Ибан Сменыш деген Бөлкебай келіп, Баянауылдан қала салдырып, дуан аузын ашқанда дуанбасы болыс сайлаған. Сонда қанжығалыдан Дәнен ең алғаш болыс болған екен. Дәнен өлерінде болыстықты өз балаларына байламай, жол баласы Әлдебекке берген. Әлдебек өлерінде Дәнен балаларына бермек болған. Мұстапа деген баласы тілін алмай өзі болған. Соған өкпелеп, қанжығалы екі айырылып, жеті румен Әжібай – Баянауылаға қарап қалып, Қамажапар, Қарабұжыр – «Тентек қанжығалы» Ақмолаға қарап кеткен. Қанжығалының қақ жарылған жері сол екен.

Басқы сөзі (363-б.): قازاق ورئسقا ھاڭ العاش قاراعاندا بيان سەمەنىش دەگەن

Соңғы сөзі (363-б.): قانجىالاننىڭ قاق اينرلغان جەرى وسى

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, көк түсті тұшпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен, парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1178 (ОҒК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

226

Ш:1146 (ӘӨИ)

П. 1 ; Ж 27

20x30;18x28

ҚАРАМАШАҚ РУЫНЫҢ «ТӨРТҚАРА» БОЛЫП АТАНУЫ

Атауы. Қарамашақ руының төртқара болып атануы

Жинаушысы. Ахметов Өмірзақ. Ол туралы мәліметтер 199-сипаттамада бар.

Аннотациясы: Әлімұлына Жаманақ (Шекті), Қарамашақ (Төртқара), Айнық (Қарасақал), Ұланақ (Қаракесек), Тегінболат (Қарасақал), Тойқожаны (Ақ кете) жатқызады. Аңызда Әлімнің үшінші ұлы Қарамашақ жайлы болып отыр.

Қалмақтар қазаққа жиі шабуыл жасап жүрген кезең болатын. Солардың арасында Құба қалмақтары қазаққа шабуыл жасап мал-мүлкін таллан-таражға салып, бала-шағаларын тұтқынға алып, шығыстан батысқа қарай билік құрған еді. Құба қалмақтары енді әлім руының қарамашақ деген балаларына шабуыл жасап, жерлерін тартып алуға бел байлады. Әлім балалары кеңес құрып, құба қалмақтарына қарсы шығуға ақылдасып жатты. Кеңеске қарамашақ уақытысында келе алмады. Кеңеске келген адамдар біреуді жіберіп, Қарамашақ руының қай жерде келе жатқанын қаратады. Жас жігіт қарап келіп: – Алыстан төрт қара көрінді. Олар адам ба, әлде мал ма? Оны айыра алмадым, – деді. Сол көрінген төрт қара қарамашақтар болып шығады. Содан бастап «Төртқара» деп аталып кетді.

Басқы сөз (182-б.): Құба қалмақтың қазаққа құтырына тиіп, шабуылдап жүрген кезі....

Соңғы сөз (182-б.): ...Төртқара деп аталып кетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушысы

Қағазы, әрпі-сиясы. А4 форматта, қолмен көк бояумен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1981 дайындап тапсырған, 1990 жылы түскен.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен әр бетке толық орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. А4 форматтағы қағазға жіппен тігілген.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Өлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

227

Ш.1146 (ӘӨИ)

П. 1; Ж 27

20x30;18x28

«ҚАРАКЕСЕК» ДЕП ҰЛАНАҚТЫҢ АТАЛУ СЕБЕБІ

Атауы. «Қаракесек» деп Ұланақтың аталу себебі

Жинаушысы. Белгісіз

Аннотациясы. Ұланақ жарлы, кедей және окшауда болған жан еді. Ешкіммен араласпай, адамға мезірет айтпайтын. Бір күні Ұланақтың үй-жайы өртеніп қалады. Өрттен тек ғана қара кесегі мен күлі қалады. Оны көрген адамдар табалау мақсатында «әшейінде қара кесегі шығып жүретін сорлының, енді қара кесегі қосылып қара күлі шығыпты ғой» деп айтыпты. Сол кезден бастап Ұланақтыны «Қаракесек» деп айта берген көрінеді.

Басқы сөз (183-б.): Ұланақ туысынан кедей, жарлы болған екен...

Соңғы сөз (183-б.): ...Қаракесек атанып кетеді дейді қариялар.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі-сиясы. А4 форматқа қолмен, көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1981 тапсырған, қорға 1990 жылы түскен.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз тәртібімен орналасқан.

Беттелуі: Еуропа цифрымен беттелген.

Папкасы: Қ.1146 (ӘӨИ).

Библиографиясы: Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Өлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

228

Ш. 1177 (ОҒК)

П. 2; Ж. 22

35x24; 32x19

قارچاۋ رۋى

Аталуы: قارچاۋ رۋى [Құтымбай (Қаржау ішінде)]

Жинап жазған: ماشعور جۇسنف كوپميف Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Аннотациясы: Өмір бидің бір иті болады екен. Сол ит көктем болса, алыстан жас төлдерді үйге алып келе береді екен. Алып келген төлі мал қатарына қосылып кетеді екен. Бір күні Өмір бидің үйіне бастас бір би қонып отырып: «Осы итіңді неге сонша ардақ тұтасың?» дегенде Өмір иттің құт екенін айтып, өзін ебедейсіз байытқанын деп әңгіме қылады. Содан иті бір жұма жоқ болып, бір күні құндақтаулы бір баланы алып кеп,

еркелеп тұр дейді. Сонан Өмір: – Мұны құтым әкелген Құттыбайым! – деп ат қойған екен.

Сол Құтымбай өзі өсіп-өніп Қаржауды көбейтіп, берекелендірген осы Құтымбай деседі.

Басқы сөзі (306-б.): *من وزتم پابلاداردا توردنم*

Соңғы сөзі (306-б.): *قارجاؤدى كويىيتىپ، بىر مەكەلەندىرگەن وسى قۇتتىمباي مەدى دەسەدى*

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, көк түсті тұщпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен, парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1177 (ОҒК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

229

Ш.1146 (ӘӨИ)

П. 1; Ж. 27
20x30;18x28

ҚОЖАМБЕРДІ

Атауы. Қожамберді

Жинаушысы. Азат Отызбаев. Ол туралы дерек кездеспеді.

Айтушы. Нүркеш Дәуітов

Аннотациясы. Қожамберді Хиуада жұмыс істеп жүрген кезде түрікпен бегінің әйелімен көңілдес болады. Оны бек байқап, Қожабердінің көзін жоюға шешім қабылдайды. Қожамберді оны сезіп, түрікпен бегін өзінің сенімді досы Әбділрахман арқылы өлтіртеді. Қожамберді бұдан кейін Әбділрахман мен өз кенже інісі Сырлыбайды Сыр бойына қашырып жібереді. Қожамберді біраз сонда қалады. Ал кейін өзіне қауіп төнген соң, Сыр бойына қашуға мәжбүр болады. Хиуада қашар алдында түрікпен әйелге: «Егер ұл тусаң, оның атын Қожамберді деп қой, ал қыз тапсаң, кім деп қойсаң өз еркің» депті. Түрікпен әйел ұл туып, оның атын Қожамберді деп қойыпты. Кіші Қожамберді өскен соң Сырға келіп, өз әкесін іздейді. Ол Сырда өз елін тауып алған соң оған кіші Қожамберді немесе Түрікпен Қожамберді деп ат қойған екен.

Басқы сөз (108-б.). Енді бала Қожамберлі «жайындағы бір ауыз сөз...

Соңғы сөз (108-б.). Түрікпен Қожамберлі деп атайды..

Қолтаңбасы. Жинаушынікі

Қағазы, әрпі-сиясы. А4 форматта, қолмен көк бояумен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1981 дайындап тапсырған, қорға 1990 жылы түскен.

Мәтіннің орналастырылуы. Әр бетке қарасөзбен орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтіру. А4 форматтағы қағаз жіппен тігілген.

Папкасы. Қ.1146 (ӨӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

230

Ш.1115 (ОҒК)

П. 2; Ж. 23
29x13,5; 27x12,5

قوڭرات تۇرالى اڭنز

Аталуы. قوڭرات تۇرالى اڭنز Қоңырат туралы аңыз

Жинап жазған: ساندئبايۇلى ابۇباكر Сандыбайұлы Әбубәкір.

Аннотациясы: Бекарыстың төрт баласы болады. Арғын, қыпшақ, таракты, найман. Енші бөліскенде Таракты үлкен үйде қалады, себебі, ол кіші бала, сондықтан оны «Ноқта ағасы Таракты» деп атап кетеді.

Арғынға, Қыпшаққа енші беріп бөлек шығарады. Ал найманға жалғыз өзін бөліп, енші береді. Бұған өкпелі болған Найман Жошы ханның баласы Жолбарыс ханға келіп арызын айтады және қарашасынан біреуін еншілес қылып беруін өтінеді. Сонда Жолбарыс өткен күннен бір әңгіме айтады. Қырық нөкерінің бірі, сенімді серігі Қоңырат жайлы болады. Әкесі Жошы Қызылбас елін шауып, он бес адамын тұтқындап, еліне оралып жеңістің құрметіне бәйге бермекші болғанда, бір қоңыр атқа мінген адам келіп өзін таныстырады. Сөйтсе, ол қызылбас елінің адамы екен, бәйгеге атын қосып, аты бірінші келсе он бес адамын тұтқыннан босатуын өтінеді, егер бірінші келмесе, тұтқындарға қосылып он алтыншы құл ретінде ауыр жұмысқа жегілуге риза екенін айтады. Бұған Жошы хан уәде етеді. Бәйге басталады, аттар көмбеге жақындайды. Сонда ел шуласып: «Қайсы ат келеді?» дегенде «Қоңыр ат» келеді деп шулайды. Сонан бұл жігіттің аты Қоңырат атанып, шарт бойынша он бес адамын тұтқыннан босатады. Қоңыратқа қызыққан Жошы оны өзінің қырық жігітінің бірі ретінде, өзіне нөкер етіп алады.

– Сол Қоңырат мына отырған жігіт! – деп Жолбарыс хан Найманға еншіге береді. Найман Қоңыратты жетелеп үйіне әкеліп, бүкіл үш арыстың баласын шақырып, боз бие сойып, «Бүгіннен бастап Қоңырат інім!» деп өзіне еншілес қылады.

Басқы сөзі (13-б.): نايمان، 'تاراقاتى' قىشاق 'ار عن: بولدى بالاسى تور ت بىكارستن (13-б.)

قونرات نئم دھپ كوپتن نشندە اسق جنلك وستاتپ منشلەس قلدی (16-б.):

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға қарандашпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген.

Папкасы. Қ.1115. №7-дәп. (ОҒК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

231

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 1; Ж. 31
35x24; 32x21.5

قۇرمان قنیشاق نشندەگى اپاي اتاسى

Аталуы. قۇرمان قنیشاق نشندەگى اپاي اتاسى (Құрман – Қыпшақ ішіндегі Апай атасы)

Жинаушысы. ماشعۇر جۇسۇف كوپەيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы. Керекуге жиырма бес шақырым жерде «Құрман тұзы» деген жерде Құрман Қыпшақ деген бір бай болыпты. Жылқысының көптігі сонша, өзі де есебін білмесе керек. Ал, жылқысын «Бөрі тонды, бөрте атты» атанған жылқышысы бағады екен. Байдың жалғыз ұлы болыпты. Сол ұлы он жігітімен жүреді екен. Бір жылы көктемде бие құлындап жатқан кезде бай ұлы келіп, жылқыдағы қара құлындарды соя беріпті, «жігіттері бірыңғай қара құлын жарғақ киеміз» деп. Мұны көрген Бөрі шыдай алмай байға жылқы бақпайтынын айтады. Ақыры бай жігіттің қалауы бойынша Көбікті көк атанған айғырдың үйірін Бөріге береді. Сол бөрі «Жесір Апай» атанған кемпірдің қызына үйленіп, онан бес бала көреді: Келден, Қыстау, Қақа, Сатыбалды, Жаңбыршы. Мал мен басы таласып өсе бастайды. «Көбікті көк» атанып жүргені – биеге шапқанда, биенің үстінен айғыр түскенде ақ көбік шұбалып, үзілмей ағып тұрады екен. Соны Бөрі өзі тосып алып, балаларына әкеліп жалатады екен. Бір баласы жаламайды екен. Сол жаламағанның ұрпағы ана төртеуіндей болмай, жарлы-жақыбай, өсімсіз- өнімсіз болды деседі.

كەرمكۆگە جينرما شاقترم جەردە قۇرمان تۇزى دەمگەن تۇز بار (28-б.):

Соңғы сөзі (28-б.):

سول جالماعاننڭ ۇرپاعى انا تور تەۋىنن دەھي بولماي، جارلى جاقپاي، وسمىز ونىمىز بولدى دىمىدى

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сары түсті қағазға, қара түсті тұщпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1178 (ОҒК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

232

Ш. 1065 (ӘӨИ)

П. 3; Б. 6; Ж. 18
17x20; 15x19

ҚАБЫЛАН БАТЫРДЫҢ «ЖАЛАЙЫР» АТАНУЫ

Аталуы. Қабылан батырдың «Жалайыр» атануы

Тапсырушысы. Нүркеш Дәуітов. 1987 жылы 95 жастағы Мөңке деген қариядан жазып алып, ӘӨИ-дің қолжазба қорына тапсырған.

Аннотациясы. Аңызда қазақ елін Тұран хандығы заманында «қызыл калпақтылар» билейді. Бұл заманда өз еліменен жауласып, қазақтың ру-тайпа және ата қонысындағы жиналыста «Жалайыр» деген атақ алып шыққан Қабылан деген батыры болады. Ашулы Қабылан Жетісу, Іле, Шу, Қаратал, Ақсу-Алакөл жеріне талас Найман тайпасының қастандықпен Тентек, Көксу жайлауына талас, керісі басталады. Ашуланған Қабылан жүгенсіз ағып келе жатқан айғырдың кекілінен ұстап, жығыла тартқанда [оны] жалымен қоса қапсыра тартып, арқасынан жалын айырып, құйрығынан бір-ақ шығарып, айғырдың жаясын қып-қызыл қанталатып, құйрығының қылын қолына іліп қалады. Осы оқиғадан кейін Қабылан батырдың «Жалайыр» атанып кетуі аңызға арқау болған.

Басқы сөзі (13-б.). Қазақ елін Тұран хандығы заманында...

Соңғы сөзі (14-б.)....Қабылан батырды – «Жалайыр» деп атап кетеді. Қолтаңбасы. Тапсырушынікі.

Қағазы, әріп-сиясы. Тор көз дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1987 жылы 95 жастағы Мөңке деген қариядан жазып алған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір жолдан орналасқан.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, жазғандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

[қазак түбі]

Аталуы: [қазак түбі]

Жинап жазған: ماشعور جوسنف كوپچيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы: Нұх пайғамбар кезінен-ақ халық пұсырман еді. Бұл үрдіс сонау Алтыншы ханның заманына дейін өз жалғасын тапты. Алтыншы ханның қатыны егіз бала тапты. Екеуі де еркек ұл боп туды. Бірінің атын Моғұл, бірінің атын Татар қойды. Бұлар өсіп ержеткен соң екеуі екі жұртқа хан болды.

Моғұл көп жыл патшалық қылды. Төрт баласы болды: Қарахан, Оғызхан, Көзхан, Көрхан. Қараханы ірі дөкей хан болды. Бәйбішесінен бір ұл бала туды. Сол бала шешесінің көзі ілініп кетсе түсіне кіріп:

– Ай, анажан, мені өлмесін, жасасын десең, Құдай бар – соны бір біл, пұсырман қауымында бол! деген екен. Анасы баласын өлімге нағып қисын, Құдай – бір деп, бірлігіне сенім келтірді.

Ол шақта Моғұл жұртының рәсім-ғадеті – бір жасқа толмай балаға ат қоймайтуғын еді. Бала бір жасқа толды. Басқаның баласының он жастағысындай толық болды. Қарахан жұртқа сауын айтып, ат шаптыратуғын зор, тамаша той қылды. Той күні баланы мерекеге келтіріп:

Бала жұрттан бұрын өзі сөйлеп қоя берді:

– Атым – Оуыз, лақабым – Қысырау, – деді.

Естіген, көрген жұрт таң қалды. Бір жасар баланың сөйлегенін кім көріпті. Оуыз өсіп. Ер жеткен жетті.

Оуыз өзі сүйген Қалдығыз атты қызды әкесіне айтып қатын үстіне алды.

Оуыз хан жетпіс екі жыл Моғұл, Татармен жауласып, жетпіс үш жылда бәрін өзіне бағындырып, пұсырман қауымына кіргізді. Ол заманда соғысқа аттанғанда қатын-қалаш, бала-шағасын қалдырмай бірге алып жүреді екен. Оуыз ханның бір өзіне жағымды жігіті бар екен, соғыста өлген екен де, қатыны қашып құтылып, ел соңына келіп орын тапқан екен. Өзі буаз екен, бас паналауға үй жоқ. Бір іші қуыс шірік ағаштың ішіне қорғалап босанып, ұл тапты. Ол заманда іші қуыс ағашты «қыпшақ» деп атайды екен. Оуыз хан бұл баланың атын Қыпшақ деп қойып, өзі бала қылып алды. Осы бала өсіп, жігіт болған соң қолбасы қылып, көп жігіт-желең беріп орыс, ұлақ, башқұрт, мажар жақтарына жауласуға жіберді. Бұған қараған ел – «Қыпшақ елі» атанды.

Басқы сөзі (222-б.): آدم آتا، حوا انا.....

Соңғы сөзі (253-б.): وش الاش انتانپ جورمز...

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, көк түсті тұшпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған. Дегенмен, парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіпшен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ. 117 (ОҒК).

Библиографиясы. М.Ж.Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. 10-том. - Алматы: Ел-шежіре, 2008; Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

234

III.680

П.6; Б.12; Ж.24.

21,5 x 30,5; 19,5 x 28,5.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫСҚАША ШЕЖІРЕСІ

Атауы. Қазақтың қысқаша шежіресі (1-б.).

Айтушы. Белгісіз.

Жинаушысы. Ғұсыман Бегешев – қазақтың халық әдебиеті үлгілерін, өз замандастары, ақын, жазушылар туралы материалдарды ел арасынан жинап, қолжазба қорларына өткізуші, халық мұраларының жинаушысы. Ескіше сауатты адам. Ол туралы басқа мәлімет жоқ. Қазақтың қысқаша шежіресі. Жамбыл облысында ескі қолжазбадан 1965 жылы көшірілген.

Аннотациясы. Ертеде Қырымдағы түрік халықтары арасына түбі араб тайпаларынан шыққан Әнәс деген кісі келіп қоныстанады. Ол өзі оқыған, сауатты адам болып, қырымдықтардың тілінде балаларды оқытады. Әнәстің Мағаз деген бір баласы да түрік тілді балалармен бірге ойнап, өсіп ержетеді. Күндердің күнінде оны Қырым ханы көріп, оны өз сарайында бала оқыту үшін Әнәстен қалап, сұрап алады. Мағаз сарайда тұрып, ханның қол астында мұғалім болып, бала оқытады. Уақыт өте Мағаз үйленіп, әйелінен Сапыл дүниеге келеді. Мағаз отбасылы болғасын, ханға жағып қырымның адамы болып қалып кетеді.

Бір заманда Мағаздың Сапылынан Ақшолпан, Курай деген екі перзент дүниеге келеді. Курайдың Татар, Маңғұл деген екі ұрпағы, ал Ақшолпанның Аламан деген бір баласы болады. Осы Аламаннан Алаш деген бала туып, бір кезде осы Алаштан Жайылхан, Сейілхан деген екі ұл тарайды. Енді бір заманда Алаштың Сейілханынан сегіз аталы түрікпен рулары, ал Жайылханнан Майқы деген ұрпағы тарайды. Осы Майқыдан Өзбек және Қобын деген екі бала туып, ер жетеді. Майқының Өзбегінен өрбіген ұрпақтары өзбек тұқымы, ал Қобынанын тарағандар - Қазақ пен

Созақ болып жалғасады. Енді Қобынның екі баласының бірі - Созағынан Қарақалпақ - жалғыз болса, оның Қазағынан төрт бала: Көзел, Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс –бір қауым болады.

Бір заманда Көзел батыр ержеткен уақытта Қырым халқы Мағаздан өрген тұқымды «Қиякелді» деп атап, олардың мал-мүлкін, әйел-қыздарын тартып алып, әлімжеттік жасап, теңдік бермей жүреді. Көзел батыр болып ержетіп, қатарға қосылған соң туыстарына көрсеткен Қырым халқының озбырлықтарын өздерін де қайтарып тұрады. Сонда оның Қырымның озбырларына көрсеткен қайратына риза болған әкесі Қазақ: «Ой, Көзелім!» дейді екен. Қазақтың біреуге риза болғанда айтатын «Ой, көзелім!» дейтіні осыдан қалған деп айтылады.

Көзел өмірден өткен соң Қырым хандығында жаманшылық көбейіп, мал тонау, кісі өлтіру сияқты заңсыздықтарды тиюға күші жетпей, елдің ханы Ресей патшасынан көмек сұрайды. Ол көмек берсе, оның қол астына кіруді мақұлдайтынын білдіреді. Сол кезде Ресей патшасы алыс жолға әскер жібермей-ақ, Қырым ханының тілегін қабылдап, оны өзіне қарату үшін елші жібереді. Сонда Қырымға келген орыс елшісі ханнан: «Қанша халқың бар?» деп сұрайды. Сонда хан: «Он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт, сегіз сан Сейілхан, жеті сан Жем бойы, әр жерден келген келісектер, алты сан Алаш, барлығы – қырық сан Қырым халқым бар!», – депті.

Бір заманда Көзел де, оның әкесі Қазақ та Қырым жерінде қайтыс болады. Бұлардан кейінгі Мағаздың ұрпақтары елдің Ресейге бағынуына риза болмай, олар Қырымнан көшеді. Олар Еділ бойын жағалап, көшіп жүріп, осы күнгі Астрахан қаласын салдырады. Сол замандағы Қазақтың төрт баласының үлкені – Көзелдің тұқымынан дерек жоқ, ал қалғандары – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыстан сансыз ұрпақ жалғасады.

Басқы сөзі (1-б.): Өткен VI ғасырда түрік нәсілінен бөлінген Қырымдық тұқымдар арасына жоғарыдағы Әнәс келіп, түрікше бала оқытады.

Соңғы сөзі (2-б.): Қазақтың төрт баласы болғанын айтып өткенбіз. Қазақтың үлкен баласы – Көзел, оның тұқымынан дерек жоқ.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ кеңсе қағазына қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қорға түскен жылы. 1966 жылы түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтінің орналасуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Шежіре жеке дәптерде түптеліп, қатырма бумаға салынған.

Ақауы. Ескірген, жазулары көмескі, оқылуы қиын, кейбір жолдардың асты сызылған, қолжазбаның желімі кеуіп, түбінен ажыраған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.680, № 4-дәп. (ӘӨИ)

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

235

Ш.130

П.2; Б 3; Ж.14.
20,5 x 17,0; 18,5 x 13,0.

[«ҚАЗАҚ» ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ ...]

Атауы. Қазақ деген сөз «қыз» бен «ақ» деген сөзден қосылып, «қазақ» болған ... (17-б.)

Айтушы. Белгісіз

Жинаушысы. Сабыржан Шәкіржанов. Ол туралы мәліметтер 175-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Бір заманда бір патшаның бойжеткен қызы түсін-де тұрмысқа шыққанын көріп, жүкті болып қалады. Ол өзінің себепсіз жүкті болып қалғанын атасына айтудан қорқып, сырын өзінің бағушысы мен қасындағы қызметші қызға айтады.

Олар хан қызына: «егер біз сенің таза екендігіңе куәлік берсек, онда біздің жағдайымыз қиын болады. Сондықтан бұның бір жолы, сенің басқа бір жаққа қашып кетуің ғана. Онда да сені жалғыз қашырып жіберіп, өзіміз қалғанымызбен бізге де жақсылық болмайды», – дейді. Сонымен бұлар мол азық-түлік, алтын-күміс алып тауға қашады. Бір жерге барып токтаса, бір аңшы жігіт киіктің үш лағын қолға түсіріп, енді олардың енесін ұстайын деп тұрған кезінде ханның қызы мен күтушілеріне жолығады. Хал сұрасқан соң хан қызы шын сырын айтып береді. Сонда аңшы патша қызын ұнатып, оған өзіне қосылуға ұсыныс жасайды. Сонда қыз тағдырыма жолыққан осы шығар деп келіседі. Бірақ аңшыдан өзінің келісімі үшін қалың мал беруін сұрап, оның құны - осы киіктің үш лағы болсын», – дейді.

Аңшы оған келісіп, үш лақты қызға бергенде ол киіктің лақтарын бастарынан сипап, босатып жібереді. Бейкүнә жануарлар бұған шаттанып, шабысып ежелерімен қосылады. Ене киік те балаларының амандығына көзі жетіп, бұларға жақын келіп, төңірегін үш айналып, көзінен жас төгіп, қыбылаға қарап дұға қылған сықылды болып біраз тұрады да, лақтарын ертіп, өз өрісіне кетеді.

Сөйтіп, аңшы жігіт киіктің лақтарын қызға айырбастап, оны еліне әкеледі. Сонда қызды көргендер оның сұлулығына қайран қалып: «Бәре-келді, қыз-ақ екен. Бұдан артық сұлулық болар ма?!» деп, таңданып, тамсанады. Кейін бұл сөз қызға лақап есім болып, одан тараған ұл-қыздарын «қыз-ақ балалары» деп атап кетеді. Кейін оның соңғы бөлігі ай-

тылмай, алдыңғысы «қаз-ақ, қазақ» болып аталып кетеді. Сол себептен Құдай тағала патша қызына үш перзент береді. Солардан патша қызы мен аңшы жігіттің тұқымы көбейіп, бұлар ұзақ уақытта рахат, қайғысыз өмір сүреді.

Басқы сөзі (18-б.): Бір заманда бір патшаның қызы түсінде ахтылам (үйлену) болып, жүкті болып қалады.

Соңғы сөзі (20-б.): Кейін бала деген сөз қалып «Қазақ» болып қалған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сырты жасыл тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қорға түскен жылы. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орнастырылған.

Қалпына келтірілуі. Бірнеше дәптер біріктіріліп, бір қатырма бумаға салынған.

Ақауы. Қолжазба ескірген, қағазы сарғайған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.130, 3-дәп. (ӘӨИ). «Қазақ» деген сөздің шығуы туралы әңгімелер.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

236

Ш.1115

П.22; Б.44; Ж.20

21x 17; 19 x 9

ҚАЗАҚТЫҢ АТАСЫ

Атауы. Қазақтың атасы (1-б.).

Айтушы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бұрынғы уақытта Он сан Орманбет деген бидің елі - Дешті-Қыпшақ халқы шаһарларда тұрған заманда, Түркістан өлкесінде түріктің Өзбек деген баласы көбейіп өсіп, олар «отыз екі баулы Өзбек» деп атанады. Сол Өзбектің халқынан біраз үй көшіп-қонып, сол маңайды қоныс қылып жүреді. Сол көшіп жүрген халықтың ішінде Майқы деген би де болады.

Сол Майқының Аламан деген баласы бар екен, күндердің күнінде Аламанның тоқалы екіқабат болып, ай-күні жетіп, бала табады. «Тоқал бала табушы ма еді» дейтін күндестердің құдайы беріп, жаңа туған баланың үсті ала болып туған екен, осы тоқалды көре алмай жүрген жұрт жан-жақтан өсектеп, «бұл ала бала ертең жұртыңды ала қылады, мұ-

ның көзін жоғалту керек» деп түрлі қауесет таратылады. Сонда қаулаған сөзді естіген Майқының ұлы Аламан бәйбішесінің тілін алады. Ол жанындағы адамдарға баланы «Сырдарияның суынан өткізіп тастандар» деп жарлық қылады. Сонда нөкерлері ханның тоқалынан туған ала баланы Сырдарияның суынан өткізіп, тастап кетіп қалады.

Бұл ала болып туған баланың аты «Алаш» деп атанған екен. Алаш Сырдариядан өткен соң аржағындағы сахараны мекендеген Он сан Ноғайлы Орманбет деген бидің елінің ішіне барып сіңіседі. Сонда өсіп, ержетіп, адам қатарына қосылады. Ол садақтан оқ атуға, қылыш шабуға, ат үстінде ойын ойнатуға мықты, әрі қолынан неше түрі іс келетін ұста, өнерпаз жігіт болып, аты бүкіл елге, елден асып айнала төңірекке де мәшһүр болады.

Оны атасы Аламан естіп, шыдай алмай, елін жиып ақылдасып, Қотанбай деген биге айтып, оның үлкен ұлы – Үйсін батыр қасында жүз жігіт нөкерлеріменен бірге Сырдариясынан өтіп, балаға келіп көрісіп, қосылыпты.

Үш жыл өткен соң әкесі Аламан тағы шыдай алмай, тағы Майқы биді, Қотанбайды шақырып, Қотанбай бидің ортаншы баласы Болат мырзаны аттандырып, алып келуге жібереді. Болат мырза нөкерімен бірге келіп, ағасы Үйсінге, Алашқа қосылып, елін, әкесін есінен шығарып, ағасы Үйсіннің жанында тұрып қалыпты.

Үш жыл өткен соң Алаштың әкесі Аламан тағы шыдай алмай, баласын сағынып, іші күйіп тағы Майқы биді, Қотанбайды шақырып алып, Қыдырқожа байдың үлкен ұлы Алшын мырзаны Алаш баланы, Үйсін, Болат мырзаларды нөкерлерімен бірге алып келмекші қылып жібереді.

Алшын мырза нөкерлерімен Сыр дариясынан өтіп, баяғы Үйсін, Болат, Алаштарға қосылып, о да сонда тұрақтап қалыпты. Ол үш жігіттің батырлары өзінде, биі де өзінде, өңшең бойдақ балалар қосылған соң тыныш жатпайды. Олар өздерінің айналасындағы жан-жақтағы елдерді шауып, жылқыларын айдап алып, жас ат, сұлу қыз болса, тартып алып кететін болады. Жан-жағындағы елдеріне өте тынышсыз болыпты.

Сол үш жігіттің жұрты басы қосылып, көбейіп, өздері орталарынан біреуін - баяғы ала бала - Алашты шығарып хан сайлайды. Олар ақ киізді жайып, алаша төсекті салып, хан көтеріп «Алаш!» деп ұран шақырып, «ел болайық, жұрт болайық!» деп, уәделеседі.

Сол уәде бойынша баяғы әуелгі жүз жігітке бастық болып келген Үйсінді: «Ұлы жүз, Үйсін» деп атын беріп, Сырдарияның бас жағына, Орта жүзбен бірге келген Болатқожаны: «Орта жүз, Болатқожа» деп Сырдарияның орта кезіне, соңғы жүзбен келген Алшынды: «Кіші жүз, Алшын» деп, Сырдарияның етегіне қондырып ел болады.

Басқы сөзі. Өткен заманда қырық сан Қырым жұртында қырық ханы болған замандарында, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, Құба қалмақ,

Қазақ- қалмақ болған болған замандарда, он сан Орманбет бидің елі Дешті-Қыпшақ шаһарларында тұрған замандарда, Түркістан тараптарында түріктің Өзбек деген баласы өте көбейіп өсіп, «отыз екі баулы Өзбек» атанған.

Соңғы сөзі. Соңғы жүзбен келген Алшын мырзаны: «Сен – Кіші жүз, Алшынсын» деп атын беріп, Сырдариясының етегін ала кондырыпты.

Қағазы, сиясы, әрпі. Көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қатырма бумаға салынған.

Ақауы. Қолжазба ескірген. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.1115, 7-дәп. (ОҒК)

Библиографиясы: Бабалар сөзі: Шежірелік аңыздар. 83-том. Құрастырушылар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

237

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 1; Ж. 11
35x24; 32x19

قاھارلى جاناق بالالارى

Аталуы: قاھارلى جاناق بالالارى Қаһарлы Жанак балалары

Жинаушысы: ماشعور جوسف كوپيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы: Бәйбішеден – Қарқымбай. Жанай – екінші алған қатыннан жалғыз. Екі қатыннан «Екі жалғыз» атанған. Қарқымбайдың қатыны бала көтермей жүріпті. Бір күні Қарқымбай қасында тізелесіп отырған қатынын:

– Сен бала таппайтұғын немені біржолата жоқ қылайын, – деп, пышағымен періп қалғанда, пышақ қатынның қара санынан кіріп, қатын жүрегі қозғалып, талып қалыпты. Оттың басын қан қылып, үш ай жатып, өлмей тірі қалыпты. Жазылып түрегеліп, соның артынан итше күшіктеп, тұңғышының атын Күшікбай қойып, онан кейін Ата би, Анай, Айқасқа, Әбіт туыпты.

Басқы сөзі (11-б.): بابيشدهن قارقمباي جاناي مكنشى العان قاتننان جالعز

Соңғы сөзі (11-б.): ونان كمين اتابي اناي ايعاسقا ابت توتيتي

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға қара түсті тұшпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған, дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ. 1178. (ОҒК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

238

III. 1177 (OFK)

П. 2; Ж. 31

35x24; 32x20

نايمان تاراۋىنان

Аталуы: Найман тарауынан

Жинаушысы: ماشعۇر جۇسۇنف كوپەيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Аннотациясы: Жанарыстың бәйбішесінен төрт қожаның бірі – Қа-
рақожа, онан Арғын. Бірі – Аққожа, бұл Аққожадан – Найман.

Найманнан – жалғыз бала Шұбартай болған. Бірақ Шұбартай ерте өліп, алған әйелі жесір қалыпты. Сонда Арғынның балалары әменгерлікке таласыпты. Сонда ақылды келін атасын сынатып, атасына малды аямай беріп, бір кедейдің жас қызын алып беріпті. Кейіннен Найман қайтыс болып, қыздың аяғы ауыр қалыпты. Онан бір ұл туып, атын Төлегетай қойыпты. Төлегетай кейіннен Қылышқожаның қызын алып бай болады. Бір асқа ат апарып қосып, аты алдында келіп, бәйгесіне бір күн келіп, ол күнге аяқ салып, онан бір ер ұл тауып, атын Сүгірші қойды. Күннен туған Сүгіршіні Қытай айбалтаның астына алып, өлімші қылып тастағаннан Қытай – «Балталы» атанды. «Балталы –Бағаналы» атанған Найман – солардың ұрпағы деседі.

جانار سىنىڭ بايىشسىنىڭ ئورت قوجاننىڭ بىرى قاراقچا : (334-ب.) بىسىق سۆزى

Soңғы sözi (336-б.): سوندىقتان بۇلار قارا اتانادى

Қолтанбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, қара түсті тұшпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретгі, анық жазылған дегенмен, парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. К.1177 (ОФК).

Библиографиясы. М.Ж.Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. 10-том – Алматы: Ел-шежіре, 2008.); Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

ون سان ورتا جوزگه ۇران يولعان ولجايي باتردان سويلەيك [تايكەلتىر قوسجەتەر]

ون سان ورتا جوزگه ۇران يولعان ولجايي باتردان سويلەيك [تايكەلتىر قوسجەتەر]
Аталуы. [

Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай батырдан сөйлейік [Тайкелтір – Қосжетер]

Жинаушы. ماشعۇر جۇسنىف كوپەيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Аннотациясы. Олжабай батырдың туысы – он үш жасында «Айдабол би» атанған Айдабол-Күліктің Айдабол ұрпағынан шыққан екен. Айдабол бидің бәйбішесінен: Жанғозы, Малғозы, Кенжеғозы. Бірақ бәйбішенің кенжесі Кенжеғозы қыршын жас күнінде өліп қалып, атастырып қойған қалыңдығы оң жақта жесір қалған. Қайыны Үйсін Қаратай батыр екен. Қаратай батыр келіп жесірін алып қайтсын деп кісі салады. Айдабол Қаратай батырдың қызын тетелес інісі Малғозының баласы Толыбайға алып береді. Қаратай батыр қызымен бірге қосып тағы бір жетім қыз береді. Жаз барған құдалар қысқа килігіп қалып, жолда екі қыз да босанып қалады. Сонда Қаратай батырдың қызынан туған баланың атын Олжабай қойғанда, жетім қыз Бүктіктен туған баланың атын «Бұған ат болуға қос та жетер» деп «Қосжетер» қойған.

Айдабол бидің Қожакелді, Тайкелтір – екі баласы құба қалмақ ханы Қалдан Серенге олжаға түсіп кетіп, қалмақ қолында қалған. Сонда Айдабол «Ол бала ендігі өліп қалған шығар?» деп қалған балаларына енші үлестіреді. Кейін Тайкелтір аман келіп, енші сұрағанда сасқан Айдабол:

– Мұндағыларға шөп кіндікті малды бердім, саған ет кіндікті адам қойдым. Міне, Бүктік, онан туған Қосжетер сенің еншің болсын, қарабауыр қылып ал. Менің кісілігім, бақ-берекем сенде қалады, – деп, батасын берген.

Сондықтан Тайкелтір, Қосжетер бір бауыр, «Тайкелтір-Қосжетер» атанған екен.

Басқы сөзі (222-б.):

بول ولجايي باتردىڭ تۆنىسى ون ۇش جاسىندا ايدابول بى اتانغان ايدابول كۆلكتىڭ ايدابول ۇرپاعان
شققان

Соңғы сөзі (223-б.): بىز باۋىر بوپ تايكەلتىر، قوسجەتەر اتانغان

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға көк түсті тұшпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған, дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген

Палкасы. Қ.1177 (ОҒК)

Библиографиясы. М.Ж.Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. 10-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2008; Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

240

Ш.680/4 (ӘӨИ)

П. 2 Ж. 26

21x30; 19x28

اون ەكى اتا باي ولى بە رش تورالى اكنز

Атауы. اون ەكى اتا باي ولى بە رش تورالى اكنز. Он екі ата Байұлы Беріш руы туралы аңыз.

Жинаушысы. Бегешев Ғұсыман

Аннотациясы. Беріш байдың (Қыдырқожа) жалшылығында болған бір әйелдің ішінде келген бала еді: Алтай және Елтай деген ағайынды екі жігіттің ағасы жауда қаза тапқан соң, ағасының әйелі мен екеуі (Алтай, Елтай) Қыдырқожа байға жаудан қашып паналайды. Сол әйел қайнысы мен екеуі келген кезде жүкті болып келген. Сонан ұл бала туып, атын Беріш қойыпты. Кейін сол әйелді Қыдырқожа алады. Берішті Қыдырқожа баласы деп сол үшін айтады.

Басқы сөз (4-б.): به رش قندئر قوجا بايغا كه لپ پانالادی

Соңғы сөз (5-б.): اون ەكى اتا باي ولى ولى مە ن اياقتالادی

Қағазы, әрпі-сиясы. Дәптерге төте жазумен көк сиямен жазған.

Жазылған жылы, жері. 1965 жылы, Жамбыл облысы.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен тәртібімен орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтіруі. Дәптер қағазбен қапталып, арнайы папкада орналасқан.

Папкасы: Қ.680/4 (ӘӨИ)

Библиографиясы: Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012. 293 б.

241

Ш. 1178 (ОҒК)

П. 1; Ж. 21

35x24; 32x19

ورنبايۇرپاعى

Аталуы. [Орынбай ұрпағы]

Жинап жазған. ماشعور جۇستف كوپەيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы. Қарсұн-Кернейдің Қарсұнынан Қыдыр батыр шыққан. Сол Қыдыр батырдың және Қайып төренің жас баласы қалмаққа олжаға түсіп кеткен. Сонан соң Қыдыр батыр қалмаққа барып қалмақтың жеті жас баласын алып қайтқан екен. Сонда қалмақ жұрты: – Біздің қолымызда қазақтан олжаға түскен жалғыз-ақ бала бар. Қолына асықты жілік ұстатып орталарыңа жібереміз. Бала қайсыңа барса, соның ал да, біздің балаларымызды қайтарсын – деп.

Баланы жібергенде, бала Қыдыр батырдың тізесіне келіп отырып алған. Қыдыр батыр сол баланың атын Орынбай қойған. Өз баласы болмағандығына дәлел – осы «Орынбай» деген атты неге қойған десен, «Баламның орнына келді» деп, атын Орынбай қойғандығы деседі. Ал Қайып төре «Баланы алатын жол менікі еді» деп өкпелеп көшіп кетеді.

Басқы сөзі (123-б.): قارسون كمرنەيدىڭ قارسۇننان قندىر باتر شىققان

Соңғы сөзі (124-б.): قالنىڭا قۇيعانداي مىنەزدەس

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға қара қаламмен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған, дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген

Папкасы. Қ.1178 (ОҒК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

242

Ш. 920/74 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж. 25
29x19;23x15,5

ОШАҚТЫ ТУРАЛЫ

Аталуы. Ошақты руы туралы.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәліметтер 4-сипаттамада бар.

Айтушысы. Шымкент облысы, Созақ ауданына қарасты “Құмкент” совхозының тұрғыны – Тілеген қарт.

Аннотациясы. Мұнда шағын-шағын үш аңыз айтылады. Бірінші аңызда Жәлменбеттің үшінші жұбайының аты, оның шашының қасиеті, сол қасиетіне байланысты кісілер «Қарашаш ана» деп атап кеткендігі. Одан туған баланың «Ошақты» атанып кетуі айтылады.

Екінші аңызда енші алу рәсімінде Тұмардың алдына боз биені жетелеп әкеліп, оның «сауырын тамғала» деп қолына ыстық көсеу беріпті. Ол қып-қызыл көсеумен бие санына үш бұрыш тұмарша тамға басыпты. Сол тамғаны кейін ел-жұрт «үш аяқты ошақ тамға» деп аталуы айтылады.

Үшінші аңызда ауылға жау шапқанда біреу малын жетектеп, екіншісі көрпе-төсегін арқалап қашқанда, Тұмар ана үш аяқты ошағын ала қашқаны айтылады.

Басқы сөзі (24-б.): Жәлменбеттің үшінші жұбайының аты...

Соңғы сөзі (24-б.): ... ошақ басында босаныпты дегенге саяды.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кеңсе қағазына кирилл әрпімен, қара сиямен кирилл әрпімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Жамбыл облысы, 1986 ж.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен әр бетке жиырма бес жолдан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты көк түсті қатты қағазбен тысталған.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, жазғандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

243

Ш. 877 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж. 25
29x19;23x15,5

САРЫ ҮЙСІН

(III нұсқа)

Аталуы. Сары үйсін

Жинаушысы. Шафиғи Максұт. Ол туралы мәлімет 192-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Аңызда Бәйдібек бәйбішесі Мараудан он ұл (Мөйлау, Қойлау, Мойсал, Қайсал, Айтуған, Байтуған, Ерсары, Бисары, Байтоқты, Сарыбай), екі қыз көреді. Марау өжет, бірбеткей, қайсар: өз дегені болмаса ешкімге көнбейтін, кісінің тіліне ермейтін мықты адам болған деседі. Бүкіл елге билік жүргізген ақылды ана болғандықтан, ел-жұрты оны құрметтеп атын атамай “Сары бәйбіше” деп, одан туған балаларды “Сарыүйсін” деп атаған.

Басқы сөзі (7-б.): Бәйдібек бәйбішесі Мараудан...

Соңғы сөзі (7-б.): ... “Сарыүйсін” деп атауы аңызға арқау болған.

Қолтаңбасы. Машинкамен басылған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кеңсе қағазына кирилл әрпімен, қара сиямен машинкамен терілген.

Жазылған жылы, жері. 1980 жылы 20 желтоқсанда жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен әр бетке жиырма бес жолдан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты ақ түсті қағазбен тысталған, қызыл түсті папкаға салынған.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, жазғандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

244

Ш. 1177 (ОҒК)

П. 4; Ж. 27
35x24; 32x19

[ساخابالار تارىخى]

Аталуы: [ساخابالار تارىخى] [Сахабалар тарихы]

Жинап жазған: كوپچى جۇسنىف ماشعۇر

Аннотациясы. Баяғыда араб жұртынан бір Мұхаммед деген пайғамбар шығыпты. Атағы әлемге кең етек жайды. Түркістан аймағынан, Түркі ұрпағынан Үшоқ нәсілінен “Токсан екі баулы Қыпшақ” атанып тұрған заманда тоқсан екі батыр атқа мінді дейді: “Сол пайғамбарды барып көрелік! Жақсы болса, жанына жолдас болып ерелік!” – деп. Мінген көліктері – ат, ұстаған қарулары – бір-бір сойыл. Құрғақ шөлмен жүріп барса, Мұхаммед пайғамбар екі соғысты мұнан бұрын өткеріп, үшінші соғыстың үстіне барған екен-ді.

Мұхаммед Мұстафа ғалайссалам ғараб тілімен сөйлеп, парсы тілін білмеді. Хазірет Әбубәкір Сыддық (Алла разы болсын!) көлденеңдеп жетіп келді:

– Ия, Расул Алла, – дейді, – Менің атам – Қыхафа (Қыжафса, Қыпшақ) Түркістаннан келген екен. Бұлар Түркістан жұртының саяқтары болса керек. Түркі тілімен айтсаңыз, білер! – дейді.

Түркі тілімен сөйлеп еді, бастарын изеп, шұлғып оқырана түсті:

– Өзіміз әдейі сізге біріміз – оқ, біріміз – жақ болып, қазылған жол, шашылған топырағыңызда арқамыз соқпақ, басымыз омақа болсын! – деп келдік! – деп, кәпірге қарай лап қоя шауып, дүрсе қоя берді.

– Алла түркі, – дегенде, Ақкөсе бабамыз ұғып алған екен.

Сонан кейін бұлар қалған өмірін Пайғамбар қасында өткізіп, сахаба саналған екен.

Ақкөсе мен Мәлік екеуі бір ағайынды, Нәзір деген әкелерінің аты екен. Мәліктен – Әнес туады да, сол Әнестің үрім-бұтағынан: Түрікпен, Қарақалпақ, Қазақ тарайды.

Басқы сөзі (90-б.):زامانداردك زامان وتكه ن يوركغى لار ولپ

Соңғы сөзі (93-б.):بارئپ توسكه ن تاسقا توستك بئر سو اوزئان

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, көк түсті тұшпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған. Дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1177 (ОҒК).

Библиографиясы. М.Ж. Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. 10-том. - Алматы: Ел-шежіре, 2008.; Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

245

Ш.1146 (ӘӨИ)

**П. 2; Ж 27
20x30;18x28**

ТАМА РУЫ

Атауы. Тама руы

Жинаушысы. Өмірзақ Ахметов. Ол туралы мәлімет 199-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Кіші жүз екі үлкен топқа бөлінеді. Олар: Он екі ата Байұлы және Жетіру. Тама сол Жетіруға жатады. Жетіру құрамы: Телеу, Рамазан, Тама, Кердері, Табын, Жағалбайлы. Таманың ұранына айналған – Қарабура Әзі туралы. Халықтың аузында бар әңгімеде Таманың кейінгі аты: “Қарабұра” деп айтады.

Қожа Ахмет Йассауи бабамыз дүние салған соң, оның өлі денесін қара бура мініп келіп, түсін ешкімге көрсетпестен мүрдені алып кетіп, қазіргі мешіттің орнына әкеліп, ақ жуып, арулап қояды.

Сұлтанның денесін алып кетуге келген Тама өзін дуана, шейх етіп көрсетіп, мүрдеге қара бура мініп келген. Оның Тама екенін ешкім танып, білмеген. Бұл жағдайды Сұлтанның өзі өлер алдында, Тамаға керематымен білдіріп, сосын туысына: “Мен өлгесін, денем суымай тұрғанда, қара бура мінген бір дуана, шейх адам келіп, денемді бурасымен мәңгілік жататын жеріме алып кетеді. Сұлтанның сол айтқанындай, ол өлу ойына қайдан келгені белгісіз, Тама қара бурамен келіп, сұлтанның мүрдесін түйеге оңгеріп алып кетеді. Кейін артынан барып біліп, жұрт сосын: “Қара бура Әзі” деп атандырып кеткен. Кейін ұранға айналған. Таманың ұраны – «Қарабура».

Басқы сөз (71-б.). Халықтың аузында бар әңгімеде Таманың аты....

Соңғы сөз (72-б.). Таманың ұраны – Қарабура ...

Қолтаңбасы. Жинаушынікі

Қағазы, әрпі-сиясы. А4 форматта, қолмен көк бояумен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1981 жылы жазылып, 1990 жылы қорға түскен.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен әр бетке толық орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. А4 форматтағы қағаз жіппен тігілген.

Папкасы. Қ.1146 (ӘӨИ).

Библиографиясы: Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

246

Ш.1057

П. 95; Ж 24

20x27,5;15x25

ТЕМІРДІҢ «ЕСЕНТЕМІР» АТАНЫП, БІР РУЛЫ ЕЛГЕ АЙНАЛУЫ

Атауы. Темірдің Есентемір атанып, бір рулы елге айналауы

Жинаушысы. Айсұлу Бейсенғалиқызы.

Аннотациясы. Қыдырқожа өз жылқысын Темірге басқаруға берді. Сол жылы қыс қатаң болып жылқыларға қауіп туды. Жылқы жабайы дала киіктермен бірге еріп кетеді. Темір жылқыларды іздеу барысында киіктерді байқап қалып, жолдастары мен оларды оқ атуға келісімге келгенімен, бір сәтте Темір өз райынан ауып жолдастарына тимендер деп айтады. Сол кезде Темір бәлкім өз туған жерін, бүкіл өткен өмірін көз алдынан өткізіп, туған елін, басшысыз ауылын, халқын еске алып: Мына текені атып алсам, үйірі талан-таражыға түсіп, менің басымдағы, ел-сындағы хал бұларға да келеді-ау деп киіктерге тиіспеген.

Қытымыр қыстың ызғары батып, жылқыны аман сақтау қиынға айналды. Темір сол қыста қаншалықты қиындық көріп, Маңғыстауға аман-есен қайтып оралды. Қыдырқожа Темірге риза болып, үлкен той жасады. «Қайда барсаң да есен-аман келесің-ау, бауырым енді сенің атың Есентемір болсын» деген екен. Қазіргі таңда Есентемірден бір рулы ел тарайды.

Басқы сөз (138-б.). Қыдырқожаның жылқысына ие болып...

Соңғы сөз (144-б.). ...Есентемірден бір рулы ел тарайды.

Қағазы, әрпі-сиясы. Жолды дәптерге көк сиямен, қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1996 жылы, Орал қаласы

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен тәртібімен орналасқан.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Дәптер қағазбен қапталып, арнайы папкада орналасқан.

Папкасы. Қ.1057 (ӘӨИ)

Библиографиясы: Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

247

Ш. 920/13 (ӘӨИ)

Б.2; П.1; Ж. 25
29x19; 23x15,5

ТУТАМҒАЛЫ МЕН ҚАЙШЫЛЫ

Аталуы. Тутамғалы мен Қайшылы руралы

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Айтушысы. Шымкент облысы, Созак ауданына қарасты “Құмкент” совхозының тұрғыны - Тілеген қарт.

Аннотациясы. Қарттың айтуынша Тутамғалы алдымен төрт атаға бөлінеді: Бозбике, Жанай, Жәлімбет, Жолман. Осы төрт атадан тараған ұрпақтарды көрсетеді. Қайшылы руы туралы дерек аз. Жалайыр қызы Алтын қайшы Ізбике деген әйелі қалыпты. Тұрымбет батырдың Қайшылы қатынынан Жанат, одан Саукым сопы қалыпты дегеннен басқа дерек айтылмайды.

Басқы сөзі (24-б.): Тутамғалы жөнінде...

Соңғы сөзі (25-б.): ...Сіргеліге қосылатын сияқты.

Қолтаңбасы. Машинкамен басылған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кеңсе қағазына кирилл әрпімен, қара сиямен машинкамен басылған.

Жазылған жылы, жері. Ташкент қаласы, 1984 ж.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөзбен әр бетке жиырма бес жолдан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты қара көк түсті, қатты қағазбен тысталған.

Папкасы. 920/13 (ӘӨИ).

248

Ш. 920

П.2; Б.2; Ж.29.
29,5 x 18,5; 24,5 x 15,5.

ТӨРЕ РУЫ

Атауы. Төре руы (130-б.)

Айтушы. Қадырқожа Аманкелдиев. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәлімет алдыңғы 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ел арасында тараған әңгіме бойынша, X ғасырдың екінші жартысында арабтар мен моңғол жаулаушылары арасында болған бір соғыста Аби Малик Бахадур деген араб халифасының зайыбы Гүлсара ханым моңғолдарға тұтқынға түседі.

Гүлсара өте сұлу болады да, моңғолдар оны өлтіруге қимайды. Сонда моңғолдың қолбасшысы Нехнур осы Гүлсараға үйленбекші болады. Сол кезде ханымның аяғы ауыр, құрсағында алты айлық баласы бар екен. Сол себепті ханым қолбасшыға шарифат бойынша бұндай кезде қосылуға болмайтынын жеткізіп, мерзімі жетіп сәтті босанса, сәбиі қырқынан шыққан соң өзінің некесін қидырып, қосылуға қарсы емес екенін білдіреді. Нехнур Гүлсараның тілегін орындайды. Гүлсара сәбиін дүниеге әкеліп, ол қырқынан шыққаннан кейін халифаға әйел болып қосылады. Гүлсараның сәбиі ұл болып, атын Темучин деп қояды. Біраз уақыт өткен соң анасы оны «Шыңғыс» деп өзгертіп атайды.

«Шыңғыс» – арабша: «сен пәк, тазасың» деген мағына береді. Гүлсара Нехнурға үйленгеннен кейін тағы төрт бала туады. Олар: Богентай, Боргелтай, Сарықызыл, Сарғалтай. Бұл балаларының үрім-бұтағы моңғолдың ішінде өркен жаяды. Шыңғыс өскен соң бүкіл моңғол-татар тайпаларын біріктіріп, ірі мемлекет құрып, хан болады.

Бұдан кейін Шыңғыс хан ірі феодал-шонжарларға арқа сүйейді. Сөйтіп әскер жасақтап, көрші елдерге жорық жасайды. Шыңғысхан бастаған моңғол әскерлері алдымен Жетісу жеріне баса-көктеп кіреді. Енді Жетісуды жаулап алғаннан кейін Шыңғыс Орта Азияны да осындай үлкен әскермен бағындырады. Бір замандар өткенде хан қол астына қараған аймақтарды өзінің балаларына бөліп-бөліп береді. Шыңғыстың сол балаларынан қазақ арасына «төре тұқымы» деген ұрпақ тараған дейді.

Басқы сөзі (130-б.): Ал төре руы қазақ арасына моңғол-татар шапқыншыларынан кейін тарай бастады.

Соңғы сөзі (131-б.): Ол қол астына қараған аймақтарды балаларына бөліп береді. Олардан қазақ арасына төре тұқымдары тарайды.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ кеңсе қағазына автоқаламды қара сиямен қазақ әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Студент Меруерт Сағындықованың қолы.

Қорға түскен жылы. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Шежіре жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қатырма мұқабада түптелген.

Ақауы. Қолжазба ескірген, қағазы сарғайған.

Папкасы: Қ.920/72. (ӘӨИ).

Қосымша белгілері: 74-жинақтағы мәтіндер бір көшіруші – М. Сағындықованың қолымен көшірілген. Жинақтың басында жинаушы-

ның қысқаша алғысөзі және соңында оған енген мәтіндердің мазмұны жазылған.

Библиографиясы: Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

249

Ш.1719

П.4; Б.7; Ж.25

16 x 20; 15x 19

ТӨРЕ ТҰҚЫМЫНЫҢ ТАРАТЫЛҒАН ШЕЖІРЕСІ

Атауы. Төре тұқымының таратылған шежіресі (165-б.).

Айтушы. Қожахметов Дәуіт – бұрынғы Торғай облысы, Арқалық ауданы, Көктау совхозының тұрғыны. 1972 жылы шежіре жазғанда 75 жаста болған.

Жинаушысы. Ирмұхамедов Жағыпар – Жезқазған қаласының тұрғыны. Басқа мәлімет кездеспеді.

Аннотациясы. Қазақ арасындағы «төре» деп аталатын қауымның арғы түбі бір жерден емес, әр жерден шыққаны туралы әңгімелер айтылады. Ерте замандарда олар бір жерден он, бір жерде он бес үйден бөлік-бөлік болып қоныстанып отырған. Өте ерте заманда қазақтардың ханы Мамай хан дәуірінде қарадан шыққан біреуді хан етіп қойса, оған ешкім бағынбай, өзара қырқысып, көп қан төгіледі, оның арты ұзақ айтыс-тартысқа ұласады. Содан соң атқа мінген адамдар ақылдаса келіп, енді осы «төре» деген тұқымынан ғана хан қойылсын деп келіседі. Көп заман өткен соң да төре тұқымынан хан қою дәстүрі жалғаса береді. Бір кезде төре тұқымынан қойылған адам елді басқара алмай хандық үзіліп қалса, онда төре тұқымдарының бірінде жаңа туған бір баланың бесігін кертіп, осы бала түбінде «біздің елдің ханы» болады деп белгілеп кететін болған. Ол бала өскенше, басқа жерде де төре керек болғанда жаңағы баланы өздері таратып алып кететін болған дейді.

Төре тұқымының әр жерде шоқ-шоқ болып отыратыны және олардың саны аз болатын себебі осындайdan қалған дейді. Сондықтан қазақ арасындағы төрелерді ел аузында олардың тұқымы бір нәсілден емес, олар: қазақ, моңғол және араб тұқымдарынан шыққан деп айтылады.

Басқы сөзі (165-б.). Төрелердің тұқымы бір жерде емес, әр жерде болған.

Соңғы сөзі (165-б.). Сондықтан төрелерді қазақ, моңғол, арабтан деп те айтуға болады. Төре тұқымының әр жерде болып және аз болатын себебі осында деседі ел аңызы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Оқушы дәптеріне көк сиямен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Шежіре жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Ақауы. Қолжазба ескірген. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. ОҒК. 1719-бума, 2-дәптер. Ирмұхамедов Жағыпардың тапсырған шежіресі. 1-282-бб. Жезқазған қаласы.

Қосымша белгілері. 1-5 дәптерлер біріктіріліп, бір мұқабада түптелген.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

250

Ш. 890 (ӘӨИ)

Б.95; П.95; Ж.29.

30x21; 24x16

ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІ

Атауы. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі

Авторы. Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Тапсырушы. Мұхамедрахым Жармұхамедов.

Аннотациясы. Бұл Ш.Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда шыққан еңбегі. Еңбектің басында «Шежіреден бұрын» деген алғы сөз жазған. Шежірені Адам атадан бастап тарқатады. Еңбек «Шежіре басы», «Қазақтың қайдан шыққаны», «Ұлы жүз», «Кіші жүз», «Орта жүз», «Қаңлы», «Қыпшақ», «Қоңырат», «Қарақырғыз», «Керей», «Найман», «Уақ», «Төлеңгіт», «Тарақты», «Арғын», «Орта жүздегі арғынның рулары», «Хан шежіресі», «Шыңғыс хан шежіресі», «Исламбұлдағы ғұсманлы түрік һәм сұлтанлары», «Фарсыдағы һәм Закавказдағы түрік нәсілі», «Сарт», «Өзбек», «Ноғай», «Башқұрт», «Қалмақ һәм телеуіт», «Түрікмен», «Яқұт», «Оранхай», «Енисейдегі түрік», «Күншығыс Түркістандағы түріклер», «Мақсұт», «Қазақ», «Насихат», «Тағы сорлы қазақ», «Хош» атты тараулардан тұрады. Соңғы бес тарау жырмен жазылған.

Басқы сөзі (3-б.): Атамыз Адам пайғамбарды Алла тағала топырақтан жаратып жан беріп, оның оң қабырғасынан анамыз Хауаны жаратып ...

Соңғы сөзі (94-б.): ... Мен қайғы жедім ғой, қапы өтті дедім ғой,

Қазағым, қам ойлан, сен де адам едің ғой.

Қағазы, әрп-сиясы. Ақ қағазға машинкаға басылған.

Беттелуі. Еуропаша беттелген.

Ақауы. Қағазы сарғайған.

Қосымша белгілер. 1911 жылы Орынборда шыққан кітаптың көшірмесі бар. Көлемі – 113 бет, араб әрпінде басылған.

Папкасы. Қ.890 (ӘӨИ). Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі.

**[РУЫНЫҢ АТЫН «ҚАЗАҚ», ҰРАНЫНЫҢ АТЫН
«АЛАШ» ДЕП АТАУЫ]**

Атауы. Руының атын «Қазақ», ұранының атын «Алаш» деп атауы

Айтушы. Белгісіз

Жинаушысы. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ол туралы мәлімет 197-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Әбубәкір Күлбабаның заманында халық «Отыз екі баулы Өзбек» атанған екен. Осы Өзбектің үш баласы болады. Олар: Мың, Жүз, Қырық – дегендер.

Бұл халық әуел баста «Тоқсан екі баулы Қыпшақ» деп атанып, олар Еділ, Жайық, Ертіс, Сыр – деген төрт өзеннің аралығын мекендейді. Сондықтан олар «Дешті Қыпшақ» деп атанған халық болады, олар уақыт өте келе осы «Отыз екі баулы Өзбек» деген атты алған. Өзбек халқы заманында отырықшы халық болады. Осы Өзбектің үш баласы өз заманындағы бір ханға біреуі 1000 ділдә, екіншісі 100 ділдә, үшіншісі 40 ділдә береді. Сол үшін ол үш баланы: Мың, Жүз, Қырық деп атайды. Мың деген баладан өрбігендер отырықшы, Жүзден тараған ұрпақтары көшпелі халық болады. Сол Жүздің ұрпағынан Қазақ деген халық шыққан. Бұл халық өз ұранының атын «Алаш» қойып, өздерін «Ұлы жүз», «Орта жүз», «Кіші жүз» деп үшке бөліп, “Үш жүз” атанғаны содан дейді.

Басқы сөзі: Әбубәкір Күлбабаның заманында “Отыз екі баулы Өзбек” атанған деседі...

Соңғы сөзі: ..Сонымен келіп Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болған заманда руының атын “Қазақ” қойып, ұранының атын “Алаш!” қойып, “Ұлы жүз”, “Орта жүз”, “Кіші жүз” деп үшке бөліп, “Үш жүз” атанған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қара сиямен жазылған.

Қорға түскен жылы. Ескіше араб әрпімен жазылған қолжазба қорға түскен жылы белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орналас-тырылған.

Ақауы. Тозған, түсі оңған, жыртылған жерлері бар, әр түрлі белгілер жазылған.

Папкасы. Қ.1177 (ОҒК). М.Ж.Көпейұлының қолжазба мұралары.

Библиографиясы: М.Ж.Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. 8-том. - Павлодар: ЭКО,2006; Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

252

Ш. 896 (ӘӨИ)

П. 23; Б. 25; Ж. 20
17x20; 12x18

ҰЛЫ ЖҮЗ ТУРАЛЫ

Аталуы. Ұлы жүз туралы.

Жинаушысы. Қабиболла Сыдиықов. Ол туралы мәлімет 192-сипаттамада бар.

Тапсырушысы. Пірімжан Ысқақов.

Аннотациясы. «Үйсін туралы» аңызда Үйсін батырдың жау жаулап кеткен орайында елге жау келіп қалады, жұрт үркіп жосып кетеді, ауылда тек толғатып жатқан Тоғалақ тоқал ғана қалады. Жау Тоғалақтан елдің қайда кеткенін, жылқыларының қайда екенін сұрайды. Тоғалақ айтып береді. Ішінен Құла айғырды сұрап алып қалады. Құла айғыр жылқыны қайта қайырып алады. Үйсін батыр жаудан қайтып келсе, Тоғалақ бір сайда қалың жылқының ішінде босанады. Кейін бәйбішенің он екі баласы жылқыны даулап келгенде, қарғыс тиіп тұқымы аз болып қалған екен. Тоқалдың тұқымы «Ұлы жүз» атанып жүруі аңызға арқау болған.

Басқы сөзі (4-б.): Үйсін батыр өзі жау жаулап кеткенде...

Соңғы сөзі (6-б.): ...Тоқылдың тұқымы Ұлы жүз болып жүр екен.

Қолтанбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әріп-сиясы. Жолды дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1986 жылғы Тәжікстан, Өзбекстан экспедициясынан жазып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сырты қағазбен тысталып, өңдеуден өткен.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

253

Ш. 920 (ӘӨИ)

П. 1; Б. 1; Ж. 18
7x20; 15x19

ҰЛЫ ЖҮЗ СІРГЕЛІ РУЫ ЖАЙЛЫ

Аталуы. Қабылан батырдың «Жалайыр» атануы

Тапсырушысы. Қыдырәлі Саттаров. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Аңызда Жәнібек хан ашу-ызасын білдірмей, өтірік құда-жекжат болып, тойына Ойсылдың отыз ұлымен қоса туыстарын да шақыртады. Жәнібек ханның қызы төркініне екі қабат болып кеткен екен де, сонда босанады. Баласының атын Құсабай қояды. Құсабай ер жетіп, азамат болғанда Кіші жүз – Алшын, Тама нағашыларынан туыстарына кету үшін рұқсат сұрайды. Нағашылары алғаш рұқсат етпеген соң жас жігіт жылқы ішінде жүрген кішкене ғана тайды тұмсығындағы сіргесімен мініп кетеді. Нағашылары да соңынан қуып келсе, туыстарына келіп қосылған екен.

Туыстары Құсабайға ұрпағы көбейсін деген мақсатта екі қатын алып береді. Бәйбішеден бес бала: Батыр, Жайдақ, Елібай, Жаңабай, Айт-Бозым. Тоқалдан үш бала: Қарабатыр, Шалдар, Байжігіт. Құсабай баланың малы көбейіп, бай болып кеткен соң «Байұлы» атануы аңызға арқау болған.

Басқы сөзі (15-б.): Жәнібек хан ашу-ызасын білдірмей...

Соңғы сөзі (16-б.):... Сонда жоғарғы сегізі бір адамның баласы.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әріп-сиясы. Кирилл әрпімен машинкамен терілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1984 жылы, Ташкент қаласы.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір жолдан орналасқан.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

254

Ш. 1177 (ОҒК)

П. 1; Ж. 27
35x24; 32x19

وش جوزدنگ باللاری جانہ اورانداری

Аталуы: [وش جوزدنگ باللاری جانہ اورانداری] Үш жүздің балалары және ұрандары.

Жинап жазған: ماشعور جوسف كوپيف Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Аннотациясы: Бұрынғы заманда қазақтың «Жүз» деген, «Алаш» деген руға қойған аты болған екен. «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда, «Алаш, Алаш!» деп шабындар! «Алаш» дегенді әкен болса да ұрып жыға беріндер” деп бата берген еді.

Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, жұрт болып көзге көрініп, ауызға іліккен емес. Өз алдына отау тіккен емес. Әр жұртқа қоңсы болып жүрген. “Болатқожа” дейді, “Ақжол” дейді – екеуі бір кісінің аты. Өзінің шын аты – Жанарыс екен. Жұрт аузында «Ақжол» аты қалған. Ұлы жүз ұраны – “Бақтияр”, Кіші жүз ұраны – “Алдияр”, Орта жүз ұраны – “Ақжол”.

Басқы сөзі (252-б.). بوركعى زاماندا قازاقتىك جوز ده گه ن...

Соңғы сөзі (۲۲۵-б.). وش جوزدىك اتالارنىك اتى

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, көк түсті түшпен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған дегенмен, парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1177 (ОҒК)

Библиографиясы. М.Ж.Көпейұлы. Көптомдық шығармалар жинағы. 10-том) Алматы: Ел-шежіре, 2008; Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

255

Ш.622

П.1; Б. 2; Ж.43

16 x 20; 13,5 x 17

ҮШБУ ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ ЖҮЗ АТАНҒАН СЕБЕБІ БАЯНЫ

Атауы. Үшбу қазақтың үш жүз атанған себебі баяны (9-б.).

Айтушы. Белгісіз.

Жинаушысы. Әбдіреш Оспанов. Қазақтың халық мұраларын жинап, ОҒК, ӘӨИ-дің қолжазба қорларына тапсырушы. Басқа дерек кездеспеді.

Тапсырушысы. Е.Ысмайылов, Б. Адамбасв.

Аннотациясы. Қазақ Әнес әулиеден оныншы атада дүниеге келеді, Қазақтың балалары үшінші және төртінші атаға жеткен кезде Бұқараға қараған жерге келеді. Сол уақытта Бұқардың ханы Қызыл Арсыланның бәйбішесінен бала болмайды. Қызыл Арыстан содан екінші қатын алып одан бір ер бала туады. Бірақ бұл баланың денесі ала болып туады. Ханның бәйбішесі күншілікпен «бұл бала халықты бұзады» деп, ханды азғырады. Содан хан қатынының тіліне еріп, баланы қасына қырық жігіт қосып Сырдариясынан өткізіп, Сарыарқаға жер аударып жібереді. Ол уақытта Сарыарқада Ноғайлы деген халық бар екен. Ноғайлының ханы Орманбеттің әйелі бар екен һәм Қара қалмақ және Құба қалмақ деген дұшпандары бар екен.

Енді ханның баласы «түрі жақсы жігіт болыпты» деген, «өнерпаз болыпты», «аман жүр» деген хабар атасы Қызыл Арсылан ханға жетеді. Қызыл Арыстан хан балаға жасаған қиянаты есіне түсіп, қапаланып, өкініп, өзіне қараған адамдарын жиып ақылдасып, баланы алып келуге Қазақтың ұлы Ағарыстың немересі - Үйсінді бас қылып жүз кісі жібереді.

Бұлар келіп баламен танысып, оны елге қайтаруға үгіттеп көндіре алмаған соң баланы кимай әрі Сарыарқаны жайлы көріп, осы жерде тұрып қалады.

Қызыл Арыстан үш жылдан кейін тағы да екінші жүз адамды жібереді. Бұған Жанарыстың шөбересі - Ақжолды бас қылып, одан соң тағы үш жылдан кейін Бегарыстың немересі - Алшынды бас қылып үшінші жүз кісіні жібереді. Бұлардың барлығы да баланы көндіре алмай, одан соң сонда тұрып Алаша ханды хан көтеріп, «ұранымыз Алаш болсын» деп келіседі екен. «Аламан Алаш болғанда» деген осыдан қалған сөз болған.

Әр елден мал қуып алып, қызықпен қыз алып қашып, ел шауып олжа табумен жүргенде біраз заман өтеді. Сондай бір аңшылықта Алаша ханның Жошы деген баласын құлан теуіп өлтіреді. Енді Алаша ханның өзі болып, ел иесіз қалып, содан кейін өздері өсіп-өніп, бір жерге сыймастай көбейіп Қаратаудың бір жағында бір өзеннің бойында халық үшке бөлініп, Үйсін батырға қараған ел «Ұлы жүз» болып, Арқаға қарай шығып, ортада тұрған Ақжол мырза Сарыарқаға қарай шығып «Орта жүз» атанып, соңынан келген Алшын мырза Сыр-дариясына қарай шығып «Кіші жүз» атанып, барлығы «Үш жүздің баласы» деген атау содан пайда болады.

Басқы сөзі: Былайша атамыз қазақ Әнас әулиеден оныншы атада дүниеге келіп, атамыз Қазақ балалары үшінші және төртінші атаға жеткен кезде Бұқараға қараған жерге келген еді...

Соңғы сөзі: ... Солай да болса қазақтың үш баласынан басқа атаның аты жоқ. Өзгесінің өсімі кем болып, ақырында тұқым қалмады дейді. Тәмам.

Экспедициясы. 1965 жылғы Қостанай – Солтүстік Қазақстан – Тюмень – Омбы экспедициясы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қара сиямен жазылған.

Қорға түскен жылы. Араб әрпімен жазылған қолжазба қорға 1965 жылы шілдеде түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Ақауы. Тозған, қағазы сарғайған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Қ.622, № 1-дәп. (ӘӨИ). Әбдіреш Оспановтың қолжазбасы.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

ҮШ ЖҮЗДІҢ ШЫҒУЫ

Атауы. Үш жүздің шығуы (2-б.).

Айтушы. Белгісіз.

Жинаушысы. Сандыбайұлы Әбубәкір.

Аннотациясы. Аңыз бойынша, бұрынғы заманда қазақтардың қоныстанған жерлеріне Темір шолақ деген басшысы бар ноғайлар шабуыл жасайды. Сол кезде қазақтардың арасында Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген қазақтың үш аталы баласы болады. Темір шолақ осы үш атаның баласынан маған «300 қазақ бересің» дейді. Содан үш атаның басшылары ақылдасып, Теміршолаққа үш жүз жігіт таңдап беріледі. Олар қандай қызметке де сақадай сай шетінен ақылды, алғыр, балуан, батыр болады. Енді олардың әрқайсысына 360 құрт үлестіріп, қоржындарына бір жылға жететін ас-азық салып жауға аттандырады. Осы үш жүз жігіттің әскербасшылары Ақарыстан – Бақтияр, Бекарыстан – Данияр, Жанарыстан – Құдияр деген кісілер бекітіледі. Енді олардың ту көтерушілері таңдалады. Сонда оларға ту көтерушілер болып Ақшора, Бекшора және Жаншора деген адамдар қойылады.

Басқы сөзі (2-б.): Қазақтар жерлеген руларға ноғайлар шабуыл жасайды Темір шолақ деген.

Соңғы сөзі (2-б.): Әскер басшылары Ақарыстан – Бақтияр, Бекарыстан – Данияр, Жанарыстан – Құдияр. Ту көтерушілері – Ақшора, Бекшора, Жаншора.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кеңсе қағазына кара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қорға түскен жылы. 1946 жылы түскен.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Аңыз жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сыртынан жұқа қағазбен қапталған, бірнеше дәптер қатырма бумаға салынған.

Ақауы. Қолжазба ескірген, қағазы сарғайған, әріптері анық емес.

Папкасы. Қ.1115. (ОҒК). Қазақтың шежірелері.

Қосымша белгілері: № 7 дәптер. Қыпшақтың таралуы. 1-11 беттер.

Библиографиясы: Бабалар сөзі. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

ۇشقۇرت تۇرالى

Аталуы. ۇشقۇرت تۇرالى Үшқұрт туралы

Жинаушысы. ماشعۇر جۇسنف كوپييف Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Аннотациясы. Ақбура Есен тентек жолаушы болып бір ауылдың сыртына түсіп отырса, бір бала жүгіріп келіп қасына отыра қалыпты. Қоржынының аузын сөгіп балаға үш құрт алып беріпті. Бала құртты алып, ауылға қарай жүгіріпті.

Есен тентек өз қоржынын өзі пышақпен жарып, құртты жерге төге салып, баланы қуып барып жатып жабысыпты. «Менің қоржынымды жарып, үш құрттымды алып қашты» деп, даулап үйіне сол баланы алыпты. Атын Үшқұрт қойыпты.

Басқы сөзі (351-б.): اقبۇر اسمان تەنتەك جولاًۋشى بولپ بىر اۋىلدەك سرتىدا تۇسىپ وتىرسا

Соңғы сөзі (351-б.): توكەي بولسا كىرەك

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ түсті қағазға, көк сиялы қаламмен, араб әрпімен жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Қолжазба ретті, анық жазылған, дегенмен парақтары ескіріп, сарғайған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ақ жіппен тігілген, желімденген.

Папкасы. Қ.1178 (ОҒК).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

ҰЛЫ ЖҮЗДЕГІ «ҮШ ТАМҒАЛЫ» СІРГЕЛІ РУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Атауы. Ұлы жүздегі «Үш тамғалы» Сіргелі руларының шығу тарихы
Айтушысы. Тұрды ақсақал. Ол аңызды 1956 жылы Күмісбек деген кісіден естігенін айтады.

Жинаушысы. Жақыпов Сайлаубек – халық мұраларын жинаушы. Бұрынғы Семей облысы, Аягөз ауданы, Нарын совхозының тұрғыны.

Аннотациясы. Ұлы жүз Бақтияр деген кісіден Ойсыл, Үйсін деген балалары болады. Ойсылдың 30 ұлының бірі - Борааш деген батыр болады.

Бір уақытта ол Кіші жүздің ханы Жәнібектің әскерін басқарып тұрады. Уақыт өте келе Бораш пен Жәнібек ханның жалғыз қызының арасында жастық сүйіспеншілік болып, бұны хан естиді. Хан жалғыз қызының қара халық өкілімен байланысқанына ашу шақырып, «не істейміз» деп уәзірімен ақылдасқанда, ол «шу шығармай қызымызды Борашқа береміз» деп алдап шақырайық, содан соң Ойсылдың барлық еркек кіндіктісін қырып тастаймыз» деп ақыл айтады. Хан уәзірінің ақылы бойынша әрекет етіп, тойға шақырып, барлық Ойсылдың еркек кіндіктісін өлтіртеді. Сонда Ойсылдың ішінде «алтын қайшылы» Ізбике деген әйел Бораштың 2-әйелінің туған екі баланың бірі - Нанды жасырып, бір әйелге тапсырып өсіреді. Одан «Қайшылы» деген ел тарайды.

Жәнібек ханның қызы Бораштан екі қабат болған екен, ол ұл тауып, онысын ата-анасынан, елден жасырып Ізбикеге асырауға әкеліп береді. Ізбике оны көңге көміп, жасырып өсіргендіктен атын «Көңірдек» деп атайды да, Бораштың екі баласы - Нан мен Көңірдекті жасырып тәрбиелеп өсіреді.

Бір күні Ойсылдың бір баласы Тұрымбетті білдірмей асырап бер деген хабар келген соң Ізбике оны ханға «жетім бала» деп таныстырып, өз қарауына алыңыз деп жалынып алдырады. Жәнібек хан бұл баланың кім екенін біле алмай, егер «дұшпанымның тұқымы болса, соғыста өлер, өлмесе дегеніне жетер» деген оймен қарамағына алып, өскен соң әскерінің ту ұстаушысы жасайды. Жылдар өте ханның ойы іске аспай Тұрымбет батыр болып ер жетіп, үйленеді. Одан «Ту тамғалы деген» ел тарайды.

Ойсылдың отыз ұлының біреуі - Кіші жүз, он екі ата Байұлына барып үйленіп, балалы-шағалы болған екен, сонда дүниеге келген ұлы Бораш өлгенде Байұлының арасында калып ер жетеді. Оны байұлы- нағашылары Жәнібек хан өлген соң үйлендіріп, отау тігіп, алдына мал-мүлкін салып, еншісімен еліне қайтарады. «Жолда малдың төлі енесін еміп қоймасын» деп, малына сірге таққандықтан одан тараған бір қауым ұрпак «Сіргелі» атанады.

Басқы сөзі (21-б.): Білуге құштарлық әркімде бар. Солай десек те бәрін білу ешкімнің пешенесіне жазылмаған.

Соңғы сөзі (30-б.): ...«Тегін білмеген - тексіз» дегендей, арғы ата-баба, ел-жұртымыздың тарих-шежіресін біле жүрсек деген құштарлықты оятып, қозғау салынса, игі іс жалғасын тапқан болар еді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әріп-сиясы. Қолжазба сарғыш қағазға көк автоқалам сиясымен қазіргі қазақ әріптерімен жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен (қарындашпен) беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Қарасөз жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қосымша белгілері. Мәтіннің кейбір жерінде өз қолтаңбасы қойылған

Қашан, қайда жазылғаны. Бұрынғы Семей облысы, Аягөз ауданы, Нарын совхозында 1990 жылы 24 шілдеде жазылған.

Ақауы. Сарғыш кенсе қағазына жазылған.

Папкасы. Қ.914, 4-дәп. (ӘӨИ).

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

260

Ш.920

П. 2; Б.2; Ж.29.

29,5 x 18,5; 24,5 x 15,5.

ХОРАЛАС РУЫНЫҢ ТЕГІ ЖАЙЛЫ

Атауы. Хоралас руының тегі жайлы (131-б.).

Айтушы. Қадырқожа Аманкелдиев. Ол туралы мәлімет берілмеген.

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі. Ол туралы мәлімет 4-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ұлы жүз Дулаттың баласы Ботпай өз заманында елден асқан байдың бірі болған. Осы Ботпаймен замандас Хорасан қожаның тұқымы Аппақ ишан өтіпті. Аппақ ишан ел-елді аралап ислам дінін үйреткен. Ишанның қасында Тәсін қожа баласы діндар, емші Алдияр деген кісі бірге жүрген.

Күндердің күнінде жолы түсіп, қожалар Ботпай ауылына келеді. Ботпай ишанды үлкен құрметпен қарсы алып, ауылына үш ай ұстап қонақ қылады. Сонан бір күні бай елін жинап, ишанға төрт түлік малдан нәзір береді де: «Таксыр Ишан, сізбен құдандал болайын, мына қызым Қалыкүлді қалыңсыз сіздің жолыңызға қидым» дейді.

Аппақ Ишан жанындағы Алдияр қожаға Қалыкүл қызды тапсырады. Сол күннен бастап Алдияр қожа Қалыкүлмен бірге тұра береді. Ишан үш айдан кейін басқа жолдастарымен, қыруар олжасымен еліне қайтады.

Алдияр қожа елшілік жұмысымен айналысып, бір жылдан астам уақытқа Ботпай ауылында қалып қояды. Алты айдан соң Ботпай ауылына қалмақтар шабуыл жасап, бар малын айдан әкетеді. Сол шапқыншы қалмақтармен соғыста Ботпай ауылының көп адамдары қырылып, солармен бірге Алдияр да қаза болады. Жаугершіліктен кейін Алдиярдың әйелі Қалыкүл әкесі Ботпайдың үйінде ұл туыпты, бірақ көп ұзамай Қалыкүл қайтыс болған. Жаңа туған сәбидің атын Ботпай «Хоралас» қойып, бәйбішесінің қойнына салып, тәрбиелеп өсірген. Хораластан екі бала: Қарақойлы, Қаракосай дүниеге келеді.

Басқы сөзі (131 б.): Ұлы жүз Дулаттың баласы Ботпай өз заманында елден асқан байдың бірі болған.

Соңғы сөзі (132 б.): Хораластан екі бала: Қарақойлы, Қарақосай дүниеге келеді. Хораластың әулеті – кожа, ұлты – араб.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ кеңсе қағазына авто қаламның қара сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Студент Меруерт Сағындықованың қолы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Шежіре жолдары әр бетке бір қатардан орнастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қатырма мұқабамен түптелген.

Ақауы. Қолжазба ескірген, қағазы сарғайған.

Папкасы. Қ.920/74 (ӘӨИ).

Нұсқасы. ӘӨИ. Қ.836, № 5-дәптерде 2 нұсқасы бар.

Қосымша белгілері. 74-жинақтағы мәтіндер бір көшіруші – М. Сағындықованың қолымен көшірілген. Жинақтың басында жинаушының қысқаша алғысөзі және соңында оған енген мәтіндердің мазмұны жазылған.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

261

Ш.1117

П.41; Б.20; Ж.19.
25,5 x 16; 23 x 14.

ШЕЖІРЕ ШЫҢҒЫЗ ХАН

Атауы. Шежіре Шыңғыз хан

Айтушы. Белгісіз.

Жинаушысы. С.Шәкіржанов. Ол туралы мәлімет 175-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Ертеде Малта шаһары ханының қызы Ғамәлік Күн шуағынан бойына бала бітеді. Қызының некесіз жүктілігінен өз атына сөз келуден қорқып, оны алтын кемеге салып, қасына қызметкер қосып, таудан асырып, теңізге салып жібереді.

Кемені Тұмауыл мерген қолға түсіріп, Ғамәлікті әйелдікке алады. Ғамәлік оған болған жайды баяндап, алдымен «нұрдан жаралған» баланы дүниеге әкеледі. Тұмауыл дүниеге келген ұлды Тәңірдің бергені деп, «Дойынбаян» деп есім беріп, өз ұлындай көреді.

Ғамәлік Тұмауыл ханға әйел болып, одан Бұданатай, Белгұдай деген екі ұл табады. Ғамәліктің ұсынысымен Тұмауыл туған балалары – Бұданатай мен Белгұдайды қалмаққа хан етеді де, өзінің тағын Дойынбаянға

қалдырады. Дойынға Аланқа деген қызды алып береді. Одан - Боданжар, Қиғынжар, Салжұт деген үш ұл туады. Тұмауыл елін жиырма жыл билеген соң өмірден өтіп, елін Дойын басқарып, ол он тоғыз жыл хан болады.

Дойын да қартайып өмірден өтерінде халқына: «Мен өлген соң балаларым Боданжар, Қиғынжар, Салжұт сендерді жақсы билемес. Мен сонда Аланқаға түс болып енермін, Күн болып кіріп, бөрі болып шығармын, сөйтіп, сендерге қайта келермін, – дейді. Дойын өлген соң балалары - Боданжар, Қиғынжар, Салжұт әкесінің, ағаларының ақылын тыңдамай халыққа қиыншылық әкеледі. Аланқа оларға Дойынның өсиетін естеріне салып, жақында Дойынның қайта туатынын айтады. Бұны естіген үш ұл анасының сөзін өсекке таңып, арына тиеді. Бұл Аланқаға да әсер етіп, ол да Дойынның қайта келуін шын тілейді.

Шынында да белгісіз бейне таң алдында шаңыраққа күн болып еніп, бөрі болып шыққан соң Аланқа алтын айдарлы ұл туып, атын Шыңғыз қояды. Ол халыққа әділдік, теңдік әкеледі. Дойынның үш баласы Шыңғызқа астыртын қастық ойлап, аталарының малын бөліске салады. Үшеуі Дойынның садағын бөлісе алмағанда Аланқаның шешімімен күн көзіне Шыңғызтың суреті ілініп, ол Дойынның садағын алып, хан болады.

Оған ағалары қастық жасаған соң Қаратауға кетіп, орманда жалғыз жүрген жерінен Үйсін Майқы би, Қалдар би, Ордаж би, Қыпшақ би, Тайман би, Керейіт би, Бортақ би, Темірқұтлық би, Мотиян би, Таңғұт билер іздеп барып, арбаға отырғызып, жұртына әкеледі.

Шыңғыз жауларын жазалап, Қоңырат батырдың қарындасы – Бөртеңі әйелдікке алады. Бөрте оған Жошы, Жыдай (Шағатай), Керей, Толы деген төрт ұл туып береді. Шыңғыз хан болып, әскерімен көп хандықтарды, елдерді бағындырады. Өзін бағынған ел-жұрттың басшыларына орын, тақ береді. Оларға билік рәсімі деп тамға, құс, ағаш, ұран үлестіреді. Шыңғыз өзінің билері мен батырларына түрлі сауыт-саймандар, мақтау, ақшалай сыйлық береді, ұрпақтарын әр жұртқа басшы етіп қояды.

Басқы сөзі (1-б.): Әуел нағашы бабаларын сөйлейік. Қадым заманда Ақ теңіздің ішінде Малта деген шаһар бар ерді, ол шаһар ханының аты – Алтын хан. Ханшаның аты Көрлауыш деген ерділер.

Соңғы сөзі (47-б.): Шыңғыз ханның туған шаһары, отырған жұрты Қытай ерді.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сары, көк кеңсе қағазына қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Шежіре жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған. Мәтін кейбір парақтардың екі бетіне, кейде бір бетіне жазылған.

Қалпына келтірілуі. Жұқа кеңсе қағазына салынып, түптелген. 1-3 дәптерлер сыртынан бір қатырма бумаға салынған.

Ақауы. Қолжазба тозған, ескірген. Жөндеуден өткізуді талап етеді.

Папкасы. Шежіре. 1-3 дәптерлер. Шежіре Шыңғыз хан. 1-дәптер. 1-47-беттер. С.Шәкіржанов. 1924 жыл 28 қараша. Алматы қаласы.

Қосымша белгілері. 1-5 дәптерлер біріктіріліп, бір мұқабада түптелген.

Библиографиясы. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 83-том: Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012.

262

Ш. 910/4 (ӘӨИ)

Б.326; П.326; Ж.30.
29x20; 25x15

ШЕЖІРЕ

Атауы. Шежіре

Айтушы. Абдолла Тұрымтаев – Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданының тұрғыны.

Жинаушы. Қымбат Исақова.

Тапсырушы. Мәтжан Тілеужанов. Ол туралы мәлімет алдыңғы 7-сипаттамада бар.

Аннотациясы. Шежіре Әнес бабадан таратылады. Әнестен Мағаз, Сәл, Ақшолпан, Қурай, Алған, Алаш, Сейілхан, Жайылхан. Сейілханнан Сегізарыс, Түрікпен. Жайылханнан Майқы, Өзбек, Спиян. Өзбек шаһардан қалған. Спиян мал бағып сахараға шығып кеткен. Қазақ осы сахарада Спияннан тарайды дейді де, Қазақтың Ақарыс, Бекарыс, Жанарысынан 98 ата дейді. Одан кейін Кіші жүзден Алшын, Алаубатыр, Қыдырбатыр деп, солардың аталарын атап өтеді.

Басқы сөзі (25-б.): Мұқамбет пайғамбардың сақабасы Әнес деген адамнан біздің қазақ, т.б. халықтар дүниеге келіпті...

Соңғы сөзі (28-б.): ...Үмбеттен Кенесары т.б.

Қағазы, әріп-сиясы. Машинкаға басылған.

Қашан, қайда жазылған. Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы. 1961 жыл.

Беттелуі. Еуропа санымен нөмірленген.

Ақауы. Қағаздары сарғайған.

Папкасы. Қ.910/4 (ӘӨИ). Қазақстанның батыс өлкесінің ауыз әдебиет үлгілері. Жинаған: М.М.Тілеужанов. Орал, 1954-1984 ж.ж.

ШЕЖІРЕ

Атауы. Шежіре

Айтушы. Жағал Таушанов.

Жинаушы. Орымбай Өтемамбетов – 1905 жылы туған, Ұлы Отан соғысының ардагері. «Бұл шежірені Құламан Сейіт баласы Былшық бидің шежіресі деп қаракісі Таушанов Жағал берді маған 1930 жылы. Әрине, бұл Әнуарбеков Есжанның, Нұрпекке Хазіреттің шежірелерімен салыстырылған көрінеді. Сонда жобасы тура болып шықты деп маған Жағал ағамыз өз аузынан айтты. Керекті жерлерін ғана көшіріп жіберіп отырмын. Барлығын көшіру мүмкін емес. Себебі, өте көп және тозған, жыртылған. Ал егер қажет болса, кейіннен тағы да қалған жерлерін көшіріп жіберермін» деп шежіренің соңына түсініктеме жазған.

Аннотациясы. Әнес сахабаның бірінші әйелі Қаншадан Ноғай, екінші әйелі Өріктен Естек, үшінші әйелі Нағыдан Жабал атты ұл мен Һанал атты қыз бала туады. Һанал он сегізге келіп бой жеткенде Жабалдың қарауындағы Юлдаш деген құл қызға құпия байланыс жасауға ұсыныс жасап, мазасын алады. Һанал қыз құлды басқа құлдарға сабатып жазалайды. Өшіккен құл Жабалға қарындасыңмен жақын болдым деп жала жабады. Жабал батыр ашуланып, қызды үлкен сандыққа салып, өзенге ағызып жібереді. Бірнеше күннен соң сандық бір балықшы шалдың ауына ілігеді. Балықшы шал сандықты Худдус деген ханға сыйға тартады. Хан шалға сый-сияпат жасап, қырық уәзірімен сандықты ашады. Ішінен өлген қыздың денесін көрген хан бақсы, балгер, тәуіптерді шақыртып, қызды тірілтіп беруге бұйрық береді. Сол кезде 360 жасқа келген бір қарт кітап ашып, мен бұл қызды тірілтемін. Бірақ маған биіктігі 40 метр мұнарадан үй салып бер. Сонда тек күннің көзімен емдеп жазамын дейді. Хан үй салдыртады. Қария қызды күннің көзімен емдеп, қырық күнде тірілтеді. Қыз жазылып, күн көзінен жүкті болады. Ай-күні жетіп, аман-есен ер бала туады. Оның атын нұрдан жаратылды деп Шыңғыс қояды. Қырық күн өткен соң Худдус хан Һаналды әйелдікке алады. Бұдан соң да Һанал төрт ұл туады: Қаралатай, Қарғалтай, Бөденетай, Бөргелтай. Худдус хан Жабалға хабар береді. Жабал отыз адаммен келіп, той-тамаша өткізіп, жала жапқан құлды өлтіреді. Осы аңыздан соң Жабалдан шежіре таратады. Негізінде Бекарыстан тараған аталарды көрсетеді.

Басқы сөзі (1-б.): Адам атадан бермен қарай Әнес сахабаға дейін жиырма төрт ата дейді...

Соңғы сөзі (41-б.): ... әкімдерге, би, болыстарға ғана мал сояды деп халық аңыз қылады.

Қағазы, әріп-сиясы. Кирилл әрпімен қалың жол дәптеріне жазылған.
Қолтаңбасы. Жинаушынікі.
Қашан, қайда жазылған. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы. 1982 жыл.
Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.
Ақауы. Қағазы ескіріп, сарғайған. Жөндеуден өткізуді талап етеді.
Папкасы. Қ.886. 5-дәп. (ӘӨИ)

264

Ш. 886 (ӘӨИ)

Б.42; П.21; Ж.19.
20,2x16,6; 17,5x14

ШЕЖІРЕ

Атауы. Шежіре

Айтушы. Жағал Таушанов.

Жинаушы. Орымбай Өтемамбетов. «Мынау Кіші жүз оның Әлімі, төртқара Сейіт баласы Былшықтың 1900 жыл шамасында Тәлтекем Құрманалы ақынға өлеңге аудартып, Үш жүзді қамтыған шежіре өлеңі. Ел ішіндегі кілең жақсы даналарды, батырларды теріп шығарған. Мұның түпнұсқасын 1928 жылы сол Құрманалыдан өзім аударып жазып алдым» деп түсінік береді.

Аннотациясы. Күлтөбенің басына үш жүздің билері жиналып, пір сайламақ болады. Әрқайсысы өз пірін ұсынып, келісе алмай, одан кейін Сүпі әзі пірді өз орталарына алуға таласады. Сүпі әзі төрелік айтады: «Үш жүзден үш отау тігіндер. Мен екі ақсарбас қу етіп аруағымды аспанға ұшырайын. Сол қай жүздің отауына келіп қонса, сол жүзде болайын». Сонда екі ақсары бас қу болып Әйтеке бидің төріне қонған екен. Кіші жүз елінде зор қуаныш болып, Өз Тәукені хан сайлап, Сүпі Әзіні пір сайлап, қалмаққа қарсы аттанады. Мұнан соң Шөмен атадан тараған белгілі адамдарды айтып, Әлімге көшеді. Әлімнің алты баласынан тараған аталарды сөз қылады.

Нұсқасы. 6-7 буынды жыр үлгісінде жазылған.

Басқы сөзі (5-б.). Бұрынғы өткен заманда,

Ел жағасы аманда.

Төрт түлік малды айдапты

Жақсы менен жаман да...

Соңғы сөзі (39 б.). ... Былшық би айтқан нұсқаны

Шежіре өлеңге аударып,

Құрманалы жырауың

Көп алдында толғанды.

Қағазы, әріп-сиясы. Қазіргі қазақ әрпімен, қалың шақпақ дәптерге жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы. 1981 жыл.
Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.
Ақауы. Қағазы ескіріп, сарғайған.
Папкасы. Қ. 886. 4-дәп. (ӘӨИ).

265

Ш. 896 (ӘӨИ)

Б.46; П.23; Ж.23.
20,5x15; 18x12

ШЕЖІРЕ

Атауы. Шежіре

Айтушы. Пірімжан Ысқақов.

Жинаушы. Қабиболла Сыдиықұлы, Шафиғи Мақсұт Әминұлы. Олар туралы мәліметтер 192-сипаттамада бар.

Экспедициясы. 1986 жылғы Тәжікстан, Өзбекстан экспедициясы.

Аннотациясы. Адам атадан бастап, Өнес сахабадан таратады. Қаракесектен үш бала: Әлім, Шөмен, Түмен деп, Әлімнен алты бала: Жама-нақ, Қарамашақ, Айнық, Ұланақ, Тегінболат, Байсары туады деп, солардан тараған балаларды атап көрсеткен.

Басқы сөзі (47-б.): Адам атадан үш бала туады...

Соңғы сөзі (55-б.): ... Бұжырдан Назар, Шүрен.

Қағазы, әріп-сиясы. Қазіргі қазақ әрпімен көк қаламмен, оқушының жол дәптеріне жазылған.

Қолтанбасы. Жинаушынікі.

Қашан, қайда жазылған. Өзбекстан, Термез қаласы. 1986 жыл.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Ақауы. Қағазы ескіріп, сарғайған.

Папкасы. Қ.896. 4-дәп.(ӘӨИ). Тәжікстан, Өзбекстан экспедициясының материалдары.

ҚОЛЖАЗБА ҮЛГІЛЕРІ

Адам Алейсаламнан Адам
Пайғамбарға шейін.

Өбраһим Әсмайың айтамын өкі үл
болып. Бірінші Мұстафа өкінің
Әзізайі Әкесі сәтбағы Әнесейің
айтамын Мәлің. Басара шаһеріне
күл болып айтамын тасқанда өкі
болып. Әнес 5 тасқанда тасқым
күлден 9 тасқанда аман тасқымдан
күн көре аманай қызынан ибүсімі
Байтамбарлымыз аманай келді.

Ол күнде Байтамбарлымыз 32 тасқанда
еді. Мәнә тасқым еді. Әнесейің тасқым
үлү еді. Қызымайыңда 12 тасқым болды.
Ол тасқымда Әнес үлү еді.

Талабың басқа күлден. Күн көрісі
сәтмен болды. Арадан бір-неше
тасқым өкімен келді. Байтамбарлымыз
келді араз күлден. Ал ибүсімі
күн көрісі сәтмен болды. Не Әнес
қызының үлү айтамын. Байтамбарлымыз
үлү менің үлү Әмір күлден.

Ое чакырышта эдсейр сол еді:
Эркім кэлэмі Царейтіні бір
шарыкка күйткелсе. Сүй ақман
оошман білдер еді. Сүйтін қызы
берер еді. Бүе кісі ил кураңды
бір шарыкка күйткелсе. Бір
адамның қызы асқа. Араң
бүе-нәсе пенл өйкәшкә күйт
Энесейт күн корісі буринтең
шоман болды. Атаң бүе чакырыш
Пайғамбарға келіп арыз қылды
Байғамбарға арыз асқа. Нәсе
айалы бар деді Энес нешан
берді. Ең айалы бар деді. Атаң
Уйсеніміз таңан боларыз деді
Энесейт ил асман болды
шарык пенл уйне күйтін.
Энесейт пенл уйне
Күйткәшкә коріс кураңды
айалы. Эң Энес
Сен Неңің ошан байан
кәсәс басқа зор қайт
Сәсәс деді Аң асқа сәсәс

2-үлгі. «Адам алейсаламнан Адам пайғамбарға шейін». Қолжазбаның
10-беті Ш.896 (ӘӨИ)

1. Өзіндік қызықтар мен қызықтар
 2. Өзіндік қызықтар мен қызықтар
 3. Өзіндік қызықтар мен қызықтар
 4. Өзіндік қызықтар мен қызықтар
 5. Өзіндік қызықтар мен қызықтар
 6. Өзіндік қызықтар мен қызықтар
 7. Өзіндік қызықтар мен қызықтар
 8. Өзіндік қызықтар мен қызықтар
 9. Өзіндік қызықтар мен қызықтар
 10. Өзіндік қызықтар мен қызықтар

4-үлгі. «Түрік тайпалары және қазақ үйсіндері». Қолжазбаның 21 беті

قلند تعلق قیستیر سیلکه جو یسن تالار
کو پشنگه ونا سیا، بیسه سن سا مار
حلم سو م تپیکه کتر که نده ه تنگه ن ه گبه که
قورم لیکه شاق ه م سو یو یقا شیار

ار تها و زیم تو لیم سوزیم حاله
و قنو تسم ه خلا سیه ن سمال سیا مار
ه سیتور سیا اده بیسه حار دیم که رسه
که مده کتر که کتبی تا یالا مار
یا سیتادیم حار سلبی تا بیسا تنه
سما سو سارداک تا سو عیشی مدیری حار
هات بر سه تا بیسا تنگی حار سیمنا
عه لیمون سالتیر سیل سوندا مار
و تنگه سیه حار شو شلار تا بیسا سیمنا
حار سیا تنگی کوئی تو تو سو ه گبه که حار
ما سیتاد کار تنگه سیه کور که تو سو سه
و قش شل دوجا قیلو ه سیماله

سزده رده ن شالون و بیسه سوزعانی
ه گبه که قسه ه سیتور سیا قوزعانی
کات لاقی غومر حانی ده که نه راسن
ما گنگو لکری سوز جوعا لای تو رادانی

چیسر ما حیل حار دیم که رسه دایمل ایلی
دار سوزیم تو سینگ لکه شیم که ربالوی
کوز که مس ده نسو تو لیم نا شار لای
چیتا حیات دار بهالامین تالایه حالای
اله شرای ه ند لکری و زده رفته سیم
الو شایم که لیم منا و شالوای
که کسه دیم کوزه یلده وای و تانای
یو لیا دایم السو جهریم شالوای

قاغف بويىدە توختايىمىز تەمىر كۈكۈمۈزدا شىنخۇ
بىيلىك دىيىمىز قۇرۇلۇش قارار قىلىمىز بىر دىننىڭ ماڭىدە
خەلقنىڭ قىزىقىشىغا ئىگە بولۇپ قۇرۇلۇش
پارتىيىسى جەمئىيەتتە بارلىققا كەلگەن

۸. كۈكۈمۈزدا بىر كۈن سۇرئەت قارار قىلىمىز

ئىخوتىمىزغا بىيلىك قارار قىلىمىز بىر كۈن
قارار قىلىمىز تەمىر كۈكۈمۈزدا بىر كۈن
۹. بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز

۱۰. بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز

۱۱. بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز

بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز

۱۲. بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز
بىر كۈن بىيلىك قارار قىلىمىز

Аманбаке алдана туры. Қысып атқан. Аманбаке
қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.

Аманбаке алдана туры. Қысып атқан. Аманбаке
қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.

(Аманбаке алдана туры)

Аманбаке алдана туры. Қысып атқан. Аманбаке
қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.

Аманбаке алдана туры. Қысып атқан. Аманбаке
қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.

Аманбаке алдана туры. Қысып атқан. Аманбаке
қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.
Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды. Қолына алды.

تور تاوین بالا قیلیب تور تاوین خانون آلوب بر دپ اینجی بیر دپ سول تور تاوین
 تور توغول سب آتماغان ایلان بیکانیک اولان سونک خانون سیریندوک آلوب
 اوراز کیلدی بیکانیکدن تور دپ قالغان بالا ایلان سیریندوک آخان سونک
 اودان سوغونچی تو وادی اوراز کیلدی سوغونچی آنا سیر آتا بایسقه ایلادی بر
 کیر سونک بالا کیندی آفریز جالا سب آما تو و تاشدی بر لوب اوسه دی
 اوراز کیلدی کله خانون آلوب سیر دپ اینجی بیر کان سیریندوک سوغونچی
 بالالاری ننگ آتی شوغوماق حاجیک اوراز کیلدی ننگ بالالاری ننگ آتی
 تنگری سیردی ساریک تنگری بزدی ننگ اوج بالاسی بار اوراز مالقار
 چولوم صوفی سار کید ننگ بالالاری خوجا مبردی توقتا س خوجه کیلدی
 قوزغان دیکان کیه آتی جوق قوزغالا سیر کان سونک چیرکین قوزغالا سیریندوک
 قوزغان ایلان سیریندوک اولان سونک اوراز کیلدی سوغونچی تابغان خانون
 شیماک کیتوب کیت اونداده بالاتا دپ اول بالاده اوسوب اونیوب ایلان
 جاکس کیزیمزده شیماک اوز تاسنده قاریه لاری آرتوب اورتورغانن ایتیب
 برخانون اوسندای اوج تور ایلان اوسیر کان دیکان سوزدی
 بوروغونچان قالغان سوز بار قوزغان ننگ قوزیلی قویلیق زالالی بولادی دینک
 خوجا مبردی ننگ بالالاری باینار ایلان سونک نازار قوز بیاق سارغریکان
 توقتا س ننگ توقانی ننگ آتی اونونک بالای سار قوزغان آمانادی
 ایلکیز ابر چولین مولد قیاند اوده نای نالکسبای
 سیریندوک آخان سونک سونک قوزغان سونک قوزغان سونک قوزغان
 تور توغول سب آتماغان ایلان بیکانیک اولان سونک خانون سیریندوک آلوب
 اوراز کیلدی بیکانیکدن تور دپ قالغان بالا ایلان سیریندوک آخان سونک
 اودان سوغونچی تو وادی اوراز کیلدی سوغونچی آنا سیر آتا بایسقه ایلادی بر
 کیر سونک بالا کیندی آفریز جالا سب آما تو و تاشدی بر لوب اوسه دی
 اوراز کیلدی کله خانون آلوب سیر دپ اینجی بیر کان سیریندوک سوغونچی
 بالالاری ننگ آتی شوغوماق حاجیک اوراز کیلدی ننگ بالالاری ننگ آتی
 تنگری سیردی ساریک تنگری بزدی ننگ اوج بالاسی بار اوراز مالقار
 چولوم صوفی سار کید ننگ بالالاری خوجا مبردی توقتا س خوجه کیلدی
 قوزغان دیکان کیه آتی جوق قوزغالا سیر کان سونک چیرکین قوزغالا سیریندوک
 قوزغان ایلان سیریندوک اولان سونک اوراز کیلدی سوغونچی تابغان خانون
 شیماک کیتوب کیت اونداده بالاتا دپ اول بالاده اوسوب اونیوب ایلان
 جاکس کیزیمزده شیماک اوز تاسنده قاریه لاری آرتوب اورتورغانن ایتیب
 برخانون اوسندای اوج تور ایلان اوسیر کان دیکان سوزدی
 بوروغونچان قالغان سوز بار قوزغان ننگ قوزیلی قویلیق زالالی بولادی دینک
 خوجا مبردی ننگ بالالاری باینار ایلان سونک نازار قوز بیاق سارغریکان
 توقتا س ننگ توقانی ننگ آتی اونونک بالای سار قوزغان آمانادی
 ایلکیز ابر چولین مولد قیاند اوده نای نالکسبای

178 -
 صونده تا خود مالاکه بالا چارم کله - دینک اورا سته کله -
 نین موندن - کومانید آجیب - بیز ایلا بای قرق قویه سولساویل
 آلدیرده سیر آراغده اویو - اوط قویو - اورتیه صونده صونده
 ماخا سیر اویو قومان کادوب - بیز آوزینه قومانوغده قالاچی
 قورغا سیر موصا کله دایا رلا - بیزده اکی بالانک ایلادیه
 آلدیرده - کله - چو کوندر میده - آیتیه موند اوز بالانک
 قایت سی اکی نیه آریو - بیز امدیه دیگه صونده
 بای بالانک - آیتیه ننه - بیز دایا قیلدی
 چو رط تور چا - قیلا راکان دسب تی مناده
 آری بالانک آله - کله - بالانک بالانک - آلدیرده صونده
 صونده آیتیه تور -
 مینه نین قومانوغده آوزینه بیز چو مالیکان
 صغیر - چو مالیکان بیز آوزینه صغیر اوز چو مالیکان
 اوز صغیر تدبینه بارد - چاقاق کونوغده چا راکانک بای نینک
 کالاسی بولا سید ایزی قاتون ده صونده مال ده جانده قرق کادیه
 صونده اوی قیلا کالانوغده مینه جانده - تور جان او طاق
 کصیه امدیه نین - بیز کاتوره اوی دیدی
 قرق جبلت بن بیز کابارو - بیز کالیک - طور مینه دیکان قومان نینک
 آوزینه بیز سوزدی چو مالیکان بیز سوزدی اول زمانه مینه بول زامان
 اوز بالانک قومانوغده صغیر مینه بیز صغیر اوب کادیه
 اوط قوی

بیہ چی
 سیمین بو قہ چ
 تارباق جاسیج
 تورست بس اوی بار
 بولر توغای بوینده آفاق بوره قازغاب
 مالاری آقونیزه سارید ساریب
 آفاق دوج بالانک بیری وین بابر اوزی
 با قیلیب آقوب سول بابر آخان سار
 دینک توغده جو غای اسی بیسمیرون
 او یوب وونکانه ر تارباق دچا
 چیکت کاجو غوب سولاستیک

12-үлгі. «Алаш жайлы аңыз». Қолжазбаның 2 беті Ш. 879/5 (ОФК)

КӨРСЕТКІШТЕР

ШЫҒАРМА АТАУЛАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

а) араб әрпінде

А

- 195 ۱ لاش جايلى انگز
200 اپاي بوري
193 اير عاقتى شوپتەمس
201 ار عنن بولدىڭ ار كنم بولدىڭ

Б

- 204 باسهنتين سرم
205 باسهنتين ئىندەگى بۇقا تۇرالى
206 بيهشى رۇى تۇرالى

Ж

- 208 جالانجايق ازدمر
211 جەتتەرۇ جايلى بئر انگز
213 جناقبايدىڭ كۇشنگى

К

- 218 كوكتەڭ ۇلى
219 انگز كوتەنشлер تۇرالى
220 شەجىرەسى كۇلك

Қ

- 223 атасы қаз ақтәң
225 қанжаланнәң қаз айыр лған жері
228 қаржау рұы
231 құрман қнیشак ئىندەگى اپاي атасы
230 انگز تۇرالى قوكرات
233 [қазак тобы]
237 қаһарлы жанак балалары

Н

- 238 наيمان тараўнан

O

	تايكەلتر، قوسجەتمە [باتردان سويلەيك ون سان ورتا جوزگە]
239	ۇران بولعان ولجايا
240	اون ەكى اتا باي ولى بە رش تورالى اكنز
241	ورنبايۇرپاعى

C

244	[ساخابالار تارىخى]
-----	--------------------

Y

254	[وش جوزدنگ باللارى جانە اوراندارى]
257	ۇشقورت تۇرالى

ә) кирилл әрпінде

A

Абат батыр туралы аңыз-әңгіме	1
Абыралы	2
Ағайын, тума халқымсың...	154
Ағыбай кескен құмбел	3
Адай мен Таздың туысқан болуы	189
Адай руы туралы аңыз	191
Адай туралы	190
Адай шежіресі	155
«Адам тас туралы» аңыз	4
Адам алейсаламнан Адам пайғамбарға шейін	192
Адам атадан бергі шежіре	156
Адам әлейһисаламнан бері қарайғы ұрпақ, руларға дейінгі шежіре	157
Азиялық Ташкент қаласының пайда болуы жөнінде аңыз	5
Айғырұшқан	6
Айдаһарлы-Құдайберлі	14
Айкүміс	8
Аймекен туралы аңыз	7
Ақ көңірдек пен Қара көңірдек рулары жайында	194
Ақбикеш	16
Ақбота-Сәңкібай	15
Аққора ауылы	17
Ақмола	9,10
Ақсу-Жабағылы жері	18

Ақшатау	11
Ақшоқы	13
Ақшора мен Балтораның ескерткіші	19
Алаша хан әңгімесі	196,197
Алаша-Байбақты атануы	198
Алтай	12
Алтайтас	20
Алтын сандық	21
Амудария құйылысындағы шежіре	158
[Анамыз Ақшолпанның көрегендігі жайында]	199
Аңрақай	22
Арыстанбап	26
Асан Қайғының жерұйықты іздеуі	23
Асқарбек асуы	24
Атамыз Әнес сахабадан бергі шежіре	159
Аташ	25
Аягөз	27

Ә

Әжібай сайы	28
Әкім құлаған жар	29
Әнес туралы аңыз	202
Әулие қыз	30
Әулиеата	31
Әулиетас	32
Әулиетау	33

Б

Байдалы тауы	34
Байжігіт руы	203
Байтуған	35
Балхаш	36
Балқаш туралы аңыз	37
Бақты тауы	38
Балтабай	39
Баршын	40
Баспан тауы	41
Баянауыл	42, 43
Бегім ана жайлы аңыз	44, 45
Бегазы	46
Бектау ата, Әулиешоқы	47
Бектау ата	48,49

Бесбойдақ	50
Бесоқты-Тоңаша	51
Бетбақдала аңызы	52
Бозінген	145
Бозайғыр	146
Бұланжігіт	147
Ботакөз бұлағы	53
Бурабай	54
Бұлқалай	55

Д

Дән аяғы үсіген	56
Дәнбұлан	57
Дос өзені жайлы аңыз	58
Дүниежүзіндегі халықтардың тайпа, руларға бөлінуі	160

Е

Едіге тауы	59
Еділ мен Жайықтың құдалығы	60
Едірей тауы	61
Екібастұз	62
Еспенбет зираты	63
Есентемір туралы	214, 215, 216
Ерейментау	64
Еркеатан күйі	148
Етікшешкен	65

Ж

Жалаңтөстің үш қорығы	67
Жаманақ руының “Шекті” деп атануының мәнісі	207
Жанбаулы қауымы	68
Жаңабай руы туралы	209
Жеті ру жайлы	210, 211
Жидебай қыстауы	69
Жорғабел	70
Жорғатау	71
Жұбайұшқан тауының аталу тарихы	66
Жұмбақ тас	72
Жүз, Алаш туралы аңыз	212
Жүнді тауы	73
Жылқыбайдың күшігі туралы	217

Жырдың басы	161
Жыр-шежіре	162, 163

И

Исатай мен Махамбеттің үрім-бұтағы	217
Итіке би	74

К

«Кенестау» туралы аңыз	77
Келіншек тау	75
Кемеқалған шыңы	78
Кеңестас	76
Кертінді – Қолаң аңызы	79
Композитор Дина мен өнерпаздар	150
Көзата бұлағы	80
Көздіқақ	81
Көкжарлы мен Бура	164
Күйгентас	82
Күйші	149
Кіші Айдаһарлы, Үлкен Айдаһарлы	83
Кіші жүз руларының Нәдірқожа мен	
Қыдырқожадан тарауы	221
Кіші жүз шежіресі	165

Қ

[«Қазақ» халқының шығуы туралы ...]	235
[Қазақ атының қойылуы]	222
[Қазақтың баласы]	224
«Қаракесек» деп Ұланақтың аталу себебі	231
Қабылан батырдың «Жалайыр» атануы	232
Қазақ шежіресі	166, 167, 168, 169
Қазақ шежіресінен өлеңмен жазылған	
қысқаша мазмұндама	170
Қазақтың атасы	236
Қазақтың қысқаша шежіресі	234
Қазығұрт тауы туралы	84
Қайдауыл – Шеруке	85
Қаламқас	86
Қарағанды	87
Қаракесек	171, 227
Қарамашақ руының “Төртқара” болып атануы	226

Қаратау	88
Қарқаралы	89
Қашқын	151
Қожамберді	229
Қоңырат	90
Қорамжан күйі	152
Қорқыт туралы аңыз	94
Қу жерінің Егіндібұлақ атануы	92
Қу өлкесі	91
Құлан қорық	93
Құланөтпес	95, 96
Құланөтпес, Қосарал	97
Құнанбай еспесі	98
Қыз әулие	99
Қыздарбек биігі	102
Қыземшек	101
Қызжыланның үңгірі	100
Қызкеніш	103
Қызыл тас	104

М

Майқұлаған	105
Матай елі Тасыбай балалары тариқик шежіресі	172
Матақ ауылы	106
Мырзакелді	107

Н

Найзакескен	108
Нарынқол–Айғайтас	109
Нұра туралы аңыз	110
Нұржанның шежіресі	173
Нұртай тауы	111

О

Оқжетпес	112
Оралбай тауы	113
Ортау	114
Отаутас	115
Ошақты туралы	242

П

Пісмілла сөз бастайын әуел бастан...	174
--------------------------------------	-----

Р

[Руының атын «Қазақ», ұранының атын «Алаш» деп атауы]	251
--	-----

С

Сарыарқа	116
Сары үйсін	243
Сарыүйсін шежіресі	175
Сатыпалдыұлы Файзолла қаридың өлең шежіресі	176
Соқыр Есжан	153
Сымтас	117

Т

Табын туралы	177
Тама руы	245
Темірдің «Есентемір» атанып, бір рулы елге айналуы	246
Тутамғалы мен Қайшылы туралы	247
Төре руы	248
Төре тұқымының таратылған шежіресі	249
Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі	250
Түрік тайпалары және қазақ үйсіндер	178
Туыс шежіре өлең	179
Тарбағатай	118
Тайатқан-шұнақ	119, 120
Тәтті ауылы	121, 122
Теміртау	123
Теректі	124
Терісаққан	125
Толағай	126
Топар	127
Төрткүл төбе	128
Тізебүккен	129
Түлкібас	130

Ұ

Ұйқыдағы батыр	131
Ұлы жүз туралы	252
Ұлы жүз Сіргелі руы жайлы	253

Ұлы жүздегі «Үш тамғалы» Сіргелі руларының шығу тарихы	258
--	-----

Ү

Үшбу казактын үш жүз атанған себебі баяны	255
Үш жүздің баласы және ұрандары	260
Үш жүздің шежіресі	180

Ш

Шалдабар	133
Шажағай	134
Шайтанкөл	135
Шаңырақкемір жайлауы	132
Шәріпбек тауы	136
Шымылдық, Қаракемер тауы	137
Шідерлі, Өлеңті, Ақ көл	138
Шерқала	139
Шежіре	81, 183, 187, 262, 263, 264, 275
Шежіре-өлең	182, 184
Шежіре-жыр дастаны	185
Шежіре толғау	186
Шежіре жайынан қысқаша мағлұмат	188
Шежіре Шыңғыз хан	261
Шерқала туралы аңыз	140
Шерқала тауының тарихы	141
Шом қалған	142

Х

Хоралас руының тегі жайлы	260
---------------------------	-----

Ы

Ысық көл	143
Ырыс Сырда	144

КІСІ АТТАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

1) Авторлар көрсеткіші

Құдайбердіұлы Шәкәрім	250
-----------------------	-----

2) Айтушылар көрсеткіші

А

Абдоллаев Табыл	19, 140
Абибуллаев Нұрылла	25
Аманкелдиев Қадырқожа	248, 260
Аманшин Бейсембай	15
Ашарбеков Бексұлтан	18, 78, 100

Ә

Әбдірбаев Мүсілім	46, 117
Әбдіхалықов Әбікен	38
Әбішев Жәкен	59
Әлиманов Іргебай	88, 115
Әріпбек ақсақал	124
Әузар ақсақал	73, 112, 114, 138
Әшімова Раушан	48
Әбеуова Ағима	34

Б

Бабашов Мақсұтбек	57
Байбосынов Жандарбек	126
Баймолдин Оңас	119
Бекмағамбетов Амангелді	10
Беркінбаев Қатпар	11, 21, 47, 102, 105, 120

Д

Даутов Нүркеш	233, 236
Дүйсенбаев Қапан Хасенұлы	97

Ж

Жайлыбеков К.	128
Жақып қария	78
Жақыпбаев Бозтай	147, 148
Жақыпов Жантас	14
Жәлімбетов Құдабай	45
Жомартұлы Бекенжан	63, 68
Жұмаділ ақсақал	56, 109
Жүнісұлы Нұрахмет	41

З

Зағыпаров Қабдырахман	65, 137
Зарипов Ғұмар	7
Зүліш қария	77

И

Исабеков Дүйсенбек	121
--------------------	-----

К

Кәрібаев Домбай	116
-----------------	-----

Қ

Қалқаманұлы Жаркен	84, 108
Қожамсейітов Жұмабек	72
Қожахметов Дәуіт	255
Қолшабеков Сүйеу	4, 85
Қонысова Нәзипа	8
Қосымбеков Т.	62
Құлпыбаев Ерғожа	141, 189

М

Мақажанұлы	75
Малқаров Әліп	139
Молдабаева Нұрқадиша	39
Мұздыбаева Ықия	90
Мырзалиев А.	60
Мырзахметкызы Дариға	107, 110

Р

Рахатаев Асқар	125
Рымбеков Жәкітай	61

С

Сандыбайұлы Әбубәкір	222, 223, 226, 234, 262
Сапарбаев Айсапар	129
Сүлейменұлы Шора	74
Сыздықұлы Омар	35

Т

Табризов Бекен	16, 76
----------------	--------

Таушанов Жағал	268
Тәжібаев Ш.	6
Төребаев Жұпарбай	44
Тұрымтаев Абдолла	221, 267

У

Уахатов Қарабек Қанайұлы	91
--------------------------	----

Х

Хасенқұлқызы Г.	36, 82
Хасенұлы Естай	64

Ш

Шаймерден	106
Шақаева Жаңыл	51, 66, 140, 143
Шалабаев Р.	128
Шолақаев Жақан	50

Ы

Ырғызбаев Рымкеш	71
Ысқақ ақсақал	12, 13, 89, 113
Ысқақов Пірімжан	194, 258, 270

І

Ізтілеуов Далбай	24, 103
------------------	---------

3) Жинаушылар көрсеткіші

А

Адамбаев Балтабай	215, 261
Айнабаева Айгүл	78, 127
Ақатаева Н.	37
Алтай Дариға	12, 13, 89, 113
Ахметов Өмірзақ	202, 206, 230, 251

Ә

Әбдуов М.	60, 73, 112, 114, 138
Әбдірбаева Шұға	46, 118
Әбдіхалықова Валентина	63, 68

Әбікенова Ә.	11, 38
Әбілқасов Ғ.	139
Әмірқамзин Ғазиз	178
Әріпова М.	41
Әшімова Раушан	100

Б

Бабайбекова А.	20, 32
Бабашова Ж.	57
Байбосынов Әбіш	151, 153
Бақтілеуова Клара	25, 90
Баяхметова А.	50
Бегешев Ғұсман	238, 246
Бекмырзаева Н.	21, 47, 102, 105, 120

Ғ

Ғатауов Фарид	200, 218
---------------	----------

Д

Дүйсенбаев М.	188
---------------	-----

Е

Есенғараев Батылхан	180
Естаева Ж.	22, 52, 67

Ж

Жақыпов Сайлаубек	264
Жұмабеков А.	72, 132

И

Ибраев Абдрахман	228
Игенова А.	116
Ирмұхамедов Жағыпар	255

К

Каримов С.	24, 103
Кәрібаев Шайхы	197
Кәпбалина Ғ.	36, 82
Көпеев Мәшһүр Жүсіп	195, 199, 201, 203, 204, 205, 208, 209, 210, 212, 214, 217, 224, 229, 232, 235, 242, 243, 243, 247
Күлімова Ұлдай	15

Қ

Қабдолла Р.	86
Қайыров Дүйсенбек	26
Қанафина А.	107, 110
Қарамендин Сейітқали	186
Қасайынов А.	64
Қасымов Шәкен	99
Қасымова А.	77
Қодарова А.	18, 79, 81, 101
Қошжанова Ж.	34
Құдайбердиев Ахат Шәкәрімұлы	149, 150, 154
Құйқалакова А.	121

М

Махмұтов А.	192, 193, 219, 220, 225
Мұқаева Гүлназ	6, 84, 108
Мұқыжанова К.	125
Мұсабаев Ғ.	92, 193, 219, 220, 225
Мұсабаева Ж.	129
Мұхамбетова Қ.	3, 28, 29
Мұхамеджанов Д.	139
Мұхаммедиярова Нұрдана	56, 109
Мырзабаева Т.	71, 104

Н

Несіпбаева Б.	2
---------------	---

О

Омарова Н.	65, 137
Оспанов Әбдіреш	261
Оспанова А.	61, 87
Оспанова Ә.	48
Оспанова Ш.	74, 96, 98, 128
Отызбаев Азат	233

Ө

Өзбекова Ж.	55
Өтемамбетов Орымбай	268, 269

Р

Рахманұлы Т.	35
--------------	----

Рахымберлина Жанат	33
Рымханұлы Т.	75

С

Сарымсақов Мұхаметқали	215
Сәменова С.	24, 103
Сәтибеков Д.	24, 103
Сейтаков Айбатыр	7
Сыдиықұлы Қабиболла	194, 258, 270

Т

Табризова Ү.	16, 76
Таубаева А.	51, 66, 140, 143
Тәжіметова Ж.	59
Тоқтабаева Айсұлу Бисенғалиқызы	152, 191, 252
Толыбаев Мұхаметәлі	216
Тілеужанов Мәтжан	7, 19, 51, 45, 63, 66, 68, 140, 142, 143, 221, 267

У

Уахатов Бекмұрат	39
------------------	----

Х

Хасенова Ә.	62, 117
-------------	---------

Ш

Шакешова Жұмагүл	19, 142
Шәкіржанов С.	239
Шеңгелбаева Г.	119

Ы

Ысқақова Р.	45
-------------	----

4) Жыршы-жыраулар көрсеткіші

А

Аманбек ақсақал	29
Ашарбеков Бексұлтан	18, 79
Аязбайұлы Бүркітбай	177

Ә

Әзірбаев Кенен	171
Әлиасқаров Әлімбай	168
Әріпов Ахметбек	20

Б

Балсейітұлы Қабдолла	86
Бектұрғанов Сейдахмет	174
Байбатыров Мұқаш	182
Бөкенбаев Есенғали	161

Ж

Жайлаубайұлы Бұзаубай	158
Жалғасов Ізжан	1, 187
Жәңгіров Шәді	162
Жұпышұлы Шайқыден	80

И

Иманғалиев Қайролла	181
Итбалин Хасен	117

Қ

Қожамбет	165
Қожамсейітов Жұмабек	132
Қылышев Қартбай	156, 157, 160, 176, 184

М

Мусина Рәбиға	2
---------------	---

Н

Наушабаев Нұржан	175
Нұрпейісов Ж.	28

О

Орынбекұлы Бектұрсын	159
Оспанов Әлмағамбет	190

Р

Раманқұлов Наурызбек	183
Рымбеков Жәкітай Байжолұлы	87

С

Сасанұлы Есенбай	188
Сатыбалдин Мағауия	127
Сатыбалдыұлы Файзолла	178
Смағұлов Әкбар	22, 52, 67

Т

Төлегенов Қалтай	32
Төлепұлы Жақсылық	170
Туғанбаев Амангелді	33

5) Тапсырушылар көрсеткіші

А

Аралбаев Ж.	170
-------------	-----

Ғ

Ғабдолла Иса	227, 240
--------------	----------

Ж

Жармұхамедов Мұхамедрахым	256
Жексенбекұлы Қайырбек	158

Қ

Қоржынұлы Қанен	172
Құлпейісов Еркін	165, 155, 166, 173, 188, 190

М

Манкин Илияс	164
--------------	-----

О

Ойсылбаева Айсұлу	162
-------------------	-----

Р

Рақымов Берік	5,6,9,11,12,14,16,17,23,27,30,31,34,35,36,37,38, 40, 41, 42, 43, 47, 48, 49, 50, 53, 54, 56,7,58,,61,62,69,71,73,74,76,81,82,88,89,90,92,97,103,106,108,113
---------------	---

С

Сауытбеков Сейтен	174
Саттаров Қ. 4,44,85,129,141,157,160,161,163,168,171,179,181,183,189,196,207,213,248,253,254,257,259,265	

Ш

Шафиғов Мақсұт	194, 249, 270
Шәкіржанов Сабыржан	177, 266

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Ақтөбе облысы	181
Алматы облысы	171
Батыс Қазақстан облысы	7, 51, 151, 153, 192, 193, 221, 267
Жезқазған облысы	59
Қарағанды облысы	5, 6, 10, 38, 56, 64, 73, 75, 84, 101
Қарақалпақ АССР-і	141,170,183
Қостанай облысы	175
Қызылорда облысы	25,45,168,185,187
Маңғыстау облысы	68,142,161
Павлодар облысы	51,139,140
Семей облысы	186, 264
Солтүстік Қазақстан облысы	174
Оңтүстік Қазақстан облысы	4, 16,44,79,129,155
Торғай облысы	178

ЭКСПЕДИЦИЯЛАР КӨРСЕТКІШІ

1976 жылғы “Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау” экспедициясы –	141, 163,179,189
1978 жылғы “Амудария құйылысындағы қазақ фольклорын жинау” экспедициясы –	183
1986 жылғы Тәжікстан, Өзбекстан экспедициясы –	194, 270
1987 жылғы «Шақадам–Красноводск» фольклорлық экспедициясы –	161
1965 жылғы Қостанай– Солтүстік Қазақстан – Тюмень – Омбы экспедициясы –	261

МАЗМҰНЫ

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН	4
I. ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР	10
Абат батыр туралы аңыз-әңгіме	10
Абыралы.....	10
Ағыбай кескен құмбел.....	11
«Адам тас туралы» аңыз	12
Азиялық Ташкент қаласының пайда болуы жөнінде аңыз.....	13
Айғырұшқан	14
Аймекен туралы аңыз	15
Айкүміс	16
Ақмола	17
Ақмола	18
Ақшатау	19
Алтай	19
Ақшоқы.....	20
Айдаһарлы-Құдайберлі.....	21
Ақбота – Сәнкібай.....	22
Ақбикеш	23
Аққора ауылы	24
Ақсу-жабағылы жері.....	24
Ақшора мен Балтораның ескерткіші	25
Алтайтас.....	26
Алтын сандық.....	27
Аңрақай.....	28
Асан қайғының жерұйықты іздеуі.....	29
Асқарбек асуы	29
Аташ	30
Арыстанбап.....	31
Аягөз	32
Әжібай сайы	33
Әкім құлаған жар	34

Әулие қыз	34
Әулиеата.....	35
Әулиетас.....	36
Әулиетау.....	37
Байдалы тауы.....	38
Байтуған	38
Балхаш	39
Балхаш туралы аңыз	40
Бақты тауы	41
Балтабай	42
Баршын	42
Баспан тауы.....	43
Баянауыл	44
Баянауыл	45
Бегім ана жайлы аңыз	45
Бегім ана туралы аңыз	46
Бегазы.....	48
Бектау ата, әулие шоқы.....	48
Бектау ата	49
Бектауата	50
Бесбойдақ.....	51
Бесоқты-тоңаша	52
Бетпақдала аңызы	52
Ботакөз бұлағы	53
Бурабай	54
Бұлқалай.....	55
Дән аяғы үсіген	55
Дәнбұлан	56
Дос өзені жайлы аңыз	57
Едіге тауы	58
Еділ мен Жайықтың құдалығы	59
Едірей тауы	60
Екібастұз	61
Еспенбет зираты	62
Ерейментау	62
Етікшешкен.....	63

Жабайұшқан тауының аталу тарихы.....	64
Жалаңтөстің үш қорығы.....	65
Жанбаулы қауымы	65
Жидебай қыстауы	66
Жорғабел	67
Жорғатау	67
Жұмбақ тас	68
Жүнді тауы.....	69
Итіке би	70
Келіншек тау.....	71
Кеңестас	72
Кеңестәу туралы аңыз.....	72
Кемеқалған шыңы.....	73
Кертінді – қолаң аңызы	74
Көзата бұлағы	75
Көздіқақ	76
Күйгентас.....	77
Кіші айдаһарлы, үлкен айдаһарлы таулары	78
Қазығұрт тауы туралы	79
Қайдауыл – шеруке	80
Қаламқас	81
Қарағанды.....	82
Қаратау	83
Қарқаралы.....	84
Қоңырат	84
Қу өлкесі	85
Қу жерінің Егіндібұлақ атануы	86
Құлан қорық	87
Қорқыт туралы аңыз	87
Құланөтпес	88
Құланөтпес	89
Құланөтпес, қосарал	90
Құнанбай еспесі	90
Қыз әулие	92
Қызжыланның үңгірі	92
Қыз емшек	93

Қыздарбек биігі	94
Қызкеніш	95
Қызы тас.....	96
Майқұлаған.....	97
Матақ ауылы	97
Мырзакелді	98
Найзакескен	99
Нарынқол – Айғайтас	100
Нұра туралы аңыз	101
Нұртай тауы.....	101
Оқжетпес	102
Оралбай тауы	103
Ортау	104
Отаутас.....	105
Сарыарқа.....	106
Сымтас	106
Тарбағатай.....	107
Тайатқаншұнақ	108
Тайатқаншұнақ	109
Тәтті ауылы	110
Тәтті ауылы	110
Теміртау.....	111
Теректі	112
Терісаққан	112
Толағай	113
Топар	114
Төрткүл төбе	115
Тізебүккен	115
Түлкібас	116
Ұйқыдағы батыр.....	117
Шаңырақкемір жайлауы	117
Шалдабар	118
Шажағай	119
Шайтанкөл	120
Шәріпбек тауы	120
Шымылдық, Қаракемер тауы	121

Шідерлі, өленті, ак көл	122
Шерқала	123
Шерқала туралы аңыз	123
Шерқала тауының тарихы.....	124
Шом қалған.....	125
Ысық көл	126
Ырыс сырда	126

II. КҮЙ АҢЫЗДАР..... 128

Бозінген	128
Бозайғыр	128
Бұланжігіт	129
Еркеатан күйі.....	130
Күйші.....	131
Композитор Дина мен өнерпаздар.....	132
Қашқын	133
Қорамжан күйі.....	134
Соқыр есжан.....	134

III. РУ АҢЫЗДАРЫ..... 136

Шежірелік жыр-аңыздар 136

Ағайын, тума халқымсын.....	136
Адай шежіресі	137
Адам атадан бергі шежіре	137
Адам әлейһисаламнан бері Қарайғы ұрпақ, руларға дейінгі шежіре	139
Амудария құйылысындағы шежіре	140
Атамыз әнес сахабадан бергі шежіре	142
Дүниежүзіндегі халықтардың тайпа, руларға бөлінуі	143
Жырдың басы	144
Жыр-шежіре	145
Жыр-шежіре	146
Көкжарлы мен Бура	146

Кіші жүз шежіресі	147
Қазақ шежіресі	148
Қазақ шежіресі (қысқаша).....	149
Қазақ шежіресі	149
Қазақ шежіресі	150
Қазақ шежіресінен өлеңмен жазылған қысқаша мазмұндама	151
Қаракесек	152
Матай елі Тасыбай балалары Тариқиқ шежіресі	153
Нұржанның шежіресі	154
Пісімлла сөз бастайын әуел бастан... ..	155
Сарыүйсін шежіресі	156
Сатыпалдыұлы Файзолла Қаридың өлең шежіресі	157
Табын туралы	159
Түрік тайпалары және қазақ үйсіндер	160
Туыс шежіре өлең	161
Үш жүздің шежіресі.....	162
Шежіре	163
Шежіре-өлең	164
Шежіре.....	165
Шежіре-өлең.....	166
Шежіре-жыр дастаны	167
Шежіре толғау	167
Шежіре	168
Шежіре жайынан қысқаша мағлұмат	169
2. Ру аңыздары.....	171
Адай мен таздың туысқан болуы.....	171
Адай туралы.....	171
Адай руы туралы аңыз.....	172
Адам алейсаламнан адам пайғамбарға шейін	173
[Айырғақты-шөптеміс].....	174
Ақ көңірдек пен Қара көңірдек рулары жайында	175
Алаш жайлы аңыз	176
Алаша хан әңгімесі	177

Алаша хан әңгімесі	178
Алаша - Байбакты атануы	180
[Анамыз ақполпанның көрегендігі жайында]	180
Апай -бөрі	181
[«Арғын болдың, әркім болдың»]	182
Әнес туралы аңыз	183
Байжігіт руы	184
Бәсентіін Сырым	185
Бәсентіін ішіндегі бұқа туралы.....	186
Биеші руы туралы	187
Жаманақ руының «Шекті» деп атануының мәнісі.....	187
Жалаңаяқ әздер.....	188
Жаңабай руы туралы	189
[Жеті ру жайлы бір аңыз]	190
Жеті ру жайлы	190
Жүз, алаш туралы аңыз	191
Жылқыбайдың күшігі туралы.....	193
Есентемір туралы	194
Есентемір	195
Есентемір	195
Исатай мен Махамбеттің үрім-бұтағы	196
Көктіңұлы	197
Көтеншілер туралы аңыз.....	198
Күлік шежіресі	198
Кіші жүз руларының Нәдірқожа мен	
Қыдырқожадан тарауы	199
[Қазақ атының қойылуы].....	200
Қазақтың атасы.....	201
[Қазақтың баласы]	202
Қанжығалының қақ жарылған жері	204
Қарамашақ руының «Төртқара» болып атануы	204
«Қаракесек» деп Ұланақтың аталу себебі	205
[Құтымбай (Қаржау ішінде)].....	206
Қожамберді	207
Қоңырат туралы аңыз	207
Құрман – Қыпшақ ішіндегі апай атасы.....	209

Қабылан батырдың «Жалайыр» атануы	210
Қазақ түбі.....	210
Қазақтың қысқаша шежіресі.....	212
[«Қазақ» халқының шығуы туралы ...]	214
Қазақтың атасы	215
Қаһарлы Жанақ балалары	217
Найман тарауынан	218
Он сан орта жүзге ұран болған Олжабай батырдан сөйлейік [тайкелтір – қосжетер].....	219
Он екі ата Байұлы Беріш руы туралы аңыз.	220
[Орынбай ұрпағы].....	220
Ошақты туралы	221
Сары үйсін	222
Сахабалар тарихы	223
Тама руы.....	224
Темірдің «Есентемір» атанып, бір рулы елге айналуы.....	225
Тутамғалы мен қайшылы	226
Төре руы	226
Төре тұқымының таратылған шежіресі.....	228
Түрік, кыргыз, қазақ һәм хандар шежіресі	229
[Руының атын «қазақ», ұранының атын «Алаш» деп атауы]	229
Ұлы жүз туралы	230
Ұлы жүз Сіргелі руы жайлы	231
Үш жүздің балалары және ұрандары	232
Үшбу қазақтың үш жүз атанған себебі баяны.....	233
Үш жүздің шығуы.....	234
Үшкұрт туралы.....	235
Ұлы жүздегі «Үш тамғалы» Сіргелі руларының шығу тарихы	236
Хоралас руының тегі жайлы	237
Шежіре Шыңғыз хан	239
Шежіре	240
Шежіре	241
Шежіре	242
Шежіре	243

КӨРСЕТКІШТЕР	244
Шығарма атауларының көрсеткіші	244
А) Араб әрпінде.....	244
Ә) Кирилл әрпінде	245
Кісі аттарының көрсеткіші	252
1) Авторлар көрсеткіші.....	252
2) Айтушылар көрсеткіші	252
3) Жинаушылар көрсеткіші.....	255
4) Жыршы-жыраулар көрсеткіші.....	258
5) Тапсырушылар көрсеткіші.....	260
Географиялық атаулардың көрсеткіші	261
Экспедициялар көрсеткіші	261

ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ МЕН ОР-
ТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ

10
ТОМ

Оныншы кітап

АҢЫЗДАР

انگزار

Теруге берілген күні
Басуға қол қойылған күні
Пішімі 60x84 1/64 Есепке алынған баспа табағы
Таралымы 200 дана. Тапсырыс № 3311